

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Р.Зайкенова

АБАЙТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

(таңдау курсына арналған)

9



ӘОЖ 373
КБЖ 83.3(5Қаз) я72
3-15



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Зайкенова Р.
3-15 Абайтану: жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Р.Зайкенова. – Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ», 2019. – 240 бет.

ISBN 978-601-318-210-0

Оқулыққа оқу бағдарламасына сәйкес Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы, ғалымдардың зерттеулері енгізілді.

ӘОЖ 373
КБЖ 83.3(5Қаз) я72

ISBN 978-601-318-210-0

© Зайкенова Р., 2019
© «Арман-ПВ» баспасы, 2019

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Kіріспе

Қымбатты шәкірттер! Әдебиет – өмір айнасы. Ал нағыз көркем әдебиетті тума талант, хас шебер, сөз зергері туғызады. Шынайы талант – ілуде біреудің ғана маңдайына жазылатын төңірдің сыйы. Осы тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдың екінші жартысында киіз туырлықты шаңырақ астынан қарап-ақ, әлемдік деңгейде шеберлік нақыш туғызып, өрелі ой айтқан қазақ халқының ұлы ақыны, хакім Абай даналығына жаңа заман биігінен қарап, көңіл аудартудың маңызы зор. Абай араб, парсы, татар сияқты тілдерді жетік меңгеру арқылы Шығыс әлеміне бойласа, орыс тілі арқылы Еуропа мәдениеті мен бүкіл дүниежүзілік өркениетке қол созды. Бүкіләлемдік көркем ой жетістіктерін қазақ халқының ұлттық өлшемдері тұрғысынан сараптап, тарихи-рухани өмірдің нақты көрсеткіштері мен көркем шығармашылықтың адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын анықтады.

Абай – ғаламдық тұлға. Абайтанудың бастауы XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш арыстары мен сол тұста өмір сүрген оқымыстылардың таным-білігінен басталады. 1905 жылы Әлихан Бөкейхан Абайды «Еуропаның атақты ақындарының қатарына» қосып, «өз Отанының сом алтынына» теңесе, Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақтың бас ақыны – Абай. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ... Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Дұрыс, түзу, тиісті орнында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді... Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» деген өсиетті кесіп айтты. Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Абайды оқы, таңырқа» десе, Мағжан Жұмабаев: «Алтын хакім – Абайға» деді. Міржақып Дулатұлы

да: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек... қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай... Бірінші ақынымыз деп қабіріне халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар», – деген сөз айтты.

Сондықтан бұл пәнді оқи отырып, ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты тану арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәделеріңе жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға боласындар деген сенімдеміз.

Абайтану курсың оқи отырып мынадай міндеттерді орындайсыңдар:

- 1) қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану. Абай шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғу;
- 2) ақынның мұрат-мақсаттарын, көркем-әдеби туындыларын, ғылым, білім, өнер, тәрбие мәселелері туралы өсиеттерінің маңыздылығын түсіну шығармашылық қиялдарыңды дамыту, автордың ұстанымын түсінуге тырысу, көркем туындының тілдік ерекшеліктерін, идеялық мәнін талдауға, пікір алмасуға үйрену;
- 3) Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан тану, ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани-мәдени құндылықтарды игеру, ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алу,

шығармаларындағы адамгершілік, имандылық, махаббат, достық, әділеттілік, татулық, бірлік сияқты жақсы қасиеттерді үлгі-өнеге ету;

- 4) абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға, толық адам тұжырымдамасына қатысты өзекті мәселелерді айқындау. Ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету;
- 5) ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын сөз ету, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен танысу;
- 6) ақынның шетел ақындарының шығармаларын аударудағы шеберлігі, қарасөздері, өлеңдері мен поэмаларындағы ақындық биік мұраты мен адамгершілік идеяларын тану;
- 7) Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау. Қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарын білу;

Оқулық «Абайды білмек парыз ойлы жасқа», «М.Әуезов және абайтану мәселелері», «Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы», «Абай қарасөздеріндегі тәлім-тәрбие мәселесі», «Абай танымындағы ән мен күй», Абай поэмасы – «Ескендір» атты алты тараудан тұрады. Әр тарау өз ішінен бірнеше бөлікке бөлінген.

Құрметті оқушылар, Абай даналығын жете меңгеру арқылы бүкіләлемдік гуманистік және ұлттық өлшемдердің адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын бағамдап, қадірлеп-қастерлеп, өмірді және адамзат құпиясын тануға ұмтылайық.

Адамзаттың Абайы

(Н.Ә.Назарбаевтың ЮНЕСКО көлемінде жасаған
«Абай туралы сөз» атты баяндамасынан үзінді)



АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ
(1845–1904)

...Біз бүгінгідей тарихи кезеңде, адамзаттық қауымдастыққа енді танылып, сенімді ықпалдас, сертке берік серіктес ретінде алғаш рет бой көрсете бастаған кезімізде беделімізді асырып, рухани бедерімізді айқындай түсетін Абайдай беліміз барлығына шүкірлік етеміз. Сондай беліміздің атын аспандата ұлықтай алатын еліміз барына да шүкірлік етеміз. Құдайдың бізді бұндай күнге жеткізгеніне де тәуба дейміз. Сондай

кезеңде өмір сүріп, сондай ел мен сондай қоғамға жан-тәнімізбен қызмет ету маңдайымызға жазылғанына да мың қайтара тәуба дейміз. Оны сезіну біздің үмітімізді нығайтып, жігерімізге жігер қоса түсетіні анық. Өйткені Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі біз бастан кешіп жатқан заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Оның тағдыры мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын, тұңғыығы мен тұтқиылын жіті пайымдап, дұрыс қорытынды шығара білсек, басымыздағы дәуренмен талай сабақтастықты танып, бүгінгі ахуалымызды да салиқаландыра түсетін талай мән мен нәр таба алар едік. Абайдың сол заманда осылай толғанып, осылай жазбауы қандай мүмкін болмаса, біздің бұл заманда осылай қиналып, осылай әрекет етпеуіміз сондай мүмкін еместігін түсінер едік...

Абай – дағдарыстан шығар жолды көрсетіп, ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр. *Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша, одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз.*

Ол қазақ тарихының айрықша ауыр кезеңі еді. Жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге тырысқан империя Орталық Азияны көктей өтіп, шығыс пен күнгейге тереңдей енуді көздеген-ді. Сондай стратегиялық мақсаттың дәл өтінде тұрған ел Қазақстан болды. Басқадан айырылса да, одан айырылмау саясаты алғаш рет сол кезде бой көрсетті. Ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды. Метрополияның өзіндегі тәртіп күштеп енгізіле бастады. Әуелі қазақтың әр ұлысынан бірнеше шағын хандық құрылып, этно-аумақтық тұтастық бұзылды. Сосын әр хандықтың халқы мен жері ата-атаға, ру-руға бөлінетін жігімен ауыл-ауылға, болыс-болысқа бөлінді. Сөйтіп, сойылған тоқтыдай ұшаланып-мүшеленген хандықтар дербестіктен айырылып, көрші губерниялардың құрамына күштеп кіргізіліп, кірменің күйін кешті. Одан хандықтар дуандарға бөлініп, бекзаттардың орнына патша үкіметі тағайындаған «сенімді қазақтарға» басқартылды. Солай дәстүрлі ішкі жымдастық әбден жойылған кезінде, ел, ауыл, болыс, уезд, облыстарға бөлінетін түзіліммен қайта құрылды. Ең төменгі ауыл мен болысты жергілікті атқамінерлер, уезд бен облысты патшаның әскери шонжарлары биледі. Осылай қазақтар өз жерінде, өздері кірме болып қалды. Ұлттық түгілі, рулық-тайпалық тұтастықтан ажырап, ауызбірліктен атымен жұрдай болды. Солай қожыраған халық пен қоныс жоғарының нұсқауымен 6 облысқа бөлініп, көршілес Сібір, Орынбор, Астрахань, Түркістан губерниясына, ал Маңғыстау әуелі Кавказ сырты, артынан

Каспий маңы облыстарына бағындырылды. Сөйтіп, қазақтар бет-бетімен тарап, бір халық, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жетті. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде-кем болғанымен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар.

Бұның бәрі отарлық кеңістіктің тұрғындары тарихи қалыптасқан мемлекеттілігін қайтадан қалпына келтіре алмайтындай қып, оларды жер мен судың байырғы иелік құқынан біржолата ажыратуды көздеп, алдын ала ойластырылған зұлым саясат еді. Қазір бізге өршелене өшігіп жүрген алтын моншақты саяси қырғилар мен әншейін айтаққа ерген әулекілердің жаңа бағдарламалары қай кездегі «саяси макулатура» екендігін осыдан-ақ айыра беруге болады. Ондайлар көршілерінің жерін тоз-тоз қып бөліп әкетіп, өзін салпақтатып малға салып, атақонысынан табылып жатқан байлықтан соқыр тиын да татырмай, талтаңдап қалған дәуренді әлі де көксейді.

Ондай ұрдажықтар ол кезде де аз емес еді. Ел мен жерді ойрандағандарын былай қойып, сананы да уландыра бастады. Тілін, дінін, тұрмыс-салтын менсінбеуге, ата кәсібі мен тарихын ұмытуға, өзінен-өзі қорланып, өзгенің зорлығына бауыр басуға ынталандыратын өзезіл саясат ерекше мүттәйімдікпен жүзеге асырыла бастады. «Бұратаналану» деп аталатын жексұрын құбылыс солай өрбіді. Қармаққа ілінген, жемге жүгірген шабақтай шошаңдаған бұратана сана, өзін-өзі отқа түсіретін көзсіз көбелек дәурен орнатты. Тұтастық пен ынтымақ ұмытылды. Санап алып оқытып, санап алып қызметке іліктіру бір жағынан орыстандыруды, екінші жағынан бақастық пен ішкі араздықты күшейтуді көздеді. Басқаны былай қойғанда, ағартушылықтың өзіне арамза сипат берілді. Бір ғасыр бойына жантәсілім жау жағаласпен келген ереуілшіл халыққа

енді әлгіндей қамқорсыған айла-шарғының қақпаны құрылды. Кітаптан гөрі зеңбіректі, мектептен гөрі әскери бекіністерді көбейтіп жатқан өкіметтен сескенгендер аяқ жетпес шөлдерге шегінді. Сескенбегендер саяси итаршылыққа жүгініп, есіктегі жалшылыққа пейіл болды. Шұрайлы жерлер, шырайлы кәсіп пен қызмет орталықтан әдейі көшіріліп әкелінгендерге ғана бұйырды. Шет аймақтардың дамуына бөлінетін қаржы тұтастай сырттан қоныстанушыларға жұмсалды. Ал бұратаналарды да оқуға тартпақ болғандар, патша сарайы ұлықтарының біреуінің дала губернаторына ашық жазғанындай, «шектен шыққан адам сүйгіштік» деп келеке етілді. Егер осы ғасыр басында қазақтардан да санаулы оқығандар шығып, орысша сауат ашқандар бір пайызға жетсе, оған мансапқор дала дәулеттілері мен оқу-білім аңсаған түздіктердің өз қаражаты жұмсалды.

Жан иесі жарыққа талпынбай тұра алмайды. Өз-өзінен жойылып кетуге пейіл еш мақұлық жоқ. Халық та солай. Қанша зорлық көрсе де, зомбылық көрсе де үмітін үзбейді. Өзіндей жұрттардың қолы жетіп жатқанға өз қолын да жеткізбек болып тырысады. Тап сондай дәме бұдан сегіз ғасыр бұрын біздің бір жерлесімізді ғылым іздетіп, Күнгей Азияға сабылтқан еді. Өткен ғасырда да тап сондай талап тұлпарларын ерттеп мінгендер шыға бастады. Бір кездегі әл-Фарабидің жанқиярлық талабын Араб халифатының әкелік қамқорлығы деп қалай айта алмасақ, өткен ғасыр соңындағы дала азаматтарының білім жолындағы нартәуекелін де патшалық самодержавиенің әкелік қамқорлығына жатқыза алмаймыз. Шет аймақтағылардың да сауатын ашып, білімге тартудың жүйелі саясаты болды. Бірақ ол біздің даламызға осы ғасырдың екінші он жылдығынан бастап ене бастады. Демек, оған дейінгі оқу, білімге ұмтылу – ұлттық болмысымыздың етене зәруліктерінен туындаған рухани жанқиярлық. Бір

экономикалық-қоғамдық үрдістің дәурені әбден таусылып, екінші экономикалық-қоғамдық үрдістің әбден орныға бастағанын байқаған ұлттық сананың тарихи дамуды өзінше пайымдаған етене көрегендігі. Ондай құбылысты айдалаға апарып телу әбестік болар еді. Ұлттық рухани өміршендігіміздің тереңіне бойлай пайымдаудан әдейі жалтару болар еді. Ондай көзқараспен қарасақ, Абай сынды алып тұлғалардың кемеңгерлік болмысына атымен маңайлай алмас едік.

Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен құбылыс саналардай ерекшелігі – отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байқатқандығы. Өйткені халқына жаны шындап ашитын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді.

Абай да ақыл айтпас бұрын қилы заманның бар қитұрқысын өз басынан өткеріп көрді. Оның сол кездегі еуропалық саяхатшылардың аузынан «Дала Цицероны» деген атақ алған шонжар әкесі ескі мен жаңаға бірдей жорға болды. Ел жақсылары мен патша әкімшілігіне сөзін бірдей өткізе білді. Сондай аса ақылды, көреген әке баулыған ұғымтал жас медреседе мұсылманша, мектепте орысша қатар оқып жүрген жерінен ауылға қайтарылып, билікке араласады. Ру мен ру, ескі үрдіс пен жаңа үрдіс, рулық-тайпалық психология мен самодержавиелік отаршылдық бетпе-бет шарпысқан тартыс пен таластың ортасында жүріп, есесі кетіп жатқан елінің жоғын жоқтауға күш салды. Бірақ еңбегі зая кетті. Қандастары қызғанышпен, отаршыл ұлықтар сенімсіздікпен қарады. Қапа болған жігерлі азамат билікті тастап, ақындықтың соңына біржола түсті. Қалған жиырма жыл ғұмырын тек қана оқып

білуге, тек қана шығармашылыққа жұмсады. Ол еңбегі, енді, міне, адамзат ақыл-ойының асқаралы тұлғасына айналдырып отыр. Ақын Абай қазақтың суырыпсалма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырды. Бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтеріп, үрдіске енбеген жанрларды енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріптеуді қойып, адамның ішкі жанына үңілетін, болмыстың тұңғыық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық-әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық, Батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды.

Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік салиқалылыққа, стильдік әр алуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұңдас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі: шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді. Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердіұлының лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсемсөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген бұл мектеп Абай жүйелеген жаңа ұлттық эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты.

Түп бастауы осы кәусар бұлақтан басталған көп жанрлы көркем әдебиетіміз ХХ ғасыр зобалаңдары тұсында өз халқына зор рухани медет болды. Тек өз жұртын ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңістікте, тіпті әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сусынын қандыра алатын рухани нәр тауып бере алады. *Біз бұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазирасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына қарыздармыз.*

Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет – Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын көусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниені ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының бастау қақпасы әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды...

Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген жолдардан халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Ақын көзқарасын қазіргі тілге салсақ, өзге елдермен достық қарым-қатынаста, ынтымақтастықта болу саясаты – біздің ел болып, қатарға қосылуымыздың алғышарттарының бірі. «Өзге өскен ел не істесе, соны істе, ғылымын, мәдениетін меңгер», – дейді Абай. Ол үшін өзгелермен «мәдени, экономикалық, саяси араластық керек, оның аты, бүгінгіше айтсақ, интеграция.

Ал «Біріңді, қазақ, бірің дос, көрмесең істің бәрі бос» деген сөздері шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шарты. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керек пе? Керек. *Ендеше, Абай сөзін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді-өзіміз ұялтуға тырысайық.*

Өзгеше тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті, сауданы меңгеру керектігін де бірінші айтқан – Абай. Қазақ қауымына

әлеуметтік реформаны да, экономикалық реформаны да бірінші ұсынған – Абай.

Жерінен, суынан, тәуелсіздігінен, билігінен айырылған қазақты құтқарудың жалғыз амалы – оның рухани әлемін, елдік, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалу екенін, сонда ғана оның ұлттық сипатын аман алып қалуға болатынын ақын жақсы түсінді. Сол үшін жан аямай күресті.

Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда, біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің зауқы жоқ.

Әйтпесе, көп дүние әуелі сол әркімнің өзін-өзі түзей алмағандығынан өрге баспай жатыр емес пе?

Өз халқын «жұрт болсын, өссін, өнсін» дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ асын. «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен-өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақыретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?», – деген ақын сөзін еске алайықшы... Өзімізге-өзіміз өкпелеуге мәжбүрміз. Соның бәрі «Шала мейір шала байқайды» демекші, тәуелсіздігіміз бен бостандығымыздың қадірін шала ұғып, шала бағалаудан шығып жатқан кеселдер. Осы тұста ұлы ақынның: «бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтіні қалай?.. Тыныштық іздеп, таба алмай

жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?.. Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?.. Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке серттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп, ұқпай кетпейтұғыны қалай?» деген сөздері ойға келеді. Осы бір жан айқайының бүгінгі біздің қоғамға да қатысы бар екенін естен шығармасақ болғаны.

Қысқасы, Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар. Қазақ топырағында оның орайын келтіруге мүмкіндік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес боп тиіп отыр. Өйткені біз осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде әлгіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден-бір ұрпақпыз. Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек біз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге тарих алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек қиял боп қалмай, нақты шындыққа, нақты әлеуметтік болмысқа айналар-айналмасы, мына біздерге байланысты.

Оның шығармаларындағы шынайы гуманизм, адам мүддесіне деген айрықша ынта, айрықша қамқорлық, өмірдің көзіне жалтармай қарайтын шыншылдық, енжарлықты, шалағайлықты, қиянатты, сұғанақтықты жегідей жек көретін рухани максимализм біздің бүгінгі жүзеге асырмақ бастамаларымыздың да басты сипатына, басты мазмұнына айналуға тиісті.

Абайдың айтуынша, адамның бақытты болуы үшін оның ынтасы мен сол ынтаның мақсатына жетуіне былайғы жұрттың ықыласы керек. «Достықты достық шақырады», – дейтіні де тегіннен-тегін емес. Сондықтан да, ол ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, уыздай ұйыған ынтымақты көп аңсады. Ал халық дегеніне

жету үшін оған да өзін қоршаған ортамен дәл сондай ынтымақ пен ықпалдастық керек. Бұл – біздің бүгінгі таңда тағдырымызды шешетін ең басты тарихи факторлардың бірі. Біз де бүгін ұлтшілдік татуластыққа да, ұлтаралық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықпен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мән береміз...

Ол үйреткен тағылым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгеніміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден-бір белгісі де осы болып табылады.

Бүгінгі елімізде жасалып жатқан ұлы істердің нәтижелі болуына ең қажетті нәрсе – сенім. Елге деген сатқындық ең алдымен оның болашағына сенбеуден басталады. Ал ұлы Абайдың, уайымшыл Абайдың болашаққа деген сенімін әсте жоғалтпағанын мына бір сөздерінен көруге болады: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседен баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді», – дейді ұлы ақын.

Айтқаның келсін, жан баба!

Ел басына түскен бүгінгі қиын-қыстау кезеңнің баянсыздығына, халқымыздың көңілін шаттыққа бөлейтін келісімге, жарастыққа толы ырыздықты, молшылықты күндердің сарғайтпай ертең-ақ келетініне менің де сенімім мол.

1

Білу

1. Еліміздің бірінші президентінің Абай туралы баяндамасы қашан оқылды?
2. Ақын қазақ әдебиетіне қандай жанрларды енгізді?

2

Түсіну

1. Баяндамашы неліктен ақын өмір сүрген заманды кеңінен қарастырған?
2. Не себепті Абайды әдебиеттегі елеулі құбылыс дейміз?

3

Қолдану

Автор Абайға қандай баға берген? Санамалап жазыңдар.

4

Талдау

Абай өмір сүрген кезеңдегі ел билеудегі өзгерістерді бұрынғы билік жүйесімен салыстырып, кестеге толтырыңдар:

Ел билеудің ұлттық жүйесі	Абай заманындағы ел басқару

5

Жинақтау

Мақаланы оқып, түйіндей отырып, «Адамзаттың Абайы» деген тақырыпта тарихи эссе жазыңдар.

6

Бағалау

«Абай армандары – тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар» деген автор сөзіне баға беріңдер.

Әдебиет:

1. Абай туралы сөз. Ұлы Абайдың 150 жылдық тойындағы сөйленген сөздер мен ой-толғаныстар. (Алғы сөзін жазған Т.Мамашев). – Алматы: Журналист, 1996. – 6–24-б.
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
3. Қазақстанда әкімшілік-аумақтық жүйені өзгертуге қатысты Ресей империясының заңнамасы. Электрондық ғылыми журнал: «edu.e-history.kz» № 3 (07).

I ТАРАУ

АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ ОЙЛЫ ЖАСҚА

1.1 Абайдың өмірі

Ақын өмір сүрген заман, ата-тегі, туып-өскен ортасы, алған тәлім-тәрбиесі; әлеумет ісіне араласуы, Абайдың рухани дүниетанымының өсу және қалыптасу кезеңдері туралы толық түрде мағлұмат беретін еңбек Мұхтар Әуезовке тиесілі. Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясымен ұлы ақынның алып тұлғасын дүниежүзі оқырмандарына толық танытса, ғылымда да сондай күрделі еңбек етті.



Қалың елім...

М.Әуезовтің Абай жөніндегі зерттеулері осы ғылымның мызғымас негізі болып табылады. М.Әуезов 1933 жылдан 1957 жылға дейін ақын шығармаларын жариялауда, олардың ғылыми басылымын жасауда орасан зор еңбек етті. Бұл басылымдар ақынның 1909 жылғы жинағы мен Мүрсейіттің бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асырылды. Кейіннен табылған шығармалары да еленіп, екшелді. Әсіресе, 1957 жылы «Ғылым» баспасынан М.Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының жарық көруі оның абайтануға жасап кеткен соңғы бір елеулі табысы екенін атап айту қажет.

М.Әуезов ұзақ жылдар бойы ізденіп, сан алуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың ғылыми өмірбаянының төрт нұсқасын жазып шықты. Ол Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасын 1933 жылы жазса, 1940 жылы екінші нұсқасын, ал 1945 жылы ұлы ақынның туғанына 100 жыл толу мерекесі қарсаңында үшінші нұсқасын, 1950 жылы ақын өмірбаянының ең соңғы төртінші нұсқасын жазған. «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуға негіз болған мәліметтердің көпшілігі өзі де сол ауылда туып-өскендіктен М.Әуезовке бала күнінен таныс болса, ержете келе Абайды көзі көрген адамдардың өз аузынан да тікелей жазып алған. Бұлар «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» деген атпен жарық көрген кітапта берілді. 1997 жылы абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы бұл кітапты құрастырып, «Мұхтар Әуезов және Абай әлемі» деген көлемді алғы сөзбен жариялатты.

Төменде М.Әуезов жазған Абай өмірбаянының төрт нұсқасы бойынша іріктеліп алынған мәлімет берілді. Мысалы, 1933 жылғы Абай өмірбаянының бірінші нұсқасында Құнанбайдың ақылдылығын, батырлығын, қайырымдылығын, көрегендігін айтатын жерлері кейінгі нұсқаларында сол кездегі оқтын-оқтын жүргізіліп отырған саяси идеологиялық науқанға байланысты толығымен түсіп қалған. Қазіргі кітапта оқырманға қажетті деректер біршама қамтылды. Десе де, осы тақырыпты түбегейлі зерттейтін адам бірінші нұсқаны толық оқуы керек.

Абай өмірбаяны

М.Әуезов

Абай Семей облысындағы Шыңғыс тауын жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі – Құнанбай, атасы – Өскенбай, арғы атасы – Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның үшінші атасы Ырғызбай

Айдос баласы 1750 жылдарда Ақтабан шұбырындыдан кейін Арқаға қарай сырғып ауған жолда, Ырғыз өзенінің жағасында туғандықтан, соның атымен аталыпты. Айдостың өзге балаларының ішінде Көтібақ, Торғай дегені, одан соң Айдостың туысқаны Жігітектің баласы Кеңгірбай барлығы да жаңағы жолдағы өзен-сулардың атымен аталған. Көтімалды өзенінің жағасында Көтібақ, Торғай өзенінің жағасында Торғай, Кеңгір өзенінің жағасында Кеңгірбай туыпты.

Ырғызбай ержеткен кезде Тобықты осы күнгі Семей губерниясы, Семей уезінде Шыңғыс тауының батыс шетіне келіп ілініпті. Бұл кезде Тобықты басшысы да, әкімі де Кеңгірбай би (жалған аты Қабекен) болған.

Кеңгірбайдың ағайын ортасындағы тәуір көрген інісі Ырғызбай болыпты. Биге ажары бұлды, сөзі сыйлы, қадірлі туысқан болған. Өз басының тәуірлігінің үстіне бидің тілін білетін інісі болғандықтан, елге де қадірлі болса керек. Кеңгірбай Ырғызбай өлген соң, оның орнына Өскенбайды ұстайды. Сол күннің жолы бойынша батасын беріп, Өскенбайды би қояды. Әке-шешенің дәме қылғаны да осы баласы болу керек. Өйткені шешесі Айпара айтты деген бір сөзде:

Шынжыр балақ, шұбар төс – Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды торыайғыр – Көтібағым.
Әрі де кетпес, бері де кетпес – Топайым,
Сірә да оңбас – Торғайым, – дейді.

Бұл сөзге қарағанда, Ырғызбайдың шешесінде ақындықтың біршағым буы болуға керек. Мүмкін бұдан басқа айтқан сөздері де бар шығар. Бірақ біздің құлағымызға тигені осы ғана. Тегі, Ырғызбай бойындағы азды-көпті қасиет болса, әкесінен гөрі осы шеше жағынан көбірек пе деп ойлауға болады. Ол өлгенде Кеңгірбай інісінің бейітінен шықпай: «Сен ақкөңіл едің, Алла тілегінді берер, енді мынау елдің ішінде мені алжытып қоймай, Алладан тілеп, қасыңа ал», – депті, содан кейін кешікпей Кеңгірбай өлген екен дейді.

Ырғызбайдың бірнеше баласы болған. Олар: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай. Осы төрт баласының бірі Өскенбай өзге балаларының ішіндегі ең артығы болады. Бұл – ақынның үлкен әкесі. Өскенбайдың нағашысы – Ер Жәнібек. Сол кісі бір рет Ырғызбайдікіне амандаса келгенде, жас бала Өскенбай қатты науқас екен. Әкесі халі нашарлап жатқан баласына не көмек қыларын білмей, дағдарып, сасып, әбден титығы құрыған соң, Мырзатай деген баласын алып келіп, соны Өскенбайдан айналдырып, садақа қылмақ болған. Бұған шешесі қарсы болып, «баладан баланың артықтығы жоқ» деп, Мырзатайды бергісі келмеген. Сонда Ер Жәнібек: «Мырзатай адам болса, мынаның арқасымен болар, мынаның көзі біздің тұқымға тартқан екен. Адам болса, осы болады да», – депті. Өскенбай елдің «адал болады» деген дәмесін ақтаған би болды деседі. Ел ортасында сақталып қалған сөздің бірінде: «Ісің адал болса, Өскенбайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген сөз бар. Жалғыз-жарым белгілерге қарағанда, ел ортасына қадірлі сыйлы болуы, мінез қасиетінің тәуірлігінен болса керек, мінезі кекшіл емес, көп тілеуін тілегіш кең болғанға ұқсайды.

Өскенбай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп, сол атқа мінген. Бұл 1804 жылдарда туған. Өскенбайдың айттырып алған бәйбішесі Зереден басқа тоқалдары, күң қатындары да көп болған. Құнанбай – Зереден туған баласы, Құнанбаймен бірге туған Құттымұқамбет деген інісі, Тайбала деген апасы болған. Құттымұқамбет жас кезінде өлген. Сонымен Құнанбай бидің жалғызы есептелген. Шешесі Зере кісі ренжітпейтін, жұмсақ мінезді әйел болған. Ол уақыттағы бәйбішенің бір сыны – күндестік дегенді білмей, кең мінезді болу. Зере бәйбіше осы жағынан көп мақталды. Күндердің балаларын өз балаларындай асырап, еркекеткен деседі. Зере күйеуі Өскенбайдан да көп жасаған,

би 1850 жылы 72 жасында қайтқан, бәйбішесі 90-ға келіп, дүние салады.

Құнанбай елдің ол кездегі дағдысы бойынша, ба-тырлық, жаужүректік, жорықшылдық сияқты істерге көбірек ауған. Қолға найза ұстап, астына жүйрік мініп, өз малын өзі бағып, жауға шапқыш, жау түсіргіш жігіт болған. Жасынан қайратты, шыдамды, ашулы болған-дықтан, бұл жолдағы талабы далаға кетпеген сияқты. Тобықтының найза ұстаған жас жігіттерінің ішінде ер, мықты, найзагері болып та саналуға айналған. Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай әке-шеше мінезінен гөрі басқарақ, кесек мінезді адам болғанға ұқсайды...

Не қылса да Құнанбай – бидің жалғыз баласы, аға-йынның да, әкенің де дәме қылса қылатыны жалғыз сол. Сондықтан жігіттің ең алғашқы қызулы кезі өткен соң, Құнанбай әкесінің жолымен ел ісіне кіріседі. Құнанбай жас күнінде ат үстіндегі қайраттылық, ерліктен бас-қа, ақылға да, сөзге де орамды кісінің белгісін берген болу керек. Өйткені сол кезде үлкен кәрілікке жеткен Нысан абыз деген ел сыншысы Өскенбайға: «өзіңнің бағың Қыдырдан болса, балаңның бағы Шыңғыстан болады» депті. (Екеуі де – таудың аты. Көлемі жағынан Шыңғысқа қарағанда Қыдыр әлдеқайда шағын, бірақ етегінде жұт болмайтын, құйқалы, шүйгін жер. «Абай жолы» романында «...ұшы-қиыры жоқ, ен өлке, кең сала, мол жайлау, құйқалы адыр, қалың таулар» деп суреттелетін тау – Шыңғыс. Бұл жерде Нысан абыз Құнанбайдың бағы Өскенбайдан да зор болатындығын аңғартып тұр. Р.З.).

Қайраты мен қажырының себебінен ел билеп, іс бас-қаруға келгенде, Құнанбай әкесінен өтімдірек болған. Мұның кісілікке толық ілінген кезінде Қазақ даласы «1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав» бойынша округке бөлініп, «округтік приказ» билейтін болған. Округ бастығы аға сұлтан, приказдың

қалған екі мүшесінің бірі орыс чиновнигі болады (елдің көбі мұны Майыр дейді). Үшінші мүшесі – кіші сұлтан болады. Бүгінгі Семей уезіне қарайтын Тобықты Құнанбай тұсында Қарқаралы округіне қарайтын. Приказ шыққаннан бергі салт бойынша, бұл округтің аға сұлтаны ылғи төре тұқымынан болып келген. Құнанбай тұсында аға сұлтан болған төрелер Бөкей нәсілінен: Құсбек, Жамантай; Абылай нәсілінен: Тобықты ішіндегі Шалғымбай деген төрелер болған.

Құнанбай Тобықтының бас кісісі болып өрлеп келе жатқан қазақ ортасында төре мен қараның жігі ашылып қалған уақыт болады. Әрбір елдің қарадан шыққан Құнанбай сияқты басты жуандары: «Төре қазақтың әрекесін тілейді, берекесін тілемейді», – дей бастаған кездері болады.

Осы кезде Қарқаралының аға сұлтаны болып тұрған Құсбек төре мен бұрын аға сұлтан болған Жамантайдың партиясы басталды. Ол кезде приказ сайлауына тас салуға жарайтын екі түрлі сайлаушылар болған. Бірі – пәлен сомада алым төлейтін бай да, екіншісі – төре тұқымдары болатын. Төренің 25 жасқа жеткені түгелімен тас салу құқығына ие. Сонымен Жамантай өзі сұлтан бола алмайтынына көзі жеткен соң, өзіне қараған тастарды Құнанбайға салғызып, Құсбек жеңіліп, Құнанбай сұлтан болған.

Қалай да болса, бұл оқиға Қарқаралы округіне қараған қазаққа қарадан алғашқы рет сұлтан болған Құнанбайдың даңқын көпке жайып жіберуге себеп болған көрінеді. Сол кездегі ел аузындағы аңызға қарағанда: Құнанбай «Қарадан хан болған» деп аталады. Мұның мысалын мына сияқты бірер сөзден байқауға болады. Сыбан Кеңесбай деген кісі Жарқымбай деген баласына өлерде өсиет айтқанда: «Төремен ел болса, екінші ел арасында сөз болса, Сабырбайға ақылдаспай іс қылма, басыңа орыс орманнан үлкен іс келсе, қарадан хан туған Құнанбайға ақылдаспай істеме», – депті.

Одан соң 1850 жылдарда Өскенбай өліп, соған Құнанбай Көкшетауға барып, ас бергенде, Балта ақын:

Атың шыққан
Үрімнің қақпасындай,
Айтқан сөзің кілемнің тақтасындай.
Кешегі өтіп кеткен би Өсекем,
Алтынын тастап кеткен ат басындай.
Үш жүзді жиып, ас бердің,
Келістіріп сәйкесін.
Арғынның өзің биледің,
Алшысы мен тәйкесін.
Келсең-келде кез болдың,
Кейі де беріп қайтесің! – деген сөз бар...

Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі: ...Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, Құрқұдықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті. Кейін атыс болғанда Жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып, найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты дейді...

Құнанбай жайынан айтылатын тағы бір сөз: бұл кісі баласы Абай елді меңгеріп алған кезде, кәрілік жетіп ел сөзінен шыққан. Сонымен 72 жасында қажыға барып, қажыдан қайтып келген соң, 8–9 жыл өмірін ылғи дін жолындағы құлшылықпен өткізген. Бұл жылдардағы өмірі өзінің жаратылысында бойына біткен қаттылық, беріктігінің белгісімен ерекше күйде өткен. Меккеден келген соң «дүние сөзін сөйлемеймін» деп, ешбір жанмен тіл қатпай қойып, оңаша үйде шымылдықтың ішіне жалғыз отырып Құдайға құлшылық қылуда болған. Бұл мінезі туралы сырт ел «тілі байланды» деп те аңыз қылған екен. Бірақ соңғы жылдарында маңайында болғандар ол сөзді бекер дейді. Осымен Құнанбай 1886 жылы 82 жасында қайтыс болған.

Ел аузындағы қалған аңызда: бұл кісінің діндарлығы мен ел билеу жөніндегі ірілік, мықтылығы,

алысты болжағыш, ақылдылығы көп айтылады. Одан соңғы көп сөз: мінезінің суықтық, қаттылық, сонымен бірге мырзалығы жайынан көп кездеседі. Намаз оқушы кедейлерге ат беру, киім беру сияқты әдеттері көп болса керек. Қай мінез, қай істе болса да әншейін орта қалыпты қазақтан кесек болғандығы жоғарыдағы істерден бір көрінсе, екінші, дін жолына деп өз пұлына Қарқаралыда мешіт салғызу, Меккеде қазақ қажылары түсіп жүретін «Тәкия» деген үй салғызу сияқты істерінде де көрінеді.

Ақыл мен сөзге, келелі кеңеске, көп елді тоқтататын билік, байлауға келгенде, өз тұсындағы орта жүздің басты билерінің алдыңғы қатарлы кісісі саналған болу керек. Мұның белгісі Ақмола, Семей, Жетісу сияқты губернияларда, ел аузында қалған билер жайындағы ескілікте Құнанбай атының көп аталатынынан байқалады... Сондықтан біздің міндет – бірін даттап, қаралау емес, бүгінде анығын білгісі келген елге дәл пішінін көрсету. Бұл сөздің басын Абайдың жайы деп алып, Құнанбай жайын көп таратып айтып кетсек, солай болуына себеп болып отырған да осы міндетті көп ойлағандық. Өйткені Құнанбайдың кім болғанын білмесек, Абайдың кім екенін білу де қиын. Бұлардың қай-қайсысы болса да заманның туындысы. Бірде заманның ұлы болса, бірде сол заманның құлы да болған...

Құнанбай – оқуды, білімді зор бағалаған адам. Ол өзіне біткен баланың бәрін бірдей оқытумен қатар, қоғамына білім таратып, ұстаздық ететін шетел адамдарын қатты күткен. Бұның қолына кеп, қазақпен туысып, анық қазақ боп кеткен әлденеше ұлттың адамдары бар. Татардан шыққан Ғабитхан, Кішкене молда, Ысқақ тұқымы, Түркістаннан келген Бердіғожа, Кавказдан келген Ғабдолла (Қазақбай атанып кеткен) сияқты, қырғыздан келген Бөсібектей жандар бар. Осының бәрі болмаса да, көпшілігі бала оқытып, ұстаздық құрып, Тобықты ішіне оқу-білім таратқан жандар.

Абай Құнанбайдың 41 жасында туған. Құнанбай көп әйелді болған. Үлкен әйелі – қыздай алған Күңке. Бұдан туған баласы – Құдайберді. Екінші әйелі – Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң Құнанбай келінін алған. Бұдан туған балалары: Төңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі – Айғыз. Одан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі – Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Күңкенің жасы Құнанбайдан үлкен екен. Берірек келгенде жасы ұлғайып, өзі күту тілерлік болып, күйеуін күте алмайтын болған соң, Құнанбай Ұлжанның қолына шыққан. Бірақ Ұлжаннан туған балаларының бәрі бірдей өз шешесінің қолында тәрбиеленбеген. Үлкен баласы Төңірбердіні жас күнінде Өскенбай би қолына алып өсіріпті. Ысқақты әкесі Құдайбердімен бірге Күңкенің қолында өсірген. Күңке ерте уақыттан бөлек ауыл болып кеткен екен. Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешенің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ бұлардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халиолла болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешенің ортасындағы жалғыз баланың қалпында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен, сол кездегі үлкендер Абайға «Телқара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ержеткен уақытта бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен «Телқара» дейді екен.

Абайдың өз шешесі Ұлжан Қаракесек ішінде Бертіс бидің тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағалары Қонтай, Тонтай қалжыңмен даңқы шыққан, белгілі мысқылшыл, тапқыш, күлдіргілер болған. Бұл әдет – Бертіс Шаншар руына түгел

жайылған мінез. Осы күнге дейін ел Шаншардың қулары дегенде: кісіні жазым қылып кететін ит-құстың жайын айтқандай сөйлейді. Өлі күнге Қояндыда, үлкен жәрмеңке, қалың жиындарда, бір жерге тобымен жиылып, күліп сөйлеп келе жатқан Шаншарды көрсе, көп елдің кісілері: «Ойбай, Шаншар келе жатыр!» деп, өртен қашқандай дүркірей қашады деседі. Бұл әдет Шаншардың мысқыл-мазаққа ұста болып, тауып айтқыш өткір тілдігінен туған нәрсе. Қандай жанның болса да мінін таппай қоймайды: мінін тауып алса, түндігін ұшырғандай қылып айтады. Сөз шабуылымен кімнің де болса есін шығарып есеңгіретіп кетеді. Тонтай өлерінде маңайына жиылып келіп отырған қожа, молдаларға қарап: «Жазыла, жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас», – деп айтты деген сөз орта жүзде, екінің бірі білетін мәтел сөз сияқты болып кеткен. Осындай тапқыштық, қалжыңшылдық, біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы мен шеше жағынан Абайға да мол келген.

Ұлжан әзілмен жауаптасуды Абайға бала күнінен еккен. Осының бір мысалы бар. Сүндетке отырғызған кезде Абай қашып жылап: «Құдай-ай, бүйткенше қызғып жаратпаған екенсің», – депті. Ұлжан оған: «Балам-ау, қыз болсаң, бала таппас па ең, содан қиын боп па?», – депті. Абай: «Е, сонысы тағы бар ма еді?», – деп уанады екен.

Абайдың ақындық жолында өзге талай жазушы, талай ақынның барлығының жолынан бөлек өзіне ғана қатысты, ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы өлер сағатына дейін өзгеше шарттардың ішінде өткен ерекше өмірінен туған. Абай, жоғарыда айтылғандай, екі шешенің төл баласы болып жүрген кішкене кезінде мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентектеу де бала болса керек. Бірақ сол кішкене бала келген қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сияқты әңгімелерін құлай тыңдайды екен. Жай өмірде пысық, ширақ емес, аңқау болғандықтан,

өз шешесінің ауылындағы көрші-қолаңның үлкендері Құнанбайдың бұл баласынан гөрі Күңкенің қолындағы Ысқақтан көбірек дәме қылған. Ол Абайға қарағанда жас күнінен тықылдаған пысық, ширақ болса керек. Құнанбайдың орнын басып, кісілікке ие болатын баласы кім деп жас балаларды сынағанда, жұрттың көбі әлгі белгілеріне қарап, Абайдан Ысқақты артық санаған. Сол кезде «Абайдан Ысқақ артық болады» дегендерге: «Не күтсеңдер де, осы жаман қарадан күтесіңдер ғой» дейтін сөзі Абайдың өз есінде қалған екен.

Абай 10 жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Семейде алғашқы берген молдасы – Ғабдұлжапар деген татар имамы. Артынан бұдан шығарып, Ахмет Риза деген имамға тапсырған. Бұл да татар имамы. Екеуінің де мешіттерінің жанында медреселері болған.



Ахмет Риза медресесі

Оқушы шәкірттің көбі медреседе жатып оқиды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның барлығын да араб, парсы тілдерінде оқиды. Жалпы медреселерде

кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, Абай кезінде де түрікше оқу жолшыбай оқылатын қосымша болу керек. Оқушы мен оқытушының да барлық уақыты, ынта-ықыласы түгелімен дін діңгегі сияқты болған арабша, одан қала берді, парсыша болған.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта, Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқи бастаған. Бірақ мұндағы оқуы ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Үш жылмен мұсылманша оқуы доғарылады. Абай 13 жасқа толғанда, әкесі Құнанбай оқудан шығарып алып, ел билеу жұмысында өзіне серік қылмақ болып, жаңа міндетке арнап, сол жолға баули бастайды. Баласын оқудан ерте шығарып алуына себеп болған нәрсе: ел жұмысына өзіне серік болатын іні-баланың Абайдан қолайлысы болмағандығы, бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сияқты. Барлық баласына қатал суық тұрып, қатты сыншы болған Құнанбай Абайдың өзгелерінен артық екенін ертеде сезген деуге болады.

Баласын оқыта түспей, асығып алған себебін Құнанбайдың өмірі туралы айтылған сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай елінің қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қылып алып, көп өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізген. Қарсысына шыққан ағайынын үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, артынан да сондағы ішке байланған мұз елдің көбінің есінен кетпеген. Ел ішінде ұсақ араздық, ұсақ жаулық, кішкене тартыс сияқты нәрселер, ешуақытта құрымаған. Сондықтан барлық өмір аңдысу, тартысу, ел таразысын бағып келгенде Құнанбайға дос болдым деген елдің өзі де үнемі бір қалыпта тұра алмаған. Мұның бір себебі, Құнанбайдың өз істері, өз мінездері болса, екінші жағынан, сыртқа да, ішке де өмірі жүріп, жуандап алған Құнанбайдың маңайында талай-талай залалкес туысқандары да болған. Бұлар Құнанбайдың

ұлықтығына мас болып, «пәлен ауылдың жігіті, түген жақсының туысқаны» деген атпен шамасы келгенше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қисынсыз жуандық істей беріп, асқақтық пен шайпау мінездерге салынып, Құнанбайдың дос болып жүрген рубасыларын да қажытып алған. Сонымен Абайдың жас шағында Құнанбайдың досы азайып, дұшпаны көбейген. Жоғарыда айтқан сияқты, сол көп дұшпанға қарсы тұрып, қолқанат боларлық баласы мен інісі болмаған соң, Құнанбайдың басына жалғыздық түсе бастаған. Абайды оқудан алып, ел жұмысына салу, әкесінің басындағы осындай еріксіздік халынан туған.

Сонымен 13 жастағы Абай әкесі берген бетпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап, ептеп бастауына керек. Сондықтан ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, әкесі ел ортасының басты кісілеріне жеңіл-желпі сөздерді сәлем қылып айтып жүріп, кейбіріне байлау жасауға да ерік береді. Абай жасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтса да, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Сонымен, Абай 1870 жылдарға шейін, бір жағы, әкесінің ығында болса, екінші жағынан, сол әкесінің басындағы міндеттерді, барлық жауы мен талас-тартысын түгелімен өз басына аударып, өз міндетіне ала бастайды. Ел билейтін кісілік пен сол кісілік жолындағы партия майданы, бас балуанға Абайдың өзін жырып шығарады. Ендігі күрестің саясаты мен барлық жауапты іс Абайдың жеке басына аударылып, өз қолына келеді. Ұлық алдында жұмысты болу бір ғана

ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сияқтыларымен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдірсе керек. Әрине, осымен қатар орыс тілін білу, орыс ұлығының әлді, әлсіз жағын ұғыну Абайға жаңа міндет сияқтанады. Қыр тартысын ұлық пен закон шеңберіне қай жағынан әкеп сыйғызуға болады? Ұлықпен қалай арбасуға болады, осының бәрі ел кісісі болатын Абайдың түгел ұғынып, толық білуіне қажет нәрселер сияқты көрінеді.

Сондықтан алғашқы рет орыстың тілін іздеп, оқу-біліміне қарай көңіл бөлу осы кезден басталатын сияқты, бұл уақытқа шейін Абайдың барлық оқуы үш-ақ айлық сабақпен біткен. Әрине, ол білім кейінгі күндегі Абайға азық болады деп айтуға болмайды. Орысша жағына іздену жаңағы істің тұсында, сол 24–25 жасынан басталуы керек... Бірақ бұл уақыттағы қарастыруы да үнемі салынып іздеген іс емес... Елге шыққанда Абай ынта-пейілмен кісілік соңында. Ол жолдағы міндеті мойын бұрғызбайтын, таусылмайтын ұзақ жұмыс, ұзақ міндет. Сондықтан бұл кездерде сарылып кітап соңында отырады деуге болмайды. Ол кездегі Абай – қыр жуанының бел баласы. Заманның құлы, сондықтан алдында көп мақсат жоқ, бар талпынғаны бір ғана тілек. Осы жолда 1870 жылдарға дейін ылғи әкесі дос санаған кісімен іс қылып келген Абай, енді өз замандастарынан өз сынынша дос іріктейді. Сол ретпен тапқан кісілері: Оразбай, Жиренше, Ербол сияқты кісілер болады. Абайдың өз басы бұларға шын сенеді екен, бірақ Құнанбай: «Адал дос болмайды, алдамшылар», – деп жеккөреді екен. Кей уақытта осыларға Абайдың қатты сенгендігіне мазаланып: «Құдайдың жан қылып жаратқаны рас болса, осылардан татып отырғаныңды бір көрермін-ау», – дейді екен. Бірақ Абай әкесінің сөзіне қарап, достарын тастамаған. Өз талабы мен осы достарының көмегінің арқасында көп елмен ұзақ жағаласып,

бірде жеңіп, бірде жеңіліп келіп, 28 жасқа толғанында қарсысындағы елдерді ең алғаш рет емін-еркін басып, жеңіп алады. Жеңгеннің белгісі: Оразбай Аққұлы баласының аулында болған өз сайлауына жанына туған-туысқандарынан ешкімді ертпей, өзі тапқан достарын ғана алып барып, партияласқан елді қаптал бүктеп, үйдегі Ысқақ деген інісін болыстыққа сайлатып қояды. Ысқақтың алғашқы болыс болғаны 1873 жыл, осымен алғаш рет сайланған соң Абай Ысқақты ұдайымен үш сайлау – 9 жыл болыс қылады. Осыдан кейін оқта-текте болмаса, Құнанбай баласы, Құнанбай немерелері болыстықтың үнемі иесі болады да, өзге ел адамдарының бірде-біріне тимей қояды. 1873 жылдан кейін Құнанбай балаларының дәуірі жүреді. Тобықты ортасынан қажы (Құнанбай) баласының билігі орнайды.

Жасы 30-дан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білгенін есіне түсіріп, орыстың тілін жаттайды. Қалада жатып, азын-аулақ тіл білген соң, кітап оқуға кіріседі. Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды ел сөзімен қатар кітап алады. Бір жағы ел сөзі, ел жұмысымен жатса, екіншісі, әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін де Семейде қысқы айларда ұзақ уақыт жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп, қармана бастайды. Осымен 35–36 жастардың шамасында кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1880 жылдарда Петербордан айдалып келген орыстың төңкерісшіл, халықшыл Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис ол кезде жас, Петербор университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған екен. Бұл сол замандағы орыстың төңкерісшілдік пікірінде жүрген адамдардың басшысы, атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі болса керек. Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан өзіне керек бір кітапты іздеп келіп тұрғанда, сол кітапханада Толстойдың кітабын сұрап Абай да тұр екен. Михаэлиске қыр қазағының толстойшылдығы таңсық көрінеді. Сондықтан ол Абайға келіп,

«Толстой неге керек?» деп сұрағанда, Абай өзінің кітап қарастырып жүрген жайын айтады. Содан екеуі кітапханадан бірге шығып, әңгімелесіп кетеді де, артынан жақын таныс, сыйлас, тату адамдардың халына жетеді. Михаэлис арқылы Абай адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқты халықшылармен де аралас болған.

1884–1886 жылдардан бастап Абайдың өлеңге кірісуіне іштей себеп болған нәрселермен қатар сыртқы өмірінде де бір үлкен іс бар. Бұл оқиға Абайдың өз елінде болыс сайлау әңгімесінен туады. Ысқақты ұдайы үш сайлау – 9 жыл болыс қылған соң, төртінші сайлауда 1881–1882 жылдарда «Енді болыстықты Бөкемнің орнынан беремін» деп, жасы 20-ға әрең толған Шәкәрімді болыс сайлатады. Бөкем деп өзінің үлкен шешесі Күңкеден туған Құдайберді деген ағасын айтады. Ол кісі ертерек өліп, артында екі-үш баласы жетім қалған. Сол ағаның әруағын сыйлағандықтан, жасы жетер-жетпесте Ысқақты өкпелетіп, Шәкәрімді сайлайды. Шәкәрім бір сайлау болыс болып, 1884 жылдың сайлауына келгенде, Абай ендігі болыстықты өзімен бірге туысқан кенже інісі Оспанға бермек болады. Оспан елге тентек, аусар атанған, болыстыққа қолайсыз кісі болады. Ол жасынан көңілі сүйген кісіге жақсы болса да, сүймегенді үйінен сүйреп тастайтын, қарсы келгенді бас салып сабап, қолымен батыл қимыл қылатын о жар болғандықтан, ел тегіс Абайдың ниетіне қарсы болады. Оның үстіне тағы бұл кезде Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ мас-тыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен ел ортасындағы жалпы наразылық күшейеді. Ырғызбай деу орынсыз еркелік, орайсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген билет сияқты болады. Мысалы, Бақаш деген біреуі көп елдің ортасында орынсыз ақымақ сөздерді сөйлеп-сөйлеп келгенде, тыңдаушы: «Бақаш-ау, мынауың орайсыз

рой», – дегенде: «Менің ырғызбайлығым шығар», – деп жауап береді дейді. Осы сияқты ұшы-қиыры жоқ толып жатқан себептердің барлығы жиылып келіп, ел ішінде Абайдың айтқанына қарсылық ойлайтын кісілердің тобын көбейте бастайды. Бұл күнге шейін болысты сайлаушы уезд начальнигі емес, Абай болып, болыстықты ылғи ғана өзінің жақын көрген інілеріне беріп келгеніне ел қарсылық істей алмаса да, енді інілерінің ішіндегі ең тынышсызына бермек болғаны Абайдан бірталай елді торықтыра бастайды.

Ең алдымен бұрынғы дос болып жүрген Ербол, Жиренше, Оразбай, Күнту деген сияқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішінде өз ағайындарынан да қосылушы болса керек. Оның үстіне өзінің кейбір жақын інілері іштен Абайдың ниетіне қарсы болып, астыртын әркіммен баталасыпты деген сөз де бар. Бірақ жаңағы саналған кісілер болсын, өзге ел болсын, қай-қайсысы болса да, нақ сайлау күніне шейін сырттарымен баяғыша Абайдың ала көңіл досы болып жүреді. Не істесе де бірде-бірін Абайға айтпайтын, сездірмейтін болып, барлық дос атаулысы түгелімен анттасып, баталасып алады да, істің бәрін жасырын істейді. Сонымен ел ішінде партия бары да білінбейді. Абайға мақсатына қарсы астыртын дайындалып келе жатқан бір болыс елдің жаулығы бар екені де сезілмейді. Бұл қыр ішінде ешуақытта болар-ау деп кісі күтпейтін, ерекше шебер жасалған кәдуескі өзгеріс жасайтын жасырын ұйым болады.

Басшылары шынымен ширығып, мықтап дайындағандықтан, іс пен сөздің барлығын бірнеше сенімді кісіге тапсырып, қалың елге үлкен сырды шашпай да қойған.

1884 жылдың сайлау күнінде Оспанды болыс қоямын деп Абай келеді. Абайдың жақын ағайындары болсын, Оспан болсын, барлығы да Абайдың айтқаны бұрынғыша екі болмай орындалады деп түгел сеніп келеді. Жалғыз-ақ дәл сайлаудың алдында елдің

жыбырынан аз сезіктенген Ысқақ Абайға келіп: «Ел бұзылып жүрген сияқты, сені алдап жүрмесін», – деген соң Абай Ерболды шақыртып алып, ел жайын сұрапты. Ербол өзге достарымен жасасқан уәдесі бойынша «Ысқақ бекер айтады» деген, сонымен Абай сеніп отыра берген. Бірақ Ысқақтың сөзі шын болып, елдің де, Ерболдың да жалған екеніне дәл болыстыққа шар салған жерде бір-ақ көзі жеткен. Уездің алдында елдің елу басылары болыс болатын кісіге тас салар жерде Оспанмен бірге шарға түсіретін болып ойда жоқта Күнту Шонқа баласының атын атайды. Баталасып алған елу басылардың барлығы түгелімен тастарын Күнтуға салып жіберіп, бұл күнге шейін жасырын дайындалып келген болыстық төңкерістің бетін Күнту болыс болып шыға келген жерде бір-ақ ашады. Бұл іске Абай мен Абай тілеуіндегі елдің таңғалуы былай тұрсын, осы күнге шейін «Күнту болыс болған сайлауды» ертегідей, жырдай қылып айтатын Тобықты іші «уездің қатыны да таңғалып, көтек депті» деседі.

Осы оқиға бұдан бұрын елге «ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» болып, «сүт үстінде қаймақ» болып келген Абайға үлкен қаза сияқты көрінеді. Қаза жалғыз ғана інісінің болыс бола алмай, Құнанбай баласынан болыстық шығып кеткендігінен емес, өйткені сайлаушы уез Тихонов деген кісі сайлауды қайтадан бұзғызайын дегенде, Абай көнбей, «бекітіңіз» депті деген сөз бар.

Абай халінде болған кісіге бұл төңкерісті істеуші ұйым, өз мақсатына жетумен бірге, жауына тағдыр қазасындай қаза, тағдыр мазағындай мазақ табағын ұсынған сияқты еді. Бұл күнге шейін беті қайтып көрмеген Абай осы істің тұсында өмірдің де, елдің де бұған қарап бетін тыржыйта, ернін шығарып, мысқыл қылып күліп тұрған, боғауыз мінезін көрген сияқты болады. Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген

ниетінің барлығы елді бағып кетеді. Достың бәрі жау шығып, ел болса өзін тастап, жөңкіліп кеткен соң, алдаған кісіні жазалау, кеткен елді қайта баурап алу, қайтадан алысу қажет болады. Одан соң бұл уақытта Абай тоқтаймын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені өз кісілерін болыс қойып, жеңіп алған ел, Құнанбай балаларынан баяғыдан көрген қорлық-зорлығы болса, соның есесін алу керек, жеңгендіктің жемісін теру керек.

Осымен 1884–1886 жылдар түгелімен алыспен өтеді. 1884–1885 жылдар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деген сияқты бір-екі өлеңді туғызса, 1886 жыл Абайдың нағыз ақындыққа шынымен бой беріп, көп көңіл бөле бастағанын білдіреді. Бұл жылда 16–17 өлең шығарады. Абайдың бұл күнге шейінгі басылымында «халық туралы» деп жүрген өлеңдерінің көбі осы жылда, елден алғашқы рет қатты торыққан көңілінен шыққан сөздері болады. Сол өлеңдердің ішінде:

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда, –

деген сияқты талай-талай сөздерге Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей болады. Сонымен қатар бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шын налыған зары да сияқты. Бірақ бұл жылдарға шейін Абай өлеңді жазса да, өз атымен жазбай, ылғи Көкбай айтқан өлең деп жүргізеді. Сондықтан зарланып жатқан Көкбайды аяп кейде:

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды,
Жыламай қайтып тұрады,
Мынау азған қу заман
Қалыбында тұрмайды.
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды.
... болмаған соң,
Жылауына зорлайды, – дейді.

1882 жылдан бастап осы 1885–1886 жылдарда Абай Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды. Бірақ жоғарғы айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң, Абайдың үстінен арыз-шағым ұлық кеңселеріне топырлап түсе бастайды.

Сонымен, 1885 жылы Қарамола деген жәрмеңкеде бірнеше дуан елдің, ол күндегі әдет бойынша, бас қосатын червечнай (төтенше) съезі болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішінде Абайға жау болып шыққан кісілер өздеріне іштей ниеттес, тілектес болатын кісілерді басқа елдерден де тауып алған болады. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жауларының барлығы да енді Тобықты іші жіктеліп алғанда шұрқырасып келіп, оп-оңай Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып кетіп, солардың қарасын көбейтіп, тобын молайтады. Червечнайға жиылған топтың ішінде осы сияқты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы Қарамолаға келетін жандаралдан Абайды жазалайтын қаттылықты күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Сонымен жандарал келіп, Тобықтыдағы ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып, Абайға келгенде: «Партияшы, ел бүлдіргіш Құнанбаев сенбісің?» – дейді. Абай: «Мен» депті. «Неге партия қыласың?» дегенде: «Жалғыз мен партия қылмаймын, дүние түгел партия, жанды, жансыз мақұлықтың барлығы да алыс-тартыспен тіршілік етеді. Дүниедегі тіршілік күрес, партия тіршілігі, әуелі өзіңіз де партия қыласыз», – дейді.

– Сені ел неге көп жамандайды?

– Ел көп, мен жалғызбын, көп әрқашан тентек, бұзық, көппен алысқан жалғыз жаман атты болмай тұрмайды. Қай қауымды алсаңыз да, жақсысынан жаманы көп емес пе? Бірақ көп екен деп жаманның сөзін мақұлдау керек пе? – депті.

Осы сөздерден соң, «Абайды не қылар екен» деп анталасып, асығып күтіп тұрған елдің барлығының көзінше жандарал Абайды өзіне тіккен үйге ертіп кіріп, ұзақ әңгімелесіп отырып қалады. Аздан соң шай ішіп шыққанда елге: «Съезді жақсы өткізіндер, ұрыда ақысы кеткендердің ақысын толық әперіндер, съезді жақсы өткізу үшін Абай сияқты кісіні төбе би сайлаңдар», – деп өзі Абайды червечнайдың төбе биі қылып қайтып кетеді.

Бұл оқиға оқушының көбіне керексіз, ұсақ мысал сияқты көрінсе де, біз Абайдың білімділігі, жүйріктігі арқасында мұнымен алысқан кісілердің әрқашан тең түсе алмай, ұлық алдына келгенде жеңіліп шығатынына мысал көрсету үшін келтірдік. Бірақ червечнай съезде осылай өтсе де, Күнту болыс болып тұрған уақытта Абаймен ұстасқан ел алысып-тартысқанда арыз, шағымнан да тыйылмаған.

Сонымен 1886 жылы көрсету қатты молайып кеткендіктен, көп мөрдін себебімен Абайды жер аудартуға да жақындайды. Осы орайда Семей қаласына Ақмола, Семей облысының корпус генерал-губернаторы келеді. Елдің арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң, Абайды жер аудартуды бекітпекші болады. Бірақ сол уақытта мұның қасында корпусның кеңесін басқаратын Лосовский деген кісі бар екен. Бұл бұрын Семей уезіне начальник болып, Абаймен жақын таныс болған адам. Сол араға түсіп, Абайды корпусқа жолықтырып, бетпе-бет сөйлестіріпті. Абай мұнымен де жаңағы жандаралмен сөйлескендей, мағлұматы барлығын көрсетіп, оқымысты кісіше еркін сөйлессе керек, дәл не сөйлескені мәлім емес. Бірақ әңгіменің артынан Абайға: «Сен ортаңнан басың асқан адам екенсің депті».

Осы әңгіменің артынан бұрынғы жер аударылу деген әңгіме қалады да, оның орнына қайта Күнтуды болыстықтан түсіріп, қызметті Абайдың көрсетуінше

Шөкәрімге тапсыратын қылып уезге нұсқау беріп кетеді. Бірақ Семейде болып жатқан сол сияқты өзгерісті білмей, Абай айдалатын болыпты деген дақбыртқа нанған жау жағы осы кезде Тәңірберді деген Абайдың ағасының қыстап шыққан жылқысын талап әкетіп, көбін қырып алады. Бірақ осы уақытта Күнту болыстықтан түсіп қалып, «назначениемен» Шөкәрім болыс болды деген хабар келіп, елдің берекесі кетіп, қатты қапаға ұшырап қалады.

Осымен Абайды бір рет алдап, жасырын іс қылып, болыстықты Құнанбай балаларынан алып кетсе де, жау жағы тым болмаса түгелімен бір сайлау болыс бола алмай, Құнанбай балаларынан қайта жеңіліп, бұрынғы болыстықты қайтадан соларға береді. Сол соңғы аударыстан соң, Абайдың тірі шағында болыстық қайтып Құнанбай балаларынан шықпайды. Қаншалық уақыт тоқтаусыз алысып, тартысса да, өзге руларға болыстық арам астай болып кетеді. Сонымен жеңген шығармыз деген уақыттарда толық жеңе алмай, қайтадан Абайдың айтқаны болып, атаған кісісі сайланған соң, сол 1886 жылы болыстықтан түскен соң Күнту өз соңына ерген елін алып, Абаймен болыстас болғысы келмей, көрші болыс Мұқырға шығып кетеді де, Оразбай артына ерген Күшікті алып, Шыңғыс болысының екінші жағындағы Бұғышы болысына шығып кетеді. Талай дәмелі тартыста Абайдан жеңіле беріп, әзіргі күнде жолы болмайтындарына көзі жеткен соң, бұлардың алдындағы жалғыз Шыңғыс осы сияқты болып қалады. Сонымен 1887 жылы келесі сайлау болғанда, қалған Шыңғысқа Абай өзінің атағаны бойынша Оспанды болыс сайлайды. Осымен 1889 жылғы сайлауда тағы да Оспан болыс болады. Осыдан соң, Шыңғыс ішінде тартыс-талас жоғалып, тыныштық орнауға айналады. Осы ретпен әзірше Тобықты іші де біраз тыныс алып, партиядан қажыған сияқтанады.

Абай енді шынымен тыныштықты іздейді. Сондықтан Оспанға екі жақтағы болыстарға өкпелеп, шығып кеткен

ағайындармен татуласуды тапсырады. Оспан, айтқандай, барлығымен татуласып, табысып, бұрынғы шығып кеткен елді қайтадан Шыңғысқа алып келіп қосады.

Абай осы 1889 жылда араздасқан елімен табысқан соң, ендігі ел жұмысын Оспанға тапсырып, өзі бірыңғай ілім іздеу жолына, ақындыққа берілмекші болып шығады. 1880 жылдардан бұрын кітап оқуға кіріскен Абай елмен талай арбасып жүрсе де, кітабын тастамаған, 1886–1889 жылдары тағы да ел жұмысымен, кітаппен қатар өз өлеңдерін де жазып отырған.

Рас, 1887–1888 жылдар көп өлең туғызған жоқ. Бірақ дәл 1886 жылдай болмады демесек, бұрынғыға қарағанда бұл жылдар да құр өткен жоқ. Екі жылда жиыны оншақты өлең жазылған. Сонымен 1889 жылға келіп, сыртқы өмірінде әлгідей тыныштық толас болған соң, мүмкін болғанша бұрынғы мақсат, арман қылған мағыналы өмірін бастап көреді. Ең алдымен бұл жылда кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып, қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады. Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең өнімді, ең жемісті жылы болады. 1889 жылы 25 шамалы өлең жазылады.

Осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштіктің медресесі сияқты болады. Абай – ұстаз да, сөз ұғатын ынталы талапты жастардың бәрі – шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына мағыналы тәрбиеші бола бастайды. Өз өмірінде көрген істерінің барлығы жиренішті, жеміссіз болып, адамшылыққа залалды істер болғандықтан, ендігі сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі қиял қылған адамшылыққа қарай жетектеп, баулығысы келеді. Бұларға өз өмірін мінеп, басынан атқарған қата жұмыстарының барлығын жасырмай айта отырып, ендігі жастың ол жолдан аулақ болғанын тілейді. Сондықтан өлең сөздерімен бір ақыл

айтса, ауызша өсиет, ұзақ мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи таза адамшылық жолын ғана үгіттейді. Әділдік, шыншылдық, махаббатты, бауырмалдық, арлылық, ойшылдық, сыншылдық сияқты адамды адам қылатын жан тәрбиесінің барлық негізін қолданады. Әлдеқандай себептермен қалаға барып оқи алмай қалып, жастардың тәрбиесін қатты ескергендіктен, Абай жалғыз өз өсиетін қанағат қылмай, бұлардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, 1889 жылы музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алғызады, Әсет деген ақынды да сақтайды. Осымен 1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың ең мағыналы өткізген жылдары болады.

1890–1891 жылдарда жиырма шақты өлең жазады. Сол уақыттарда жас шәкірт болып, әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген Тұраш деген баласы мынаны айтады: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды, бастығымыз Шәкәрім болып, шәкірт секілденіп сөзін тыңдап, медреседегі шәкірттерше: ақиқат олай емес, бұлай деп бір-бірімізбен дауласып жатушы едік. Сол екі жылдың ішінде жоғарыда айтылған өлеңдермен бірге көп өлеңіне ән де шығарып еді. Ұстаздық қылып отырғанда біздің жүрегімізге: малқұмар, мансапқұмар адам адам емес деуші еді. Әрдайым сағынып көксеп, кезі келгенде қуанып, қатты рақаттанатын уақытта сөзді ұғар-ау деген адамдары: іні, балалары секілді жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып, отырған кезі болушы еді. Ондай сөзге түсіп, жайылып отырғанында шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып немесе ел арасындағы партияның жайын айтып, сөзін бөлсе, қатты кейіп я ашуланып қалушы еді.

Сауданың, ақшаның есебі секілді есеп әңгімесі шықса, аза бойы қаза тұрып, жиіркенген кісідей болып, мазасы кетіп: «Есептерің бар болса, аулаққа барып есептесіңдер» деп, өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді» дейді. Осы айтылған сөздердің барлығы жалғыз

Абайдың өз баласы емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамның бірдей айтатын сөздері. Осы сияқты өмір, осындай білімді, саналы, терең ойлы кісінің мағыналы, үлгілі жолы, Абайдың барлық кейінгі өмірінде де бір алуан айнымай ұстанған жолы болады. Егер де ел ішінің бірқалыпта тұрмайтын тынышсыз, тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып ала алмаса Абай 1889 жылдан соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді. Бірақ ойлаған мақсат, ниеті бұл тұста түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 1891 жылға дейін тыныштық болып келіп, дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жаңадан жамандасып, жауласа бастайды. Абай басында бұл екеуін татуластырмақ болып арасына жүріп көреді, бірақ екеуі де тоқтаса алмай, жауласып кеткен соң, інісі жаққа шығады. Осы жаулық тоқтамайтын болып, ұлғайып өсіп, тағы да Шыңғыстың шегінен асып, Тобықтыға жетіп, Тобықтыдан басқа сырт елдерге де жаңадан жайыла бастап, 1892 жылға жеткенде Оспан өледі. Бұл інісі елдің міндетінің барлығын Абайдан шығарып, өз мойнына көтеріп алған болатын. Өзге туысқан ішінде Абайдың ең жақсы көрген інісі еді. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі болады. 1892 жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімімен уланып дерттенген жүрегін көп жерде сездіреді. Бұл өлімнің өзіне арнап та көп өлең айтады. Осы інісі өлген соң барлық жаудың азабы мен елдің әлегі түгелімен келіп Абайдың жеке басына, өз міндетіне түседі. Бұрынғы тыныштық өмір бұзылады. Екі-үш жыл болса да өзінің көптен бергі тілегі бойынша мағыналы күйге келтірген тіршілігі қайтадан асты-үстіне келіп, ескі дертке қарай тартады. Енді бұрынғысынан барлық ішкі қуат сезімімен барынша жек көріп, жиреніп алған Абай қайтадан сол қалыпқа еріксіз келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасын ас орнына у тартқандай көреді. Бірақ қалайда

болса кіріспесіне болмайды. Кірісу Абайлығына міндет болып қалған, сондықтан уақыттың бәрін жауласу жұмысы алып кетеді. Өсиетін көксіп, мәжілісін іздеген жастарға медресе жабылғандай болады. Тұраштың айтуынша, осыдан кейін өлеңдері де бұрынғылары сияқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тынышсыздықта, алыс-жұлыстың ішінде, әр жерде жаза салған өлеңдер сияқты көрінеді. Шынында осы жылдардан соң Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. Жыл сайын жазатын жалпы өлең саны 10–12-нің шамасында болғанда, соның бірталайы аударма болады. Өмірінің аяқ жағына жақындаған сайын, өз өлеңінен аударманың саны әлдеқайда артық бола береді. Мәселен 1889 жылдан соң ең көп жазған жылы 1898 жыл еді. Сондағы барлық өлеңнің саны жиырманың ішінде болса, ішінен бес-алтауы-ақ өзінікі, қалғандары аударма. 1892 жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Осы тартыс бір ел емес, әлденеше елдің ішінде әлденеше түрлі жұмыстардың тұсында бола келіп, 1898 жылға шейін созылады.

Осымен Оразбаймен ұстасқан жаулық 1892 жылдан бастап 1898 жылға жетеді. Бұл кезде Абайдың ел ұстарлық Ақылбай, Мағауия сияқты балалары, Кәкітай, Шәкәрім сияқты немере інілері ержетсе де Абайдың соңына ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі, билігі болсын, үлкен червечнай съездері мен болыстық съездері болсын, барлығынан да Абайды босатпайды. Ел сөзі Абайды барлық үлкен-кіші жұмысқа басшы қылып босатпаудың үстіне, бір-екі рет болыстыққа да шығарған. Абай өмірінде екі рет тағайындаумен болыс болған. Бірақ бұл екі жолында да өз еліне болыс болмай, Шыңғыстың көрші болысы Қоңыркөкшеге болған. Бұл елге алғашқы болған жылы 1880 жыл, екіншісі 1893 жыл болса керек. Қоңыркөкше кейінгі заманда Қызыладыр, Мұқыр деген екі болысқа бөлінеді. Абай тұсында бұлар тұтас болған.

Бірақ Қоңыркөкше көбінесе Абайдың дос елі болғандықтан, бұл жақта пәлендей тартыс, талас болды деген сөз естілмейді. Жалпы қызметі: бұрынғы өз еліндегі сияқты билік айту, өміршілік қылу, басшылық болғандықтан, мұнда да өзгеріс, алабөтен жаңалық болды деуге болмайды. Жоғарыда біз Абай өмірінің сыртқы өзгерістерін ұзыннан ұзақ санаған уақытта, көбінесе партиямен алыс, тартысты айттық. Бірақ соның барлығымен қатар Абайдың ел ішінің ең үлкен, ең іргелі биі болғанын да еске алу керек. Қарамолада бірнеше дуан елдің бас қосқан съезіне төбе би болғаны сияқты (екінші рет тағы сол сияқты) Жетісу мен Семей облысының бас қосқан съезінде Абай тағы да екі облыстың билерінің үстінен қарайтын төбе би болған.

Мұндай жерде Абайдың білімі мен жүйріктігіне, әділ, кемел билігіне талай рет көзі жеткен ел іштей жау болып, дос болып жүрсе де Абайдың төбе басы болуына ешуақытта қарсылық көрсетпеген. Абай солардың ереже атаулысының барлығын өзі жазып, көптің сынына салып өткеріп отырған. Мәселен, Көктұма съезінде Абай жазған ереже 92 статья еді деседі. Бұл ережелердің барлығы да қазақ елінің ескіден келе жатқан жол-жоба, әдет-заңына, ескі билік салтына сүйеніп, елдің өз ортасындағы ғұрпына дәлденіп жасалады. Патша үкіметі қазақ елінің ішкі өмірін білмей, жалпы әкімшілік билік жұмысын ешуақытта жөнге сала алмай, билеудің жөнін білмей қойған соң, жалғыз тапқан шарасы осы болатын. Ру-рудың ақылдасып, еселесіп, екі арасының тыныштануына келгенде бұл істеген съездерінің негізі дұрыс болатын, ел ішінің жайына келгенде шынымен дәл тапқан ақыл деуге болады. Сонымен осындай съездердің барлығына ереже жасаушы да, төбе би болушы да Абай дедік. Мұның жазған ережелері әрқашан съезге жиылған елдің көңілдегі арманын дәл тауып, съездің мақсат, міндетіне үнемі жанасып, аумай дәл түсетін болған, жазып әкеліп

ұсынған ережелері көбінесе қапысыз болғандықтан, қосымшасыз, түзетусіз түгел өтіп отырған.

Осы тұстарда айтылған ерекшелігінен басқа, Абайдың би болуын көп-көп елдің тілейтініне тағы бір себеп, Абайдың билігі өте әділ болғандығы. Қандай үлкен кісі болса да, таза тексеріп, ақтықты сүйеп, әділ сын жасап, түзу кесім айтуға келгенде Абай өз тұсындағы қазақтың қайсысынан болса да шын мағынасында сонауғұрлым ірі, сонауғұрлым ілгері болған. Осы күнге шейін Абаймен өмір бойы жауласып, ұстасып өткен кісілері болса да, дәл өз алдына келген тергеуде Абай өз жағына бұрып айтты, әділетсіз билік жасады деген сөздерді айтпайды деседі. Бұл Абайдың үлкен ерекшелігі деп осы әділ би болғандығын еске алу керек.

Басшылық, ұстаздық, сыншылық, ел түзеуіш тез болу жайында, өлең мен үгіт өсиеттерінде ұдайы айтатын тазалықты Абай осы тұста шынымен орындаған. Мұның белгісіне Абайдың сырт елдердің талай-талай үлкен дауларына билік айтуынан басқа, дәл өз елінің ортасындағы биліктерін де мысал қылуға болады. Тобықты ішінде жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты үлкен сөздер болғанда, жау жағы әрқашан Абайға келіп билік айтқызуға ынтық болады екен. Өзгені қойып, Құнанбай заманынан бері қарай ұдайы жаулықпен күн кешірген Жігітек те үлкен даудың тұсында дауласқан кісі Абайдың тілеуіндегі адам болмаса да, алдымен Абайға баруға өзі ұмтылады екен. Сондай істерге билік айтқанда Абай әрқашан өзіне жақын кісілерге кесіктің ауыр салмағын көбірек салып, өзі түсінген әділдік шарты толық болсын деп, жау жағына кеңірек қарауға тырысады екен. Мінеки, осындаймен 1898 жылдарға келгенше Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе ел ішіне әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған сияқты. Әйтеуір ел бейнеті босатпайтын болған соң, тым болмаса осымен бірдеме істеп болмас

па екен дегендей, мұндай жолға Абайдың түскені осы соңғы айтылған жылдарда ғана емес, бұдан көп бұрын 1880 жылдардан басталу керек. Бірақ берірек келген сайын, ел сөзінен шынымен қашып жүрсе де, еріксіздік кірістірген уақытта көп еңбегін осы жаққа салады:

Болды да партия –

Ел іші жарылды.

Әуремін, мен тия,

Дауың мен шарыңды, – дейді.

Бірақ 1898 жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес, Оразбайдың партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, үлкен ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай не қылса да бұл тартыс тыйылмайды, үндемей отырайын десе, тыныштықпен отырғызбайды. Еріксіз келіп түрткі салып, соқтығып, еркі алдына қоймай майданға алып шығады. Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы болатын елдің басын құрап, сайлау басында партия, тартыс шығарады. Сонымен жауы баратын болған соң, ықтиярсыз Абай жағы да барады. Балаларын, інілерін жібергеніне бөтен елдегі достары қанағат қылмай, өзін керек қылады. Осындайдың әлегімен жүріп 1898 жылдың сайлауына келгенде, Абай өмірінің ең мағынасыз қорытындысы сияқты бір үлкен оқиға болады. Бұл оқиға Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы уез келер кезде, берісі Тобықты, әрісі барлық Семей уезінің шеңберінде түгел партия болып, барлық болыс қақ жарылып, жартысы Оразбай, жартысы Абай ниетінде жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, дәуірі Тобықты ішінде Абаймен қатар жүре бастаған уақыт. Сонымен Мұқырдың сайлауы жақындаған соң, сол болыстағы Абайдың тілеулестері: «Сайлауға өзің жүрмесек болмайды. Оразбай келіп сүйген адамын болыстыққа сайлатып алып, басымызға бөле жаудырады», – деп, Абайды еркіне қоймай, алып барады.

Абай барған соң елдігі мен достығы қас пен көздің арасында тұратын халық Абайдың төбесін көріп, мұның достары жаққа қарай ауыса бастайды. Содан соң Оразбай өз достарымен ақылдасып: «Абайдың өзіне қол тигізіп, таңба салмасақ, ел ескі әдетімен жылжи береді», – деп, бірнеше адамды жанжал шығаруға сайлайды. Бұлар уезбен әңгімелесіп отырған Абайға келіп, айтқандай жанжал шығарып, жаудың ниетінен қаперсіз отырған Абайға жабылып кетеді. Сонда өзіне тілеулес кісіден маңында отырған жалғыз ғана сопының Уайысы деген кісі аналар қамшы сілтей бергенде Абайдың үстіне жығылып, таяқтан Абайды қорғап, қамшының астына өзі құлайды. Абайдың бетіне таңба түспейді. Бірақ жаулары: «Абайды ұрды», – деген атақ алады да, барлық елге «Абай сабалды» деген дақпырт жайылады. Осы іс туралы Тұраштың айтқаны: «Мұқыр оқиғасының артынан ағайын-туған, ел-жұрт, дос-жары, бала-бауырлары жиналып: «Біз де пәлен етеміз, түлен етеміз, өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ», – дескенде, әкем айтты: «Барша жамандықтан жамандық туады, жақсылық тумайды, мен жасымда «қарғағанымды жер қыламын, алғанымды зор қыламын», – деп ашуға да, айлаға да шырақ жағып түнегендей болғанмын. Дұшпанын жеңуге келгенде жолы болған адамның біріне қосыламын. Мен алғашқы атқа мінгенде Жігітектің дәулеті де, дәурені де өзімізбен тең ел еді. Солардың қанша жандарының айдалып, байланғанына, бірінің артынан бірі барамын деп бейнетке, қазаға ұшырауына мен себеп болған шығармын. Рас, өздерінің ұрлық, зорлығынан да болған шығар. Бірақ менің қатты зерттеп, соңына түскенімнен де болды. Сол Жігітек қаншалық елдіктен кетіп, кедей болып, торғайдай тозса да, бүгін астымда жатып аяғымды шайнауға жарады. Бұл – жаманшылықтан туған жаманшылық деп біліңдер. «Өлеміз, өлтіреміз, бітім жоқ», – деген сөз дұрыс емес. Мен бұ бітімсіздікті қостамаймын деп елді тоқтатты», – дейді.

Бұған тыңнан сөз қосудың қажеті жоқ. Бұл уақытқа шейін ел ісін бұрынғы әдетпен еріксіз істеп жүрсе де, іштей сол істері үшін у ішкендей қиналып, азап шегіп жүрген Абай мынау оқиганы өз басына лайықты жаза деп біледі. Жауында әділдік, ақтық қасиет бар деп ойламаса да, өз өмірі мен өз ісінің терістігіне осы сияқты соққы орынсыз емес деп ұғады. Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраттан кеміп, мол дүниеден тапшылық көрген жоқты. Өзі өлгенше мұндайдың бірде-бірі болған жоқ. Сондықтан Оразбай істеген іске бұрынғыдай ой түспеген ашулы күні болса, он есе артық іспен, жазамен қарсылық көрсету 1898 жылда да қолынан келуші еді. Бірақ өзі көрген өмірдің жақсылық, жаманшылық дегенінің барлығына Оразбай сияқты әншейін қазақтан сонау ғұрлым бөтен көзбен қарап, білгіш кісінің сыншылдық, салқындық, сабырлылығымен ұғатын болғандықтан, Абай жаңағы оқиганы бұл күнге шейін ел жақсысы, ру басшысы болып келген Абайдың саяси өлімі болсын деп, іштей әдейі ырза болып қабыл алған сияқты.

Абайдың өзі сүйген ішкі дүниесіне үнемі жау болып келген сыртқы көрініс, сыртқы тіршілікті осы қазамен бірге жоқ болып, өлсе екен дейді. 1898 жылы өзі айтқан өлеңдерінің көбі осы сөздерге ашық дәлел. Одан соң сол тұстағы барлық ісі мен мінезі де осы айтқан сөзді дәлелдейді. Өйткені 1898–1899 жылдардың қысында Оразбай Меккеге жүрмек болып, Абайдан ырзалық алып, ырзаласып кетемін дегенде, бас қосып, ырзалығын беріп, қош айтысады. Одан соң 1899 жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып, шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен және 1898 жылғы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек жер, қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарап қалады. Тұраштың айтуынша: «Бұл оқиға болғанда Жігітек ашулы арыстанның алдында қол-аяғын байлап тастаған адамның ойын ойлады. Бірақ әкем сол араз ағайынның бар басты

адамдарын, ақ сақал, қара сақалын шақырып алып: «Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды деген. Енді бұрынғы араздық, кекті тастайық», – деп, шын жүрегін көрсетіп, қойнын ашып жібергенде, Жігітек те бұрынғы жаулықты соншалық ұмытты. Содан кейін әкем барда сөзі мен басын сыйлап, өлген соң аруағын сыйлап, достығын көрсеткен елінің алды осы Жігітек болды», – дейді.

1898 жыл оқиғасының тұсында бұрынғыдай ашуланбай, ашуланғысы келмей, өзінің де қатты өзгеруінің тағы бір белгісі – Абай бұл жұмысты ұлықтарға шақпаған. Бұрынғы замандағыдай заң-закон арқылы кек алуды да іздемеген және 1898–1899 жылдардың қысынан кейін Семейге біржолата бармайтын болған. Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылғанына өмірден біржолата суынып, қажы бастағаны да себеп болған. Алды үміт, арты өкініш өмірден енді түңілген сияқты.

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?

Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.

Қай қызығы татиды қу өмірдің,

Татуды араз, жақынды жат қыларға? – депті.

Осы жылдарда Абай өлімді де ойлай бастайды. Сондықтан өзі кешірген ерекше дертті, мағынасыз өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске алып отырып, – қазақ әдебиетінде мәңгілікке ұмытылмайтын Абайды айтсақ, Абайдың ақындығы мен өмірін есіне ала бастасақ, еріксіз аузыңа келіп түсетін, Абайдың қайғылы жүзін көрсететін атақты «Өлсем орным қара жерді» жазады. 1898 жылы осы өлең жазылған соң ғана өзінің бұдан бұрын жазған барлық өлеңін жинасын деген. 1899 жылға дейін Абай өлеңді едәуір көп жазады. 1903 жыл мен 1904 жылдың қысында Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көрген Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құрт ауруымен төсек тартып жатып

алады. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің шын жақсылап, тәрбиелеп шығарған баласы осы болады. Елде отырып Еуропа тәрбиесін алған адамдай, ақыл-мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің қалыбында болған. Бұл да әкесі сияқтанып, қырда отырып, көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған адам еді. Ел жұмысына кіріссе, әкесінің ісін өз мойнына алатын. Жұмсақ мінезімен көпшілікке аса сүйікті болған. Сол Мағауия өлген соң, Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешнәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын ешкімге көрсетіп емдетпейді де, мұның бәрін керексіз деп біледі. Сонымен Мағауия өлімінен кейін 40 күн отырып, 23 маусымда 1904 жылы жаралы ақын жарасы мен өмірде татқан уларын өз ішіне жиып, өзімен бірге алып, дүниеден көшеді.

1

Білу

1. Абай Құнанбайұлы туралы терең зерттеген қай жазушы?
2. Зерттеушінің қандай әдеби және ғылыми еңбектері жарық көрген?

2

Түсіну

1. Неліктен М.Әуезов абайтанудың негізін салған деп саналады?
2. М.Әуезов Абайдың ғылыми өмірбаянын неге төрт нұсқасын жазған?

3

Қолдану

Абай Құнанбайұлы өмірінің хронологиялық кестесін жасаңдар:

Жылдар	Маңызды оқиғалар

4

Талдау

Абайды зерттеген М.Әуезов еңбектерінің маңызын талдап, PowerPoint программасында таныстырылым жасаңдар.

5

Жинақтау

Абай Құнанбайұлы туралы білгендеріңді «Түртіп алу» кестесіне толтырыңдар.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	? «мені таңғалдырады»

6

Бағалау

М.Әуезовтің Абай туралы еңбектерінің тарихи және көркемдік құндылығына баға беріңдер.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы). Оқу құралы. (Құр., алғы сөзін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
2. Әуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Монография. / Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Т. 35. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 133–384-б.

1.2 Абайдың халық даналығын тануы

Абай ақындығының бастаулары дегенде «өз халқынан және адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен саласы, түп төркіні бар» екендігін алғаш айт-



Бала Абай

қан М.Әуезов ақынның нәр алған үш рухани қазынасын атаған еді: «Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауыз әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, сол арқылы өз өлеңін көп көркейтті. Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классикалық поэзиясы. Үшінші – үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті», – деді. Міне, М.Әуезовтің «қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы» деген сөзінде үлкен мағына жатқанын бүгінгі күні ашық айта аламыз.

Ғалымның осы пікіріне сәйкес Абайдың тәлім алған мектебі туралы айтқанда, болашақ зерттеушілер «өз даналығын» екіге бөліп қарастыруы қажет. Бірі – ауызша жеткен халық мұрасы, екіншісі – әл-Фараби бастаған қазақтан шыққан ғалымдар еңбегі.

Шығыс философтары Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атаған әл-Фараби туралы бүгінгі күні мағлұмат жеткілікті. Біз бұл туралы 10-сыныпта «Абайдың толық адам ілімі» туралы сөз болғанда кеңірек тоқталамыз. Бұл жерде біздің мақсатымыз – ежелгі Орта Азияда даңқы кең жайылған ғалымдар Хорезми, Ферхани, Мервази, Фараби, Бируни, Омар Хайям, Насиреддин, Туси, Ұлықбек, Каши сияқты басқа да жүздеген даналармен Абайдың рухани байланысын жинақтап шығу – кезегін күтіп тұрған мәселе екенін айту. Бұл – болашақтың ісі. Бұған бір ғана мысал келтіре кетейік.

М.Әуезов XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазған Абай өмірбаяны мен «Абайдың ақындық айналасы» сияқты мақалаларында абайтануға анық бағыт-бағдар бергенімен, Абайдың нәр алған үш бұлағының бірі ретінде Ресей мәдениетіне ғана шешуші орын беріліп келді. Жалпы шынайы танымдық тұрғыдан қарағанда Абай сусындаған халық даналығы мен мұсылмандық шығыс әдебиетінің бірінсіз біріне соқпай өту мүмкін емес. Кеңес өкіметі тұсында мешіт-медреселер қиратылып, «Алла» деп айтудың өзі үлкен күнә боп қалғандықтан, Әуезов бастаған абайтанушылар ақын мұрасын келешек ұрпаққа таза сақтап қалуды ғана мансұқ етті. Тек тәуелсіздіктен кейін ғана абайтану ғылымында айтылмаған немесе айта алмай келген мәселелер жан-жақты зерттеле бастады. Қазіргі уақытта Абай ақындығының бастаулары:

1. Қазақ елінің рухани ой-қазынасы.
2. Мұсылмандық шығыс елінің рухани қазына көздері.
3. Орыс және Батыстың классикалық әдеби-мәдени әлемі, – деген үш бағыты негізге алынып отыр.

Академик З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиясында: «Абай поэзиясының негізгі тірегі, қайнар көзі, ана сүтіндей нәрлендірген арнасы – халық поэзиясы, қазақтың ақындық өнері. Абай поэзиясы қазақ топырағында өсіп-өнді» (40-б.) дей келіп, Абайдың халықтық сөз өнерімен терең тамырластығы оның «барлық шығармасынан айқын аңғарылатындығын», – атап өтеді. Бұған «Сап-сап, көңілім, сап көңілім» сияқты өлеңдерінен мысал келтіреді.

Абайға дейін өмір сүрген ақындар қатарынан Абай халық ақындары Дулат, Шөже, Байкөкше, Балталардан көп есітіп, жастайынан жадына тоқып өседі. Абайдың шешесі Ұлжан Тұрпанқызының да шыққан жері сөзге тапқырлығымен аты шыққан Бертіс бидің ауылы болған.

Әсіресе Абайға ең үлкен әсер еткен мектебі Зере әжесінің тәрбиесі болған. Абай ақындығының бастаулары ең алдымен осы әжесі айтқан халықтың асыл мұрасында, қазақтың ежелгі ертегі, жыр-аңыздарында жатыр. Абайдың бала күнгі өзіне етене жақын адамдары, әжесі мен анасының халық ауыз әдебиеті мен қазақтың ежелгі салт-дәстүрін жақсы білуі, жас ақынның ел даналығын тануына, оны ерте қамтуына зор септігін тигізген мектеп тәрізденеді. Абай ауыз әдебиеті мұраларымен жастайынан қанып ішкендіктен, халық әдебиетіне ерте тояттаған. Мұны Абайдың 13 жасында әжесінің құлағын өлеңмен ұшықтауынан да көруге болады. Абай өмірбаянын жіті зерттеген М.Әуезов мұндай әңгімелерді көзімен көрген кісілерден жазып алған.

Осыған орай «Абай жолы» романынан бір мысал келтірейік: «...Бұл өзінің биыл көктемде Науаи, Физулиді оқып жүріп жазған өлеңі болатын. Отырғандар әлі де дел-салда. Күдік етушіден де, шын дұғалық екен деушілер көп. Бала солардың шама-шарқын танып, мысқыл еткендей боп алдаңқырап келді де, енді шынын танытпақ боп, даусын ашық етіп қатайтып алды. Тағы

да көзін жұмып, түсін томсарып, құран аударған мол-
дадай, ілгері-кейін теңселе беріп:

Ұшады бозша торғай көдені ықтап,
Басасың аяғыңды нықтап-нықтап,
Кәрі әжем естімейді, нана берсін,
Берейін өлеңіммен шын ұшықтап, –

деп кеп, тағы да «су-ф-ф!» деп қойды. Үйдің іші енді
сезіп, ду күлісті. Соңғы өлеңнің тұсында әжесі де тү-
сінген. Ол үні өшіп, сүйсініп күліп, баласын арқаға
қағып, маңдайынан иіскеді.

Абай күлместен, мысқылдай қарайды. Әжесіне
жабысып отырып:

– Қалай, құлағың ашылды ма? – деді.

– Е, жақсы боп қалды. Өркенің өссін, балам! – деп
әжесі алғыс айтты.

Үлкендер бала мінезіне бір күліп, бір таңданып
сүйсініп қалды. Қара сұр бала көптің көзі бір өзіне
қадалғанға енді қысылыңқырап, қызарып еді. Бірақ
көзінде жайнай жанған от білінеді. Өзге балаларының
ажарынан бөлек, қызулы, саналы оты бар сияқты...». Міне, нақтылы дерек бойынша берілген осы үзіндіден
де Абайдың ойға тапқыр, сөзге шешен бала болып өсіп
келе жатқанын көруге болады. Ұлжанның «Қаладан
молдалық әкеледі десем, нағашыңа тартып қайтқан-
бысың, немене? – деген сөзіне орай отырғандардың
«Бәсе, Шаншар», «Тонтекеңнің жиенімін деп тұр ғой»
деген сөздер де ақын болмысынан белгі береді.

Ділмар, шешендерге тән бір мінез ерекшелігі – бір
айтқанды ұғып алу, ұққанын ұмытпау, ел алдында
соларды керекке жарату, әңгіме арасына кірістіріп
отыру. Міне, осы мінездің Абай бойына сіңісті болуы –
әжесі Зере мен анасы Ұлжан тәрбиесінің тікелей әсері.
Өйткені сол шүйкедей кемпір мен салмақты әйелдің
өзі – шешен, өзі – ділмәр, өзі – ертегіші болған.

Бұдан кейін қатал әкенің үкімімен Абайдың ел ісіне
ерте араласуы – білген өнерін орнымен керегіне жаратып,

келістіріп, көркейтіп сөйлеуіне себеп болады. Абай енді ел көзіне шешен боп көріне бастайды. Бұл туралы М.Әуезов: «Басында балалығының арқасында сөзге қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып, адымын ұлғайта береді... Бұған халық ескілігі, тіл өнерінің мол байлығы қосылған соң, Абай өз заманының ішінде өз қайратына сенген өршілдікпен құлаштайды. Ол үлкен-кішінің ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жай сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен де айтып жіберетін болады... «Ол кезде Абай ақын емес еді» деу қате болады. Абай – сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған, күнде сынға салып, өз өнерін күнде безеп отырған ақын. Онысы және өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған ақындық. Бір жағынан, жүйрік, шешен, әсем, ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қарасөзбен айтылған тапқырлық – алғырлық. Өлеңді, суырыпсалма айтысты Абай ойында да, шында да көп қолданып жүрген. Бірақ сонда да ол шақта өзін «ақынмын» деп санамаған. Өлеңді де ойын, қалжың, мысал түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арналған сәлем хат, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғанының бізде жиналғаны: «Әліп-бимен жазылған тілек хат», сонан соң «Тайға міндік», «Сап, сап, көңілім» деген өлеңдер... Әкесі бастаған шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде бір сөзбен мүдіртіп кетуге тырысады. Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып сөйлескендердің барлығына да Абай осы мінезді істей бастаған... Осы сияқты жұрттың «тапқыр» деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойсұнбайтын ізденгіш, өр мінезін Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жиынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай бір-екі рет сөз айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай «тек отыр» деп тоқтатып тастайды. Артынан ел таралып, жиыннан келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. Абай кінәсін мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: «Кезі келгенде айтпақ болып жүрген үш түрлі сөзім бар еді, соны айтайын: Ең әуелі – сен жұрттың бәрімен күліп сөйлейсің. Жайдақ су сияқтысың, жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісілерге қадірі болмайды. Екінші, көрінгенмен жақын боласың, кісі талғамайсың. Желбегей жүрген кісінің басына ел үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші, орысшылсың, орыстың дұшпандығын ұмытасың», – депті.

Абайдың жауабы: «Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыңыраудағы судан да, қойшы-қолаңшы, жалшы-жақыбайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ суды артық деп білемін. Екінші сөзге: қазақ елі бір заманда қой сияқты болған, бір қора қойды жалғыз қойшы «айт» десе өргізіп, «шәйт» десе жусататын заман болған. Одан бері келе ел түйе сияқты болды. Бір шетіне тас тастап, «шөк» деп дыбыстаған уақытында аңырайып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Орысшылсың дегенге: заман орыстікі, ол жеңген, біз жеңілген елміз. Ендігі күнде алысатын дұшпанның айласы мен әдісін білмесең, алысқа шығудан мағына жоқ. Орыстың... өнері мен ебінен үлгі алуға керек», – депті. Құнанбай бұл жауабына қанағат қылып тоқтап: – Ақыры не болса да, бетіңнен жарылқасын, өзің білген бетіңмен жүріп көрерсің, – депті».

Қазақтың халық даналығын жақсы меңгерген адам жүйрік ой мен шешен сөзге жетік болады. Мұны

Абайдың «Әліп-бимен жазылған тілек хат», «Тайға міндік», «Сап, сап, көңілім» сияқты өлеңдеріне қоса, «фольклор көлеміндегі Дулат, Шөже сияқты» жастық шағында ауызша айтуға машықтанған «Көкбайға», «Қыздарға», «Қара қатынға», «Масақбайға», «Көжекбайға», «Күлембайға» деген сияқты толып жатқан эпиграмма, өзіл өлеңдерінен көруге болады. Абай шешендігі оның ел ісіне араласа бастағанда, Құнанбайдың сөзге жүйрік тұрғыластары мен дос адамдарына қайтарған жауабынан да көрінеді. Мысалы: Құнанбайдың досы Қаратай деген кісі Абай бастаған жас жігіттердің заманын жамандап, өз заманын мақтай келе: «Менің заманым пайғамбар заманына жақын» депті. Бұған қарсы Абай: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға Әзірет Әлінің әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған», – депті. Әзірет Әлі – Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, Хадиша анадан туған қызы Фатиманың жұбайы. Бибі Бәтима атанған пайғамбардың қызын мұсылман қауымы аналардың пірі, дертке шипагер санап, күні бүгінге дейін табынушылық қалыптасқан. Міне, шешендік дегеніміз тапжылпай танытып, мойындату екенін осы мысалдан да көруге болады.

Осы сияқты біраз сөз Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса – Құнанбай тұрғылас, Құнанбайдың замандасы. Бір жылы Абай әкесімен Семейде жатқанда, Мұса мен Құнанбай бір-біріне барысып, жүз көрісіп жүретін болса керек. Сол ретпен бір мәжілісте отырғанда Мұса (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап, Садуақас деген баласы барлығын да айтса керек. Сонда Абай: «Бір адамға екі бірдей кісінің атын қояды екен? Ол Сағд бин Уақас деген әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?» депті. Міне, келтіріп отырған осы мысалдарда кездесетін мұсылман діні

тарихында орны бар адамдарды зерттеп, Абай көзқарасы бойынша дәлелдеп шығу да тың ізденіс болар еді. Бұл – болашақ абайтанушыларға құлаққағыс.

Жоғарыда келтірілген М.Әуезовтің «Абай өмірбаянындағы» нақтылы өмірден алынған мысалдар мен «Абай жолы» романынан келтірілген мысал да Абайдың халық даналығын ерте бойына сіңіріп, оны күнделікті тіршілікте қолдана білген сөзге тапқырлығы мен шешендігін дәлелдейді. Абайға қатысты мұндай мысалдарды М.Әуезов еңбектерінен көптеп кездестіруге болады.

Абай өмір сүрген заманда патшалық Ресей өкіметінің отарлау саясаты толық жүзеге асып болғандықтан, билік жүйесіне де өзгеріс енгізіледі. Қазақ елінде ақсүйектер билеп келген ежелгі хандық билік жойылып, олардың орнына сұлтандар келеді. Міне, осы кезде сұлтан болған Құнанбайдың «Қарадан хан болған» деп аталатын себебі сол.

Поляк эмигранты Адольф Янушкевичтің қазақ даласынан жазған «Күнделіктер мен хаттар» (бұл тұңғыш рет 1861 жылы Парижде поляк тілінде жарық көрген. 1966 ж. орыс тіліне, 1979 ж. қазақ тіліне аударылған) деген жазбасында Құнанбайдың қарапайым қазақ болса да, «әулие даңқына» (75-б.) бөленгенін, «ақыл сұрауға жаста, көрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп» жататындығын (75-б.), барлық байдан Құнанбайға жан жетпейтіндігін (76-б.) атап көрсеткен. «Құнанбай сөйлеу үшін жаратылған машина ғана емес, ол тек бұрамағанда ғана тоқтайтын сағат дерсің. Төсектен тұрысымен-ақ сөйлей бастайды, содан көзі ұйқыға кеткенше сөйлеп береді. Минут сайын ақыл сұрап қазақтар оған келіп жатады. Қос қолын мықынына таянып, екі-үш сөзден кейін-ақ шарифаттан үзінді келтіріп, ол абызша сұңқылдап кетеді. Оның жадында сақтау қабілеті таң қаларлық, үкіметтің барлық указы мен жарлығын кітаптан оқып отырған адамша жатқа айтады» (188-б.), – деп жазады.

Біз бұл деректерді 1979 жылы Мұқаш Сәрсекеевтің Янушкевич кітабын орыс тілінен аударған нұсқасы бойынша алдық. 1832 жылы Сібірге айдалып келген поляк революционері А.Янушкевичті патша өкіметі 1843 жылдан бастап, қазақ даласын зерттеуге шыққан экспедицияларға қатыстырады. 1848 жылы 8 мамырдан 10 қазанға дейінгі аралықта Семей, Тарбағатай, Аягөз өңірін аралап, мал мен жанның есебін алуға шыққан экспедиция құрамында жүріп жазған қолжазбалары біздің заманымызға жеткен. Әр ауданнан алынған малдың есебін (қой, жылқы, сиыр, түйе), жер мөлшерін де күнделігіне тіркеп отырған. Осы еңбегінде Барақ сұлтан мен Құнанбай қажыға ерекше баға береді. Патша өкіметі Адольф сияқты көзі ашық оқыған эмигранттарды алыс түкпірдегі елді мекендерге жұмсап, қызметке пайдаланған. Өлсе, сұрау жоқ. Бірақ бұлар осындай тарихи маңызы зор құнды жазбалар қалдырып кеткен.

М.Әуезов Құнанбай айтты деген шешендік сөздерді роман-эпопеясында бере алмағанмен, «Абай өмірбаянында» жазып кеткен.

М.Әуезовтің «Абай жолы» романында Қодар мен Қамқа оқиғасынан кейін Абай бір ай ауырып, төсек тартып жатқанда қасында болатын ақын Барлас емес, оның шын аты – Дулат Бабатайұлы. Бірақ Әуезов Абайдың өзін «үстем тап өкілі, байшыл» деген көзқарастан әрең арашалап отырғанда, отарлау саясатына қарсы өлең жазған Дулат ақынды кейіпкер ретінде енгізіп отырғанымен, өз атымен атай алмаған. Бірақ Дулат, Шөже, Байкөкше, Балталардан естігендері мен бала күнінде жаттаған әжесі Зеренің кей сөздері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған сүтпен кіріп, сүйекпен сіңген төл әдебиет үлгілері екендігін М.Әуезов зерттеулері мен «Абай жолы» романында жазып кеткен.

Айтар ойды астарлап жеткізуде болмасын немесе эпостық жырлардағы тұрақты символға айналған «қатуланып қатталып, буырқанып бұрсанып, мұздай

темір құрсанып, қабағы тастай түйілген, лашын құстай шүйілген, жеңсіз берен киінген, қақырғаны қан татып, түкіргені жын татып» деген сияқты фразеологизмдер мен небір дүлділ шешендердің шеберлік нақыштарын ақын жастайынан сүйегіне сіңіріп өседі.

Міне, Абай ақындығының бастаулары ең алдымен өскен ортасында, яғни қазақтың халықтық өлең-жырлары мен ертегі, қисса, аңыз-әңгімелерінде, халық даналығында екендігін осыдан көруге болады.

Ескерту: Абай орыс чиновниктері, орыс миссионерлері, орыс губернаторлары, басқа да орыстың қай-қайсысымен де тек қана орыс тілінде сөйлескенін еске саламыз. Өйткені олардың ешқайсысы қазақ тілін білмеген.

1

Білу

1. Абай қандай бала болған?
2. Ақын неше жасынан бастап өлең жазумен айналысты?
3. Абайдың ақындығының бастаулары қандай?
4. Абай қанша тілді меңгерген?

2

Түсіну

1. Неліктен М.Әуезов ақынның нәр алған рухани қазынасын үшеу деп санайды?
2. Не себепті көпке дейін Абай орыс әдебиетінен молырақ сусындады деп есептелді?

3

Қолдану

Абайдың халық даналығын тануына әсер еткен факторларды анықтап, тапқырлығын 6 сөйлеммен дәлелдеңдер.

4

Талдау

М.Әуезовтің 1933 жылы басылған кітаптағы «Абайдың туысы мен өмірі» деген мақаласындағы Құнанбайдың

Абайға таққан үш міні мен Абайдың қайтарған жауабын «Абай жолы» роман-эпопеясынан (Интернеттен қарауға болады) тауып, салыстырып, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңдар.

5

Жинақтау

Білгендеріңді жинақтап, кестені толтырыңдар:

Абай ақындығының бастаулары		
Қазақ елінің рухани ой-қазынасы	Мұсылмандық шығыс елінің рухани қазына көздері	Орыс және Батыстың классикалық әдеби-мәдени әлемі

6

Бағалау

М.Әуезовтің «Құнанбайдың кім екенін білмесек, Абайдың кім екенін білу қиын» деген сөзіне баға беріңдер.

Сөздік:

Уақып (араб сөзі) – мешіт, медресе пайдасына берілетін мал, дүние. Бұл жерде Меккеге барғандар жататын үй сатып алып бергенін айтады.

Тәмсіл – өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар сөз.

Эмигрант – басқа елге қоныс аударушы адам.

Әдебиет:

1. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
3. Әуезов М. Абайдың туысы мен өмірі. / Кітапта: Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – 8 том. – Алматы: Ғылым, 2002. – 45–134-б.
4. Машанов А.Ж. Әл-Фараби. ҚР ҰҒА-ның хабаршысы, 1961.

1.3 Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар

Абайдың араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгеруіне Семейде үш жыл оқыған Ахмет Риза медресесінің әсері зор. Мұнда Абайдың нәр алған рухани мектебі – шығыс әдебиеті болды. Оны алғашқы шығармашылығына (1858–1859) тән шығыстық сарындардан да байқауға болады.

Физули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз – бу һәммаси,
Мәдәт бер, я шагири фәрияд, –

деп 13 жастағы Абай өзі қадірлеген шығыс ғұламаларын атап берген. Әрі осы шайырлардан (ақындардан) «медет» сұрауында өз айналасындағы «қайыр-ниязға құзғындай таласатын кәрі қалпе, қараңғы шәкірт, соқыр қазірет» (М.Әуезов) сияқты қожа-молдаларға риза болмаудан туындаған үлкен мағына бар.

Шығыс әдебиеті деп ислам діні пайда болған VII ғасырдан бастап, қазақ арасына араб графикасымен тараған парсы, үнді, иран, түрік сияқты елдерден енген әдеби шығармалар мен фольклорлық нұсқаларды айтамыз. Абай заманында ежелден қалыптасқан дәстүр бойынша Үнді елінің «Панчатантра» («Бес кітап»), арабтың «Қалила мен Димна» секілді кітаптары, «Мың бір түн», «Тотынама» сияқты өңгімелер жинағы, «Шахнама», «Сейфул-Мәлік», «Таһир-Зуһра», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты дастандар, Ескендір, Лұқпан Хакім туралы аңыз-өңгімелер ауызша да баяндалып, өлең-жыр түрінде де насихатталып жатты.

Абай өмірі мен шығармашылығын түбегейлі қарастырып, ғылыми деңгейге көтерген академик-жазушы Мұхтар Әуезов ондағы шығыстық сипаттарды зерттеудің бағыт-бағдарына да жол сілтеп, Абайдың сусындаған рухани үш бұлағының бірі – Шығыс мәдениеті екендігін өз еңбектерінде дәлелдеп көрсетті. Ол 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналына жарияланған «Абай

ақындығының айналасы» деген мақаласында: «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ» деп нақты байлам жасайды.

Абай түпнұсқа арқылы араб-иранның бүкіл батырлық-діни эпосын түгел оқып, Шығыстың Фирдоуси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Физули сияқты классиктерін тегіс біліп, сөздерін қадірлеп, ұлғайған күнінде де әрқашан оқып, сүйсініп еске алып отырған. Ол қазақ өлеңіне «ғаруз» өлшемін тұңғыш енгізіп және сол классиктердің ақындық лексикасынан алынған көптеген араб-парсы сөзімен әлгі ақындарға өзі де еліктеген. Абай медресе тәрбиесінде жүргенде өзімен бірге оқыған балалардың барлығынан сонауғұрлым зейінді, ұғымтал және оқуға ерекше ықыласты болған. Дәріс сабағында молданың арабша кітаптан түрікшеге аударып берген сөздерін бір айтқаннан қағып алып, қағазға қарамай, жатқа айтып беретін зеректігінің арқасында уақыт ұтқан. Сөйтіп барлық артылған уақытын өз бетімен араб, парсы, түрік жұрттарының ақындары мен сол тілдерде жазылған ертегі, дастан, қиссаларды оқуға жұмсаған және бұларды жадында мықтап сақтай алған. Мұны Абайдың 30 жасында туған баласы Тұрағұл да растап, «пәлен кітаптың пәлен бетінде» деп, кейбір сөздерді жаңылмай жатқа айтатындығын еске алады. Әсіресе Шығыстың халық шығармасы «Мың бір түнді», парсы мен түріктің халық ертегілерін, халық эпосын бәрінен артық бағалап, «Шаһнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрұғлы» поэмаларын ел арасына кең таратқанын әрі өзіне де «өмірлік берік негіздерін» тапқандығын дәлелдеген.

Осындай туа біткен қабілет-қарымының арқасында Абай шығыс әдебиетін меңгеріп қана қоймайды, 1886 жылдан бастап өз тұсынан «толық адам» туралы жаңаша ой-толғамдарын айта бастайды.

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында кездеспеген бұл жаңалықты алғаш байқаған М.Әуезов: «Адамның адамгершілігі неден құралады дегенде Абай қайрат, ақыл,

жүрек үшеуін айтып, ғылымға жүгіндіреді. Абай жүрекке бірінші орын береді. Бірінші жүректің сезгіштігі. Мұның өзі көрегендік. Олай болса ақыл байқағанды жүрек сезеді. Абай өлеңінде де, қарасөзінде де шабыттың адамы, сондықтан жүрек сезімі күшті», – деп Абайдың он жетінші сөзіндегі рақым, шапағаттың қайнар көзінің баламасы санаған жүрек мәселесіне ерекше көңіл бөлген.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға,
Әділет, шапқат кімде бар
Сол жарасар туғанға, –

деп Абай толық адамға тән қасиетті тереңдете түседі.

Осы «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі Абайдың «*әділет, шафхат*» сөздерін абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы жүректің тікелей баламасы ретінде қарастырады: «Осы арқылы Абай ақыл мен қайрат екеуі әділет, шапағатқа, яғни жүрекке сүйенбесе, оның ырқынан тыс әрекет етсе, ол ізгіліктен, жақсылықтан алшақтап, адамшылықтың асыл мұраттарына қызмет етуі екіталай дегенді ұсынып отыр. Осы ойдың негізі оның шығармаларында басты да тұтастай орын алған ой байламдарына айғақты дәлел болғандықтан, бұлар Абайдың гуманистік асыл мұраттарының бір төркіні қайда жатқандығына сенімді сілтеме де бергендей», – деп көрсетеді.

Абай үлгі алған рухани үш бұлақтың ішінде Батысқа қарағанда «Шығыс белгісі басымырақ» деп көрсеткен М.Әуезовтің өзі де тақырыпты тереңдетуге мұршасы келмеді, тек Абай мұрасын қызғыштай қорғауға ғана күш салды. Мұның ең басты себебі патшалық Ресей заманынан қалыптасып, 200 жылдан астам уақыт ішінде орнығып болған отарлау саясатының жымсықы әрекеті Кеңес өкіметі тұсында шарықтау шегіне жетіп, аяғы көзі қарақты оқымысты азаматтарды жаппай қырумен тыңғаны бүгінгі күні басы ашылған ақиқат. Тек тәуелсіздік таңымен бірге Абайдың шығысқа қатысы туралы тұншығып жатқан таным-түсінікке жаңаша жан бітті.

Десе де, Абай дүниесін исламдық Шығыс руханиятынан мүлдем бөліп қарай алмайтынымызды Әуелбек Қоңыратбаевтың «Фараби және Абай» мақаласы мен Ақжан әл-Машанидің «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегі айқын аңғартты.

Жоғарыдағы М.Әуезов пікірін ғылыми тұрғыдан жүйелеп, одан әрі жалғастырған ф.ғ.д., профессор Мекемтас Мырзахметұлы 1980 жылдардан бастап, Абайдың шығыс әдебиетімен және шығыс мәдениетімен байланысын қарастыруда жаңаша көзқарастар мен тың бағыт-бағдарды орнықтыру жолында ерінбей еңбек етіп, «Абай және Шығыс» (1994) еңбегін жазып шықты.

Ғалым Шығыс әдебиеті классиктерінің жарқын жұлдыздары атанған Рудаки (860–941), Фирдоуси (941–1020), Низами (1141–1203), Руми (1207–1273), Сағди (1210–1292), Хафиз (1325–1389), Жәми (1414–1492) шығармаларының мазмұнын Абай өлеңдерімен салыстыра қарап, ақыл мен жүректі көтере мадақтайтын шығыс поэзиясына тән құбылыстың кездейсоқ емес екендігін дәлелдейді. Мысалы: «Ақындардың адам атасы» атанған Рудакиден бастап ақыл мен жүректің культін көтере жырлауда орын алған екі түрлі бағдар, бағыттың, яғни бірі – *жүректің*, екіншісі – *ақылдың* культін көтере мадақтауының шығыс поэзиясында аса терең орын алуы жай құбылыс болмаса керекті. *Ақыл* культін көтеріп, оны шешуші орынға қойып мадақтау әсіресе Рудаки, Фирдоуси поэзиясында басым жатса, *жүректің* культі бірінші орынға қойып көтере мадақтау Руми, Низами, Жәми шығармаларында басымырақ жатады.



ӘБУ АБДАЛЛАХ РУДАКИ

Жалпы Шығыс классиктерінің поэзиясында ғасырлар бойы өзекті орын алған осы аталмыш екі бағыттың теориялық-философиялық желісіне қазақ әдебиеті тарихында Абай ғана барынша терең еніп, шығармаларында *ақыл*, *қайрат*, *жүректі* бірлікте алады да, олардың арасынан *жүрекке* шешуші орын береді. Әрі *ақыл* мен *қайраттың* мәнін кемітпей, олардың атқарар қызметіне тиісті әділ бағасын беріп отырады. Абай Шығыс философиясы мен поэзиясындағы осы екі бағыттың арғы-бергі тарихымен, ондағы орын алған әрқилы көзқарастармен жай танысып қана қоймай, оларды сын елегінен өткізе зерттеудің, үздіксіз ізденудің нәтижесінде *ақыл*, *қайрат*, *жүрек* хақындағы өзіндік дербес әрі тың ұғымды таныта алды. Осы өзіндік танымдарына Абай өз шығармаларында терең философиялық-гуманистік астар беріп отыратыны зерттеушілерден ерекше назар аударуды талап ететінін ескерту қажет», – дейді.

Міне, Рудаки, Фирдоуси ақылды дәріптесе, Низами, Хафиз, Руми, Жәми сынды ақындар жүректі шешуші орынға қойып, оның қадір-қасиетін асқақтатып, мәртебесін жоғары көтеріп, өз жырларында жеріне жеткізе жырлаған. Ал Абай «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүректе қайрат болмаса», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Жүрегім менің қырық жамау», «Жүрегім, нені сезесің?», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас», «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Жастықтың оты қайдасың?» атты өлеңдерінде жүрекке екпін түсіріп, оны әр қырынан сипаттап, өрнектеген. «Білімдіден шыққан сөз», «Ем таба алмай, от жалындай...», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Көзімнің қарасы», «Жастықтың оты жалындап», «Қызарып, сұрланып» және т.б. өлеңдерінде де сөзінің басы жүректен басталады.

Абай шығармашылығындағы «жылы жүрек», «ыстық жүрек», «асыл жүрек», «ынталы жүрек», «асау жүрек», «ызалы жүрек», «жомарт жүрек», «жалын

жүрек», «жас жүрек», «сорлы жүрек», «ит жүрек», «қайран жүрек», «үрпиген жүрек», «шошыған жүрек», «күйген жүрек», «ауру жүрек», «жау жүрек» деп келетін жүрек сөзінің қолданылуы қазақ поэзиясында айрықша көркемдік сипатымен ерекшеленеді. Бұдан шығатын қорытынды Абайдың жүрекке ерекше салмақ түсірудегі мақсаты – адамның адамдығы неден құралатындығын ашу: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», – деп, адам бойындағы барлық қасиетті үш-ақ нәрсеге тоқайластырады. Осы үш қасиетті бірдей ұстауға үндейді. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – дейді. Абайдың жаңалығы да, даналығы да осында жатыр.

1

Білу

1. Абай шығыстың қандай тілдерін меңгерген?
2. Ақын шығыстың қандай ақындарын пір тұтқан?
3. Ақын қазақ өлеңіне шығыс әдебиетінен қандай жаңалық енгізген?

2

Түсіну

1. Абайдың шығыс әдебиетінен сусындағанын немен дәлелдейсіңдер?
2. М.Өуезов Абайдың шығыс мәдениетінен көбірек алғанын не себепті дәлелдей алмады? Оған не кедергі келтірді?

3

Қолдану

Ғалым М.Мырзахметұлының Абайдың шығыс әдебиеті және мәдениетімен тығыз байланыста болғанын сипаттаңдар.

4

Талдау

Интернет желісіне сүйеніп, шығыс әдебиетіндегі ақындардың және Абайдың өлеңдеріндегі ұқсастықтарды талдап, алған мысалдарыңды кестеге толтырыңдар.

Рудаки, Фир- доусидің ақылдың культін көтеруі	Низами, Руми, Жәмидің жүректің культін көтеруі	Абай ненің культін көтерген?

5

Жинақтау

«Абай және шығыс әдебиеті» тақырыбы бойынша PowerPoint программасында таныстырылым жасаңдар.

6

Бағалау

Ақынның «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген байламына сыни тұрғыдан қандай баға беретін едіңдер?

Сөздік:

Ғаруз – парсының өлең өлшемі.

Ислам – VII ғасырда араб пайғамбары Мұхаммед негізін салған мұсылман діні.

Инсан – адам, кісі.

Инсаният – адамгершілік.

Шагири фәрияд – ақындардың үні.

Шапқат (шәфхат) – аяу, рақым ету.

Әдебиет:

1. Қоңыратбаев Ә. Фараби және Абай. / Кітапта: Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 326–335-б.
2. Әл-Машани А. Әл-Фараби және Абай. (1991). Көптомдық шығармалар жинағы. – Т.2 – Алматы: Алатау, 2005. – 296 б.
3. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
4. Күмісбаев Ә. Абай және Шығыс. – Алматы: ҚазМУ. – 1995. – 344 б.
5. Әуезов М. Абай ақындығының айналасы. / Кітапта: Шығармалар елу томдық толық жинағы. (1932–1936). Т.10. – Алматы: «Жібек жолы», Дәуір», 2014. – 5–20-б.

1.4 Абай және орыс әдебиеті

Абайдың орыс әдебиетіне ден қоюына, орыстың ұлы классиктері А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов, В.Г.Белинский, Л.Н.Толстой, Н.А.Некрасов, И.С.Тургенев, М.Е.Салтыков-Щедриндермен қатар революционер-демократ ағартушылар А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбовтардың еңбектерін оқуына Е.П.Михаэлис, А.А.Леонтьев, С.С.Гросс, Н.И.Долгополов секілді орыс демократ-революционерлерінің белгілі бір мөлшерде ықпалы болады.

Олар патша өкіметінің саясатына қарсы шыққандықтан, Қазақстан аумағына жер аударылып келген еді. Әсіресе 1870 жылдарда атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі әрі демократ-революционер Шелгуновтың туысы (балдызы), Семейге жер аударылып келген Петербург университетінің студенті Михаэлистің әсері зор болады. Кейіннен ол Семейдегі облыстық музейді ұйымдастырған Статистика комитетінің хатшысы болады. Абай да неміс досы Михаэлистің тұсында осы Статистика комитетінің мүшесі болған.

Бұл туралы М.Әуезов былай деп жазады: «Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстойдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, достас адамдардың халіне жетіседі. Михаэлис осы келгеннен бастап Семей облысынан қайта алмай, қырық жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, артынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міне,



АЛЕКСАНДР ПУШКИН



МИХАИЛ ЛЕРМОНТОВ

осы уақыттардың барлығында ол алғашқы рет таныс болып алған Абаймен ұдайы кездесіп немесе хатпен хабарласып тұрған. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 1880 жылдарда айдалған басқа демократтармен де танысқан. Солардың ішінде халықшыл адвокат Гросс, жас доктор Долгополов сияқтылар болған. Гросс қазақтың ескі жорасы бойынша айтылатын билік, кесім сияқты ескі әдет заңдарын жиып, қарастыруға салынған, соны-

мен бұ да Абаймен араласып, қырға шығып, 3–4 айдай Абайдың ауылында жатып қайтқан. Кейінірек уақытта Абайдың ауылына Долгополов та келіп, қонақ болып жатып жүреді. Бұл кісілердің барлығының ішінде ең алдымен таныс болып, Абайға алдымен пайдалы әсер еткен кісі – Михаэлис. Абай «Дүниеге көзімді ашқан кісі – Михаэлис» деп, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін өмір бойы алғыс айтып кеткен. Ал кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тани бастаған кездегі Абай озғын ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың өз мұраларынан өздігімен кең, терең тәлім-тәрбие алады. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қиянат сөз айтқан болар едік. Ал ақынның Михаэлис туралы үлкен алғыс сөз айтқанына келсек, ол – алғашқы адым жөніндегі қарыздарлығын жақсылап білдіргені. Михаэлистің өзінің тексерген

жолы табиғат ғылымы болса да (жердің жаратылысын оқыған), үлкен қаланың университетіне әр тарау жолдардан мағлұматтары болған мәдениетті адам. Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып жүрген Абай ендігі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, суретті әдебиет, сын, пәлсапа, тарих, табиғат ғылымдары, ақыры әлеуметшілдік жайындағы кітаптарға дейін тарау-тарауымен белгі, жоспармен оқитын болған. Осы ретпен орыстың белгілі ақын-жазушыларынан: Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Тургенев, Салтыков-Щедрин, Достоевский; сыншыларынан: Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев; Еуропа ақындарынан Гете сияқты; пәлсапашыл, табиғатшыл білгіштерінен: Спенсер, Луис, Дарвин; тарихшыларынан Дрепер сияқты талайларды оқыған. Әрине бұл аталған жазушылардың бәрін бірдей Абай бірер-ақ жылдың ішінде оқыды деуге болмайды. Соңғылардың көбін бері келіп, жасы ұлғайған шағында ғана қолына түсіруі мүмкін... Семей қаласының уезд-жандарал, судьяларындай құр төрелікпен болған ұлықтарынан сонағұрлым жоғары тұрған Михаэлис, Гросс сияқты зор білімдері бар, ірі мағлұматты кісілерге таныс болып, анда-санда солардың мәжілістерінде болып, солар атаған кітаптарды көп оқып, зерттей де бастаған соң, Абайдың алдына жаңа жарық дүниенің шеті ашылғандай болады. Сонымен 1884–1885 жылдарда, өз жасы қырыққа ілінгенде, Абай дүниеден көп мағлұматы бар, әр нәрсеге білім алған кісідей арнаулы көзқарасы, сыны бар, әншейін ел кісілерінен сонағұрлым білімді, қырағы, озғын кісі болып, жеке-леніп шыға бастайды. Бұдан кейінгі Абай елге де құр Құнанбайдың баласы, құр тартысқа мықты, құр ғана айлашыл, ашушыл жуан болмай, ең алдымен өзге жауларының бәрінен білімді, ақылы, сөзі мен өнері артық кісі болып таныла бастайды.

Абайдың ауызша аудармашылығы. Ғалым Темірғали Нұртазиннің «Абай және орыстың классикалық әдебиеті» атты мақаласындағы: «Жер жүзі мәдениетін елге шашудың бір саласы ретінде Абай бұрынғы ертегі, қиссаның орнына сюжетті романдарды әңгіме етіп айтып береді, төңірегіндегі ақын-әншілер арқылы халыққа жаяды. «Шахнама», «Рүстем-Дастан», «Үш мушкетер», «Жиырма жыл өткен соң» т.б. Абай аузынан таралып, қырық елдің қиырына жайылып кеткен» деген пікірі ғылыми айналымға қайта қосатындай құнды пікір. Осы мақаласында ғалым: «Абай арманы бас сауға емес. Оның шерткені – ел шері. Абай тірелген тоғыз жолдың тұйығына ел көші де тірелген» дей келе, осы тоғыз жолдың тұйығынан жөн тауып, түзу жолға бет бұрған Абай бағытын дәл көрсетеді.

Абай сияқты ел тұтқасын ұстаған зиялыларға орыс қаламгерлерінің шығармалары Ресейдің тарихынан, орыс халқының өмірінен хабардар болу үшін ғана емес, қазақ даласында әкімшілік жүргізіп отырған патша өкіметінің саясатын, ол саясатты жүзеге асырып отырған ұлық-әкімдерді білу үшін қажет еді. Сондықтан да Абайдың орыстың қоғамдық ой-пікірлерімен тікелей танысуы айналадағы өмірді танып-білудің құралы болды.

Абайдың орыс әдебиетінен оқығаны қаншалық көп болса да, өзі сүйген орыс классиктерін кейде дәл, кейде еркін аударып отырса да, әр кезде үлкен талғампаздық танытқан. Анық орыс классиктерінен Абайдың аударғандары – Крыловтың бір топ мысалы, Пушкиннің «Евгений Онегинінен» үзінділері және Лермонтовтан жасаған көп аударма. Абай Лермонтов шығармаларына қызыққаны сондай бір жылда одан 27 өлеңге дейін аударған. Лермонтовтан аударылған өлеңдердегі: *«Қараңғы көңіл, көңілдің жүгі, улы сусын, жанға түскен жара, жалтаңдаған жас жүрек, жүйрік уақыт, үміттің нұры, еркелі қол, асау өмір, тентек өмір, жабырқаңқы сөз, тәтті ұн, нәпсінің сынған қайғысы,*

асау той, тентек жиын...» деген сияқты образды сөздер – Абайдың ақындық талантынан туындаған қазақша баламасы. Әрине, Абай орыстың поэтикалық тілінің канондық (заңға айналған) сөздігін, орыс тіліндегі образдар жүйесін теория жүзінде зерттеп таныған жоқ, бірақ оның туа біткен дарыны мен қазақтың көркем сөз мәдениетін жақсы білуі Лермонтовтың шығармаларын дәл, дұрыс аударуға мүмкіндік берген. Мысалы, қазақта «күңгірт» деген сөз де, «көңіл» деген сөз де баяғыдан бар, бірақ «күңгірт көңіл» тіркесін Абай алдымен аудармада қолданған. Осындай тәсілмен келген көркемдік құралдар Абайда аз емес.

Бұдан басқа Я.П.Полонскийден «Жүректе көп қазына бар, бөрі жақсы...», И.А.Буниннен «Қорқытпа мені дауылдан», А.А.Дельвигтен «Сұрғылт тұман дым бүркіп» деген сияқты екі-үш өлең ғана іріктеп алған.

Абай М.Ю.Лермонтовтың «Шайтан» («Демон»), «Дұға» («Молитва»), «Қасиетті дұға», «Қанжар», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Жалау» («Жалғыз жалау жалтылдап»), «Теректің сыйы» («Асау Терек долданып, буырқанып»), «Бородино», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Тұтқындағы батыр», «Альбомға» т.б., А.С.Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» романының үзінділерін, И.А.Крыловтың мысалдарын қазақы ұғымда жатық етіп еркін аударды. Абайдың Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды. Жиыны орыстың ұлы ақындарының 50-ден астам өлеңін Абай қазақ тіліне аударды. Абай аударған өлеңдер түпнұсқаның мазмұнын дәл сипаттауымен, автордың айтайын деген ойын қазақы ұғым-түсінікке сай бере білуімен әрі тіл көркемдігімен ерекшеленеді. Я.Полонскийдің «Сердце» деген өлеңіндегі:

Они так обильно от бога

Живыми струями текут, –

деген өлең жолдарын:

Сол жүректен жылылық достықпенен,
Бұлақша ағып ғаламға тарамақшы, –
деп өз ойын суретті сөзбен соны мағына беріп аудар-
ғанын көруге болады. Бұл жерде *-ша, -ше* жұрнағы
арқылы жасалған «бұлақша» деген теңеу айтайын
деген ойдың мағынасын көз алдымызға елестетіп тұр.

Абай шығыс әдебиетінен бастап, орыс және батыс
әдебиетінің классиктерімен иық тіресе жаза білді,
өзін олардың қай-қайсымен де тең санады, сондықтан
да терең сырлы өлеңдері мен пәлсапалық қарасөздері
арқылы ой мен қабілетін қатар жарыстырды. Оның
аударма саласындағы өлшеусіз еңбегі мен шеберлік
нақыштары қазіргі уақытта да жас ұрпақтың үйренер
өнегесіне айналып, көркем аударманың құны мен
құпиясын таныта бермек.

1

Білу

1. Абай қандай елдердің әдебиетінен сусындады?
2. Ақын кімдердің шығармаларын аударды?

2

Түсіну

1. Абайдың орыс әдебиетіне қызығушылығы қай кезде бас-
талды?
2. Абай не себепті еркін аударма әдісін пайдаланған?

3

Қолдану

Абай қолданған *кандидат, ояз, сияз, старшын, майыр, судья, шар, бодан, ладан, лапка (лавка), уездной* деген сөздердің мағынасын анықтаңдар. Бұл сөздерді ақынның не үшін қолданғанын айтыңдар.

4

Талдау

Топқа бөлініп, Абайдың аудармашылығын салыстырып, талдаңдар.

Абайдың ауызша аудармашылығы	Абайдың жазбаша аудармашылығы

5

Жинақтау

Графикалық орғайзерді пайдаланып, «Абай және орыс әдебиеті» тақырыбын жинақтаңдар.

- тақырыпқа пікір білдіріңдер;
- пікірлеріңе дәлел келтіріңдер;
- пікірлеріңе мысал келтіріңдер;
- пікірлеріңді қайта ұсыныңдар.

6

Бағалау

Абай аудармасының ерекшелігі басқа аудармашыларда кездесе ме?

Әдебиет:

1. Әуезов М. Орыс классиктері және Абай. (1944). / Кітапта: Шығармаларының елу томдық толық жинағы. (1943–1946). Т. 27. – Алматы: Жібек жолы, 2007. – 6–25-б.
2. Мұхамедханов Қ. Абайға байланысты кейбір деректер (1956). / Кітапта: Көптомдық шығармалар жинағы. Т.2. – Алматы: Алаш, 2005. – 299–304-б.
3. Жиреншин Ә. Абай және оның орыс достары. Монография. (Орыс тілінде). – Алматы: Ғылым, 1949.
4. Жиреншин Ә. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. Монография. – Алматы: Жазушы, 1959.
5. Орешникова И.М. Абай в русской школе (Абай орыс мектебінде). Алматы: Мектеп, 1968.

1.5 Абай және Пушкин

Орыстың реформатор ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің (1799–1837) ардақты есімі қазақ даласына XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап,



*Петропавл
қаласындағы Абай мен
Пушкин ескерткіші*

Абай аудармалары арқылы кең тараған. Жай тарап қана қойған жоқ, ән болып шырқалды. Бұл табысу атақты «Евгений Онегин» романынан басталады. 1887 жылдан аударма саласымен тікелей айналысқан Абай бір-екі жылдың ішінде орыс әдебиетінен 27-ге дейін аударма жасаған. 1889 жылға дейін Орта Азия елдерінде Пушкиннің «Онегині» тек Әзербайжанда аударылса, содан кейін осы жылы Абай аударған. Бұл туралы ғалым М.Әуезовпен бірге «Абай» трагедиясын жазған Л.Соболев былай дейді: «Абай поэ-

зиясы қазақ халқын Пушкинмен таныстырады. Пушкин арқылы бүкіл орыс әдебиетімен таныстырады». Ал М.Әуезов: «Абайдың Пушкин шығармаларын өз оқушыларына жеткізуі – қазақ сахарасына орыстың ұлы мәдениетінің жарығын әкеп төккендей болды», – дейді.

Абай аудармалары ішінде Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан аударған сегіз бөлік үзінділерінің орны ерекше. Абай Шығыс поэзиясына тән нәзира дәстүрі бойынша кейбір үзінділерін алып, кейде жақын, кейде жанай, еркін тәржімалаған. Бұлар ақынның алғашқы 1909 жылғы жинағында жарияланған. «Пушкинді дәл аударушылар бола берер, бірақ оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жеткізіп, көріктеп беру көп табыла бермес. Татьяна мен Онегин сөздерін танытқан Абай жолдарының, шумақтарының олқысы жоқ деуге болады. Кей жерлерінен алса да, бұрын айтылмаған үнемі тың және қазақ

тілімен бұрынғы шақтарда хат жүзіне түсіп көрмеген, соны тіл, мөлдір таза сезімдер бал-бұл жанып тұрғанын көреміз» деген М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Әйгерімге «Татьянаның Онегінге жазған хатын» тамылжыта орындату арқылы қазақ қызының ғашықтық сезімін шынайы суреттеді. Татьянаның тілімен қазақ қызының жүрегіне қоса тіл бітірген Абай жаңашылдығын М.Әуезов жанды сурет арқылы көз алдымызға елестетті.

«Евгений Онегин» романын Абай «Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегінге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегин сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Ленский сөзінен», «Онегиннің өлердегі сөзі» деп бөлек-бөлек үзінділер түрінде аударды.

Пушкинде көп хаттар жоқ екендігі белгілі. Ал Абайдың «алдымен шығарманың түрін өзгертіп, эпистолярлық роман (екі кісінің кезек жазысқан хаттарынан құрылатын роман) қылып шығарғанын» М.Әуезов «Абай ақындығының айналасы» (1934) мақаласында да атап көрсеткен. Осы туынды арқылы Пушкин болмысын, жан сырын, сезімін, идеалын терең түсінген Абай романның негізгі өзегі болып табылатын екі жастың кезек ауысқан күшті махаббатын ғана алады. «Куда, куда вы удалились» деп басталатын дуэль алдындағы Ленский монологын Абай «Ленский сөзінен» (Барасың, қайда, қайда, болмай маған) деп алып мазмұн-мағынасын көп өзгертпей, ықшамдап, еркін қазақшалаған. Екі шумақтан ғана тұратын бұл өлеңге келер күннен үміт үзген Ленскийдің өмірмен қоштасу зары сыйғызылған.

Абай аудармасында үш кейіпкер бар. Олар – Онегин, Татьяна және бұл екеуінен төменірек дәрежеде тұратын – Ленский. Мұндағы ерекшелік Абайдың Онегинді ақтап, оның адамгершілік, турашылық, әділ сыншылық қасиеттерін ішкі жан дүниесімен үндестіре жырлауында. М.Әуезовтің «қазақтың жастары

осындай жақсы жігітті үлгі етсін» деген оймен баяндады» дегені дұрыс. Өйткені опасыздың өкінішінен үлгі шықпайды, «шын опасыз жігіт өкінішімен де ешкімді де жарытпас еді».

Абай романды толық аудармаған, бірақ Онегин мен Татьянаның образын толық ашып шыққан. Абай түпнұсқадағы Онегин мінездемесінің бәрін алмаса да, бірақ ең толық, тұжырымды, келісті сипаттайтын тұстарын түгелдей алып, кейіпкерінің психологиялық портретін жасап шыққан. Пушкинде кейінірек айтылатын жерлерін Абай тоқетерінен бастайды. Абай аудармасының өзі бірден «Онегиннің сипатынан» басталады. Мысалы:

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күндесе білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген.
Кейде паң, кейде көңгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.
Кейде үндемей жүрсе де, сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.

Пушкинде:

Как рано мог он лицемерить,
Таить надежду, ревновать,
Разуверять, заставить верить,
Казаться мрачным, изнывать,
Являться гордым и послушным,
Внимательным иль равнодушным!
Как томно был он молчалив,
Как пламенно красноречив,
В сердечных письмах как небрежен! –

деген жолдардың жоғарыдағы аудармасында Онегиннің мінезіне тән сипаттар айнымай түскен.

«Татьянаның хаты» түпнұсқада – 68 жол, 1889 жылы Абай тудырған нұсқада – 76 жол. «Амал жоқ – қайттім білдірмей» деп басталатын Татьянаның хатын Абай оқушыларына толық жеткізе отырып, қазақ

таным-түсінігіне сай жырлайды. Пушкиннің «Письмо Татьяны к Онегину» өлеңіндегі:

Я к вам пишу – чего же боле?
Что я могу еще сказать?
Теперь, я знаю, в вашей воле
Меня презреньем наказать.
Но вы, к моей несчастной доле
Хоть каплю жалости храня,
Вы не оставите меня.
Сначала я молчать хотела;
Поверьте: моего стыда
Вы не узнали б никогда,
Когда б надежду я имела
Хоть редко, хоть в неделю раз
В деревне нашей видеть вас, –

деген жолдар «Татьяна хаты» деген атпен қазақ дала-сына ән боп тарады.

Амал жоқ – қайттім білдірмей,
Япырмау, қайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.
Талайсыз, бақсыз мен сорлы,
Еріксіз аттап ұяттан,
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан, –

деп Абай Пушкинді сөзбе-сөз жеткізбесе де, қыз жүре-гінің нәзік қылын қазақ салтына лайықтап әкеледі.

Қазақ қызына орыс қызының мінезін, еркіндігін, адалдығын үлгі етеді. Сондықтан да Абай Татьяна сезі-мінің соншама нәзік, соншама сыпайылығын жеріне жеткізе түсу үшін Пушкин ойына ой қосады.

М.Әуезов: «Онегин – Пушкиннің әжуа қып мінеп, шенеп суреттеген адамы. Өз тұсындағы ақсүйек қа-уымның бір тобына мұны айна қып, құнсыз, нәрсіз қып көрсетеді... Тарихи орны сол жағынан бағалы, маңызды боп, мәңгі кейіп боп қалған. Абай бұл жерлерімен, орыс

тарихымен есептеспейді. Ол Еуропа жағасына келгенде өз ауылына осыдан сарқыт ала қайтам деп, керегіне жаратам деп келген. Сондай есебі мен бағытының барлығына опасыз Онегин дәл келмейді. Оның ғибрат аларлық, үлгілі жігіт болуы шарт. Сол себепті әңгіме бітер жерде Пушкин күлкі ғып қалқитып тастап кеткен Онегинді Абай қолтығынан сүйеп тұрғызып алып, қолына мылтық ұстатып, аузына:

Атам-анам, қара жер,
Сен аша бер қойныңды.
Сенен басқа еш жерден,
Таба алмадым орнымды, –

деген сөз салып, өзін-өзіне атқызады. Жігіт болсаң, осылай сүй деп, өз ортасының жасына тағылым айтпақ болады», – деп Онегиннің өлердегі сөзін өз жанынан қосу арқылы Абайдың тың ой, жаңа көркемдік шешім тапқанын атап көрсетеді. Шығыс әдебиетіне тән қазақ оқушысына көптен мәлім бұл мәселені М.Әуезов: «Бұл еркін өзгерістің, Абайдың сөзінше дәлелденген ерекше бір түрі» деп бағалайды. Мұнда еліктеу жоқ, Абай танымына тән ой-сезім басым. Абай Онегинді айыпты адам қылып шығармайды. Оны тек, жұлдызынан жаңылған, жазықсыз жаза басқан жан етіп көрсетеді. Абай заманы үшін опасыз жігіттің қайғылы, күлкілі халінен гөрі, оның шынымен қателесіп, бар жанымен шын қамығып, өкінгені қымбатырақ. «Евгений Онегнге» талдау жасаған В.Г.Белинский: «Романда бір замандағы орыс қауымы берілген», – деген қорытынды жасаған.

Онегин тағдырын Абай трагедиялық бояуын қоюлатып, қиянатты көп көрген, азап шеккен адам, мұңды, шерлі адам етіп көрсетеді. Онегиннің Татьянаға жазған хатындағы:

Сорлы адаммын жер жүзінде,
Бір қуаныш көрмедім.
Не қыласың, ерік өзінде,
Қайғысы асқан шерлі едім, –

деп Онегиннің ойлы-сырлы өкінішімен қазақтың саналы жігіт, жас буынын ойлылыққа тәрбиелейді. «Тәңірі қосқан жар едің сен, Жар ете алмай кетіп ең» деп басталатын «Татьянаның сөзін» Абай қазақша сөйлетеді:

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы едім.
Тірі қалдым өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың...

Немесе

Сен шошыдың ғашығыңнан,
Өзге жұрттан қамшы жеп...
Өз қораңның қақпасын сен,
Қатты жаптың, не айтайын...
Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем, –

деп Пушкинде жоқ сөздерді қолданады. Ал «Онегиннің сипатындағы»:

Разуверять, заставить верить,
Казаться мрачным, изнывать, –

деген жолдарды:

Нанасың, не айтса да амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген, –

деп түпнұсқаға сай етіп аударады.

Жалпы Онегиннің екі кездесудегі ауызша айтқан сөздерінен біраз жерлерін алғаны болмаса, көбінше Онегин, Татьяна хаттары Абайдың Пушкин желісімен өзі шығарған сөздері болып табылады. «Онегиннің хаты» деген өлеңіндегі:

Михрабым сен, бас ұрамын,
Тіл жете алмай ғүзіріме,
Жетпедім, не жасырамын,
Ғауһарымның қадіріне, –

дегенде мұсылман мешітінде ғана болатын имамның сөжде қылатын қыбыланы көрсететін орнына, яғни «михрабқа» христиан дініндегі Татьянаны теңеуі Абайдың Пушкиннен ештеңені аямай тұрғандығын

көрсетеді. Абай Пушкиннің арғы тегінде эфиопиялық арабтың қаны бар екендігін білмеуі де мүмкін. Ол уақытта қазіргідей Пушкинтану қалыптаспаған. Керісінше кейбір шығармалары цензураға ұшырап, патша жарлығымен жағып жіберуге бұйрық берілген. Бірақ мәселе мұнда емес, мәселе қазақтың киіз үйінде жатқан көшпенді қазақ баласының Пушкиннің талантына бас иіп, ақын жанымен жанын түйістіріп, бәрінен артық бағалап, танып-білуінде жатыр.

1

Білу

1. Абайдың Пушкин шығармашылығымен таныстығы қашан басталды?
2. Ақын Пушкиннің қандай шығармаларын аударды?

2

Түсіну

1. Абай «Евгений Онегин» романын қалай аударды?
2. Неліктен ақын романды үзінділер түрінде бөліктерге бөліп аударды?

3

Қолдану

«Пушкинді дәл аударушылар бола берер, бірақ оның романының ішіндегі үлкен ой, сирек сезімдерді Абайша жеткізіп, көріктеп беру табыла бермес. Татьяна мен Онегин сөздерін танытқан Абай жолдарының, шумақтарының олқысы жоқ деуге болады. Кей жерлерінен алса да, бұрын айтылмаған үнемі тың және қазақ тілімен бұрынғы шақтарда хат жүзіне түсіп көрмеген, соны тіл, мөлдір таза сезімдер бал-бұл жанғанын көреміз» деген М.Әуезов пікіріне аудармадан дәлелдер табыңдар.

4

Талдау

«Абайдың діні – адамгершілік діні» деген М.Әуезов танымын ұстанып, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңі мен Пушкиннің «Құранға еліктеу» өлеңін салыстырып, «Рөлдегі оқушылар» әдісімен талдаңдар.

1-қадам: топ мүшелерін реттендер.

Баяндаушы – өлеңдердің тақырыбы, идеясына талдау жасайды.

Сөз тапқыш – өлеңдерде кездескен атауларға түсінік береді.

Бейнелеуші-суретші – өлеңдердің мазмұны бойынша суреттер салады.

Дәнекер – өлеңдердің мәтінін қазіргі өмірмен ұштастырады.

2-қадам: берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылаңдар.

3-қадам: талқыланған тапсырмалардан PowerPoint-та таныстырылым жасап, қорғаңдар.

5

Жинақтау

«Евгений Онегин» романын аударған қазақтың көрнекі ақындары І.Жансүгіров, Қ.Шаңғытбаев, К.Салықов нұсқаларымен салыстырып, «Жолаушының қойын дәптері» әдісімен талқылап, ойларыңды қорытындылаңдар.

1. Топқа бөліну.
2. Аудармалардан ұқсас үзінділерді жазып алу.
3. Осы үзінділердегі көркемдегіш құралдардың түрлерін топ ішінде талқылау.
4. Өз әсерлерін жазу.
5. Автор орындығында жазған пікірді оқу.

6

Бағалау

«Татьяна сөзін» әнімен айтып көріп, ақынның сыршылдығына баға беріңдер.

Әдебиет:

1. Әуезов М. А. С. Пушкин. (Өмірі мен ақындығы); Пушкин және Абай. / Кітапта: Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Том 7, 30 (1929–1933). – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 288–299-б.; – 43–49-б.
2. Абай. Пушкин. (Құр.: С.Мансурова). – М.: Русский раритет, 2006. – 312 б.

1.6 Абай және батыс әдебиеті



УИЛЬЯМ ШЕКСПИР

Абай шығармашылығына шығыс, орыс, батыс әдебиеті әсерінің тарихи-әлеуметтік негіздері бар. Абайдың қазақ тілінің қуатын көтеріп, құнарын арттырудағы шығармашылық ізденісіне ауыз әдебиетінің, шығыс, орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетінің зор ықпалы болғандығын, яғни «адам баласының өнер-ой байлығынан алған үш үлкен саласы бар» екендігін алғаш айтқан – М.Әуезовтен бастап Абайдың өлең құрылымында да, ойшылдық, сыншылдық

алымында да орыс әдебиетінің ықпалы, Еуропаның ұлы ақын-жазушылары: Шекспир, Байрон, Гете, Дюмалардың, философтар: Сократ, Платон, Аристотель, Спенсер, Дарвин т.б. еңбектерімен таныстығы, Дж.Байрон «Көңілім менің қараңғы», А.Мицкевич «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі», И.В.Гете-М.Ю.Лермонтов «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңдерінен де байқалады. Бұл туралы абайтану ғылымында мол материал жинақталды.

Абайдың ақындық білімінің кемелдене толысуына, құлаш созған өрісінің кеңейе түсуіне негіз болған «үшінші – үлкен өнер, мол азық алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті» жаңа тарих, жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді. Абайдың: «Шығысым – батыс, батысым – шығыс боп кетті», – деуі Батыс елдерінің мол рухани қазынасы, мәдени, әдеби өсу жолдары ақынды қатты қызықтырғанын аңғартады. Бұл Абайдың «өзінде

Еуропа, өзі Еуропада боп, қарға тамырлы байланысқаны...» (М.Әуезов) расында «сүйсінерлік нағыз ірі белгі». М.Әуезов «қарға тамырлы» деген сөзді тегін айтып тұрған жоқ. Бұл Абайдың «Шығысым – батыс, батысым – шығыс боп кетті» деген сөзін айқындау үшін айтылған. Бұл туралы М.Әуезов: «Батыс Еуропа мен орыс жазушыларының көпшілігін ол әуелі көп оқып, тексеріп өтеді. Өзінің білім алып, дүние тануына солардың шығармаларын азық етеді. Осы ретпен оқып шыққан ақын-ғалымдарының ішінде Батыс Еуропаның Гетесі, Шекспир, Шиллер, Гейнесі, Байрон, Бальзак, Беранжесі де болады. Ол кездегі білім-өнерлердің мол қоры, үлкен бесігі Батыс Еуропа екенін аңғарып, сол жақтың ақындары ғана емес, неше алуан философ, білімпаздарын да зерттейді. «Еуропаның есею тарихы», «Ескі Шығыс мәдениетінің тарихы» сияқтыларды да сол Батыс Еуропа ғалымдары арқылы оқып-біледі. Еуропа философиясынан Спенсер, Спиноза, Декарттарды оқиды. Беріде Дарвинге қызығады. Қиыр Шығыс тарихынан Будданың жайын да біледі» дей келе, Абайдың Батыс Еуропада орта ғасырда болған діни сот-инквизицияның зұлымдықтарын суреттейтін романдарды көп зерттегенін, Еуропада әкімшілік құрған патша, король нәсілдерінің сарай тартысын білмек боп Александр Дюма романдарын көп оқығанын, кейін «Үш мушкетер», «Он жылдан соң», «Король әйел Марш» романдары ақынның әңгімелеуі бойынша елге танылып, ертегі боп кеткені, Африка, Америка, Аустралияда немесе басқа бір жабайылар арасында тіршілік еткен білімділер немесе сол жергілікті адамдардың ішінен шыққан ерлер, намысқорлар, дана адамдар туралы әңгімелерді де сүйсіне оқығандығы, Африкадағы негрлер (Абай сөзімен айтқанда – зәңгілер) мен ақ жұрт араларындағы алыс-тартысты көрсететін «Валентин Леви», «Азажүрек», «Ягуар Медуленец» деген әңгімелер де Абайдың ертегі қып

таратқан әңгімелері екендігін, осылайша Еуропа жазушыларының да көп-көп әңгіме-дастандарын біліп, еліне жайғанын М.Әуезов айтқан болатын.

Абай өмір сүрген заманда Семей кітапханасының қоры туралы жазба мәліметтер қалдырған американ жазушысы, публицист Дж.Кеннанның деректеріне және Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің Семейдің кітапханасы каталогінің (1902–1910) тізімінде көрсетілген мәліметтерге қарағанда М.Әуезов көрсетіп отырған Спенсер, Спиноза, Р.Декарт, Д.С.Милль, Дрәпер, Ч.Р.Дарвин, У.Шекспир, И.В.Гете, Ф.Шиллер, Г.Гейне, Д.Байрон, О.Бальзак, А.Мицкевич, А.Дюма т.б. авторлардың шығармалары түгел жинақталған.

Міне, бұл – Абайдың Еуропа мәдениетін тануының нақты мысалы. Бірақ Абай дүниежүзі мәдениетімен орыс тілі, орыс әдебиеті, орыс классиктері арқылы танысқаны есте болуы керек. Абай шетел мәдениетімен жай ғана танысып қойған жоқ, оның мәдени-әдеби үлгілерін қазақ халқының рухани қажетіне жарата білді. Мұны Батыс, Шығыс тарихын бірдей әңгіме еткен «Ескендір» поэмасынан, батыс классиктері Шиллер, Гете, Байрон, Мицкевичтердің кейбір өлеңдерін қазақшаға аударуынан, өзіне ұнаған батыс романдарын әңгімелеп, ел арасына таратуынан, өзінен кейінгі жас ақындарға сыртқы өзге елдер жайында шығармалар жазуына ақыл беріп, әсер етуінен көруге болады. Эллада елінің мәдениеті мен әдебиетінің адамзат дамуы тарихындағы ерекше орнын сезінген Абай өз шығармаларында ежелгі антикалық және элладалық тарихпен де байланыс белгілерін көрсетіп кеткен. Ол шығыс мәдениетінің адамзат қауымына тигізген әсерін қалай сезінсе, ежелгі Грекия мен Рим мәдениетінің Еуропаға тигізген әсерін солай сезінді. Сондықтан да антикалық мәдениеттің өкілдері: Гомер, Софокл, Сократ, Платон, Ксенофонт, Аристотельдер Абай шығармаларынан да орын алды.

Абай «Жиырма жетінші қарасөзінде» өнеріне таңырқауға лайық адамдар қатарында Гомерді, Софоклды және Зевксисті атайды. Грек ойшылдары арасынан Абай қайшылықтарды шешу арқылы шындыққа жету диалектикасын ашқан философ, ойшыл Сократқа (б.з.б. 469–399 жж.), оның шәкірті, Сократтың философиялық және этикалық идеялары мен ол туралы деректерді біздің заманымызға жеткізген Платонға (б.з.б. 427–342 жж.), Сократпен 20 жылдай бірге болған тарихшы әрі жазушы Ксенофонт (б.з.б. 430–355 жж.) және Аристотель (б.з. 384–322 жж.) есімдерін атап қана қоймайды, олармен терезесін тең ұстап, ой жарыстырады.

Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктер» (1876 жылы Киевте, 1887 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген) деп аталатын орыс тіліндегі философиялық трактатын оқу арқылы Абайдың «Жиырма жетінші сөзін» (Сократ хакімнің сөзі) жазғаны белгілі.

Осы мәселе белгілі ғалым, ф.ғ.д. *Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның* «Әдеби тоғысулар» атты мақаласында кеңінен сөз болатындықтан, осы тамаша зерттеуден үзінді береміз:

«...Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктері» мен Абайдың «Сократ хакімнің сөзі» көп жері біріне-бірі сай келе тұрса да, екіншісі біріншісінің аудармасы деп қарауға болмайды... Абай өз оқушыларына, өз қоғамының мұң-мұқтаждарына қарай сәйкестеп өзгерістер, түсініктер, анықтамалар, пікірталастар енгізген. Сондықтан да Абайдың «Сократ хакімнің сөзі» *қазақ, орыс, көне грек мәдениеттерінің элементтері өзара байланыса астасқан, өзіндік ерекшеліктері бар төл шығарма ретінде қаралып, бағалануы керек.*

Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктерінің» төртінші бөлімі «Тәңірінің адамға деген қатынасы туралы Аристодиммен әңгіме» деп аталады, Абайдың дәл осы бөлімге көбірек тоқтап, қазақшалауының сыры да

тереңде жатыр. Ксенофонт шығармасының бұл бөлімі тәңірі мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат, жан мен тән, өмір мен өлім сияқты аса күрделі дүниетанымдық құбылыстарды, философиялық мәселелерді әңгіме етеді. Осы аталған құбылыстар ақыл-ой, сана-сезім дүниесін толғандырмаған, олар туралы өзіндік таным-түсініктер, болжау-жорамалдар, ертегі-аңыздар қалыптаспаған бірде-бір халық жоқ деуге болады. Адам мен табиғат өмірінің сан қилы ғажайып сырын танып-білуге қазақ халқы да сергек болатын. Оның дүниетану тарихы жазыла қалған күнде зерттеушілер басқа халықтың таным-түсініктерімен ұқсастықтарын және ерекшеліктерін көптеп көрген болар еді. «Табиғат және адам, өмір мен өлім аса бір таңғаларлық жайлар және әрқашан ашылмаған құпияға толы. Табиғат пен адам! Айтыңызшы, адам мен табиғаттан ғажап және сыры мол не бар? Әлемді, оның ғажайыптарын білу қажеттілігі, өмір мен өлім және адамның табиғатқа қатынастары туралы мәселе шамандықты – әлем мен табиғатты, өлген адамдардың рухын құрметтеуді туғызды», – деп жазды Ш.Уәлиханов. Табиғат пен адам өмірінің сырлары туралы өз халқының түсінік-танымдарымен жақсы таныс Абайды сонау ерте замандағы грек оқымыстыларының айтқандары қатты қызықтырды. Өзі ойшыл ақын, өнер адамы болғандықтан да Абай Ксенофонт шығармаларының ішінен Сократ пен Аристодемнің адам өнері туралы диалогтарынан бастайды. Ксенофонттың «Сократ туралы естеліктерінің» төртінші бөлімі де және Абайдың «Жиырма жетінші сөзі» (Сократ хакімнің сөзі) де Сократтың сұрақтарынан, Аристодемнің жауап беруінен басталады. Ксенофонтта: «Аристодем! Есть ли такие люди, мудрости которых ты удивляешься? – Конечно, – ответил тот. – Так назови мне их по именам, – сказал Сократ. – В поэмах я наиболее удивляюсь Гомеру, – отвечал Аристодем, – в дифирамбах – Меланипиду,

в трагедии – Софоклу, в ваянии – Поликлету, в живописи – Зевксису».

Бұл диалогты Абай қазақша дәлме-дәл аударарды, тек Меланиппид пен Поликлиттің аттары мен олардың негізгі істерін атамайды:

– Ай, Аристодем, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше, қылған өнерлері себепті адам таңырқауға лайықты? – деді.

Ол айтты:

– Толып жатыр, қазірет.

– Бірінің атын аташы, – дейді.

– Гомерге бөйітшіліктігі себепті, Софоклге трагедиясы себепті, яғни біреудің сипатына түспестік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын», – деп соған ұқсаған неше онан басқа өнерлері әшкере болған жандарды айтты.

Одан әрі қарай Абай тәңірі, құдай адамды аса күрделі етіп, оған ақыл, ой, жан, сезім беріп, ерекше жаратқаны, сондықтан адам құдайдың ұлылығын қасиеттеуі керектігі т.б. туралы Сократтың теологиялық және этикалық ой-пікірлерін еркін баяндайды. Тәңірінің ұлылығына құлшылық ету, бас ию туралы Сократ пен Аристодемнің әңгімесін Абай сәл өзгертеді де, адамның табиғи қасиеттері пайдалы істерге қолданылуы қажеттігін баса айтады. Ксенофонттың баяндамасындағы Аристодемнің Сократқа «Я не отвергаю Высшего Существа, но я считаю Его слишком величественным для того, чтобы нуждаться в моем поклонении» деген жауабын Абай сәл өзгертеді: «Тахқиқ, бұл айтқаныңның бәрі рас, жаратушы артық ақыл иесі екендігі мағлұм болды. Ол құдайдың ұлықтығына іңкәрім жоқ, бірақ сондай ұлық құдай менің құлшылығымға не қылып мұқтаж болады?» – деді.

Ксенофонт шығармасында жоқ, тек Абай қолданған «лайықты жарастықты заңымен жаратылып», «керекке бола жаратылып және бір-біріне себеппен

байланыстырылып», «мықты көркем законға қаратылып жаратылуы» деген философиялық түсініктер кездеседі.

Атай кететін тағы бір жайт – жеке белгілер не мысалдар арқылы жинақтау, қорытындылау кейін Сократтық индукция деп аталып кеткен Сократтың негізгі методын, қарсы пікір айтушы не әңгімешінің сұрақтарына жауап, пікірталасы – диалог ретінде шындықты ашу әдісін Абай «Сократ хакімнің сөзінде» сол қалпында сақтады.

Абай Құнанбаевты Сократтың кейбір идеялары ғана қызықтырып қойған жоқ, сонымен бірге оның өміріне, надандықпен алысып өткен өжет бейнесіне, аянышты өліміне де ақын назар аударады. Өз идеяларын, пікірлерін батыл айтқаны үшін, Сократ реакциялық топтардың қысымына ұшырағаны, «мемлекет таныған құдайлардан басқа жаңа құдіреттер енгізіп», «жастарды бұзады», «афин демократиясын жек көреді» деген айып тағылып, гелие – ант берушілер соты – оған өлім жазасын үкім еткені, одан кейін өзі у ішіп өлгені бізге тарихтан мәлім. Реакциялық күштермен арпалысып өлген Сократтың қажырлы бейнесін көп елдің ойшылдары ақын, жазушылары қадірлеп, құрметтеген. Өзінің «Отыз жетінші сөзінде» қазақ ақыны грек ойшылының аянышты өлімін еске алып, «Сократқа у ішкізген кім?» дейді де, оны бағалай білмеген көпшіліктің надандығы, ақылы жоқтығы екендігін ашына атайды. Сөйтіп, қазақ ойшылы бүкіл адамзат ой дамуы тарихына енген грек философы Сократтың кейбір теологиялық және этикалық идеяларымен, ғажап өмірімен таныс болып қана қоймай, сонымен бірге оны өз отандастарының танып-білуіне де көп үлес қосты.

М.О.Әуезов Абай туралы зерттеулерінде ұлы ақынның өз ұлтының көлемінен асып, сыртқы өзге елдер жайында сөз қозғауы «жалғыз қазақ ауқымында қалмай, Пушкинше масштаб іздеуі, өзінің шәкірті болған

ақын жастарға неше алуан әңгімелерді айта отырып, өлең еткізіп халыққа жаюы» туралы айта келіп, бүкіл Батыс, Шығыс тарихтары бірдей әңгіме еткен «Ескендір» жайынан әңгімелі өлең жазғанын т.б. атап көрсеткен-ді.

Бүкіл дүниежүзі халықтарының бірсыпырасы: өз өмір тарихына, сана-сезіміне, мақсат-мұратына, қажет-мұқтажына, тілек-талабына сәйкестендіре әңгіме еткен ертедегі грек қолбасшысы Александр Македонский (б.з.д. 356–323 жж.) туралы ғасырлар бойы жазылған әдеби шығармалар белгілі бір өзіндік дәстүрге ие болғаны белгілі.

Халықаралық әдеби кейіпкерге айналған Александр Македонский Шығыста алғашында Ескендір Зұлқарнайын (Қосмүйізді), кейін Ескендір аталып, қыруар шығармаларға негіз болды да, өзіндік сипаттары мен ерекшеліктері мол шығыс «Александриясын» жасады. Бұл тақырыпқа қазақ әдебиетінде де фольклорлық және жазба туындылар бар.

Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасы әдебиеттану ғылымында байсалды зерттеліп, дәлелді тұжырымдар айтылған. Алайда бұл поэманы өзі тақырыптас кейбір туындылармен қатарлас салыстыра, байланыстыра зерттеу, «Александрияға» қазақ ақыны қандай өзіндік үлестік түсінік, жаңа шешім қосып, дәстүр байытқанын анықтау – Абай асқан биіктің тағы бір қырын аша түсер еді...

...Батыс классиктері Шиллер, Гете, Байрон, Мицкевичтің кейбір өлеңдерін Абай Құнанбаевтың алғаш рет қазақ тіліне аударуы халқымыздың рухани тарихында ерекше маңызды құбылыс болды. Неміс халқының ұлы ақыны Фридрих Шиллер (1759–1805) Абай шұқшия зерттеген озық ойлы орыс қоғамында аса қадірменді болатын. Ресейде Шиллерді лицейстер Пушкин, Дельвиг, Пущин, Кюхельбекер, декабристер оқып, қадірлеген. Лицей кезін еске түсіріп жазған

өлеңдерінің бірінде Пушкин Дельвигке «Шиллер, данқ, махаббат туралы» әңгімелескен күндерімізді жаңғыртайық дейді. Ал «Евгений Онегинде» бір кейіпкері туралы ақын:

Лирамен жаһан кезді дәйім,
Аралап Гете, Шиллер жайын,
Солардың от ақындығы

Жанын өртеп, алқындырды, –

деп жазады. Ұлы гуманист ақының романтикаға, игілік пен сұлулық құдіретін сүю мен сенуге толы ғажап жарқын поэзиясы гуманизм, шындық, жақсылық, әділет идеалдарын аңсаған талай адамдарды, ұрпақты баурап, оларға ықпал етіп келеді. Герцен Шиллерді «игілік қарқынының ақыны» деп атады және былай деп жазды: «Шиллер! Сені төңір жарылқасын, саған мен көңілсіз жастық шағымның жарқын минуттары үшін қарыздармын... Шиллерді қалай қолыма алдым, содан бері онымен ажыраса алмадым, қазірде де, мұңды минуттарда, оның мөлдір өлеңдері мені емдейтін болды». Шиллер шығармаларымен Абай орыс ақындарының, көбіне-көп М.Ю.Лермонтов аудармалары арқылы танысты. Шиллердің «Бесіктегі бала» («Дитя в люльке») атты шағын өлеңін Лермонтов аударған.

Счастлив ребенок

И в люльке просторно ему,

Но дай время сделаться мужем,

И тесен покажется мир.

Бұл өлеңнің мазмұны мен жол сатылығын сақтай отырып, Абай қазақшаға еркін аударған да, соңғы екі жолда есейген шақта адам өмірі тыйышсыздыққа, ізденістерге душар болатыны туралы айтады. Сөйтіп, Шиллер өлеңіндегі бақытты балалық шақты қызықтау мен есейгенде адамның өмірге талап, қажеті көбейетіні туралы мазмұн Абай аударуында сәл өзгертілген:

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға,
Алла асыраған пендесі аш бола ма?

Ержеткен соң, сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

Неміс халқының тағы бір үлкен ақыны әрі ойшылы Иоганн Вольфганг Гете (1749–1832) шығармашылығы Ресейде XVIII ғасырдан бастап-ақ зерттеліп, жоғары бағаға ие болған-ды. Гете өлеңдерін орыс тіліне аударуға В.А.Жуковский, Пушкин айналасының ақындары және Ф.И.Тютчев, Н.П.Огарев, М.Ю.Лермонтов, А.А.Фет т.б. қатысты. Гете қазынасына қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың да қызығуына Лермонтовтың әсері мол болды. Гете шығармаларының орыс тіліндегі ең тәуір аудармалары, мысалы, В.Жуковский аударуындағы «Орман патшасы», А.Толстой аударуындағы «Коринф қалыңдығы» қатарынан саналатын М.Ю.Лермонтов аударған «Горные вершины», «Тау шыңдары» лирикалық туындысын Абай қазақшаға еркін аударды.

Горные вершины,
Спят во тьме ночной.
Тихие долины,
Полны свежей мглой;
Не пылит дорога,
Не дрожат листы...
Подожди немного
Отдохнешь и ты, –

деп келетін тамаша пейзаждық көріністі Абай дәлме-дәл дерлік шебер аударған.

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы
Сабыр қылсаң азырақ.

Көптеген поэтикалық шығарманың мәтініне арнап Абай шығарған әуендер, әндер қатарында Гетенің

«Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі де бар, бұл ән – қазақ халқының сүйікті әндерінің бірі. Ұлы Абайдың Гете өлеңіне ән шығаруы оның сол кездің өзінде немістің ұлы гуманист ақынының лирикасындағы тамаша белгілер мен ғажап әуеніне терең бойлап, жан қозғалысының үндестігін таба алғандығының айғағы. Гете шығармашылығын зерттеушілердің айтуынша, «Гете өз өмірінде 1600-ге тарта өлең жазған. Солардың көбі халық өлеңдеріне айналған; дүниежүзінің ең тәуір композиторлары олар үшін музыка шығарған». Осы дүниежүзіне ән боп тарап кеткен Гете өлеңдерінің бірін Абай аударып, өзі де ән шығарып, қазақ сахарасына жайып жіберген. Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі мен әні қазақ сахарасында кең тарауы сияқты тамаша мысалды Герман Демократиялық Республикасы делегациясы Қазақстанда болғанда, әңгімелесу кезінде М.О.Әуезов мақтаныш сезіммен атаған болатын. «Нейес Дойчланд» газетінің редакторы, публицист жазушы Гейнц Штерн «Гүлденген Қазақстан» атты очеркінде ұлы ақын Абай Құнанбаевтың есіміне, қазақ халқына деген терең сүйіспеншілік, құрметтеушілік сезімін білдіре отырып, өз отандастарына осы бір ғажап фактіні хабарлаған еді.

Абай аудармаларының ішінде ұлы ағылшын ақыны, революцияшыл романтизмнің көрнекті өкілі Джордж Ноэл Гордон Байронның (1788–1824) әйгілі «Еврей сазы» циклынан «Көңілім қараңғы» деген өлеңі бар. Байронның «Еврей сазы» 1814–1815 жылдары Інжіл сарындары бойынша жазылған. Мұнда адам рухының күші мен ұлылығына сену пафосы, күрес пен жеңістерді дәріптеу сазы басым. Байронның лирикалық өлеңдерінің ішінен «Еврей сазының» бөліміне Абай Құнанбаев назарын тегін аудармаған. «Еврей сазынан» Абай ұлт езушілігінің зардабын тартқан жазықсыз адамдардың қайғы-шерін, азап азасын естіді. Өз халқының да отарлық әрі ұлттық езушілік

зардабын тартқан күй-жайына қанық қазақ ақыны Байронның «Көңілім менің қараңғы» өлеңін былай аударды:

Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын!
Алтынды домбыраңмен келші жақын.
Ішек бойлап,
Он саусақ жорғаласа,
Бейістің үні шығар қоңыр салқын.
Егер сорым түбімен әкетпесе,
Керек қой көңілді үміт тебіrentкен.
Қатып қалған көзімде бір тамшы жас
Төгілмей ме, бой жылып,
Ол да ерісе?

Бұл өлеңде түпнұсқаның негізгі мазмұны мен бағыты дәл сақталып, қазақ өлең өлшемдеріне, ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп еркін аударылған. Түпнұсқадағы кейбір сөз, мысалы, «алтын арфа» қазақ оқушылары мен тыңдаушыларына түсінікті «алтынды домбыра» деген сөзбен ауыстырылған.

Алтын домбыраны шертіп тартушы ақын Абай аудармасында өмірінде көп азап шеккен, бірақ көңілі жарқын үмітке, бойы қайратқа толы, ұмтылыс-серпіліске, батыл қимылға, күреске бейім жан болып бейнеленеді. «Қатып қалған көзімде бір тамшы жас» – адам азабының, сорының ауырлығын ғана бейнелеп қоймады, сонымен бірге адам бойындағы сарқылмас күш, мұқалмас жігер, айбарлы ашу айбатының да елесі іспетті. Өзінің көрген азабы мен қиындығын, келешекке үміті мен талабын, тілегі мен қажетін езілген халық тек ақынына ғана сеніп айта алған, ақыны ғана оның жоқшысы, өкілі бола алған. Байрон өлеңіндегі бұл өмір шындығы алыстағы сахара елінің өмір жайына да жақын, таныс-ты. Сондықтан да Байронның «Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын!» өлеңі Абай аудармасында қазақтың өз төл өлеңіндей түсінікті болып, ел арасына кең тарады.

1

Білу

1. Абай батыс әдебиетімен қалай танысты?
2. Ақын батыс әдебиетінен кімдердің шығармаларын аударды?

2

Түсіну

1. Абай не себепті «Шығысым – батыс, батысым – шығыс болып кетті» деген?
2. Абайдың батыс әдебиетін тәржімалағаны не себепті маңызды құбылысқа жатады?

3

Қолдану

Абайдың аудармашылығы туралы FIPA кестесін толтырыңдар.

F / Дерек/ – тақырыптан ақынның шебер аудармашы екенін көрсететін деректер жинау;

I / Пікір/ – аударма туралы өздеріңнің ой-пікірлерің;

L / Сұрақ/ – ақынның шебер аудармашы екенін ашатын сұрақтар;

A / Ис-әрекет/ – аудармашының тәржімедегі қолданған тәсілі.

4

Талдау

Үш топқа бөлініп, Дж.Байрон, А.Мицкевич, И.В.Гете өлеңдерін Абай аудармасымен салыстырып, талдаңдар.

Шығарма атауы	Түпнұсқасы	Абай аудармасы

5

Жинақтау

«Төрт сөйлем» тәсілі

1. Пікір. Абайдың аудармасы туралы өз пікірлеріңді жазыңдар. (1 сөйлем)
2. Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдеңдер. (1 сөйлем)
3. Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер. (1 сөйлем)

4. Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар. (1 сөйлем)

6

Бағалау

«Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін әнімен айтып көріп, аударма тілі мен әуеніне баға беріңдер.

Әдебиет:

Сәтбаева Ш.Қ. Әдеби тоғысулар. / Кітапта: Бес томдық шығармалар жинағы. I том. (Құрастырушылар: Ж.Тілепов, А.Түсіпова, Е.Батырбекова, А.Ментабаева). – Астана: Елорда, 2007. – 67–130-б.

1.7 Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы

Абай мұрасының өзге тілдерге танылуы іс жүзінде ХХ ғасырдың бас кезінен басталады және де бұл жұмыс ең алдымен орыс тілі арқылы жүзеге асты. 1903 жылы Санкт-Петербургте «Ресей. Біздің Отанымыздың географиялық баяны» атты көптомдық жинақтың 18-кітабында А.Сидельников берген мақалада «Абай – қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттың өкілі» деген мағлұмат бар. Абай шығармалары жеке кітап болып басылғанға дейін қолжазба түрінде де, ауызша да көп тарағаны белгілі. Бұл мағлұматтар Ә.Бөкейхан арқылы да берілуі мүмкін. Мұндай пікір З.Ахметовтің «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиясында да айтылды.

Абай мұрасын орыс тілінде танытып, бағалауда ХХ ғасырдың бас кезінде Ә.Бөкейхан мен ағайынды Белослюдовтер, С.Садуақасұлы тарапынан жарияланған мақалалардың маңызы зор. Бұлар мақалаларын орыс тілінде жазғандықтан Абай шығармашылығын орыс қауымына танытып насихаттауда дер кезінде елеулі үлес қоса білді. Әсіресе 1905–1907 жылдарда

бірнеше рет жарияланған Ә.Бөкейханның мақаласы – Абайдың орыс аудиториясына танылуындағы тарихи қазына.

Ал Абайдың Еуропа қауымына танылуы америкалық жазушы-публицист, саяхатшы Джордж Кеннанның 1891 жылы Лондон мен Нью-Йоркте бір мезгілде ағылшын тілінде басылған «Сібір және сүргін» деген кітабынан басталады. Бірақ бұл да қазақ оқырмандарына 1906 жылы «Сибирь и ссылка» деген атпен орыс тіліне аударылған Ресей басылымы бойынша жетті. Бұл кітаптың 7-тарауы «Үлкен қазақ даласы» деп аталады. Америкалық журналист-саяхатшы 1864–1890 жылдар аралығында Сібір мен Алтай өлкесіне 4–5 мәрте саяхат жасап, Түмен – Омбы – Павлодар – Семей – Өскемен – Барнаул бағытымен жүріп өткендіктен, оның еңбегінде қазақ жерінің отарлануы туралы көптеген дерек бар. Кітаптың «Менің саяси жер аударылғандармен алғашқы кездесуім» атты тарауында автор Семей қаласына келіп, ондағы жергілікті халықпен тығыз араласып кеткен саяси жер аударылған зиялы қауыммен кездескені жайында жазып өткен. Соның бірі Санкт-Петербург университетінде оқыған, саяси айдауда жүрген жас ғалым А.А.Леонтьевтің баяндауы бойынша берген Семей қаласындағы «Кітапханаға тұрақты оқушы болумен тынбай, тіпті Милл, Бокль, Дрэпер сияқты авторлардың кітаптарын оқитын», «түсінетін», «ағылшын философтарының еңбегін түбегейлі оқып-үйреніп жүрген», «Еуропалықтардың ой-өрісінің дамуы» атты Дрэпер кітабы туралы орыс досына екі күн қатарынан әңгімелеп берген Ибрагим Құнанбаев деген қарт қазақ бар» екендігін жазды. Семей қаласы америкалық журналистке Сібірдің алыс бір құм басқан қиян шетіндей көрінуі – заңды құбылыс. Бірақ Дж.Кеннанды таңғалдырған бұл емес, оны таң-тамаша еткен – қала

ортасындағы шағын ағаш үйде орналасқан бай кітапхана және оның оқырмандары.

1914 жылы Санкт-Петербургте «По киргизской степи» деген кітабында Дм.Львович (Иванов Дмитрий Львович) Пушкиннің «Татьяна хаты» ел ішінде ән боп айтылып жүрген туралы дерек келтірген.

1936 жылы Абайдың таңдамалы өлеңдерін В.Рожественский орыс тіліне аударып бастырады. 1940, 1945 жылдары Абайдың лирикалары мен поэмаларын халық жазушысы Леонид Сергеевич Соболев орысшаға аударып, М.Әуезовпен бірге «Ағартушы ақын» деген көлемді кіріспе сөздерін жазып, Мәскеуден шығарады. М.Әуезовпен бірігіп «Абай» трагедиясын жазған Л.С.Соболев «Абай» эпопеясын М.Әуезовтің көзі тірісінде орыс тіліне аударды. Бұдан басқа Абайдың қанатты сөздері мен отыз жетінші қарасөзін орысшаға аударып, 1945 жылғы жинаққа енгізген. «Данышпандар өлмейді» («Казахстанская правда», 1939, 23 июнь) деген мазмұндағы мақалалары «Правда» сияқты Орталықтан (Мәскеу) шығатын газеттерде жарияланып, Абай мұрасын орыс оқырмандарына танытуда елеулі еңбек етті.

Қазақстанның халық жазушысы Дмитрий Федорович Снегин 1946 жылы Абай рухына арнап, «Абай сонеттерін» (Көгілдір ендік, орыс тілінде) жариялады.

1957 жылы профессор М.С.Сильченконың «Творчество биография Абая» («Абайдың шығармашылық өмірбаяны») деген монографиясында «Абайдың алғашқы өлеңдері және оның қоғамдық қызметінің басталуы», «Қазақтың халықтық лирикасы және Абай», «Абайдың реализмге бет бұруы», «Сыншыл реализм поэзиясы», «Абайдың соңғы жылдардағы шығармаларының реалистік ерекшеліктері», «Сын, көсемсөз, тарихи жазбалар» атты тарауларға бөлініп, Абайдың бүкіл әдеби мұрасы жан-жақты талданды. Сонымен

бірге Абайдың орыс және шығыс әдебиетімен байланысы нақтылы ғылыми негізде салыстырылды.

Дегенмен де Абайдың аты мен заты М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы шыққаннан кейін ғана бүкіл дүниежүзіне таныла бастады. 1971 жылы Мәскеуден шыққан «Библиотека мировой литературы» сериясында «Абай жолы» романының әлемнің 30 тіліне аударылғаны туралы мәлімет бар.

Түркі тілі бастатқан туысқан халықтар мен әлемнің дамыған барлық мемлекеттің тіліне аударылған Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы ғұлама ақынды өзге тілге танытудың бірден-бір таптырмас құралына айналды. Ал қазір Абай өлеңдері мен қарасөздері әлемнің жүздеген тілдеріне аударылды деп мақтаныш етеміз.

Әлбетте өзге тілге аударылған Абай өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктері туралы айтқанда ең алдымен орыс тіліне аударылуына ерекше көңіл қоямыз. Себебі Абай алдымен орысшаға аударылды, сосын барып әлем тілдеріне ауыса бастады. Бір тілден екінші тілге тікелей аударылу жайында мына деректерді келтіруге болады: қытай тіліне аударған – Ха Хуан Жан, грузин тіліне аударған – Ш.Мchedlishvili; қарақалпақ тіліне аударған – Ш.Сеитова; қырғыз тіліне аударған – А.Токомбаева; татар тіліне аударған – М.Максуд және Н.Арсланов; француз тіліне аударған – Ғалымжан Мұқанов; ағылшын тіліне аударған – А.Самохмалов; түрікмен тіліне аударған – А.Хайидова, Т.Касымова; ұйғыр тіліне аударған – П.Искакова және М.Хамраева. Ал осы аудармалардың көркемдік ерекшелігі туралы мәселе – зерттелмей жатқан тың тақырып.

Осы аталғандардың ішінен қазақ және француз тілінің маманы, әдебиетші, аудармашы, марқұм Ғалымжан Мұқановтың 1994 жылы Абайдың қарасөздері мен «Ескендір» және «Масғұт» поэмаларын қазақ тілінен француз тіліне тікелей аудармасын атап айтуға

болады. Бұл жинаққа француз ғалымы, профессор Альбер Фишлер алғысөз жазған. 1995 жылы Абайдың ЮНЕСКО көлемінде өткізілген 150 жылдық тойына да белсене қатысқан осы Альбер Фишлер 2005 жылы Астанада Абайдың 160 жылдығына орай өткен халықаралық конференцияда «Француз тіліндегі Абай шығармашылығы» деген тақырыпта баяндама жасады. Егер Ғ.Мұқановтың аудармасы болмаса, ол Абайдың отыз сегізінші қарасөзінен мысал келтіріп, кең көсіліп сөйлей алмас еді. Тіпті ол Абайдың «Көзімнің қарасы» әні француз тілінде «La prunelle de mes yeux» деп аталатынын айта келіп, екі елдің тіліндегі дыбыс үндестігі мен әуезділігіне де терең мән берген.

Бұдан кейін Абай елінде «Абайды аударған Қабай» атанған Қытай ғалымы, ақын, аудармашы Ха Хуан Жанның (Қабай) еңбегі зор. Шыққан тегі қытай (сібе) болғанымен, бірнеше тілді меңгерген. Балалық шағы қазақтар арасында өткендіктен, қазақшаны да тәп-тәуір біліп шыққан. 1950 жылы Абайдың «Ескендір» поэмасын, 1958 жылы «Масғұт» поэмасын қазақ тілінен қытай тіліне аударған. Осы жылдардан бастап, «Қазақтың ұлы ақыны – Абай» деген атпен ғылыми зерттеу жаза бастайды. Шыңжаң университетінің орыс тілі факультетін бітірген Қабай Абайдың орыс тіліндегі аудармасына да көңіл қоюы мүмкін. 1983 жылы Қабай Абайдың шығармаларын толық аударып, Пекиндегі «Шыңжаң» баспасынан, ал 1987 жылы «Абай және Абай шығармашылығы» деген монографиялық еңбегін Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан шығарған. Осы еңбегі үшін Қабайға Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілген. 1995 жылы ЮНЕСКО көлемінде өткізілген Абайдың 150 жылдық мерейтойына Қабай Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданының құрметті азаматы болып қатысты. Абай мұрасымен ұзақ уақыт айналысқан Қабай ақсақал Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» да аударып бастырған.

Жалпы миллиардтаған Қытай халқы Абайды Қабай арқылы тұңғыш рет толық таныды дей аламыз.

Ал ұлты неміс, бірақ Бельгер мен Қабай сияқты қазақ арасында өскен Л.Захарова «Abai. Buch der worte» деген атпен Абай қарасөздерін 2001 жылы неміс тіліне аударған. Бұл жайдан-жай аударыла салған жұмыс емес. 1941–1945 жылдардағы неміс-кеңес соғысы кезінде Ресейде тұрған неміс ұлтының мыңдаған өкілдері Қазақстанның әр аймағына жер аударылғаны белгілі. Солардың тұқымдарының бірі, туған-туыстары Саратов облысынан жер аударылған Лариса Захарова Абай ауданы, Қарауыл селосында туып-өскен. Л.Захарованың Шет тілдер институтын бітіріп, осы саланың маманына айналғаннан кейін Абай шығармаларын аударуға ден қоюында осындай үлкен мағына бар.

Л.А.Захарованың «Abai. Buch der worte» деп аталған бұл кітабы 2003 жылы сол кездегі Германияның Қазақстандағы елшісі Андрес Кортеннің (Andras R. Korting) алғысөзімен екінші рет, 2010 жылы сол кездегі ҚР Мәдениет және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхамедтің алғысөзімен өңделіп-жөнделіп, үшінші рет басылып шықты.

Бірақ жоғарыда аталған түрлі тілдердегі аударманың сапасы туралы зерттеу еңбектер жоққа тән. Ал Абайдың орысша аудармасы туралы пікірлер де әрқилы. Сондықтан да «көркем шығарманы аударуға болады немесе болмайды» деген көзқарастан туған даулы пікір бар. Мысалы, Герольд Бельгер «Абай мен Гете» деген мақаласында «Абайдың әр өлеңі бір кітаптың жүгін көтеріп тұр» деп баға бере келе:

Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың!

Бір қарағанда бәрі де түсінікті сияқты. Ал енді орысшалаңызшы. Ай, қиын-ау! Немесе, екі ғана сөз – «бойы

бұлғаң» дегенді орысша қайтіп бересіз? Бір академик «хвастун» депті. Ал шынында, бір «бойы бұлғанды» орыс тіліндегі «гуляка», «праздно шатающийся», «воображуля», «нарядно одетый», «выхваляющийся», «бездельник», «спесивый», «пустопляс» сықылды сөздердің бәрі қосылып, мағынасын бере алмайды. Абай сөзінің салмағы дегенде мен осы жағын айтамын», – дейді.

Сондай-ақ Г.Бельгер «Как академик Митрофан Сильченко переводил Абая» деген мақаласында Абай өлеңдерінің мағынасына терең бойламай-ақ, сөзбе-сөз, жолма-жол аударып, тылсым ойды, астарлы, айшықты, мәңгілік ұғымды жеткізе алмай дал болған «сен тұр, мен атайын» небір шебер аудармашының орта жолда сенделіп қалған шарасыздығына аяныш білдірді, ақынның асу бермес, алынбас қамал екендігіне сүйсіне келіп, ғалым-аудармашының ақын өлеңдері алдында қалай төлтіректеп, ауа қармағанын, сөйте тұра тәуекелге барғанын ауыр сынға алды. Абай жанын, оның болмыс-бітімін, поэзиясындағы ерекшеліктерді нақты меңгермей тұрып, оны аударуға жүрегі дауалаған академиктің әрекетін ақынға жасалған қиянат деп білді. 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген Абай шығармаларын М.Сильченконың: «...Қала берді бозбала» деген өлең жолын «...Город дал щегольство» («қала» – город, «берді» – дал); «Қуатты ойдан сөз құрап, Еркеленіп шығар сөз» деген жолын «Рожденные могучей мыслью, собираются слова» деп аударғанын сынай келіп, осы сияқты шала тәржімеге қатысты Герағаң: «Как говорится, Федот, да не тот. И так везде и всюду. А потом сетуем: нет Абая на русском языке. Откуда ему быть, если даже подстрочник – сплошное уродство?» – деп күйінді. Аталған өлең жолдарын түсінікті етіп аударып, мағынасына оралымды түзетулер енгізді. Мәселен, «...Город дал щегольство» дегенді «...Осталось юность позади» деп аударды.

1980 жылдары «Простор» журналында Абай аудармасына жарияланған бәйге бойынша шыққан аудармалардың барлығын бір-бірімен салыстыра келіп, олардың Абайдың асыл мұрасының тұңғыығына терең бойлай алмағандығын, тек бетін ғана қарпығанын, Абайдың өзін, өскен ортасын, өмір сүрген дәуірін тым үстірт білетініне қынжылыс білдіреді. Мысалы:

«Ось зашипела в бешеной машине,
Сцепила насмерть зубья шестерни,
Личину дней в стальной стержней щетине
Гримасовой шевельнуло изнутри.

Не түсіндіңіз? Осыны қазақ өлеңінің аудармасы деп кім айтар? Және де анау-мынау ақын емес, Абайдың «Сағаттың шықылдағы емес ермек» дейтін әйгілі философиялық өлеңінің аудармасы екеніне кім сенеді? Бір сәт көз тоқтатып, салыстырып байқайықшы:

Сағаттың шықылдағы емес ермек,
Һәмише өмір өтпек – ол білдірмек,
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайтып келмек.

Салыстырып отырып, жағаңызды ұстайсыз. В.Кичоттың «аудармасында» («Простор», 1986, №9) Абайдың бірде-бір сөзі, ойы, тіпті иісі де жоқ қой. Орыс оқырманы «ось, шестерня, бешеная машина, стержень, гримаса» сияқты Абайдың сөздік қорында жоқ шимай-шатпақты, бәлдір-батпақты оқып шығады да, «ойпыр-ай, сонда қазақтың ұлы ақынының сөз саптасы осы болғаны-ау» деп аң-таң қалмай ма?!» – деп оқырманға заңды сауал қояды. «Мен білер қазақ тозақта да: «Е-е, Алла, бергеніңе шүкір», – деп отыра береді», – деген сөзді Герольд Бельгер қазақты жақсы білмесе, айта алмас еді.

Бұл жерде Г.Бельгерге мұндай батыл пікір айтуға себеп – ол Гетені немісше, Лермонтовты орысша, Абайды қазақша түпнұсқадан оқуында болып тұр. Сондықтан да ол Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып»

аудармасында неміс тілін білмейтін Абайдың Гетеге тым жақын келетініне таң қалады. Ол «Менің Абайды тануым Гетені түсінуден басталуға тиіс сықылды еді. Қаншама қазақша оқып, қазақ ауылында өстім дегенмен неміс емеспін бе? Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Мен әуелі Абай арқылы Гетені таптым. Бұл әншейін айтыла салған жылтырақ сөз емес. Басқасын былай қойғанда, Гетенің әйгілі «Жолаушының түнгі жыры» атты өлеңін мен әуелі Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңін оқып барып, Лермонтовтың «Тау шыңдары» арқылы бойыма сіңіріппін... Мен Абайдың өлеңін оқысам, анам кішкене қарындасымды әлдилеп, немісше өлең айтады: «Roslein, Roslein, Roslein rot, Roslein auf der Heiden». Шешемнің айтып отырғаны – кейін білдім – Гетенің «Даланың раушан гүлі» атты өлеңі екен. Сөйтіп, менің санама Гете мен Абай бейнелері қатар сіңіпті. Бірақ Абайды бұрынырақ танығаным рас. Өйткені біздің ауылда үлкен-кішілер Абай өлеңдерін, Абай әндерін көп айтатын. Ауыл сахнасында «Абай» спектаклін қоятын. «Абай жолы» романын елдің бәрі таласып оқитын... Қазақ тілін еркін игеріп алған соң, өзім де Абай тереңіне бас қойдым. Кейініректе Гетені іздеп таптым. Енді екі ұлттың екі заңғар биігіне қарап отырамын да, таң-тамаша қаламын. Гетені оқысам, Абайды танығандай боламын. Абайды оқысам, Гетені танығандай боламын. Тілі басқа, тілегі бір ақындарды түпнұсқадан оқып, түсінгенім үшін әжептәуір марқайып қаламын. Сол қуанышымды бөлісу үшін осы мақаланы жаздым», – дейді «Абай және Гете» деген туындысында. Г.Бельгердің қырықтан астам кітабының төрт кітабы Абайға арналды, ақын туралы жиырмадан астам мақала жазды, алты жинақ құрастырды, сөзбе-сөз, жолма-жол аудармалар жасады.

Ал Абайдың өзге тілге аударылуы мұндай деңгейге жетпей-ақ қойсын, сөйтсе де Бельгерше айтсақ, «Абай

ұлы, Абай титан!», «Абай мәңгілік, Абай шексіз», «Абай даланың көкірек көзі, лүпілдеп соққан жүрегі, халық жанының таразысы, ұлттың символы...», «Абай поэзиясы – шетсіз-шексіз жатқан сұлу әлем... Абайдың кез келген бір жолын орысшаға аударып көріңізші. Аударма алмайсыз!» – деп бағалаған Абай тілі өзге тілге Абайша жете ме? Мәселе осында. Қазақ ғұламасын қазақша түсінудің өзі оңайға соқпай отырғанда, Абай өзге тілде күлкіге айналмауы керек, бұл Абайдың емес, қазақтың күлкі болуы деген сөз. Абай даналығы бүкіл әлем мойындап отырған қытай ғұламасы Конфуцийден бір кем емес. ҚХР-дың ғалымы Қабайдың: «Абайды қазақтар қанша оқыса да, оқи береді, жақсы көреді. Енді біз аударғанмен, Абайдың өлеңдерінің ойын келтірсек те, оны көркемдік жағынан жеткіздік деп айта алмаймыз. Өзімнің шамам жеткенше аудардым, енді кейінгі аудармашылар жақсы аударса деп ойлаймын. Абай өлеңдерін қаз-қалпында қытайша жеткізу оңай емес. Мысалы, «Қансонарда бүркітші шығады аңға» дегенді ханзуша (қытайша деген сөз Р.З.) жеткізу тіпті қиын. Өйткені қытайлар қазақтар сияқты аңға шығып, бүркіт салмаған» деуінде аудармашының Абай мұрасына деген сүйіспеншілігі мен жауапкершілігін көруге болады. Бәрі осылай мойындаса, құба-құп.

1

Білу

1. Абайдың қай шығармалары қандай тілдерге аударылды?
2. Ақын шығармаларының аударылуы көбіне қай тіл арқылы жүзеге асты?

2

Түсіну

1. Не себепті Герольд Бельгер академик М.Сильченконның аудармасын сынайды?
2. Абай шығармаларын кейбір аудармашылар өз деңгейінде тәржімелей алмаған?

3

Қолдану

«Кеңейтілген тізім» әдісі бойынша Абай шығармаларының өзге тілге аударылуы не білетіндеріңді өз жұптарыңмен жазып шығыңдар. Неғұрлым көбірек мәліметтер қамтылуға тиіс.

4

Талдау

Топқа бөлініп, ақын шығармаларының өзге тілге тікелей аударылғаны жөнінде талдап, мәліметті кестеге толтырыңдар.

Абай шығармаларының аудармалары жарық көрген тілдер	Аудармашылар
Қарақалпақ тілі	
	А.Токомбаева
	Ха Хуан Жан
Грузин тілі	
	М.Максуд
Ағылшын тілі	
	Ғ.Мұқанов
Түрікмен тілі	
Ұйғыр тілі	
	Л.Захарова

5

Жинақтау

Тақырып бойынша кесте толтырыңдар.

Абай шығармалары өзге тілде	Абайдың әлемге танылғанына 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір
	1.	1.
	2.	2.
	3.	3.

6

Бағалау

Өзге тілге шығарманың сапалы аударылуы қандай факторларға байланысты?

Әдебиет:

1. Бельгер Г. Абай және Гете. / Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 429 б.
2. Машақова А. Зарубежная рецензия Абая Кунанбаева в ХХІ веке. / Кітапта: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті (Респ. ғыл-теор. конф. мат. Алғы сөзін жазған С.Қасқабасов). – Алматы: Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы, 2007. – 191–197-б.

II ТАРАУ

М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1 Абай мұрасын зерттеушілер және абайтану ғылымының қалыптасуы

Қазақ поэзиясының Абайдан кейінгі дәуіріне көз жіберсек, Абай шығармашылығы әсер етпеген қаламгер кемде-кем. Олар Абайды үлгі-өнеге тұтып қана қоймай, Абай жырларының пәрменді насихатшысы да бола білді. С.Торайғыров – «Абайды оқы, таңырқа», А.Байтұрсынұлы – «Абай – қазақтың бас ақыны», Шөкәрім – «Жүз айтқанмен өзгенің бөрі надан, Жалыналық Абайға, жүр баралық!» – деді. «Алтын хакім Абайға» деп өлең жазған Мағжаннан

Мұқағалиға дейін, тіпті қазіргі ең жас буын өкілдеріне дейін Абай дәстүрінің жасампаздығынан талай мысалдар келтіруге болады. Ал Абайдың өлмейтін, өшпейтін алтын қазынасын алғаш көрген әрі оны жинақтап, Абайдың қайтыс болуына бір жыл толғанда көлемді мақала жазған алаш ардақтыларының көсемі Ә.Бөкейхан болатын. Сонымен қоса Абай өлеңдерінің алғашқы жинағын алып барған Көкітайға ақыл-кеңес беріп, бұл кітаптың жарыққа шығуына тікелей ықпал еткен де



ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН

сол Ә.Бөкейхан еді. Міне, содан бері Абай шығармашылығы зерттеу нысанынан бірде-бір рет түсіп көрген емес.

Қазақ әдебиет тарихының үлкен бір саласы абайтану ғылымына академик Зәки Ахметов: «Абайтану – кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан салалы зерттеу еңбектерді қамтиды», – деп біршама айқын анықтама берді.

Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеудің алғашқы кезеңі ХХ ғасырдың бас кезінен басталады. Бұл тұрғыда Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, К.Ысқақұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы т.б. секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің Абай мұрасын оқып-білудің маңызы туралы айтқандары мен атқарған қызметтеріне үлкен құрметпен қарау керек. Десе де, абайтану ғылымының дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерілуіне ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде жазылған М.Әуезовтің зерттеу еңбектері сара жол ашып, нақтылы бағыт-бағдарын көрсетіп, зерттеу арналарын айқындап берді. Бұл туралы төменде арнайы тоқталамыз. Қазақ әдебиеті тарихының сүбелі бір тармағына айналған абайтану ғылымын М.Мырзахметұлы 3 кезеңге бөледі:

1. Абайтанудың алғашқы дәуірі ресми түрде баспасөз бетінде 1889 жылдан басталып, 1934 жылмен аяқталады.
2. 1934 жыл мен 1961 жыл аралығындағы абайтану М.Әуезов бастаған соны танымдардың заманымен аяқталады.
3. 1961 жылдан кейінгі Абай мұрасын тереңдей зерттеу дәуірімен жалғасады.

Осылайша «Абайтану» мен «Абайтану тарихы» атты екі ғылыми арнаның пайда болғанын көрсетеді.

Қазіргі абайтану ғылымының тұжырымдары бойынша шығармаларын орыс-қазақ тілдерінде қатар жазған көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан тұңғыш абайтанушылар қатарында саналады. Ә.Бөкейхан «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деген атпен ақын дүниеден озған соң, 1905 жылы «Семипалатинский листок», 1906 жылы «Семипалатинские областные ведомости» газеттерінде және 1907 жылы «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела императорского русского географического Общества» атты жинақта да Абай туралы орыс тілінде берген құнды мәліметтері алғашқы дереккөзі ретінде маңызын жоймақ емес. Ғалым жұртшылықты Абай өлеңдерінен тәлім-тәрбие алуға үндеді.

Төменде Ә.Бөкейханның «Семипалатинский листок» газетінің (Толық атауы: Семипалатинский Подотдел Западно-Сибирского Отдела Императорского Российского Географического Общества. САК) 1905 жылы 25, 26, 27 қазан (№ 250, 251, 252) күнгі сандарында жарияланған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» мақаласының (азанама) толық нұсқасын ұсынып отырмыз: «1904 жылы маусымның 23-жұлдызында Семей уезінің болысында (Шыңғыстауда) даланың сүйікті ақыны Абай Құнанбаев дүние салды. Негізгі хатқа түскен аты Ибраһим болса да, қазақ даласы шешесінің еркелетіп қойған нәзік те үнді есімімен Абай деп атап кеткендіктен, біз де осылай қолданамыз.

Абай әке жағынан алғанда тобықты руының белгілі шонжары мен биінен тарайды. Ақынның бабасы, тобықтының батыр биі – Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз өзенінің бойында XVII ғасырдың 50-жылдарында дүниеге келген. Ат төбеліндей көсемнің бірі ретінде ол тобықты руын Түркістаннан аса құнарлы жайылымы мол Шыңғыс тауына көшіріп әкеледі. Абайдың атасы Өскенбай дала халқына әділ би ретінде танылды.

Оған басқа рулардың қазақтары да жүгініп, дауларын шешкізді. Абайдың әкесі Құнанбай да басқа рудың қазақтарына өктемдік жүргізген, оны тек қана төре тұқымдарының сұлтандарына ғана тән лауазым – Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайлануы дәлелдейді. Құнанбай өмірінің соңында Меккеге барып, одан қайтып оралған соң ел билігінен бойын аулақ салады. Бұның өзі де Құнанбайдың беделін өсіре түседі.

Абайдың шешесі Ұлжан да Бошан руының затты тұқымы Бертістен тарайды. Ол да Ырғызбай сияқты Қаракесек руын Қарқаралы уезіндегі Қу, Едірей, Мыржық тауына бастап келген. Абайдың шешесі Ұлжанның төркіні қушыкеш Қонтай мен Тонтайдың есімі қазақ даласына кеңінен мәлім. Бірде Қонтай бай ұзақ ауырады. Қожа мен молдалар жиналып, оның көңілін сұрайды. Сонда Қонтай жантәсілім беріп бара жатып: «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас», – депті.

Абай 10–12 жас аралығында қазақ даласында жүріп хат таныды. Ал он екі жасында Семейдегі Ахмет Риза молданың медресесіне түседі. Абай он төрт жасында

сонда жүріп, үш ай орыс мектебінен дәріс алады. Осы төрт жылдық медреседегі және үш айлық орыс мектебіндегі дәріспен Абайдың мектептік оқуы аяқталады.

А.Байтұрсынұлы – абайтанушы. ХХ ғасырдың бас кезінде «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» деп жар салған Ахмет Байтұрсынұлының білімпаздығына бас ие қарауымыз керек. Қытай оқымыстысы Конфуцийді төбесіне көтеріп, қадірлеген



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

елдердің қазіргі даму қарқыны көз алдымызда көрініп тұр. Себебі ақылы озық туған адамдар өмір сүруге жөн сілтеп, дұрыс бағыт-бағдар береді. Сондықтан да қазіргі жас ұрпақ ғұлама ғалымның «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» деген сөзінің жайдан-жай айтылмағанын ұғыну керек.

Ұлт зиялыларының атасы, XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің, білімі мен ғылымының туын биікке көтерген, туған халқының санасына демократиялық ойлар сіңіріп, көкірек көзін оятқан, халықтың зердесіне сәуле түсіріп, тәуелсіздікке ұмтылдырған «қазақ қауымының рухани көсемі» (М.Әуезов), қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімінің негізін салушы, ұлы түрлендіруші-реформатор, ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы Абай ұстанған ағартушылық-демократтық бағыттағы идеяны жалғастырған. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы жыраулар поэзиясындағы азаттық аңсарын шырқау биікке жеткізген өз заманындағы интеллигенция қауымының төлбасы болды. Әсіресе 1913 жылы жазылып, «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы Ахметті білікті әдебиеттанушы ғалым ретінде танытты. Бұл мақала – ұлы Абайдың ұлттық әдебиеттің тарихынан алатын орнын айқындауға, ақын шығармашылығына баға беруге арналған тұңғыш ғылыми-зерттеу еңбек. Ғалым зерттеуі абайтанушыларға темірқазықтай жол сілтеді. Үзіндіге назар аударайық:

«Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ... Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің

Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім. 1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Көп сөзін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың ара оқыса да, түсіне алмайды. Не мағынада айтылғаны біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түсіндіріп, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Оның сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі оқулыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыны да сынайды. Абай сөзі заманындағы ақындардан оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған. Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз... Айтушы мен тыңдаушы көбі надан болғандықтан, өлең болып айтылып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жаман болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірен-саран екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең мағына жоқ, маңыз жоқ, желдей гулеп, құлаққа ұнамсыз тиіп өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайын жазған сөздерінде көрсетілген. Сонымен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға неден екендігін білетіні де көрініп тұр.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. *Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың*

шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін – өлең бунақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқығанда я өнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп, желіп келе жатып шоқытып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіректеп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш буынды бунақтары мен төрт буынды бунақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қисынын келтіре алмағаннан емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді. Абайдың өзі тексергіш болған соң, оның өлеңін тексеріп, қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыншы, сөз тексергіш екендігін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінен байқауға болады (CD-ден оқыңдар).

Міржақып Дулатұлы – ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі, Алаш қайраткері, ақын, драматург, жазушы, аудармашы. Оның Абайға арналған алғашқы шағын мақаласы татардың «Уақыт» газетінде «Ибраһим ибн Құнанбаев» деген атпен 1908 жылы жарияланған. Ақынның ой-өрісі, білім



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

деңгейі, туған жері, шыққан ортасы айтылып, әдеби мұрасына жалпылама баға беріліп, оның орыс әдебиетімен байланысы сөз болады. Мұнда «Ибраһим мырза ұлы ақын аталып, бұдан төрт жыл бұрын дүниеден қайтты... Ғылымсыз, қара халық арасында, сахара қазақтары ішінде жалғыз жұлдыздай болып жанып шығып, тілі, оқушыларын оята-тын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті. Шығарма-

лары қазақша жазылды. Мейлінше мол еңбектенумен орыс тілін үйреніп, орыс әдебиетіне еркін жетіліп, достасып алды. Өлеңдері есіткеннің жүрегін жігерлендірерліктей табиғи болып, шығармаларының асыл негізі Лермонтовқа үндес. Мәжілісінде болған кісілердің айтуынша, тілі ләззатты, араб, парсы, түрік, қалмақ тілдерінен хабардар, тарих, география пәндерінен мағлұматы кең болып танымы ауқымды еді. Адамшылық ой-қиялы өте таза, ұлтшыл, елін-жерін сүйген кісі еді. Марқұмның өлеңдері көп болса да, басылғандары жоққа тән еді. Обалы шығармаларын біліп жарыққа шығармауға қайрат етпеген кісілердің басында тұр», – деп, Абай өлеңдерінің жариялануы туралы баспасөз бетінде алғаш рет мәселе көтерді. Бұл Абай туыстарына да, оқыған азаматтарға да қозғау салып, жігер беретін сын-пікір еді. Осы мақаланы автор мынадай өлең жолдарымен аяқтайды:

Қуатты оттай бұрқырап,
Уәзінге салып тізілген
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген
Қайран тіл, қайран сөз!

Наданға қадірсіз.
Тәуекел мен батыр ой,
Өткір тілді найза етіп.
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, қайран жұрт,
Ұялмай қал жым-жырт!
Ақылмен ойлап айтқан сөз,
Бойыңа жұқпас сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

Ал Міржақып Дулатұлының 23 шілде 1914 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай» атты мақаласы ақынның қайтыс болғанына он жыл толуына орай жазылған. Мұнда Абайдың қадірін білмеу, оны елеп-ескермеу ұлттың үлкен кемістігі екені айтылды, себебі «Абайдың жоғалуы – қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» екенін егер Абай дамыған елдердің бірінде туғанда «сегіздегі баласынан сексендегі шалына» дейін төбесіне көтеріп, «туғанына сүйсініп, өлгеніне тегіс күйінер еді» деген ой айтты. Орыс халқы «бір балықшының баласы Ломоносовты неше жүз жылдан бері қадірлеп, көңілін де, тілінде де бірінші жазушы ретінде сақтап, қадір-қасиетін күннен-күнге арттырып» отырғандығын, біз де Абайға сол көзбен қарап, ұмытпастай етіп белгі орнату керектігін атап көрсетті. Қазақ тарихындағы Абайдың орнын «бірінші жазушы» Ломоносовпен қатар қойған Міржақып Абай шығармаларын жариялау, насихаттау, оның есімін мәңгі есте қалдыру үшін түрлі шаралар (музей, көше т.б.) ұйымдастыру керектігі туралы сол уақыттың өзінде үлкен мәселе көтере білгендігін көруге болады.

Сондай-ақ Семейде педагог-ғалым Нәзипа Құлжанованың ұйымдастыруымен Абайдың қайтыс

болғанының 10 жылдығына орай өткізілген әдеби кеш туралы да құнарлы ой айтты.

Осы мақалада Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағының шығу тарихын қысқаша баяндап, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханның және ақын балалары мен інілерінің еңбектерін атап көрсетеді. «1904 жылы маусым жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді, һәм бастырушыға, ешкімге рұқсат бермейді екен. Күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып, Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жағынан сөйлесемін» деп айтқанын, бірақ Ахметке Абайды көру нәсіп болмай, «Абай өмірі күзге жетпей, сол маусымның 23-інде опат» болғандығын жазады. Сөз жоқ, көзі тірісінде Ахаң мен Жахаң аталып, ел құрметіне бөленген Алаш арыстары А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлы Абаймен жолығып, өз аузынан өлеңдерін жазып алғанда абайтану ғылымы ғажайыптармен толығар еді. Бірақ Ахметтің «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» дегені сияқты Міржақыптың да «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек» деген қасиетті сөздері қалды.

М.Дулатұлы осы мақаласында Абайға дейінгі қазақ әдебиетіне шолу жасай келе: «Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сөуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай», – деді.

Сондай-ақ Міржақыптың «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі-жиі

зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар», – деген сөзінде бізге белгісіз тылсым дүниеден тіл қатып, қазіргі ұрпақ тағзымын көріп тұрғандай әсер береді.

Жүсіпбек Аймауытұлы – қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі, қазақ проза жанрының негізін салған жазушы, драматург, публицист, аудармашы, Алаш қайраткері **Ж.Аймауытұлының** абайтануға қатысты еңбегі ең алдымен 1918 жылы Семейде «Абай» журналының іргетасын қалауымен ерекшеленеді. «Абай» журналы 1918 жылдың 4 ақпанынан Алаш (қазіргі Жаңасемей) қаласынан шығып тұрады.



ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ

Ж.Аймауытұлы 1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданып, оны 1918 жылы аяқтап шығады. Сол тұста **М.Әуезов**, **Қ.Сәтбаев** сияқты қала жастарымен танысады. Әсіресе **М.Әуезовпен** тез тіл табысып, «Абай» журналына дейін, 1917 жылы Ташкенттен шығатын «Алаш» газетіне «Екеу» деген бүркеншік атпен «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақала дайындайды. **М.Әуезов** те оны шығарысуға атсалысады. 1918 жылы «Екеу» деген бүркеншік атпен «Абай» журналына «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» деген мақалалар жазды. Бұл мақалаларды **М.Әуезовтің** де, **Ж.Аймауытұлының** да таңдамалы жинақтарынан оқуға болады.

«Абайдың өнері һәм қызметі» деген мақалада: «Абайдың ақындық өнері, тар жолды, бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау: мінез

түзететіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілділік, ызалықпен күлетіндік (сатира), һәм керемет переводшиктік. Мұндай әр жақты, сегіз қырлы өнер басқа ақындардан табыла бермейтін – Абайға ғана хас сипат», – деп, қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы жігіт» дегендегі нағыз талантқа ғана тән сипаттарды жіліктеп көрсетіп береді.

«Абайдан соңғы ақындар» деген мақаласында: Тегінде «ақын» бар, «өлеңші» бар. Ақынға қойылатын шарттар: әлгі айтылған өлеңшілікке ол шарттардың кейбірі болса да жарай береді. Бұлай болғанда біздің өлеңшіміз көп, ақынымыз аз. Сілтеген қаламы, сермеген талабы көлемденіп, төгіліп, түрленіп, жапырағы желкілдеп, қолмен қойғандай мейірің қанып, тойғандай болып шығатын өлеңдер бұл күнгі ақындарда аз. Көбінің өлеңі – шеберлеп айтқан қарасөз. Мәдениеттің төменгі басқышында жүргендіктен әдебиеттің өзге түрлері тараулай алмай, кешегі өткен ақындармен билердің сөзіне еліктеп, не жазса, өлеңмен жазу бұл күнгі өлеңшілерге сән болып жүр. Бірақ бұл әдет ілгері басқан сайын қала беру керек. Өлеңшілікке өнері жоқ, жай тілді кісілер өлеңге салынып, бойдағы өзге өнерін жойып алуға мүмкін және өлең болуға лайықсыз сөзді жұрт өлең қылып жүр. Шарты табылмай, зорлықпен қылғынып отырып жазылған өлеңнің әдебиетті күшейтуге септігі жоқ. Қайта сыңаржақ қылғаннан басқа» дей келе, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы, С.Торайғыровтардың сыршылдығын, А.Байтұрсынұлы, С.Дөнен-таев, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Өтетілеуов өлеңдеріндегі «сырты төгілген сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті... ақылға азығы бар» екендігін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, абайтану ғылымының қалыптасуына Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы,

Ж.Аймауытұлы сияқты қаламгерлер де үлкен үлес қосты.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы тартыстың сәл де болса, бәсеңдеп, ағартушы-демократтық сипат алуына М.Әуезовтің 1933 жылы Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастыруы және Абайдың ғылыми өмірбаянын жасап беруі себеп болды. Абайтану тарихының М.Әуезовтен басталатын себебі – сол.

Әйтсе де, сол кездегі озық ойлы Алаш зиялыларының Абай мұрасын қызғыштай қорғап, жан ұшырған әрекеті абайтану тарихында өзіндік орнын қалдырды.

Солардың бірі – қазақтың аса көрнекті біртуар ақыны **Ілияс Жансүгіровтің** 1923 жылы 8 мамырда «Тілші» газетіне шыққан «Абай кітабы» атты мақаласындағы үш түрлі мәселені ерекше атаймыз. Бірінші – Абайдың 1922 жылы Ташкентте басылған жинағын шығарушы «Түркістан халық комиссариаты білім комиссиясының» бастырушылары туралы айтып, әрбір өлең жолына мұқият үңіліп, 21 сөйлемді түзетуі. Бұл Абай өлеңдерінің текстологиясына жасалған тұңғыш сындарлы қадам еді. Екінші – Абайды тұрпайы социологиялық танымдағы сыннан алғашқылардың бірі болып қорғауы. Ол: «Қазақстанның жалпақ еңбекшілері кімнің қораз, кімнің бұлбұл екенін айырар. Бір есектің бетімен кетпес», – деп кесіп айтты. Абай атынан мынадай пародия да жазды:

Демеймін мені мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.



ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ

Сүйтсе де сондай сыншыдан,
Құдайым мені сақтасын, – дейді.

Үшінші, Абай шығармаларының толық жинағын құрастыруға осы бастан қам жасап, бірнеше жыл тыңғылықты ізденіп, асықпай-аптықпай шығару қажеттігін айта келіп, бұған басшылық етуге «Абайды жете білетін Шөкәрім, Мұхтар, Әлихан, Ахмет сияқты адамдарды үндеу керек», – деген аса маңызды пікір білдірді. «Қазақ поэзиясының Құлагері» атанған І.Жансүгіровтің бұл пікірі қашан да өз құнын жоймайды.

І.Жансүгіровтің 1933 жылы М.Әуезов құрастырған Абай шығармаларының толық жинағына алғы сөз жазуы да оның өрелі ойын, кісілік келбетін танытады.

Сондай-ақ ХХ ғасырдың басында дәлірек айтқанда 1923 жылдардан бастап, **Райымжан Мөрсекұлы, Ыдырыс Мұстамбайұлы** сияқты Алаш азаматтары Абай мұрасына «байшыл, феодал ақын» деп кінә таққандардан қорғау жолында баспасөз беттерінде жазған мақалаларының да маңызы зор.

Ғалым **Бейсенбай Кенжебаев** та 1923–1925 жылдары «Абай», «Абай шығармаларының жинағына сын» мақалаларында «Абай қазақтың жазба әдебиетін бастады, соған негіз салды. Сондықтан Абай – қазақ жазба әдебиетінің ағасы. Бұл орын Абайға үлкендік те, кішілік те қылмайды» деген сияқты оң баға берді. Бұлардың барлығы да М.Әуезовтің «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» дегеніндей абайтану ғылымының қалыптасуына белгілі бір дәрежеде дұрыс бағытта үлес қосты.

Ескерту: Абай шығармаларының отызыншы жылдардан кейін зерттелуі 10–11 сыныпқа арналған «Абайтану» оқулығында арнайы сөз болады.

1

Білу

1. ХХ ғасырдың басында Абай шығармашылығын кімдер зерттеді?

2. М.Мырзахметұлы абайтану ғылымын неше кезеңге бөледі?
3. М.Әуезовтен бұрын Абай өмірбаянын жазған кім?

2


Түсіну

1. Неліктен А.Байтұрсынұлы сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болу керек деп есептеді?
2. А.Байтұрсынұлы ақын өлеңінен қандай мін табады? Не себепті?

3

Қолдану

Абайтану ғылымының М.Мырзахметұлы жүйелеген кезеңдері бойынша сызба толтырыңдар.



4

Талдау

«Талқылау картасы» бойынша Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлының мақалаларын оқып, салыстыра талдап, кестені толтырыңдар.

Ә.Бөкейхан	А.Байтұрсынұлы

5

Жинақтау

М.Дулатұлының «Абайдың жоғалуы – қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» деген сөзін қатыстырып, аргументативті эссе жазыңдар.

6

Бағалау

А.Байтұрсынұлының ақын өлеңінен тапқан мініне қазіргі уақыт тұрғысынан баға беріңдер.

Әдебиет:

1. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
2. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. 1-том. – Алматы: Атамұра, 1995. – 208 б.
3. Әуезов М. Абайдың өнері һәм қызметі. / Абайдан соңғы ақындар. (Мақала соңында «Екеу» деп жазылған Р.З.) / Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: 1997. – 62–67-б.; 90–96-б.

2.2 М.Әуезовтің абайтануға қатысты зерттеу еңбектері



МҰХТАР ӘУЕЗОВ

Қазақ халқының данышпан жазушысы, әдебиет зерттеуші, ұстаз-ғалым, қоғам қайраткері, драматург, публицист М.Әуезовтің абайтануға қатысты зерттеу еңбектері сан салалы. Академик М.Әуезов абайтану ғылымының негізін салып қана қойған жоқ, тұтас тарихын жасады.

Абай мұрасын зерттеу, насихаттау, таныту жолындағы Мұхтар Әуезовтің ізденістері XX ғасырдың алғашқы ширегінен басталады. «Абай лебі,

Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр» деген М.Әуезов сөзі – мәңгілік ұғым. Ол абайтану ғылымының негізін қалады, бірінші рет оқу үдерісіне «Абайтану» деген атпен дәріс енгізді, абайтануды қазақ әдебиеті тарихының дербес ғылыми бір саласына айналдырды. «Абай» трагедиясын (пьеса),

(1939), «Абай» операсының либреттосын (1944), «Абай әні» көркем фильмінің сценарийін жазды. Абай әндерінің нотаға түсуіне, жариялануына, дұрыс айтылуына да бас-көз болды. Тіпті Абай суреттері мен портреттеріне дейін мән беріп, кемшілігін айтып отырған. Бұл туралы З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінен оқуға болады.

Абай ауылымен малы аралас, қойы қоралас болған атасы Әуез бен әжесі Дінасылдың ықпалымен болашақ академик-жазушы ақын мұрасын жастайынан біліп өседі. Оның тағы бір себебі Құнанбайдың кіші әйелі Нұрғаным туыстық жағынан М.Әуезовтің апайы болып келеді. Нұрғаным – жазушының үлкен атасы Бердіқожаның қызы. Құнанбайдың қартайған шағында, қажылық сапарға барып, одан кейін дүние ісіне араласпай дін жолына біржола берілуіне осы Бердіқожаның әсері туралы халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің «Прометей алауы» деген романынан оқуға болады.

Өсе келе болашақ ғұлама өзіне кішкене күнінен жақсы таныс Абай айналасындағы сол тұстағы көзі тірі кісілердің барлығымен жүздесіп, Абай өмірбаянына қатысты материал жинаған. Абайдың ақын шәкірттері Көкбай мен Шәкәрім, жұбайлары Ділдә мен Әйгерім, Абайдың кіші шешесі Нұрғаным, ақынның достарымен, тіпті «жауларымен» де жеке-жеке кездесіп, оларды көріп, әңгімелескенін Әуезовтің өзі де жазып кеткен. Міне, осының бәрі, әсіресе Абайды көзі көрген адамдардың естеліктері «Абай жолы» романының өзегін қалады. Әрине жазушы белгілі бір оқиғаны бір адамның айтуымен ғана жаза салмаған. Ол бір оқиғаны бірнеше адамнан сұрап, елеп-екшеп барып қана пайдаланған. Сондай-ақ Абайдың көзі тірісінде жарияланған баспасөз материалдары мен жарық көрген кітаптардың барлығымен таныс болған. Соның бәрін әбден сүзгіден өткізу нәтижесінде Абайдың тұңғыш ғылыми

өмірбаяны жазылды және «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи деректері жасалды.

М.Әуезов XX ғасырдың бас кезінен жинаған материалдары негізінде 1918 жылы «Абай» журналына бұдан кейін «Таң», «Шолпан», «Сана» журналдарына Абай шығармаларын жариялап, мақалалар жаза бастайды. Академик-жазушының алғашқы ізденісі «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» атты «Абай» журналында жарияланған мақалаларынан бастау алады. Бұлар «Екеу» деген лақап атпен жарияланған.

1924 жылы «Абайдың қазақ әдебиетіндегі тарихи орны» деген баяндамасында Абай шығармашылығын зерттеу туралы нақтылы міндеттерді алға тартады. «Абайтанудың негізі шынына келсек, М.Әуезовтің тарапынан Абайдың қайтыс болуына 1924 жылы жиырма жыл толу қарсаңында-ақ салынғанын көреміз» деген М.Мырзахметов осы жылдары Әуезовтің қолында болған Абайдың ғылыми өмірбаяны бұдан кейін он жылдан кейін кешеуілдеп жарияланғаны туралы жазушы архивінде сақталған деректер бойынша ой қорытады. Ғалым «Әуезов және Абай» (1997) атты зерттеу еңбегінде «1924 жылдары-ақ М.Әуезов құрастырып, даярлаған толық жинақ 1933 жылға дейін жарияланбай келді. Ол Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуы қарсаңында 1933 жылы ғана жарық көрді. Бұл басылым республикамыздың рухани өмірінде, әсіресе, абайтану тарихында теңдесі жоқ зор мәдени құбылыс болды. Қазақ халқы өз классигі ұлы ойшыл ақын Абайымен алғаш рет толық танысуға мүмкіндік алды. Абайтану саласында жазылған зерттеулер мен ғылыми мақалалар да енді асыл түпнұсқа ретінде қабылданған шығармалар тексіне сүйене бастады. Осы жинаққа дейінгі жүргізілген зерттеу жұмыстарының бәрі де тек 1909 жылғы және 1922 жылдары Қазан, Ташкент қалаларында қайталанып, басылып келген Абай өлеңдерінің таңдамалы

шағын жинақтарын негізге алып келген еді» (66-бет) деп жазды. Бұл «мүлде жоғалып кетуге бет алған өлең жолдарын қайта жаңғыртып, хатқа түсіруіне тек қана М.Әуезов» себеп болғандығын көрсетеді.

Міне, М.Әуезовтің абайтануға қатысты зерттеу еңбектері дегенде Қызылорда қаласынан 1933 жылы **М.Әуезов құрастырып шығарған Абайдың екі томдық шығармалар жинағының орны ерекше** екендігін атап өтеміз. Мұнда Абай өмірбаяны тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан толық ұсынылды және Абай қарасөздері де тұңғыш жарияланды. Кейінгі абайтанушылардың барлығы да осы өмірбаяннан аттап кете алмады. Бұл өмірбаянда Абайдың туғаннан қайтыс болғанға дейінгі кезеңі, өскен ортасы, айналасы, әсер еткен өмір мектептері тұтас қамтылып, абайтану ғылымының негізі қаланды. Дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерілуіне жол ашылды. Мұны көрнекті абайтанушы ғалымдардың қай-қайсысы да өз еңбектерінде атап көрсетті.

Ал «Абайтану» атты арнаулы курсты 1943 жылы қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не ауысқаннан кейін М.Әуезов оқу үдерісіне түбегейлі енгізді. 1942–1943 оқу жылдарында басталған абайтану курсын М.Әуезов өмірінің соңына дейін, яғни 1961 жылға дейін өзі жүргізді.

1950 жылдары қайта бас көтерген тұрпайы идеология танымы М.Әуезовке де әсерін тигізді. Ол өкімет талабы бойынша 1951 жылдың ақпан айында «Абайтану» курсының ең алғашқы бағдарламасын жазып шықты. Мұнда Абайдың шәкірті Көкбай Жанатайұлының «Сабалақ» («Абылай хан» туралы) дастаны туралы тұжырымдамасы Кеңес өкіметінің саясатына қайшы келгендіктен, бұл бағдарлама сол жылдың қараша айында қайта жазылды. Мұнда Абайдың ақындық мектебі және ақын шәкірттері туралы деректер алынып тасталды. Бұл бағдарлама 1988 жылы «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген атпен «Ғылым» баспасынан

шыққан М.Әуезовтің ғылыми-зерттеу мақалалары мен құжаттар жинағында тұңғыш рет жарық көрді. Мұнда «Абай мектебінің ақындары» «Көкбайдың ақындығы», «Абайтанудың арнаулы курсына» байланысты бұрын жарияланбаған лекциялар басқа да абайтануға қатысты баяндамалар, сөздер мен пікірлері жарық көрген.

М.Әуезовтің 1934 жылы жазған «Абай ақындығының айналасы» атты мақаласындағы «Мұндай ақын – төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Мағауия – Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы – Абай өлген жылы өлген. Қалған екеуі – Көкбай, Шөкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағынадағы шөкірттері. Абайдан аталық, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлең мен қарасөздерін әрі оқушы, әрі таратушы, бағалаушы, тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған» дегендегі Шөкәрім туралы айтпақ болған ойын жалғастыруға сірескен жүйенің мүмкіндік бермегенін көреміз.

1944 жылы ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер институтынан М.Әуезовтің ұйымдастыруымен «Абайтану» бөлімі ашылды. Алайда 1947 жылы «Тіл және әдебиет институттарының өрескел саяси-идеялық қателіктері» деген қаулысынан кейін бөлім ресми жабылды. Бұған М.Әуезовтің Абай туралы зерттеулері дәлірек айтқанда «Абайдың ақындық мектебі» себеп болды. Дегенмен абайтану тарихы тоқтап қалған жоқ, одан әрі жалғаса берді. Жазушы қайтыс болғаннан кейін есімі берілген осы ғылыми-зерттеу институтында 1990 жылы М.Мырзахметұлының ұйымдастыруымен «Абайтану» бөлімі қайта ашылды.

«Қазақ халқының ғажайып ұлы Мұхтар Әуезов Абай жайында өзінің роман-эпопеясында ыстық ілтипатпен, тамаша шеберлікпен баяндады. Міне, содан бері Абай даңқы біздің елімізге, одан тыс жерлерге бұрынғысынан да кең тарап кетті. Сөйтіп, ол жайындағы

өңгіме Батыс пен Шығысты шарлауға шықты» деп көрнекті ғалым Қ.Мұхамедхановтың жазғанындай, Абай даңқының жайылуына бірден бір себеп болған «Абай жолы» романы болып табылады.

«Қазақ өмірінің энциклопедиясы» атанған М.Әуезовтің әлемге әйгілі «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші кітабы алғаш рет «Абай» деген атпен 1942 жылы, екінші кітабы 1947 жылы жарық көрді. Бұл 1950 жылы «Ақын аға» деген атпен жеке кітап болып басылған. «Абай жолы» аталған үшінші, төртінші томдары 1952, 1956 жылдары шықты. «Абай жолы» біртұтастықта 1956–1957 жылы алты томдық шығармалар жинағында басылды. 1961 жылы «Абай жолы» екі кітап болып шықты. Бұдан кейін жиырма жыл өткеннен кейін ғана елдің сұранысына орай 1989, 1997, 2000 жылдары «Абай жолының» жеке басылымы төрт томдық болып шыға бастады. 2014 жылы елу томдық шығармалар жинағының екінші басылымында «Абай жолы» 26–29-томдарды қамтиды.

1950 жылы орыс жазушысы Леонид Соболевпен бірге жазған «Абай» атты 4 перделі, 7 суретті пьесасы жарық көрді. Бұлардан басқа «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1927), «XVIII–XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1961), «Әр жылдар ойлары» (Мақалалар мен зерттеулер, 1959) т.б. еңбектерінде Абай туралы зерттеулері беріліп отырды.

М.Әуезовтің Абай мұрасына арналған зерттеулерінің ішінде «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» (1845–1904) атты монографиясының маңызы зор. Бұл алғаш рет «Әр жылдар ойлары» атты кітабында жарияланды. 1967 жылы осы монографияның толық нұсқасы «Абай Құнанбаев» деген атпен белгілі ғалым, ф.ғ.д. Ысқақ Дүйсенбаевтың алғы сөзімен және басқаруымен шықты. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Абайды тану» деп басталып, «Абайдың өмірбаяны», «Абайдың жас шағындағы шығармалары», «Абайдың лирикасы», «Абайдың

поэмалары», «Абайдың аудармалары», «Абайдың қара-сөздері» деген тарауларға бөлінген. Екінші бөлім М.Әуезовтің мақалаларынан тұрады. Мұнда «Абай ақындығының айналасы», «Абай жайын зерттеушілерге, «Орыс классиктері мен Абай», «Абай еңбектерінің биік нысаны», «Абай мұрасы жайында» деген мақалалары мен орысша жазылған басқа да Абай туралы зерттеулері енгізілген. 1951 жылы жазылған «Абайдың әдеби мектебі» деген тарау бұл кітаптан да қысқартылды. Көзі тірісінде жариялата алмаған бұл бағдарлама кейіннен жоғарыда аталған «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» деген кітабында жарық көрді.

«Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы» (1845–1904) атты монографиясы 2014 жылы шыққан елу томдық шығармалар жинағының 35-томына (133–384-б.) енгізілген.

Жалпы Әуезовті тану үшін Абайды тану керек, Абайды тану үшін Әуезовті тану керек. Әсіресе мұсылмандық шығыс әдебиетіне қатысы мен толық адам туралы ой-пікірлерінің қазіргі көрінісін көру үшін профессор Мекемтас Мырзахметұлы еңбектері мен ғалым жетекшілігімен жүзеге асқан абайтану зерттеулерін негізге алу керек. Өйткені М.Мырзахметұлы – 1960 жылдардан бастап, 55 жыл уақытын абайтану ғылымына арнаған қазіргі көзі тірі жалғыз абайтанушы. Оның зерттеулері Абайдың толық адам ілімін тұжырымдауға негіз болды. Ғалым 1946 жылы «Абай поэзиясының тілі» деген тақырыпта тұңғыш докторлық диссертация қорғаған академик Қажым Жұмалиевтің жетекшілігімен 1963 жылы «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Осы диссертация негізінде «Абайтану тарихы» атты монографиясы жарық көрді. Міне, содан бері абайтану ғылымы мен Әуезовтану ғылымы қатар дамып келеді.

1998 жылы академик Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» атты романы ҚР Мемлекеттік сыйлығын

алуы да кездейсоқ құбылыс емес. «Творчество психологиясының тереңіне бойлап байқасақ, Флобердің «Бовари – өзім» дегені дәл: Құнанбай мен Абай – бәрінен бұрын Мұхтардың өзі. Бұлар ғана емес, сайып келгенде «Абайдағы» күллі кейіпкердің күллі сезімі мен сыры, ақылы мен ойы, парасаты мен философиясы – бәрі Мұхтардікі! Әуезовтікі! Бұл ғажап нәрсе!.. Әуезов – екінші Абай» деп М.Әуезовтің ұстаздық, ғалымдық, жазушылық, азаматтық қырын жан-жақты сомдап шыққан бұл дилогия роман-эссе жанрының қазақ әдебиетіндегі классикалық үлгісі болып табылады.

«Абай жолы» роман-эпопеясы Үрімшідегі «Шыңжан халық баспасынан» бүгінгі күнге дейін 5 мәрте араб жазуымен басылып шықты. Сонымен бірге Шыңжанда қазақ дикторы Мұратбек Тесебаевтың оқуында «Абай жолы» романының 80 сағаттық дыбыстық жазбасы таратылған. Бұл Шыңжаң халық радиосынан (қазақ тіліндегі) да, ғаламтор жүйесі арқылы да оқылып, Қытайдағы қазақтар арасында «Абайды оқымаған қазақ – қазақ емес» деген тәмсіл сөздің шығуына себеп болды. Мұның өзі Абайдың қазақ халқының рухани көсемі ретінде әлемге танылуының бастамасы болған «Абай жолы» арқылы әлі де жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

1

Білу

1. М.Әуезов Абай шығармашылығын қай кезеңде зерттеді?
2. М.Әуезов ақын туралы қандай еңбектер жазды?

2

Түсіну

1. Неліктен М.Әуезов абайтану саласындағы маңызды зерттеушілердің бірі?
2. Қалайша М.Әуезов Абай шығармашылығын терең зерттей алды?
3. М.Әуезов абайтану курсының бағдарламасын неге қайта жазуға мәжбүр болды?

3

Қолдану

М.Әуезовтің «Мен Абай тереңінен шөмішпен ғана іштім» деген сөзіне фактілерді жинақтап, «Түртіп алу» кестесіне толтырыңдар.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	? «мені таңғалдырады»

4

Талдау

«SWOT-талдауды» қолданып, М.Әуезов зерттеулерінің күшті жақтары, әлсіз жақтары, мүмкіндіктерін және оған қандай қауіптер төнгендігін талдап, нақты дәлелдер келтіріңдер.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

5

Жинақтау

«Төрт сөйлем» тәсілі бойынша М.Әуезовтің Абай туралы зерттеулері туралы ойларыңды жинақтаңдар.

1. Пікір. Жазушы мен ақын туралы өз пікірлеріңді жазыңдар. (1 сөйлем)
2. Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдеңдер. (1 сөйлем)
3. Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер. (1 сөйлем)
4. Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар. (1 сөйлем)

6

Бағалау

«Әуезовті тану үшін Абайды тану керек, Абайды тану үшін Әуезовті тану керек» деген пікірге баға беріңдер.

Әдебиет:

1. Нұрқатов А. Мұхтар Әуезов творчествосы. – Алматы, 1965.
2. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. (Жауапты редактор: З.Ахметов). – Алматы: 1982. – 296 б. / Абайтану тарихы. – Алматы, 1994. – 192 б.
3. Ахметов З. «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы және оның жазылу тарихы». Монография. – Алматы: Ғылым, 1984.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. – 8-том. – Алматы, 2004.
5. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. – Алматы: Қазақстан, 1997.
6. Қабдолов З. Менің Әуезовім. – Алматы: Санат, 1997.
7. Тайжанов А.Т. Мировоззрение Мухтара Ауэзова. – Алматы: Ғылым, 1997.

2.3 Абай шығармаларының басылымдары

Абайдың көзі тірісінде шығармалары көбінесе қолжазба күйінде және ауызша тараған. М.Әуезов Абайды танудың бастаулары ХІХ ғасырдың соңында жасалғандығын айта келіп, үш түрлі таралу жолын нұсқады: бірінші – баспа арқылы таралуы; екінші – халық арасына ауызша жатталып, әнмен аралас таралуы; үшінші – қолжазба түрінде көлемді жинақтар болып, көшіріліп таралуы. Бұл жерде М.Әуезов Абай



1922 жылы Ташкентте шыққан Абай шығармаларының титул беті

шығармаларының басылымын 1889–1902 жылдары шығып тұрған баспасөздегі ең елеулі («Дала уәлаяты» газеті) ресми газеттен бастаған. Сонымен бірге жазушы-академик Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиясында (1967) «Қазаннан, әскери қызметтен келіп, Абайға туысқан-дос болып кеткен татар молдалары: Ғабитхан, Кішкене молла (Мұқаметкөрім), Махмұт (Кішкене молланың баласы) және қазақтан шыққан Мүрсейіт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайырбай сияқты бала оқытушылар Абайдың өлеңдерін көп көшіріп, таратып отырды... Ғабитхан, Кішкене молла сияқты жасы үлкендері Абай өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүрсе, кейінгі Мүрсейіт бастаған көпшілік Абай шығармаларының жинақтарын 1896 жылдан бері қарай көшіретін болды», – деп жазды. (27-б).

Сондай-ақ Абай айналасы «неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі» сияқты болғандықтан, Абай айтқан әңгімелерді Баймағамбеттей ертекшілер үлгі етіп, көпке таратқан. М.Әуезов «Абай өмірбаянында»: «Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, ән салғызу, малшы көршілерге де ертек, аңыздар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау аса көп болған» дей келе, «Сондайлық тәрбие, үлгі-әсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Бөкизат, Уәсила, Әсия, Рахила сияқты оқымысты, тәлімді қыздар өсіп, ұзатылар алдында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп, Абайдың өлең жинағын әкететін болған», – деп жазады. Бұдан Абай айналасындағы жастардың ішінде жігіттермен қатар оқымысты қыздардың да Абай өлеңдерін жазып және жаттап алып, таратуға себін тигізгенін көруге болады. Абай топырағында туып-өскен абайтанушы ғалым Әбіш Жиреншин «Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары» (1959) деген еңбегінде: «Өзіміздің бала күнімізде де сондай қолжазбалар әр

үйдің сандығынан шығатын. Абайдың мұңлы, зарлы өлеңдерін оқығанда, «жарықтық-ай» деп көзіне жас алып, кемсеңдеп кемпір-шалдардың жылағанын да талай көрдік» (16-б.) деп жазады.

Жоғарыда аталған жағдайлардан басқа Абайдың қолжазба түрінде әр көлемді жинақтар болып, көшіріліп таралуында Сәдуақас Мұсаұлы Шормановтың (1846–1927) қолжазба жинағы (1884–1891 жж. жазылған) айрықша аталады. Бұл деректі алғаш тапқан академик Әлкей Марғұлан «Абай қолжазбасы» деген мақаласында 1897 жылы Петербургке барған Сәдуақастың осы қолжазбаны сақтап қалу үшін Петербург университетінің профессоры П.М.Мелиоранскийге тапсырғанын, мүлтіксіз көшірілген бұл дәптердің Салтыков-Щедрин атындағы кітапхананың А.Н.Самойлович атындағы архивінде сақтаулы екендігін жазды. Мұнда Абайдың 17 өлеңі енгізілген және дұрыс жазылған қолжазба жинақ болып есептеледі. Сондай-ақ Әлкей Марғұлан 1946 жылы Ленинградтағы (қазіргі Петербург) Географиялық қоғамының архивінен орыс ғалымы, журналист В.А.Кудашев тапсырған Абай өлеңдерінің тағы бір жаңа қолжазбасын табады. Бұл С.Шормановтың қолжазбасымен негізінен сәйкес келіп отырғанымен, бірді-екілі айырмашылықтар ұшырасады. Мысалы, Сәдуақаста «Ұрлық, сұмдық, қулықпен мал жиылмас» деген «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей» деген өлеңнің екінші жартысы ғана берілсе, мұнда бас жағы да «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей» делініп түгел берілген. Мұнда жиыны 16 өлең топтастырылып, архивке 1897 жылы тіркелген. (Ә.Марғұлан мәліметтерімен танысу үшін №5 сілтемені қараңдар). Бұлардың барлығы М.Әуезовтің көзі тірісінде соңғы рет құрастырып кеткен 1957 жылғы Абай басылымында ескерілген.

М.Әуезов Абайды танудың ең алғашқы адымдары ақынның көзі тірісінде басталғанын, тіпті «Абайдың

өмірі мен ортасын, еңбектерінің әр алуан сипаттарын, өз шамасынша, көпшілікке мәлімдеп отырған үлкенді-кішілі танытқыш сөздерді де еске алуымыз керек» – деп Абай дәуірінде баспасөзде жарияланған материалдарға да көңіл бөлді. Мұнда «өз шамасынша» және «танытқыш сөздер» деген жазушы пікіріне назар аударған жөн. Демек, бұлардың ғылыми негізі бар үлкен жауапкершілік жүктейтін дерек емес, жай ғана «танытқыштық» сипаты бар екенін ескеру керек. Өйткені қазіргі уақытта Абайдың көзі тірісінде жарияланған өлеңдерінен жаңалық іздеушілер көбейді. Сондықтан үнемі М.Әуезов зерттеулеріне жүгіну керек, ол Абай заманындағы баспасөз материалдарын ғана емес, «діншіл, кітапшыл, молда-ақындар шығарған 80-ге жуық кітапқа» сараптама жасап, көңілі толмайтындығын өз еңбектерінде ашық білдірген.

Абайдың көзі тірісінде өз рұқсатымен «Дала уәлаяты» газетіне «Жаз» (1889 жылы №7) өлеңі және «Болыс болдым мінеки» (1889 жылы №12) деген екі өлеңі жарияланды. «Жаздыгүн шілде болғанда» деп басталатын «Жаз» өлеңіне: «Семей оязы, Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай аулының Бақанас өзінде Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі» деген түсінік беріліп, өлең соңында «Кісіден үйреніп жаздым: Көкбай Жанатайұғлы» деп Көкбай атынан берілсе, екіншісі «1888 жылда май айында Ақшатау деген жерде, Семей облысы менен Жетісу облысының чрезвычайный съезі болғанда, бір уездің ел билеушілерінің съездегі түрі» деген түсінікпен берілген. Мұнда авторы көрсетілмеген. Бұл екі өлең де редакция тарапынан өзгеріске ұшырап, түпнұсқаға өрескел зиян келген. Тақырыбы өлеңнің туу себебін және орнын анықтауға қажет болғанмен, шұбалаңқылығы мен өлең өткірлігі Абай стиліне тән емес.

Бұл туралы 1963 жылы «Жұлдыз» журналының №5 санында жарияланған «Абайдың революцияға

дейінгі басылған өлеңдері жайлы» деген мақаласында М.Мырзахметұлы: «Бұл редакциялау жай құбылыс емес, Абай өлеңдерінің бағыты газет танымына қайшы келуден туындап отырған жайт деп білеміз. Ресми отаршылдық көзқарасты уағыздауына демократиялық-ағартушылық жолды ұстаған Абай поэзиясының рухы, ондағы халықтық сарындар қайшы келді» деп жазды. Бұған мысал ретінде ғалым:

«Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап», –

деген жолдарды:

«Күштілерге ұшырасуға
Қайраты жоқ болған соң,
Бата алмайды шыбындап, –

деп өз тұстарынан жұмсартуға тырысқанын ашып берді.

Бұл жерде ең алдымен Абайдың «күштілерім сөз айтса» дегенді кімге қаратып айтып тұрғанын ұғыну керек. Сонда Абайдың сыншылдық көзқарасы отаршыл патша өкіметінің саясатымен қабыспайтындығы бірден ашылады. Екінші «шыбындап» деген сөздің мағынасын түсіну керек. Басы-көзіне шыбын-шіркей үймелеп, мазасын алғандықтан жылқы малы еріксіз бас шұлғи береді. «Шыбындап» деген сөздің «бас шұлғу, қоштау, мақұлдау» деген ауыспалы мағынасы осыдан шыққан. Сонда «бата алмайды шыбындап» емес, Мүрсейіт қолжазбасындағы «бас изеймін шыбындап» дегеннің дұрыстығына көз жеткізуге болады. Сол тұстағы қазақ арасына кеңінен тарап отырған бұл газеттің теріс танымдарынан бірден секем алған Абай қайтып шығармаларын жариялатпайды. Бұғанға дейін де отаршыл ойды анық аңғарып болған ақынның көзі тірісінде өз өлеңдерінің жариялануына қарсы болуының осындай бір мағынасы бар.

Мұндай өрескел бұрмалаулар мен қисынсыз қысқартулар өнер адамының жандүниесіне оқ боп

қадалатынын қазіргі тілмен айтсақ, «қорлық жоқ бұдан өткен шын ақынға, Дерттенер некен-саяқ тірі қалар!..» (Қажытай Ілиясұлы) дегендей Абайдың «өз шығармаларын жариялауға шектен тыс ықылассыз болуында» (Н.Н.Белосюдов) да, «рұқсат етпеуінде» (М.Дулатұлы) де осындай жағдайдың бір ұшы жатыр. Абайдың көзі тірісінде шығармаларын жариялауға мүмкіндігі бола тұра, бұған өзінің қарсы болғандығы туралы пікірлер негізінен XX ғасырдың бас кезінде айтылған. Мұны Көкбай Жанатайұлының өзі сақтап жеткізген Абайдың «Көкбайға» деген өлеңі туралы: «Сорлы Көкбай жылайды, Жылайды да жырлайды» дегенді мені ие қып қойып, өзін айтып еді» деп жазғанынан да («Абай», 1992, №1) түйсінуге болады.

Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы «Абайдың революцияға дейінгі басылған өлеңдері жайлы» деген мақаласында жоғарыда аталғандардан басқа Абайдың көзі тірісінде басылым көрген тағы бірнеше өлеңін атап көрсетті. Оның бірі 1897 жылы Қазанда жарияланған «Кнөз бен Зағипа» деген қиссаның ішіндегі «Сынағанда аттың сыны» (Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ) және Бүркітші (Қансонарда бүркітші шығады аңға) деген өлеңдері. Авторы көрсетілмеген бұл қисса негізінен Зағипа деген қыз бен Князь деген жігіттің жұмбақ айтысына құрылған. Князь армандаған ат пен құстың сипатын көрсету үшін қиссаны шығарушы Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» және «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген екі өлеңін кейіпкерінің аузына тұтас салып, қиссаны аяқтайды. М.Мырзахметұлы осы мақаласында қисса соңындағы:

Ажалдан сабыр беріп болсақ ықтияр,
Шығарамыз мұнан соң қисса Бахтияр.
Құдай берсе талай кітап шықса керек,
Қисса ретінде жазылған тағы даяр...»
«Әркімге өстіп жеткізген патша құдай,
Бектұрған әкесі деп Сиқымбай, –

дегенге және автордың келешекте «Үш қыз», «Бахтияр» деген қисса жазатындықтан, «атымызды бұл кітапқа жазбадық біз» деген дерегіне қарап, Абайдың өлеңін көзі тірісінде өз атынан жариялап жүргеннің кім екенін табады. Бұл 1916 жылы Уфа қаласындағы «Шарқ баспасынан» «Бастырушы Бектұрған Сиқымбайұлы, өлең қылушы Жанұзақ ақын» деген атпен жарияланған «Бектұрған» қиссасы арқылы анықталды. Осылайша автор Абай өлеңдерінің көзі тірісінде қолжазба күйінде кең таралғанын тіпті Шыңғыстаудан сонау Қазан қаласына дейін жетіп, Абай даңқының кеңінен жайылуына мән бергенімен, бірақ «ақын туындыларының бұрмаланып («Дала уәлаяты», 1889, №7, 9), әркімдердің (Жанұзақ, Бектұрған, Жүсіпбек) иемдене бастауына қынжылыс білдіреді. Себебі «Кнәз бен Зағипадағы» сияқты ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасырдың басында кітап шығару ісімен аты шыққан Жүсіпбек Шайхысламұлы да «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген Абай өлеңін өз атынан жариялап жіберген. Жақшаның ішіндегі Жүсіпбек осы кісі.

М.Мырзахметұлының жоғарыдағы мақаласында келтірілген тағы бір құнды дерек – Зейнелғабиден ибн Әміре әл-Жауһари әл-Омскаuidің шығу тегі мен «Насихат Қазақия» жинағы туралы тың мәліметтер. Мұны айтып отырғандағы себеп, қазіргі уақытта 1909 жылы осы Зейнелғабиден жариялаған «Насихат Қазақия» жинағын Кәкітай бастырған жинақпен теңгерушілік ұшырасады. Рас, «Тобықты Ыбрай марқұмның сөздерінен» деп Зейнелғабиден Абайдың бір топ өлеңін Уфа қаласындағы «Шығыс баспасынан» «Насихат Қазақия» рисоласы (трактаты) деген атпен Кәкітай бастырған жинақтан сәл бұрынырақ шығарғаны шындық. Сондықтан Абайды алғашқы насихаттаушы сияқты көрінуі де мүмкін. Бірақ қазіргі қалыптасқан абайтану ғылымы мұны тұңғыш жинақ санатына жатқызбағанын ескеру керек. Сондай-ақ 1909 жылы

Мұхамеджан Кәшимовтің «Сұлу қыз» деген Қазан қаласында басылған жинағында Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңдерінен құрастырылған 20 жол өлеңді де Абай басылымының қатарында санауға болмайды. Бұлардың барлығы Абай өлеңдерінің ел арасында кең тарағандығын көрсету үшін ғана керек, себебі бұлармен текстологиялық салыстыруларды М.Әуезов XX ғасырдың басында-ақ жасап болған. Дегенмен қазіргі уақытта абайтануға қатысты кейбір кітаптарда Абай шығармаларының басылымдары туралы ұшқары айтылған пікірлер ұшырасып қалады. Себебі абайтануға арналған кітаптар жетерлік. Бірақ М.Әуезов және одан кейінгі толқын Қ.Мұхамедханұлы, З.Ахметов, М.Мырзахметұлы сияқты нағыз абайтанушылар мұндағы елеулі кемшіліктерді, сәйкессіздікті, өз жанынан сөз қосудан кеткен өрескел қателіктерді өткен ғасырдың өзінде-ақ дәлелдеп берген.

Абай мұрасын әбден сүзгіден өткізген осы ғалымдардан кейін қайта жаңалық іздеу Абай басылымдарын шатастырады. Мысалы, Интернеттегі абайтану сайттарында: «1882 жылы «Қансонарда бүркітші шығады аңға»... Өлең 2 буынды жыр көлемінде жазылған. Алғаш рет Қазан қаласында басылған «Князь бен Зағипа» (1897) атты жинақта жарияланды» деген түсіндірме кездеседі. Ең алдымен «2 буынды жыр көлемінде жазылған» деу дұрыс емес, буынға бөліп қараңдар, екіншіден, «Князь бен Зағипаны» Абай өлеңдерінің басылымы ретінде көрсетуі де қате. Сондықтан Интернет желісінде мол ұшырасатын абайтануға қатысты мұндай зерттеулерге сын көзбен қарау керек. Негізгі басылым ретінде білікті ғалымдар мен сыншылардың сүзгісінен өткен 1909 жылы Кәкітай мен 1933 жылы М.Әуезов құрастырған жинақтарды басшылыққа алған жөн. Бұл екі жинақтың да бүгінгі күнгі кириллицамен шыққан

басылымын оқулық соңындағы қосымша ұсынылған әдебиеттерден қарау керек.

Болашақ ғалымдар Абай басылымдарындағы ағаттықтарға (қателіктерге) көз жеткізу үшін әрі дұрыс бағыт-бағдар ұстау үшін М.Мырзахметұлының «Абайтану тарихы» (1994) атты монографиясын оқыса да жеткілікті. Мұнда автордың жоғарыда аталған 1963 жылғы мақаласы да қамтылған.

Сондай-ақ Интернет желісіндегі «Абайдың 125 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті» деген хабарлама да дұрыс емес. Есептеп қарасақ, бұл 1970 жылмен сәйкес келеді. Ал ол кезде Ресейлік Кеңес өкіметінің құрамындағы одақтас республиканың бірі болған Қазақстан шетелмен байланыс жасамақ түгіл, іргесінде тұрған Қытайға да адам тұрмақ, ұшқан құс, жүгірген аңын да өткізе алмайтын. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының ЮНЕСКО бағдарламасы бойынша Абай тойы 1995 жылы ғана өткізілді. Осы халықаралық ұйымның шешіміне қол қойған сол тұстағы Бас директор, ақын Федерико Майор мырза да Жидебайда өткен Абай тойына қатысқан.

Ақын мұрасының XX ғасырдың алғашқы ширегінде жинақталуы, жариялануы және оған ықпал еткен адамдар туралы айтқанда Әлихан Бөкейхан мен Кәкітай Ысқақұлының есімдері айрықша аталады. Бірі Абай шығармаларының ең алғашқы жинағын шығаруға ықпал етсе, бірі жинақталуына себеп болды. Ең алдымен осы іске мұрындық болған Кәкітай Ысқақұлы Құнанбай немересінің (1869–1915) есімі құрметпен еске алынады.

Ол «Абай ағамның қатарында жүрген жылдарішінде оның үйретпеген білімі болмады, бірақ бәрін түгел ұғып ала алмадым. Мен Абайдың қарызын ұмытпай, шамам келгенше қызмет етуді өз борышым деп біліп, арттағы жастарға қалдырған өсиетін, қазақ халқына істелген еңбегін баспаға бастырып, көпке таратуды міндетіме аламын», – деп өзіне-өзі уәде берген Кәкітай

Жидебайда бала оқытып жүрген молда Мүрсейіт Бікеұлына еңбекақысын төлеп, Абай шығармаларын көшіртіп жазғызған. Ол уақытта Абай ауылындағы жастардың барлығы да араб жазуына сауатты болған. Бірақ Мүрсейітке жаздыратын себебі, оның жазуы маржандай тізіліп тұрған. Бұл адам қолтаңбасының сұлулығымен абайтану тарихында «Мүрсейіт қолжазбасы» деген ат қалдырды. Абайдың толық өмірбаяны мен шығармаларының екі томдық толық жинағын тұңғыш шығарған М.Әуезов те Мүрсейіттің 1905, 1907, 1910 жылдардағы қолжазбасын пайдаланған, әрі осы 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасын ерекше бағалаған Әуезов оны өз архивінде сақтаған. Қалған екеуі ҚР Ұлттық Ғылым академиясының қолжазба қорына өткізілген.

Ақын шығармаларын жинастыруға Кәкітаймен бірге Абайдың Әйгерімнен туған баласы Тұрағыл да (Тұраш) ерекше көмек көрсеткен. Екеуі жай ғана жинақтап қана қоймаған, Абай шығармаларын тақырып бойынша 17 бөлікке бөліп, 145 өлеңі мен «Масғұт әңгімесі», «Ескендір әңгімесі» деген екі дастанын енгізген. Кітап соңында Кәкітай жазған Абайдың өмірбаяны мен фотосуреті берілген. Мекемтастанушы ғалым Дәурен Мұхамдиевтің «Кәкітай деректері Абай өмірбаяны, мұрасы жайлы берілетін тың ақпарат айнасы болып табылады» дегені ғылыми топшылаудан туындаған пікір.

Біз тарау басында толық мәтінін берген Әлихан Бөкейханның 1905 жылы жазған мақаласы осы қолжазба негізінде жазылғанын және ұлт көсемі ақын өміріне байланысты барлық деректі Кәкітай бергенін атап көрсеткенін айтқанбыз.

1905 жылы Әлиханның кеңесімен Абай шығармаларын баспаға әзірлеуге кіріскен Кәкітай сол жылы жазда Семейге, одан әрі Омбыға барып бастырта алмаған соң, Қазан қаласына барған. Осы қалада Санкт-Петербург баспаханасының өкілімен келісімшарт жасасып, болашақ кітаптың корректорлығын өз мойнына алып,

ақысын алдын ала төлеген. Илияс Бораганский баспасы әр баспа табақты пошта арқылы Шыңғыстаудағы Кәкітайға жіберіп отырған, ол қателерін түзеп, оны қайта баспаға жіберіп отырған. Қолдан көшірілген жинақты бастыруға екі жылдай уақыт кеткен. 1909 жылы Абайдың тұңғыш жинағы – «Қазақ ақыны Ибрагим Құнанбайұғылының өлеңі» бастырған Кәкітай, Тұрағұл Құнанбайұғландары» деген атпен Санкт-Петербургте жарық көріп, барлық данасы Семейге Кәкітайға жіберілген. Сол жерден бүкіл қазақ даласына тараған. Осы кітап 1909 жылы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкерлері Ж.Ысмағұлов, Т.Әлбеков (жауапты шығарушы), А.Әлібекұлы, С.Қосан т.б. жауапты адамдардың қатысуымен екінші рет араб және кириллица әрпімен жарық көрді. Бірінші басылымдағы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев жазған «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі» деген өмірбаян да берілген.

Сол тұстағы архив мәліметтері бойынша, 1906 жылы түрмеге қамалғанда Әлиханның портфелінде Абай өлеңдерінің қолжазбасы болған. Оны 5 мың сомға бағалап, аман сақтауына адвокат арқылы өтініш түсірген. Ә.Бөкейханның 1915 жылы «Қазақ» газетіне жариялаған «Кәкітай» атты мақаласында (бұл да азнама) 1904 жылы Абай қайтыс болғаннан кейін өзінің тапсырмасы бойынша Кәкітайдың 1905 жылы Омбыға Абайдың қолжазба кітабын алып келіп, одан екеуінің Семейге келгендігі, бірақ 1906 жылдың басында өзінің қалай қолға түскені туралы бүге-шігесіне дейін жазылған. 1907 жылы Әлиханның ұйымдастыруымен сол Географиялық қоғамның арнайы жинағында Абайдың суреті тұңғыш рет баспа бедеріне түсті. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы туралы М.Әуезов: «...Қазақтың мәдениет тарихына, Абай мұрасына ерекше еңбек сіңірген, Абай өзі тәрбиелеп, баулыған – Кәкітай Ысқақұлының еңбегін ерекше айту керек. Кәкітай Абай шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағын

бірінші рет Петербургтегі Бораганский баспаханасында 1909 жылы шығарды. Сол жинақтың аяғында ақынның Кәкітай жазған бірінші өмірбаяны беріледі», – деп үлкен ілтипатпен баға берген.

Алаш қайраткері, тарихшы, тілтанушы Телжан Шонанұлы 1921 жылы «Ақжол» газетінде «Абай кітабын бастыру керек» деген мәселе көтерді. Осы аталған мақаласында ғалым: «Қазақстан ағарту комиссариаты жақында құрылған жазушы-бастырушы комиссия ұлт әдебиетін жинап бастырғанда ең әуелі «Абай» сөзін бастырар деп сенеміз. Олай етпесе болмайды. Неге десеңіз Абай кітабы бұл күнде «Зубр» тәрізді өте сирек қалды. Ол сирек қалған жалғыз-жарым нұсқаларының тозып, жыртылғаны енді аз мезгілде Абайды қолға түсіре алмасы кәдік. Мәселен, бүкіл Бөкей губерниясына тіпті ұлт әдебиетімен шұғылданып жүрген адамдардың қолында Абайдың өз нұсқасы жоқ. Бүтін арғын уезінде Абайдың бір нұсқасы бар. Оны да әркім жасырып алып кетіп, иесі ізімен іздеп, зорға жазып алады... Қарауыл уезін бастан-аяқ екі рет сүзіп шыққанда, бір-ақ адамда бар болып шықты. Бүтін уездерде осылай. Бұған қарағанда Абай кітабының нұсқалары жоғалуға айналғаны білінеді. Бірақ онымен Абай аты жоғалар емес, Абайды естімеген қазақ жері кем. Орынбор шегінен Сібірге өтсең, Қытай шегіне дейін Сарыарқада Абай әні салынып, Абай өлеңі жырланады. Әсіресе, қазақ ішінде көп айтылатын әні «Көзімнің қарасы» һәм «Сегіз аяқ». Абай енді басылғанда бұрынғы басқанда кеткен қатесін түзеп, әрине, толық, түгел етіп шығару керек», – деп жазды.

Міне, жалғыз Абай айналасы емес, басқа облыстардан да туындаған осындай жанашырлық пікірлердің әсері болмай қалған жоқ. 1909 жылы 1000 данамен ғана шыққан жоғарыда аталған жинақ Қазандағы кітаптарды бастырушы өкіл Бернияз Күлеевтің алғы сөзімен 1922 жылы Қазанда және Кәкітай Ысқақұлының алғы

сөзімен 1922 жылы Ташкентте араб әрпімен өзгеріссіз қайта басылып шыққан. Қазанда басылған нұсқасын дайындаған Б.Күлеевке М.Әуезов пен А.Байтұрсынұлы жәрдемдескен. Бұл кітаптан 5000 дана шыққан. 1920 жылдары бірнеше рет басылып үлгерген бұл жинақ туралы сол тұста баспасөз бетінде сын мақалалар жарияланды.

Ташкентте шығатын «Ақжол» газетінің 1923 жылғы бірнеше санында қатарынан «Абай» деген атпен Ғабдрахман Сағди «Абай еңбектерінің басылуы», «Абайды жұртшылық жағынан тексеру», «Абай өлеңдерінің табиғаты һәм ішкі рухани жағы туралы», «Абайдың тілі һәм өлшеулер» деген бөліктерден тұратын мақала жариялатқан. Бұл ақын поэзиясының тілі мен өлшемі туралы алғашқы толымды пікір болды.

Қазақтың дүлдүл ақыны Ілияс Жансүгіров 1923 жылы 8 мамырда Жетісу губерниясының «Тілші» газетінде Абайдың Ташкентте шыққан жинағына сын пікір ретінде «Абай кітабы» атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екендігін нанымды көрсетті. Мысалы: «Шалғыннан *жүні* қылтылдап» емес, «Шалғыннан *жоны* қылтылдап», «Надандар сол заманда *шырыш* бұзған» емес, «шырық бұзған», «Ұлы сусын төгілсін емес», «*Улы* сусын» деген сияқты 21 сөйлемдегі 21 сөзді түзеткен.

Десе де, осы кезде жарияланған мақалалардың авторлары 1909–1923 жылдардағы басылымдарды пайдаланғандықтан, Абайдың өмірі мен әлеуметтік ортасын, шығармаларын да толық білмегендіктен «тосын пікірлерге» ұрынғанын М.Мырзахметұлы «Абайтану тарихында» жекелеп көрсетті. Бұған негіз болған С.Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» («Еңбекші қазақ», 1923, 1 март) деген мақаласы да екендігін автор атап көрсетті.

Бұған дейін де Абайдың өмірі туралы естеліктерімен көзге түсе бастаған М.Әуезовтің 1922–1923 жылдары

«Шолпан» (Ташкент) журналының бірнеше санында «Қоңыр» деген бүркеншік атпен «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген елеулі пікірталасын тудырған көлемді сын мақаласы жарық көрді. Міне, осы кезден бастап, ақын мұрасын танып-білу жолында әлеуметтік тегіне қарай «байшыл, кедейшіл» деген бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі теріс таным қалыптасады. Абайтанушы ғалым З.Ахметов «Абайдың ақындық әлемі» атты монографиясында: «1920 жылдарда әдебиетті таптық тұрғыдан қарап бағалау мықтап орын алған кезде Абай жоғары таптың ақыны, байшыл ақын деген пікірлер аз айтылған жоқ. Мұның өзі орыстың классикалық әдебиетінің ең ірі өкілдері Пушкин, Толстой сияқты ақын-жазушыларды орыс қоғамындағы жаңашыл байлардың – либерал буржуазияның жыршысы болған деген пікірлерге жалғас, сондай пікірлердің орайымен айтылған еді. Абайды да жаңалыққа өнерге ұмтылған жаңашыл байлардың тілегінен туған ақын деп бағалау сол кезде бел алған таптық қағиданың әсері болатын» деген пікірі XX ғасырдың бас кезіндегі әдеби-мәдени жағдайға берілген дәл сипаттама. (10-б).

1916 жылы Самат Әбішұлы Нұржанов (1898–1944) Орынбор қаласындағы «Дин уә мағишат» баспаханасында бастырған «Абай термесі» атты кітап жарияланады. Көлемі – 10-бет. Мұнда Абайдың алғашқы жинағына енбеген «Бірінші қарасөзі» мен «Жаздыгүні қылтиған бір жауқазын» (10 жол), «Ата-анаға көз қуаныш» (30 жол), Құр айғай бақырған» (8 жол), «Белгілі сөз өлді-өлді» (4 жол), «Күшік асырап ит еттім» (4 жол), «Тайға міндік» (25 жол), «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» (4 жол) деген жеті өлеңі ғана топтастырылып берілген. Жинақ соңында Самат Әбішұлының «Ойлы жұртыма» деген толғауы басылған.

М.Мырзахметұлы «Абайтану тарихы» атты монографиясында С.Әбішұлының өмірбаяны мен ақындығы туралы мәлімет бере отырып: «Абай термесі» – абайтану

тарихында өзіндік орны бар елеулі басылым», – деп бағалады. Мұны ғалым Мүрсейіт қолжазбасымен салыстыра отырып, Кәкітай басылымынан кейінгі екінші жинақ ретінде танытты. Бірақ мұнда Кәкітай бастырған жинақта жоқ Абай қарасөздерінен «Сөз басы» деген атпен жинақтың беташарына «Бірінші сөзі» ғана берілгенін есте ұстау керек. Абайдың 45 қарасөзі бар екенін ескерсек, бұл Абай қарасөздерінің толық жинағы деген мағына бермейді. Осы бір қарасөзге бола, «толық жинақ» деген ағат айтылған пікірлер ұшырасып қалады.

Бұдан кейінгі Абай шығармаларының жинақталып, жариялануы М.Әуезовке тиесілі. 1918 жылдан Абай өлеңдері мен қарасөздерін «Абай» журналында жариялап, ғылыми мақалалар жаза бастаған М.Әуезов XX ғасырдың бас кезінен басталатын ұзақ ізденістің нәтижесінде 1933 жылы Қызылорда қаласында Абайдың шығармалар жинағын латын әрпімен бастырып шығарады. Мұнда алғашқы жинақтарға кірмеген «Кім екен деп келіп ем түйе қуған», «Иүзі рәушан, көзі гәуһар», «Физули, Шәмси, Сайхали», «Әлифдек ай жүзіне ғибрат еттім», «Түңлікбайдың қатыны атың Шәріп», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Назарға» т.б. деген сияқты бірталай жаңадан табылған өлеңдері мен «Әзім», «Вадим», «Қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» шығармалары және қарасөздері де бірінші рет енгізіледі. Сондай-ақ М.Әуезов шығармаларының толық жинағындағы «Абай өмірбаянының алғашқы нұсқасы (1927–1933)» деген атпен жарияланып жүрген Абай өмірбаянының бірінші нұсқасы тұңғыш рет осы жинақта толыққанды ұсынылды. Сонымен бірге «Абай туралы Көкбай ақсақал мен баласы Тұрағұлдың естегілері», «Абай жайындағы Тұраш әңгімелері», «Абай жазған кейбір өлеңдердің қай кезде, не себепті айтылғаны туралы түсіндіру қосымшалар» деген аса құнды мәлімет берілген.

Жалпы М.Әуезовтің Абай мұрасына арналған материалдарын 1933 жылға дейінгі және 1933 жылдан кейінгі деп бөлуге болады. Себебі 1933 жылға дейін Кәкітайдың өзімен сөйлессе, 1933 жылдан кейін оның ұлы Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовқа арнайы барып, мәліметтер алады. Сол сияқты Мадияр Түсіпұлы, Қатпа Қорамжанұлы, Мұсылманқұл Жиреншин т.б. деген Абай ауылымен бірде араз, бірде тату болған ағайындардың балаларымен де жекелеп сөйлесіп, әңгімелеседі. Бұлар да Абайдың көзін көрген адамдар. Мысалы, Әрхам Кәкітайұлы Абай қайтыс болғанда 19 жастағы жігіт болады. Көкбай мен Тұраштан (Тұрағұл) басқа, Әрхам, Мадияр, Қатпа, Мұсылманқұл аузынан жазып алғандарын «Абай өмірбаянына қосымша материалдар» деген атпен М.Әуезов 1939–1940 жылғы «Абай жинағына» жариялады. Осылайша академик-жазушы өзі басқарған жинақтардың кезекті басылымдары шыққан сайын жаңадан табылған тың материалдарға сын көзімен қарай отырып, толықтырып отырған.

1933 жылғы басылым Абай өлеңдерінің бастапқы табиғи нұсқасы сақталып, әр өлеңнің шығу тарихы туралы мәлімет беріліп, Мүрсейіт қолжазбаларынан сұрыпталған Абайдың 45 қарасөзі қосылып шыққан тұңғыш толық жинақ болып табылады. Жалпы М.Әуезов Абайдың төрт рет (1927, 1940, 1944, 1950 жж.) ғылыми өмірбаянын жазған. Бұл өмірбаяндар толықтырылып, М.Әуезов жалпы редакциясын басқарған Абай жинақтарына беріліп отырған және әр басылым сайын жаңадан табылған Абай өлеңдерін өте иджидиһаттылықпен қосып отырған. Абай өлеңдерінің саны 1909 жылғы 148-ден қазіргі 230-ға дейін жетіп, жаңадан 82 өлең қосылуына М.Әуезовтің де өзіндік үлесі бар. М.Әуезов жазған осы төрт нұсқаны 1997 жылы М.Мырзахметұлы бір жерге жинақтап, «Мұхтар Әуезов және Абай әлемі» атты қомақты алғы сөзімен «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» атты кітапқа топтастырып берді.

М.Әуезов соңғы рет 1957 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген Абайдың екі томдық шығармалар жинағының толық нұсқасын дайындауға тікелей қатысып, басшылық жасады. Әрі бұрынғы басылымдар мен қолжазбаларды Әдебиет және өнер институтына әр аптаның бейсенбісінде арнайы барып, текстологиялық жұмыстарды тексеріп, салыстырып отырған.

1945 жылғы жинақта «Абайдың жаңа табылған өлеңдері» деп берілген «Домбыраға қол соқпа», «Ойға түстім толғандым», «Мен боламын демендер», «Ғалымнан надан артпас ұққанменен», «Түбінде баянды еңбек егін салған», «Әйелің Медет қызы, аты Өрім», «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан?» атты жеті өлеңін «Соңғы жылдарда табылған өлеңдер» деген атпен сол қалпында енгізген. Бірақ М.Әуезов Абай өлеңдерінің қатарын көбейтуге тырысқанды жөн санамаған. Оған Әуезовтің мына сөзі дәлел: «Абай сөзі бір-ақ сөз болса да, Абайша шықса жарасар. Абайдың Абайлығы да сонда шығар. Осы Абай өлеңдерінің санын көбейтейік деп өзеурегенше, бар сөзінің кенеуін кетірмейік деп көбірек ойнайық. Абай сөзін көбейтеміз деп көбік етіп алмайық» дейді. М.Әуезовтің ақын сөзін қызғыштай қорғағанын көзімен көрген абайтанушы ғалым Зәки Ахметов «Текстология жайында бірер сөз» деген мақаласында оның 1957 жылы Абай шығармалары деп әкелінген қолжазбаларды қатаң сүзгіден өткізіп, тілін, стилін тереңдей зерттеп, ғылыми талқылауға салғаны туралы нақтылы мысалдар келтіреді. Мұның бір себебі сол кездегі (1957 ж.) жинақтың З.Ахметов Ы.Дүйсенбаевпен бірге Абай шығармаларының мәтінін зерттеп, түсініктерін жазғандықтан, жинақта көрсетілген редакциялық коллегия құрамына кірген.

1956 жылы жазып, 1959 жылы «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» деген тұңғыш монографиялық еңбек шығарған абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедханов 1954 жылғы басылымдағы

кемшіліктерді дәлелдеп көрсеткендіктен, мәтіндегі кеткен қателер түзетілді. Бұдан кейін де Абай басылымдарының текстологиясын зерттеуді тоқтатпаған Қ.Мұхамедханов «Асыл мұраны таза сақтайтын болайық» (1985), «Абай сөзіне үңілсек, дұрыс үңілейік» (1993) деген мақалалар жазды. 1995 жылы «Түсініктемелер жайында бірер сөз» деген мақаласында Абай шығармаларының 1977 жылдан кейінгі толық басылымдарында кеткен өрескел қателіктерді атап көрсетеді. «Бұрынғы басылымдардағы жетістіктер, кемшіліктер түгелдей ескеріліп, тыңнан мәтіндік тексерулер жүргізілді, түсіндірмелер толықтырылып, түзетілді» деп жазғанымен, іс жүзінде бұл айтылғандардың орындалмағанын, керісінше 1933, 1939, 1940 жж. басылымдарда дұрыс берілген түсіндірмелердің қысқартылып қалғанын, бұрынғы кейбір түсініктемелердің ескерілмегендігін айтады. Мәселен 1977 жылғы басылымды шығарушылар Мүрсейіт қолжазбасына ғана сүйеніп, өзгелерді ескермегенін М.Әуезов құрастырған 1933 жинақ пен түсініктемелерінен мысал келтіре отырып, қолжазбадағы текстологиялық жаңсақтықтарды нақты көрсетеді. Ұрпақ жаңарған сайын Абайдың екі томдық шығармалар жинағы да тоқтаусыз шыға бермек. Әр шыққан басылымға шығарушылар негізсіз өзгеріс енгізбеуге тиіс. Мұны тек текстологиялық талдау арқылы ғана бақылауға болады. Абай басылымдарының текстологиясымен арнайы айналысқысы келетін талапкерге Қ.Мұхамедхановтың он томдық шығармалар жинағының 2-томына (2005) енген жоғарыдағы аталған мақалалар мен 1977 жылғы басылымда кеткен қателіктерді бастан-аяқ түзетіп, толық жөндеген 124 беттен тұратын «Абайдың бірінші томындағы шығармаларына түсініктемелер-комментарий» деп берілген зерттеу жұмысты оқуды ұсынамыз.

1

Білу

1. Абайдың қандай кітаптарын білесіңдер?
2. Ақынның өлеңдері қалай таратылды?
3. Абайдың алғашқы кітабы қай кезде, қашан басылды?

2

Түсіну

1. Абай не себепті көзі тірісінде кітаптарын бастырмады?
2. Ақын шығармалары жарық көрмесе де қалай сақталып, кейінгі ұрпаққа жетті?

3

Қолдану

Топқа бөлініп, Абай өлеңдерінің сақталуы мен таралуы туралы жұмыс істеңдер.


1-топ: постер қорғайды.

2-топ: дебат ұйымдастырады.

4

Талдау

Тақырып бойынша кластер жасаңдар.



5

Жинақтау

Абай мұрасын зерттеушілерінің сіңірген еңбектерін жинақтап, қорытындылап жазыңдар.

Егер Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы сияқты ұлт жанашырлары Абайға көзі тірісінде жолыққанда ақын шығармалары дер кезінде басылып шығар ма еді?

Әдебиет:

1. Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Екінші басылым. (Жауапты редактор Ғ.Қабышұлы). Алматы, 2010. – 164 б.
2. Абайды оқы, таңырқа. (Құр., алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған М.Мырзахметұлы). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160.

III ТАРАУ

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ, БІЛІМ ТАҚЫРЫБЫ

3.1 Ғылымға көңіл берсеңіз

«Ғылымға көңіл бөлсеңіз» деп айтылып келген өлең жолдары М.Әуезов құрастырған басылымдарда «Ғылымға көңіл берсеңіз» деп жазылған дұрыс нұсқасы екендігін ескертеміз.

Абай шығармаларында оқу, ғылым, білім, өнер тақырыбы айрықша орын алады. Бұған соқпай кеткен өлеңі де, қарасөздері де аз. Қарасөздерінің жиырма шақтысы тек ағартушылық пікірді қозғайды. Солардың ішінде «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»,

«Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері мен «Сегізінші», «Оныншы», «Он жетінші», «Он сегізінші», «Он тоғызыншы», «Жиырма бесінші» қарасөздерін ерекше атауға болады. «Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы» тарауында осы шығармалар бойынша ой бөлісеміз. Бір есте болатын нәрсе, біз қарасөздерін рет саны бойынша емес, оқу бағдарламасына сай тақырыбы мен мазмұнына орай бөліп қарастырамыз.



*Жидебайдағы Абайдың
музей-үйі.
Жұмыс бөлмесі*

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» (1885 жылы жазылған) деген өлеңінің басты идеясы – жалындаған жас күнінде алтын уақытты босқа өткізбей, ғылым, білім, өнер үйрену қажеттігі. Ол халықтың болашағы үшін де, өзі үшін де керек. Сондықтан ғылым-білімнің маңызын дер кезінде түсініп, мақсат-міндетінді айқындап, ғылым, білімді үйренсең, «өмірден махрұм (бос) қалмайтының» анық. Ақынның өзі «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп өкіне отырып, сол өкініштің орнын балаларын оқыту арқылы толтырмақ болады. Ақылды жасты, білімді азаматты аса жоғары бағалайтын ағартушы ақын өз балаларын да тазалыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа баулиды. Абай өмір сүрген заманда «Өзі де басқа шауып, төске өрлеген» ақын айналасының көпшілігі жаңаша оқытуға балаларын бергісі келмеді. «Бұратана халыққа» өз үстемдігін ашық жүргізе бастаған орысқа ден қойып, шоқынып кетуінен қорықты. Сондықтан да Абай «Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деген сөзді тегін айтып отырған жоқ. Міне, Абай өмір сүріп отырған заман ағымына ілесе білу қажеттігін, жас ұрпақты ата-ананың оқытуға баулып, дұрыс жолға салғанын, ал үлкендердің сол ықыласын бала да түсініп, кеш қалмау керектігін уағыздады.

Бұл өлең алғаш рет 1909 жылғы жинақта жарияланған. Өлеңнің шығу тарихы туралы 1945 жылы С.Мұқановтың «Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері» атты алғы сөзімен жарық көрген жинақтағы түсініктемені кейінгі жинақтардың барлығы қайталап беріп келеді. Мұнда «Тұрағұл Абайұлының айтуы бойынша, Абайдың Әбдірахман деген баласы Түмен қаласындағы реальный училищеде оқып жүргенде, Мағауияны, Күлбадан деген қыз баласын Семейдегі қалалық училищеде оқытып жүргенде жазған» деген дерек берілген. Бірақ М.Әуезов құрастырған 1957 жылғы академиялық жинақта бұл өлеңге «Абай

тек өз басын ғана әңгіме етіп отырған жоқ, ақын ресми оқуды сынап, алдыңғы қатарлы Ресей үлгісі бойынша ғылым-білім ал деп отыр. Сондықтан да ақын:

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, – деп жазған.

Қалай болғанда да кеңестік диктатураның талабына сай тұмандатылған көзқарас байқалады. Әйткенмен, жас оқырман, М.Әуезовтің «Абай тек өз басын ғана әңгіме етіп отырған жоқ» деген сөзіне мән бере қарау керек.

1

Білу

1. Ақынның ғылым-білім тақырыбына арнаған қандай шығармаларын білесіңдер?
2. Ақын өзі сауатын қайда ашты?

2

Түсіну

1. Абай не себепті ғылым-білім тақырыбына көп өлеңдер мен қарасөздерін арнады?
2. Неліктен «ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген өлең жолы қате болып есептеледі?

3

Қолдану

«Ғылымға көңіл берсеңіз» өлеңінің мазмұны бойынша берілген кестені толтырыңдар.

Өлеңнен қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселелер байқадым?	Оны қай үзінділермен дәлелдей аламын?

4

Талдау

«Дойбы» әдісі бойынша өлеңді талдаңдар. Ол үшін екі топқа бөлініңдер. Екі оқушы дойбы тақтасындағы тас-тарды сұрақтарға жауап бере отырып жылжытады. Үшінші оқушы олардың жауаптарын жетістік критерийі бойынша бағалап, тексеріп отырады.

1. Өлеңнің идеясы мен мазмұны қандай?
2. Қай сөздер мен сөз тіркестері тақырып мазмұнын айқындайды?
3. Өлең соңында ақын қандай байламға келді?
4. Өлеңнің қай жолдары ерекше әсер қалдырды?

5

Жинақтау

Қазір ғылым-білімге, жаңалық ашуға ұмтылып жүрген жастар көп-ақ. Солар туралы эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Ақын өмір сүрген заманда не себепті бала оқытқысы келгендер аз болды?

3.2 Интернатта оқып жүр

«Интернатта оқып жүр» (1886 ж.) өлеңінің де негізгі тақырыбы – білім алу, ғылым, өнер үйрену, халқына адал қызмет ету. Көлемі – 77 жол. Өлең 7 буынды шалыс ұйқас үлгісінде жазылған.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласын түгел жаулап алуды аяқтаған отаршыл патша өкіметінің қол астындағы «бұратана елге» жасап отырған жымысқы саясатын жақсы түсінген Абай «Қызмет қылма оязға, жанбай жатып сөнуге» деп, өзі үміт еткен қазақ жастарына өткінші дүниеге, уақытша болатын мансапқа, жалған атаққа қызықпауға кеңес берді, одан да асыл уақытыңды мәңгілікке қалатын пайдалы іске жұмсау қажеттігін айтып, еңбексіз, ықылас-ынтасыз, михнатсыз нағыз ғылым, білімнің қолға түспейтінін түсіндірді. Ең бастысы, Абай оқыған адамның санасыз болмайтындығына көзі жеткендіктен, оқу-білім үйренуді барынша уағыздады және оны жұмсаудың, пайдаланудың жолын нұсқады. Бұл өлеңге Абай орыс сөздерін тілі жетпегендіктен емес, сол уақыттағы орысша

оқыған қазақ жастарына арнап, әдейі араластырған. Бұл өлеңді орысша тіл білмейтін адам оқыса, әлбетте қиынға соғар еді.

Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар,
Қу менен сұм боларды, –

дегенде Абай орыстың жеке басын алға салып тұрған жоқ, бұл жерде оның өнер-ғылымын алға салып тұр. Сондықтан да ақын:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой.
Я тілмаш, я адвокат,
Болсам деген бәрінде ой, –

дейді.

Абай заманында тығырықтан шығудың бірден-бір жолы ең алдымен отарлаушы елдің тілін үйрену еді. Сондықтан да ақын шарияғатты үйренбей тұрып, «Орыс тілі, жазуы – Білсем деген таласы», – деген сөзді тегін айтып отырған жоқ.

Абай даналығы сонда, ол тілді ғана біліп қою емес, мәселе сол елдің басқадан озықтығын, үлгі алатын адамдарын, артықты-кем жақтарын, ғылымның сарасын оқып-үйрену арқылы «қолдың саласындай» оқыған жастарымыз «аз білгенін көпсінбей, көп қазаққа епсінбей» жұртқа пана болуы керек деген уағыз айтады. «Көп қазаққа епсінсе, Кімге тиер панасы?» дегендегі «епсінсе» – өзің шала сауатты бола тұра, қырдағы қазаққа «өктемдік жасама» деген мағынада қолданылып тұр. Өйткені «ғылымның сарасын» меңгерген адам ешуақытта жамандыққа баспайды, ал әділетсіздік «шала сауаттыдан» туады. Бұған XX ғасырдың бас кезіндегі өзгерістер заманында дүниеге келген «шолақ белсенділер» образы – тарихи шындық.

Міне, Абай осылайша қазақ жастарын дүмбілез болудан сақтандырған. Сондықтан да Абай «Пайда

ойлама, ар ойла» деп, ең алдымен білімді адамдық жолға жұмсау қажеттігін, екіншіден, «Талап қыл артық білуге» дегенде басқа жұрттың тілін үйренгеннен кейін одан да асып түсуге талап қылып, туған халқыңа адал қызмет етуді аманаттады. «Артық білім – кітапта», оны ерінбей оқысаң ғана түйсінуге, сезінуге, тұшынуға болатындығын және адамда ғылым мен ой болса, кез келген жерге енуге, өзіңді-өзің қорғауға болатындығын ұғындырды.

1

Білу

1. «Интернатта оқып жүр» өлеңін интернеттен жүктеп алыңдар.
2. Өлеңді оқып шығып, идеясын анықтаңдар.
3. Өлеңнің тақырыбын ашуға қандай мақал-мәтелдер қолданар едіңдер?

2

Түсіну

1. Абай заманында не себепті балалар интернатта жатып оқыған?
2. Неліктен ақын «Орыс теріс айтпайды» дейді?

3

Қолдану

Өлеңдегі орыс тілінде қолданылған сөздерді коммуникативтік қарым-қатынас арқылы өз пікірлеріңмен толықтырыңдар.

Өлеңдегі орыс тілінде қолданылған сөздер	Өз пікірім

4

Талдау

«Радиоға қоңырау шалу» әдісі бойынша өлеңде көтерілген мәселелер туралы радиосұхбат жүргізіңдер. Төрт қонақ рөлдік карточка алып, сол карточкадағыдай рөл

дерін ойнауы тиіс. Мысалы, баласын оқуға жіберген ата-ана, шәкірт, мұғалім және ақын.

5

Жинақтау

Бүгінгі өркениет заманының шәкірті ретінде ақынға хат жазыңдар.

6

Бағалау

Қазіргі кезде қандай мамандықтар жоғары сұранысқа ие? Неліктен?

Сөздік:

Прощение – арыз, өтініш.

Виноват – айыпты, кінәлі.

Здравомыслящий – зерек, әр істі ақылмен ойлап шешетін адам.

Счет – есеп.

Судья – сот.

Занимайся прямошой – турашыл, батыл бол деген мағынада.

Коренной – ежелгі, негізгі, тұрақты. Бұл жерде істің ең орындысын табу деген мағынада.

3.3 Ғылым таппай мақтанба

«Ғылым таппай мақтанба» (1886 ж.) өлеңінде Абай жастарды еңбек етіп, оқу оқып, білім алуға шақыра отырып, адам деген атқа лайық болу үшін ең алдымен жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ашып көрсетеді. Бес асыл іске «Талап, Еңбек, Терең ой, Қанағат, Рақым» деген бес қасиетті жатқызса, бес дұшпанға «Өсек, Өтірік, Мақтаншақ, Еріншек, Бекер мал шашпақ, яғни орынсыз шашылуды» жатқызады. Бұл – келешекке бағдарлама боларлық өлең. Ақын өсиеті, тағылымы, тәрбиесі тереңде жатыр. Абай адам өмірге келгеннен кейін өзінді адам ретінде ұстаудың жолын көрсете отырып, ғалым болу мен адам болу мәселесінің өзара сабақтастығын айқындайды. «Ғалым болмай немене,

Балалықты қисаңыз»... «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» дейді. Ең бірінші төрдегі орынға ғылым-білім үйренуді қойғандықтан, Абай «Мұны жазған кісінің, Атын білме, сөзін біл» деп өнер-білім жолына өзін мансұқ ете отырып, «Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма» деген ақыл береді. Сонымен бірге әрбір жетелі сөзге құлақ асып, ғұлама ойға барынша мән беру қажеттігін, «Жас уақытта көңіл – гүл» болатындықтан, «Тез үйреніп, тез жойма» деп, өмірлік бағытқа жол сілтейді. Бұл өлеңнің әрбір сөзінде үлкен пәлсапа бар, мағына бар, мазмұн бар, тәлім-тәрбие бар. Сондықтан әрбір жас осы өлеңді саналы түрде оқып, өз бетімен түсінуге ұмтылуы қажет.

1

Білу

1. Ғылым деген не?
2. Өлеңнің идеясы қандай?

2

Түсіну

1. Абай өзі ғалым болмаса да не себепті ғылым-білім үйренуге шақырады?
2. Неліктен ақын ғылыммен айналысқан жан адам деген атқа лайық деп есептейді?

3

Қолдану

«Қарама-қайшы элементтер» әдісі бойынша бес асыл іс пен бес дұшпанды кестеге толтырыңдар.

Бес асыл іс	Бес дұшпан

4

Талдау

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңін интернеттен жүктеп, CD дискідегі «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңімен салыстырып, «Рөлдегі оқушылар» әдісімен жұмыс істеңдер.

1-қадам: рөлдерге бөлініңдер.

Баяндаушы – өлеңнің тақырыбы, идеясына талдау жасайды.

Сөз тапқыш – өлеңде кездескен атауларға түсінік береді.

Бейнелеуші-суретші – өлеңнің мазмұны бойынша суреттер салады.

Дәнекер – өлең мәтінін қазіргі өмірмен ұштастырады.

2-қадам: берілген тапсырмаларды топ ішінде талқылаңдар.

3-қадам: талқыланған тапсырмалардан PowerPoint-та таныстырылым жасап, қорғаңдар.

5

Жинақтау

«Шеринг» әдісі арқылы ой бөлісу. Шеңбер бойымен отырып, жүргізуші бастап, кезекпен барлығың да тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылаңдар. Идеялар қай-таланбауы керек.

6

Бағалау

Ғылым-білім мәселесі қазіргі кезде де өзекті ме?

Сөздік:

Нәфрәтлі (арабша) – *жиіркенішті деген сөз.*

Ғибрәтлі (арабша) – *үлгілі, өнегелі деген сөз.*

Ғұламаһи Дауани – *ирандық ғалым Мұхамед ибн Асат Жалал-аддин ад Дауанидің (1427–1501) лақап аты.*

3.4 Сегізінші қарасөзі

«Сегізінші қарасөзінде» (1891 ж.) Абай ғылым, білім тақырыбын тереңдете түседі. Адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білімді бәрінен жоғары қоятын Абай оқырман қауымға: «Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?» деген сауал тастайды. Бұған жауапты тағы өзі береді. Абайдың «Сегізінші

қарасөзінде» төрт кейіпкер бар, біріншісі – би-болыстар, екіншісі – бай-манаптар, үшіншісі – ұры-қарылар, төртіншісі – кедей-кепшіктер. Ең алдымен ақыл үйрену мен насихат тыңдау елдің тұтқасын ұстап отырға би-болыстарға керек екенін, себебі олар басшы болып сайланғанда, елдің сөзін сөйлейміз деп сайланғанын айтады. Бірақ бұлар сайланып алғаннан кейін соған кеткен шығынды толтыру үшін ел мүддесін ұмытып, жеке басының қамын ойлап, қолы тимей кететіндігін жазады: «Біреу – болыс, біреу – би. Олардың ақыл үйренейін, насихат тыңдайын деген ойы болса, ол орынға сайланып та жүрмес еді. Олар өздері де үздік кісіміз, өздеріміз біреуге үлгі беріп, ақыл айтарлықпыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді елді түзерлігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын және тыңдайын десе де, қолы тие ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба немесе халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығындап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? – деген ебіне қарай біреуді жетілтейін деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді» – дейді. «Ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба?» деп отырғандағы «ұлық» – отаршыл орыс чиновниктері, «елдегі бұзақыларымызды бүлдіріп аламыз ба?» дегендегі «бұзақылар» – өзінің рулас сыбайластары, «халқымызды бүлдіріп аламыз ба» дегендегі «халқымыз» – дауыс берген жақтастары, туған-туыс, құда-жекжат, дос-жарандары. Міне, осылармен тіл табысса, шыққан шығынның орны толады. Демек, би-болыстың екеуіне де бөрібір, бұларға билік жеке бастың қамы үшін ғана керек. Ал байларға ше? Бұған Абай былай жауап береді: «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді.

Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны – бәрі мал. Сөзді қайтіп ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ; саудасын жиғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ – солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. Оның бәрін жайғастырып, аяғын алып келіп мақтанға орналастырғанша қашан? Қолы тимейді», – дейді. Міне, Абайдың айтуынша, елдің қамын жеп, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім ойлауға би-болыстар сияқты байлардың да қолы тимейді. Өйткені олардың көзін шел басқан. Сондықтан да құдайды да сатып аламыз деп ойлайтын байлар байлығына мақтану үшін ғана әрекет ететіндігін көрсетеді.

«Енді ұры-залым, сұм-сұрқия өздері де тыңдамайды», – дейді Абай. Олар адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім жолын қуса, ұрлықпен айналыспас еді, сұғанақ болмас еді, өздері сұрқиялық жолды таңдағаннан кейін оларға ақыл айтудың өзі артық деген ой тастайды.

Ал «Онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылым, ақылды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуінде болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек», – дегенде Абай кедей-кепшіктердің де адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білімді «керегі жоқтай-ақ» деп қаперсіз тұрғандығына қынжылады. Ақынның ғылым, білім туралы философиялық тұжырымы адамның ар, ұятына тіреледі.

1. Абайдың қанша қарасөзі бар?
2. Интернеттен Сегізінші қарасөзді жүктеп алыңдар. Қарасөзде неше кейіпкер бар?

2

Түсіну

1. Неліктен Абай қарасөздері қай заманда да маңызын жоймайды деп саналады?
2. Не себепті Сегізінші қарасөзде төрт кейіпкер бар?

3

Қолдану

Қарасөзді кезекпен дауыстап оқып, бір-біріңнің оқылымдарыңа қысқаша сипаттама бере отырып, кестені толтырыңдар.

Талқылаушы	Мәтіннің тақырыбын, идеясын, мағынасын айтады.
Белгілеуші	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындайды.
Байланыстырушы	Мәтіннің мағынасын өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Мәтіннің мазмұнына сәйкес өз ойын айтады.
Қорытындылаушы	Мәтіннің құндылығын айтып, баға береді.

4

Талдау

«Осы ақылды кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды деген» Абай сұрағын «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша өмір шындығымен байланысты талдап көріңдер.

- 1) Топқа бөліну.
- 2) Қарасөзден сұраққа жауап беретін үзінділерді жазып алу.
- 3) Осы үзінділердің түрлі кәсіпке әсерін топ ішінде талқылау.
- 4) Өз әсерлерін жазу.
- 5) Автор орындығында жазған пікірін оқу.

5

Жинақтау

Қарасөздің идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтап, тақырып бойынша кейіпкерлерді сөйлетіндер.

Би-болыстар	Бай-манаптар	Ұры-қарылар	Кедей-кепшіктер

6

Бағалау

Ғылым-білім кімдерге керек?

3.5 Он жетінші қарасөзі

«Он жетінші қарасөзінде» (1893 ж.) Абайдың адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбек-қорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайындағы ойлары бұл қарасөзінде де айқын ашылады. Осы қасиеттердің барлығын Абай ақыл, қайрат, жүрек туралы пәлсапалық ой түйіндеу арқылы ғылымға төрелік айтқызады. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаса» аяғына бас ұрып, табынатын қасиетті адам – сол екенін ескертеді. Бірақ үшеуі ала болып, басы бірікпеген жағдайда тым болмаса жүрегінді таза сақта, құдайшылық, яғни мейірбаншылық сонда деген түйін жасайды. Адам баласы өмірге келгенде әртүрлі мінезбен келеді. Егер тәрбиесі дұрыс болмай, теріс ақыл үйренсе, бойындағы қайратына ие болмай, жамандыққа бой алдырса, бір мезгіл жүректі тыңдау керек деген ой тастайды. Өйткені ақыл мен қайрат жүре пайда болады, қолмен ұстап, көзбен көруге келмейді, бұлар – абстрактылы ұғымдар. Ал жүректі сезіне аласың, дүрсілін естисің, суретін көресің. Жүрек – сенің жаратылыстағы қалпың. «Көзімнің қарасы» деген өлеңінде Абай:

«Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас.
Жүректе оты жоқ,
Адамда ми болмас», – дейді.

Сондықтан осы ісім дұрыс па, қате ме деп бір мезет жүректі тыңдау керек, «жүрекке өмір жүрмейді» деу – бос сөз. «Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке

билет» деген сөзді Абай ғылымның аузына тегін салып тұрған жоқ. Оқыған адам – ақылды, оқыған адам – қайратын дұрыс жұмсай алады, оқыған адам жүректің өміріне құлақ аса алады, тыңдайды. Дойырлыққа, надан нашарлыққа бармайды. «Толық адамнан» ешуақытта жауыздық шықпайды. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде Абай «Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз» дейді емес пе? Мәтін мазмұны парасатпайымға тұнып тұр. Абай нұсқаған жолмен жүру өмірлік бағытыңды белгілейді, адаспайсың, тіршілікке ұмтыласың, өйткені ол – адамзаттың барлығына ортақ құбылыс. Абайды оқысаң, өмірден жаза баспайсың. Сондықтан «Абайды оқы, таңырқа», «Абайды оқы, ерінбе».

1

Білу

1. Он жетінші қарасөздің мазмұны не туралы? Интернеттен жүктеп алыңдар.
2. Осы қарасөзде кейіпкер бар ма?

2

Түсіну

1. Абай не себепті ақыл, қайрат, жүректі айтыстырып, ғылымды төреші етіп қояды?
2. Неліктен ақын жүрекке басымдық береді? Жүрек культі қай елдің әдебиетінде кездеседі?

3

Қолдану

Биология пәнінен алған білімдеріңді еске түсіріп және Интернет желісіне сүйеніп, жүрек органының адам тіршілігіндегі маңызын зерттеңдер.

4

Талдау

CD дискідегі Он төртінші сөзді тыңдап, Он жетінші сөзбен салыстырып, ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін талдаңдар.

«Соңғы сөзді мен айтайын» әдісімен Он жетінші сөзден «Мәңгілік Ел» идеясы мен әлемдегі адами құндылықтардың байланысын көрсетіп, тақырыпты түйіндеңдер.

Өздерің ақыл, қайрат, жүректің қайсысының айтқанын тыңдайсыңдар? Неліктен?

3.6 Жиырма бесінші қарасөзі

«Жиырма бесінші қарасөзінде» (1894 ж.) Абай озық елдердің өнерін, ғылымын, білімін үйрену керек деген ақыл айтады. Оқыған жас пен оқымаған жасты салыстырады. Оқыған адам жұрттан асып кете қоймаса да, оқымағаннан әлдеқайда жақсы, басқаға жем болмай, тым болмаса өз құқығын өзі қорғай алатын дәрежеге жететін болады, жақсы мен жаманды ажырататын болады. Сондықтан қатар құрбысынан қалмау үшін баланы оқытудан мал аямау керек екендігін ескертеді. Бұл жерде «мал» деген сөз ақша мағынасында. Абай заманында сауда-саттық төрт түлік малмен жүргізілген. Бөтен елдің жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп, пайдасына ортақ болуға үндейді. «Балаң бала болсын десең, оқыт» деген өсиет айтады. Абайдың «Білім – орыста. Дүниенің кілті – орыста» деген сөзін кең мағынада түсіну қажет. Мұнда Абай рухани еркіндікке жетудің жолын көрсетіп, азаттықты нұсқап тұр. Ол үшін не істеу керек? Өзіңді, еліңді жат жұрттан қорғау үшін тіл білу жеткілікті ме? Абай оқырманға сұрақ қоя отырып, жауабын да өзі береді, яғни олар дамыған басқа елдің тілін, оқуын, ғылымын үйрену арқылы «дүниенің тілін білді», сен де солай ет, оқуын, ғылымын үйрен де, сен де онымен тең дәрежеде болуға ұмтыл деген жігерлі ойға жетектейді.

Жалпы Абай шығармаларын оқығанда сол замандағы қоғамдық-әлеуметтік ахуалға терең үңіліп, шынайы тарихты білу қажет. Сонда Абайды түсінеміз. Интернеттен оқып көріңдер.

Абай «Отыз сегізінші» қарасөзінде ғылымға «ықыластанып, жетілу» жолындағы адамның ішкі ынтықтығына ерекше мән берсе, мұнда сыртқы жағдайдың әсеріне де тоқталып өтеді. Мысалы, *«Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?.. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі»* деп қоғамдық санаға тұрмыстың тигізетін әсері мен экономикалық ортаның саяси-әлеуметтік ахуалын аңғартады. «Ашап-ішуге малдың тапшылығы да ағайынның араздығы да әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге» үйір қылып, білім, ғылымға үйір қылмайтындығын айтады. Келер ұрпақ қазаққа бас болып, «жұрт білгенді біліп» өркениетті елдің «қатарына қосылудың қамын жеп, ниеттеніп үйрену керектігін» насихаттайды.

1

Білу

1. Жиырма бесінші қарасөзді Интернеттен жүктеп алыңдар. Бұл қарасөздің мазмұны не туралы?
2. Абай жиырма бесінші қарасөзде қандай салалардың пайдасын түсіндіреді?

2

Түсіну

1. Абай не себепті ата-аналарды балаларын оқытуға шақырады?
2. Неліктен қазақтың баласы орысша оқуға ұмтылуы керек болды?
3. Қарасөзде неге «ақша, қаражат» деген сөздер қолданылмаған?

«Кластер» әдісі арқылы рухани еркін адам туралы тұжырымды ойларыңды толтырыңдар.



Абайдың «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады» – деген сөзін «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша талдап көріңдер.

- 1) Топқа бөлініңдер.
- 2) Қарасөзден тақырыпты ашатын үзінділерді жазып алыңдар.
- 3) Осы үзінділерді рухани құндылықпен байланыстырып, топ ішінде талдаңдар.
- 4) Өз пікірлеріңді жазыңдар.
- 5) Автор орындығында жазған пікірлеріңді оқыңдар.

Жиырма бесінші қарасөзді «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңімен салыстырып, «Талап қыл артық білуге» тақырыбында эссе жазыңдар.

Орыс тілін үйрену қазір өзекті ме?

IV ТАРАУ

АБАЙ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

4.1 «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік»



Ақылбай, Абай, Тұрағұл.
1896 ж. Семей қ.

Ұлттық әдебиетіміз тұрғысынан алғанда ғақлия жанрының алғашқы негізін айқындау, қай кезеңнен бастау алатындығын дәлелдеу үлкен ізденісті қажет етеді. Қазіргі деректер бойынша ф.ғ.д., профессор Айгүл Ісмақова «Поэтика казахской художественной прозы начала XX века» деген еңбегінде Абай қарасөздерінің жанрлық сипатына тереңдеп талдау қажеттігін айта келіп, «Ғақлияны» оқып отырғанда, Монтень де, Паскаль да, Грассан да, Ларошфуко да, Ницше

де, Шопенгауер де еріксіз еске түсетіндігі, осы арқылы қазақ әдебиетінде Абай қалыптастырған прозалық жанрдың ерекше үлгісін көретіндігін жазған.

Ал аудармашы-жазушы Герольд Бельгер «Земные избранники (Гете и Абай)» деген кітабында: «По сути дела, «Слова Абая» – не назидание, а размышления, суждения, то, что ныне нередко обозначают словом эссе – своеобразное изложение сокровенных исповедальных мыслей, дум. Подобную манеру письма Монтень образно охарактеризовал как «бросать перо на ветер».

Это философские очерки максимы и рефлексии, изложенные в непринужденной, изящной манере, отличающейся вдохновенным строем мысли» – деп жазады. Осыған ұқсас пікірлер басқа да қаламгерлер еңбектерінен ұшырасады. Әсіресе белгілі әдебиеттанушы ғалым Аслан Жақсылықов Абай қарасөздеріндегі эссеизм Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне жақындығын атап көрсетеді. Бұдан шығатын қорытынды қазақ эссе жанрының қалыптасып, дамуында да Абай ғақлиясын тереңдеп зерттеудің қажеттігі туындайды.

Абай қарасөздеріне «Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымында Абай арнап кеткен мұнды, сырлы бір сәлем осы еді» деп баға берген М.Әуезов «Абай еңбектерінің биік нысанасы» деген мақаласында ақын «жүрегінің түбіне терең бойлауды» табыстаған-ды. «Абай және Сократ» (Б.Ғабдуллин), «Абай және Гете» (Г.Бельгер) деген мақалалар – абайтану ғылымына сүбелі үлес болып қосылған дүниелер. Ал «Абай және Монтень» деген тақырып та арнайы зерттеуге сұранып тұр. Себебі Абай ғақлиясы өзіңді-өзің тануға жетектейді. Демек, «мен» және «мен» деген формула анықталған жағдайда Абай қарасөзінің биік деңгейі ашылмақ.

XVI ғасырда эссенің негізін салушы француз жазушысы Мишель Монтень де «Эссе» (1580 жылы жазылған) деген кітабында өзі туралы былай деп жазыпты: «Менің кітабым өзім арқылы туылды, сол сияқты мен өзім кітабым арқылы туылдым. Бұл кітап өмірімнің бір бөлігі, менің негізгі жұмысым, автордан ажырамайтын кітап». Бұл кітап орыс тіліне «Опыты» (Тәжірибелер) деген атпен аударылып басылған. Міне, Монтень мен Абайды байланыстыратын да осы – «мен» және «мен» деген ұғымдар. Өйткені Абай да: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер

ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай, өзім де қайранмын...», «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп, «Бірінші» сөзінен басталған «Қырық бес қарасөзін» аналитикалық, философиялық, дидактикалық, эссеистік, публицистикалық т.б. прозаның дамуы тұрғысынан талдау – келешектің жұмысы.

Көптеген сөздік пен энциклопедияда эссе жанрының маңызды белгісі – оның тақырыбы бар, трактатқа қарағанда *көлемі шағын жанр* деген анықтама беріледі. Бұл жанр сұлулық, субстанция, өмір шындығын көркем суреттей келе, ой қорытындысын «Мен» деген аяқталмайтын ой елегімен тұжырымдайды. «Меннің» астарында бүкіл әлем, өмір тіршілігі суреттелінеді. «Мен» үш жанрдың тұтасқан бірлігінен тұрады: өмірбаян, күнделік, күнөдан тазару (исповедь). Өмірбаяндағы «мен» өткен өмір белесін суреттесе, күнделіктегі «мен» осы шақтағы өмірді суреттейді. М.Әуезов «Естелік – сөзден соғылған мүсін» деген екен, ал күнөдан тазару – болашақтың көрінісі. Өмірбаян, күнделік, күнөдан тазару сияқты осы үш жанрға тән белгілердің барлығы да эссенің бойынан табылады. Міне, монтентанушылардың қай-қайсысы да өз ойын осы пікір айналасында өрбітеді. Осыған сәйкес Абайдың «Қырық бес қарасөзі» мен «Бір ауыз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» атты прозалық шығармалары арқылы публицистикалық жанрдың негізін салғанымен, оны әртүрлі аспектіде қарау қажеттігі туындайды. Өйткені философ Абай негізін салған «толық адам ілімін» ашу керек. Бұған

10-сыныпта осы мәселені сөз еткенде, толығырақ тоқталамыз. Абайдың «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңіндегі «Сүйер ұлың болса сен сүй, Сүйсінерлік болса ол» деп айтылған даналық ой-пікірлері қарасөздерінде де «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» деп жалғасады. «Жақсы адам кім?» деген сұраққа Абай «Әкенің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың» деп жауап қатып, «Адам деген даңқым бар!», «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» бүкіл адамзат баласына жар салса, «Адамды сүй, Алланың хикметін сез, Не қызық бар өмірде онан басқа», – деп мұның бөріне көз жетіп, көңіл сенетін ой-байлам жасайды.

Тарау тақырыбына арқау болып тұрған «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік» деген сөзді Абай «Оныншы қарасөзінде» айтқан. Хакім Абай қарасөздерінде де ғылым-білімді балаға жастайынан берілетін тәлім-тәрбие мәселесімен ұштастыра қарайды. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, халықтың сүйген ұлы боласың», – дейді.

Балалықтың мінезін, сырын білмей, қаталдық еткен ата-ананы Абай үнемі мінеп отырған: «Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды. О да ашуланады», – дейді.

Баланың басқадан басы озып, ақыл қону үшін білім, өнер қажет екенін, бірақ соған жету жолында ата-ананың зор қамқорлығы қажет болатындығын анық жеткізеді. Абай заманында бірнеше ғасырға созылған патшалық Ресей империясының отарлау саясаты аяқталып, өздері «бұратана ел» деп ат қойған қол астындағы қарапайым халықты басқару үшін орыстандыру саясатын жүргізе бастаған. Мұсылман дініндегі халықтың бұдан сескенуі заңды құбылыс болатын. Көпшілігі балаларын оқытқысы келмеді, өрі оның қаражаты да оңай болмады. Ал оқуға ұмтылғандардың сана-сезімі:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой.

Я тілмаш, я адвокат,

Болсам деген бәрінде ой, –

деген сияқты болды. Сондықтан Абай «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде: «Қызмет қылма оязға, Жанбай жатып сөнуге» деп үндеді. Сол тұстағы әлеуметтік мәселені заманынан озып түйсінген Абай халықты содан шығатын тура жолға бағыттады. Ол жол – озық елдердің өнер, ғылым, білімін үйрену, соны туған халқыңның қажетіне жарата білу. Сонымен бірге Абай көшпенділік заманымен бірге құрдымға кетіп бара жатқан қазақтың жақсы салт-дәстүрін «Отыз тоғызыншы қарасөзінде» атап көрсетеді. «Жаңадан үйрене біл, бірақ дініңді, салтыңды, дәстүріңді, тіліңді жоғалпа, сонда жұрттығымызды сақтаймыз» деген ой тастайды.

«Екінші қарасөзінде» (1890) Абай сол тұстағы қазаққа жақсы таныс халықтарды бір-бірімен салыстыра отырып, «қазақ несімен мақтанады?» деген ой тастайды. Осы сұрақ төңірегінде ойландыруға, ұлт санасын оятуға әрекет жасайды. Бір кезде «қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін жеткізіп» жүрген сарт ағайындар қазақтан қалай озып кетті? «Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?». Бұл үшін бір-бірінді қуып қор болма, «шаруа қуып, мал тап, өнер үйреніп зор бол» деген өсиетті айту үшін осы қарасөзді жазып отыр. Адам баласы бақытты болуы үшін, оның не нәрсеге болсын ынтасы мен ықыласы айрықша болу қажеттігін баса көрсеткен Абай адал еңбекті ерекше жоғары бағалап, мадақтады. «Екінші сөздің» өзін оқиық:

«Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді «ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдірегін тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке»

десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйеден қорыққан ноғай, атқа мінсе – шаршап, жаяу жүрсе – демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, башалшік (ұсақ саудагер) ноғай» деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылды көрсе шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса, соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп.

Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім.

Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһары жауласпайды! Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлісінің ахиреттігін, тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қимайтұғын малыңды кірелеп сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, ептілік, қырмызылық, сыпайылық – бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құлқын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғың білән пышыратырға қойған идән түгіл, шық, сасық қазақ», – деп үйінен қуып шығарады. Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, күлген сөздеріміз қайда?».

1**Білу**

1. Абайдың «қарасөзі» мен әдебиеттегі «қара сөз» ұғымының айырмашылығы бар ма?
2. Ақынның қай қарасөзінде тәлім-тәрбие мәселесі сөз болады?

2**Түсіну**

1. Неліктен Абай қарасөздерін адамзаттың рухани азығы дейміз?
2. Не себепті ақын қарасөздерінің көлемі әртүрлі?
3. Абай неге тәлім-тәрбие, білім алу мәселелерін өлеңдерінде де, қарасөздерінде де қозғайды?

3**Қолдану**

Интернеттен Бірінші, Екінші сөздерді жүктеп алыңдар. Осы қарасөздердің жазылу себебін, идеясын анықтаңдар.

4**Талдау**

Ақын қарасөздеріне Мұхтар Әуезовтің «Өсер ұрпақ, келер дәурен, туар тарих қауымында Абай арнап кеткен мұңды, сырлы бір сәлем осы еді» деп берген бағасын талдап, «Еркін әнгіме» әдісі арқылы қарасөздердің тарихи құндылығы туралы өз ойларыңды 10–15 сөйлеммен жазыңдар.

5**Жинақтау**

«Ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды» деген Абай сөзін идея ретінде алып, аргументативті эссе жазыңдар.

6**Бағалау**

Өздерің ата-аналарың үшін қандай баласыңдар? Ата-аналарың қандай қылықтарыңа сүйсінеді?

«Оныншы қарасөзінде» (1892 ж.) Абай бала тәрбиесіне үлкен мән бере қарады. Сынай отырып, жол көрсетеді. «Ғылымсыз ахирет те, дүние де жоқ» дей отырып, баланы талабына қарай оқуға, білім алу жолына бағыттаудың маңызын ашады. Байлыққа, мансапқа тазалық жолмен жету керек, оны адамшылық істерге жұмсау керек, сонда кейін кедейленіп қалса да, «бейнеті, күйігі, ызасы» бойында қалмайтындығын айтады. Ал арамдықпен жиналған дүние күндердің күнінде қалай келсе, солай кететіндігін ескертеді. Міне, осының бәрін білу үшін ғылым, білім үйрену қажеттігін айтып отыр.

Осы сөзінде Абай: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма? Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліндей ел асырап өсірмек пе екен?

Қартайғанда асырасын десең, о да – бір бос сөз. Әуелі – өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары – ол да екі талай. Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Әуелі өз күнөңді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Боқта!» деп, біреуді боқтатып, «кәпір-қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп, оны мазаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе? Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі?.. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керегі жоқ. Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол.

Бұл – құдайдан тілеген емес. Бұл – абыройын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік. Хош, сүйтіп жүріп-ақ мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң,

балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айырылады. Бейнеті, күйігі, ызасы – сол үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі».

1

Білу

1. Абайдың Оныншы сөзін Интернеттен жүктеп алып, мұқият оқып шығыңдар.
2. Осы қарасөздегі ақынның басты ұстанымы қандай?

2

Түсіну

1. Неліктен Абай Оныншы қарасөзде бала тәрбиесіне үлкен мән береді?
2. Ақын мал табудың қандай жолдарын нұсқайды?

3

Қолдану

«Құнды ой» стратегиясы бойынша 5 сөйлемнен тұратын «Абайдың Оныншы сөзі – ата-ана кодексі» тақырыбында құнды ой айтыңдар.

4

Талдау

Қарасөзде айтылған бала тәрбиесі туралы ойды талдап, «Креативті жазу» әдісімен өз пікірлеріңмен толықтырыңдар.

5

Жинақтау

«Білім себеті» әдісімен өз ойларыңды жинақтап жазып, себетке салыңдар:

- 1) тақырыптың маңыздылығына сыни пікір білдіріңдер;
- 2) өздерің алған ең маңызды мәлімет қандай?
- 3) тақырып несімен құнды?

Оныншы сөздің қазіргі заман тұрғысынан маңыздылығына сыни тұрғыдан баға беріндер.

4.2 Он сегізінші қарасөзі

«Он сегізінші қарасөзінде» (1893 ж.) Абай «адам баласы адам баласынан несімен озады?» – деген мәселені алға тартады. Мұны түсіндіру үшін Абай алдымен киіну мәдениетіне тоқталады. Киімнің арзан, қымбаттылығында емес, кірсіз, сыпайы, таза жүрудің көңілге қуат бітіретінін түсіндіреді. Кербездің екі түрлі сипаты мен ішкі психологиясын аша келе: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» деген ой түйеді. Бұл сөзді көңілге тоқу үшін мәтінді оқиық:

«Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең, дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» – дейтұғын болмаққа ойланбақ. Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы – қиын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіңдер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам

баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық». Міне, Абай «Он сегізінші» қарасөзінде «кербездік» деген сөздің мағынасын ашып береді. Бойында не өнері жоқ, не қабілеті жоқ, не екі ауыз сөздің басын қосып айта алмай тұрып, адамның құрғақ кердеңдеуі «масқаралықты, ақымақтықты» көрсететіндігін дәлелдейді. Абай не нәрсені айтса да, ашынып, адамның жанына тигізіп айтады. Өйткені Абай заманы бодандықтың заманы, бойкүйез, салғырт болуға жол жоқ. Заманға ілесу – сән қуып, бой түзеу емес, «ақыл, ғылым, ар, мінезде», яғни «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректе» тұрғандығын насихат етеді.

1

Білу

1. Он сегізінші қарасөздің мазмұны не туралы?
2. «Кербез» сөзінің синоним, антонимдері қандай?

2

Түсіну

1. Абай неге кербездікті сынайды?
2. Таза, ұқыпты киіну мен кербездіктің айырмашылығы неде?

3

Қолдану

«Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырыңдар.

Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап (топтың үш мүшесі); даттаушы тарап (топтың үш мүшесі).

Қазылар дебатты қорытады. Олар пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың сөйлегеніне (дәлелдеріне) қалай сөйлегеніне (ұсынылуы) және басқа топтың дәлелдеріне қаншалықты дұрыс жауап бергендеріне (теріске шығару) қарай баға береді.

Жақтаушы тарап: «Кербездік, сәнқойлық – адамзатқа қажетті нәрсе».

Даттаушы тарап: «Кербездік, сәнқойлық – адамзатқа қажетсіз нәрсе».

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық деген Абай сөзін «ПОПС формуласы» әдісі арқылы талдаңдар.

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ...»

Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

«Заманға ілесу ...» деген ойды аяқтап жазыңдар.

Қазіргі заманда қандай адамды кербез дейміз?

4.3 Отызыншы қарасөзі

«**Отызыншы қарасөзінде**» (1895 ж.) Абай мақтанның тағы бір түрін табады. Себебі «жиырма бірінші қарасөзінде» Абай: «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық деймін» –, деп «үлкендік» пен «мақтаншақтық» туралы сипаттап жазса, мұнда бұған «қырт мақтанды» қосады. Мысалы: «Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, арлылығы жоқ. Мойынын бұрып қойып: «Өй, тәңірі-ай, қойшы әрі, кімнен кім артық дейсің, кімнің

басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауын сауып отырмын ба?» – деп бұлғақтап, немесе: «аяғаным жаным ба? Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?» – деп қалшылдайтұғын кісі көп қой. Өздерің көріп жүрсіңдер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, кеңірдегін ғана көрсетеді-ау: «қиылып қана қалайын» деп. Егер осы сөз бойына лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болса да, қайратыменен-ақ кісі айдындыратұғын адам болғаны ғой! Егер шын айғайды көргенде, кірер жерін таба алмайтұғын дарақы, жұртты осы сөзімен айдындырамын, «мына көпірден кісі шошитұғын екен» дегізіп айдындырайын деп айтып отырған құр домбытпасы болып, босқа қоқиып отырса, соны не дейміз? Ай, құдай-ай! Жанға мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тиын есеп көрмейтұғын жомарттығы – әртүрлі белгісі бойынша тұрмас па еді? «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деп, көп былжыраған арсыз, ұятсыздың бірі-дағы». Демек, Абай дарақылыққа, орынсыз мақтанға бой алдырмау керектігін үйретіп, өзі оған жиіркене қарайды. Ондай адамды «арсыз, ұятсыз» деп есептеп, оған бір сөзбен «қырт мақтан» деген сипаттама береді. «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деген ауыр сөз.

1

Білу

1. Оқулықтағы Отызыншы қарасөзді оқып шығып, мағынасына қарай шағын мәтіндерге бөліңдер.
2. Осы қарасөздегі авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындаңдар.
3. Мақтаншақтық туралы Абайдың басқа қай шығармасында кездеседі?

2

Түсіну

1. Ақын неліктен мақтаншақтыққа қарсы?
2. Қарасөздегі «қырт мақтан» деген сөздің мағынасын түсіндіріңдер.

3

Қолдану

Мақтаншақтық туралы мақал-мәтелдерді жазып, мағынасын түсіндіріңдер. Интернет желісінен адам бойындағы мақтаншақтықтың пайда болу себебін психология ғылымы қалай түсіндіретінін іздеп табыңдар.

4

Талдау

«Талқылау картасы» әдісі бойынша кестені толтырыңдар.

Өмірдегі мақтануға болатын жайттар	Бос мақтаншақтық

5

Жинақтау

«Он сұрақ» әдісі арқылы алған білімдеріңе сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйіндер. Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оған негізгі сөз жазылған стикерді береді. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «ИӘ» не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады.

6

Бағалау

Мақтаншақтықты қалай бойға дарытпауға болады?

4.4 Отыз бірінші қарасөзі

«Отыз бірінші қарасөзінде» (1895 ж.) Абай: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол

нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», – деп көрсетті. Абайдың бұл пәлсапасы адамның бүкіл ғұмырына рухани азық болуға керек.

1

Білу

1. CD дискіден Отыз бірінші сөзді тыңдаңдар.
2. Ой кеселдеріне ақын нелерді жатқызады?

2

Түсіну

1. Абай осы қарасөзде нені жеткізгісі келді?
2. Неліктен ақын ой кеселдеріне уайымсыз салғырттық пен ойыншы-күлкішілдікті жатқызады?

3

Қолдану

Интернет желісі арқылы есте сақтау қабілетінің әдістерін зерттеңдер. Бұл әдістер ақын тұжырымымен сәйкес келе ме?

4

Талдау

Тақырып бойынша «Бортты жүк» кестесін толтыру. Алған білімдеріңе сүйене отырып, кестені толтырыңдар.

Болжам	Жаңа ақпарат
Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек?	Бұл туралы енді не білдім? Қандай маңызды сәттерді мен енді анықтадым?

«Ойлан, бірік, бөліс!» әдісі арқылы Отыз бірінші сөзден түйген ойларын жазыңдар (Ойлан). Одан кейін өз идеяларыңды топтағы сыныптастарыңмен біріктіріңдер (Бірік) және соңында бүкіл сыныппен идеяларыңды бөлісіңдер (Бөліс).

Ақын сөзін болашақта үлгі қыласыңдар ма?

4.5 Отыз тоғызыншы қарасөзі

«Отыз тоғызыншы қарасөзіндегі» (1897 ж.). Абайдың ата-бабаларымыздың мінезі мен жаңа заман өкілдерінің мінезіне берген сипаттамасында: «Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана тәуір мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, шайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі – ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы мен топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүргізбек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа

жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болса, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймесің» деп мақал айтып, тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді? Екінші мінезі – намысқорлық екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен. «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Жол қуған қазынаға жолығар, дау қуған пәлеге жолығар» десіп. Кәнеки, енді осы екі мінез қайда бар? Бұлар да арлылық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айырылдық. Ендігілердің достығы – пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық», – деп пәлсафалық ой түйеді. Мұнда қазақтың ежелден бойына сіңген екі түрлі мінезінің жоғалып кеткеніне қынжылады. Оның бірі – «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой» деген нақыл сөздегі сияқты жасы кіші болса да, ақылы асқан адамды құрметтеп, сөзін тыңдауы, айтқан уәжіне бас июі, мойындауы; екіншісі – арлылық, намыстылық, табандылық. «Аттың жалында, түйенің қомында» өскен қазақтың «Ат аталып, аруақ шақырылған жерде» ағайын арасындағы өкпе, араздыққа қарамай, бір кісідей жанын салуы, жұмған жұдырықтай болып, намыс үшін жинала қалуы». Абай ендігілердің достығына секемдене қарайды, «Ол – шын пейіл емес, алдау, дұшпандығы – кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық» дейді.

1

Білу

1. Отыз тоғызыншы қарасөзді мұқият оқып шығындар.
2. Бұл қарасөздің идеясы қандай?

2

Түсіну

1. Абайдың өмір сүрген кезеңінде қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдайлар қандай еді?
2. Неліктен ақын бұрынғы ата-бабаларымыздың жақсы мінезін аңсайды?

3

Қолдану

«Топтық тергеу» әдісі бойынша топтарға бөлініп, жұмыс істедер.

«Баяндап берушілер» тобы – қарасөздің мазмұнын баяндайды.

«Зерттеушілер» тобы – қарасөздегі негізгі ойды зерттейді.

«Сұрақ құрастырушылар» тобы – кейіпкерлердің образдық тұлғасын ашатын сұрақтар дайындайды.

«Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.

«Дәнекершілер» тобы – қарасөздегі айтылған кісі мінезін бүгінгі күнмен байланыстырады.

4

Талдау

Қарасөздегі 3 негізгі ойды талдап, кестені толтырындар.

Адам қандай болуы тиіс?	Бұрынғының адамдары қандай еді?	Абай замандастарының кемшілігі?

5

Жинақтау

Қарасөзде көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашып, қорытындылап жазындар.

6

Бағалау

Абай қазір ортамызда болса, адамдарға қандай баға беруі мүмкін еді?

V ТАРАУ

АБАЙ ТАНЫМЫНДАҒЫ ӘН МЕН КҮЙ

5.1 Абай әндерінің таралуы

Абай – ғұлама ойшыл, данышпан ақын ғана емес, қазақ музыка өнерінде өшпейтін көркем қазына қалдырған дарынды композитор. Бұл саладағы Абай қызметі сан алуан. Ол жайлы М.Әуезов «Абай өмірбаянында» былай деп жазады: «Өзінен туған бала мен айналасын қоршаған ініге Абай істейтін ұстаздық бір алуан. Олардан ақын, білгір, оқымысты адамдар, ел қайраткерлері сияқты ересек азаматтар өсіріп, білімді адамдармен достастырып жүреді. Сол тәрбиешілік, ұстаздық мінезді үлкендерге ғана емес, мектеп жасындағы балаларға



Абай атындағы Опера және балет театры

да көп істеген. Абайдың қолында аулында өскен шөкірт балалар, жас қыздар, көп келін де Абайдың алдын көріп, көп-көп өсиетіне қанып қалған. Әрқайсысының шамасына қарай, өзінше ұстаздық, тәрбиешілік үлгі, өрнек табады. Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, ән салғызу, малшы көршілерге де ертек, аңыздар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау аса көп болған. Абай үйі бөгде қонақ, үлкен кісілер жоқта неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі болады. Осындай дағдыдан барып, Абайдың досы Баймағамбеттей ертекшілер ысылып, ұстаз көріп шығып, кейін Абай айтқан өңгімелерді үлгі етіп көпке таратқан».

Міне, Абай елдің ақын, білгір, оқымысты адамдары мен ел саңлақтарын, әнші-күйшілерді баланың қарым-қабілетіне қарай таңдап, таныстырып, бағыттап отырған. Осындай өнер қайраткерлері ішінде атақты Дулат жырау, Біржан сал, Әсет, Байкөкше, Қуандық, Кемпірбай, ақын қыз Ажар, Қаз дауысты Қазыбек пен оның шөбересі Алшынбай би аулының күйші, композиторлары, соның ішінде шертпе күйдің шебері Тәттімбет Қазанғапұлы т.б. осы әулеттің сыйлы қонағы болған. «Ақылдының сөзіндей ойлы күйді, Тыңдағанда көңілдің өсері бар» деген өлең жолдары Құнанбайдың құдасы, Ділданың (Абайдың бәйбішесі) атасы Алшынбай аулындағы құдандалы елдің күйші-композиторларының әсері деуге толық негіз бар.

Абай қазақ халқының музыкалық мұрасынан нәр ала отырып, өзі де сырлы да сазды ән жазды. «Абай жолы» романында М.Әуезов: «Мынау салқын лебі айықпай ескен күншуақты көктем күнінде Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. Кеудеде талай ыстық толқын сезімдер сыя алмай сығылысқандай... Өлең әнге оралып еркеленіп келеді... Үзіле алмай ырғалады» деп жаңа шығарма туар алдындағы Абайдың шабытты шағын шебер жеткізеді.

Абай танымындағы ән мен күй дегенде ол ең алдымен халық өнерінің құдіретін таныды және қасиеті мен қадірін бағалай білді. Сондықтан да ақын:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең...» – деді.

Бұл – қазақтың ежелден келе жатқан салт-дәстүріндегі әуез үнін, яғни шілдехана мен жоқтау өлеңдерді аңғартқаны. Өйткені әрі қарай:

«Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең», –

деп жалғастырады. Қадім замандардан қалыптасқан ғұрыптық фольклордың барлығы тақпақтап айтылмаған, әрқайсысының өзіне тән әуені мен айтылу мақамы болған. Міне, Абай ғасырлар бойы көшпенділер ғұрпында сақталып, шашырап кетпей, өз заманына дейін үлкен жауапкершілікпен жеткізген асыл қазынасын өте жоғары бағалап, бір ғана «өлең» деген сөзге сыйғызып жіберген.

«Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,

Өмір сәуле көрсетер судай тұнық...» –

дегенінде де жақсы әнге ой бітіріп, сыртқы дүниенің құпиясын тануға жетелейді. Сондай-ақ

«Құлақтан кіріп, бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй», –

деген өлеңінде де халық музыкасының ғаламатын танытып тұр. Бұл жерде қазақтың «тәтті» деп бір сөзбен жеткізетін «қант, кәмпитін» айтып тұрған жоқ, бірақ өнер құдіретін соған теңеу арқылы көз алдымызға елестетіп, еріксіз тамсандырып тұр. Осыдан барып «жақсы ән мен тәтті күйдің» ежелгі сарынын сезіндіреді.

Осы сияқты «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Өзгеге, көңілім, тоярысың» деген өлеңдері арқылы халық музыкасының көкейге ой салатын эстетикалық мәнін ашты. «Әнді сүйсең, менше сүй» деп өнерге деген ынтықтығы мен ыстық ықыласын зор сүйіспеншілікпен жеткізе отырып, өзі де ән жазды.

Абайды қазаққа ғана емес, бүкіл дүниежүзіне танытушы, Абайдың шынайы жанашыры М.Әуезовтің көзі тірісінде ақынның 20 әні нотаға түсіріліп, 1954 жылы жеке кітап болып шыққан. М.Әуезов «Абай өмірбаяны» (1950) атты зерттеуінде: «Абайдан қалған 16–17 ән бар. Бұлардың көбі – өзі жазған жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, «Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Қор болды жаным» сияқты алты, жеті, сегіз жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды, сіңімді ету үшін қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі жаңа түрлі өлеңдерін өте даңқты қып, көпшілік ән қып әкетеді. Сол тәрізді Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне әншейінде ұғымсыз, тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау өлеңдер арқылы аса түсінікті, әсерлі және даңқты етіп жібереді», – деген академик-жазушы сөзін есте ұстау қажет.

1980 жылдардан бастап, Абай әндерінің саны 27-ге жетіп, 36 нұсқасы жұртшылыққа танылды. Қазіргі уақытта кейбір әндерінің бірнеше нұсқасын қосып есептегенде Абай әндерінің жалпы санын 27-ден 40-қа жеткізіп, одан да әрі асыру байқалады. Бірақ мәселе сан қууда емес, мәселе әннің мәні мен мазмұны туралы болуы керек. Абай әндерінің біздің заманымызға дейін жетіп, қазірде де халықтың сүйіп айтатын әніне айналу себебін іздеу керек. Біз мұны болашақ музыка мамандары үшін айтып отырмыз. Әннің табиғи өуезділігі мен сөздің поэтикалық образдылығы шебер қиюласып келсе, қазақ профессионалдық музыкасына да татымды жаңалық келеді. Поляк композиторы В.Огинскийдің бір ғана «Полонез» шығармасымен дүниежүзіне танылу себебіне мән беру керек.

Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас», «Қиыстырып мақтайсыз», «Көзімнің қарасы», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында

өрген бұрым», Біреуден біреу артылса», «Сен мені не етесің», «Сүйсіне алмадым, сүймедім», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Татьянаның қырдағы әні», «Желсіз түнде жарық ай», «Сегіз аяқ» қатарлы әндері XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында бүкіл қазақ сахарасына тарап, ақын-композитор деген даңқының жайылуына әсер етті.

Қазіргі уақытта да Абай танымындағы ән мен күй кең насихатталып, ғұлама ойшылдың өнер туралы айтқан әрбір сөзі халықтық сипат алды. Мұны «Жақсы ән мен тәтті күй» деген атпен ұйымдастырылатын концерттерден де көруге болады.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ елін аралап, халық әндері мен күйлерін нотаға түсіруде 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін орыс этнографтары мен музыка зерттеушілері қазақ халқының музыкалық мәдениеті туралы құнды еңбектер жазып, әндері мен күйлерін нотаға түсірген. Бірақ солардың арасында Абай әндері жоқ. Дегенмен Абай әндерінің орындалғандығын дәлелдейтін жазба деректер бар. Мысалы, А.Т.Седельников «Қырғыз өлкесі» деген очеркінде Абайды қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі деп атайды. Оның «Евгений Онегиннен», М.Ю.Лермонтов өлеңдерінен тамаша аудармалар жасап, «Семей өлеңшілерінің «Татьянаның хатын» әнге қосып айтып жүргендері» туралы («Ресей», В.П.Семеновтың редакциялауында, 1903, 18 т., 204-б.) деректер келтіреді. Орыстың Императорлық Географиялық қоғамы Семей бөлімшесі жазбаларында (Үшінші басылымы, 1907, 5-6.) Әділхан деген әншінің «Татьянаның хатын» шырқағанын атап өткен. Саяхатшы Д.М.Львович осы әнді Қызылтас аулында ақынның аузынан естігенін жазады («Қырғыз даласына сапар», Петроград, 1914, 109-6.).

Абайдың музыкалық мұрасының төңкеріске дейін-ақ халық арасына кең мәлім болғандығы 1914 жылы 26 қаңтарда Семейде өткізілген этнографиялық

әдеби-музыкалық кештің бағдарламасынан да айқын байқалады. Бұл мазмұны жағынан қазақ және орыс поэзиясының, музыкасы мен фольклорының бірлескен концерті еді, оның бірінші бөлімінде Абайдың ақындық, композиторлық жолы жайлы Н.Құлжанова баяндама жасап, «Татьянаның Онегінге жазған хаты», «Айттым сәлем, қалам қас», «Өлсем орным қара жер, сыз болмай ма?» әндерін Өлмағамбет Қапсәлемұлы орындады. 1920–1930 жылдары халық ағарту мекемелері халықтың музыкалық туындыларын жинап, жазып алу ісінде бірқатар игі жұмыстар атқарды.

Кәсіпқой және әуесқой әншілерден Абайдың музыкалық мұрасын жазып алудың алғашқы қадамдары сол жылдарда басталды. Мысалы, 1920 жылы А.Бимбоэс Абайдың екі әнін (Мұстафа Нұрбаевтан «Сегізаяқ», Нәзипа Құлжановадан «Татьянаның Онегінге жазған хатын») нотаға түсіріп алды. 1920–1923 жылдары А.В.Затаевич ақын-композитордың 8 әнін – Осман Қашағановтан «Татьянаның Онегінге жазған хатын», Жүсіпбек Аймауытовтан «Абайдың әнін», Ескендір Дайырбаевтан «Қор болды жаным», Мұсылманқұл Әбсалықовтан «Өзгеге, көңілім, тоярысың», Серғазы Тамтаевтан «Көзімнің қарасы», Кәрім Қашқынбаевтан «Сегіз аяқ», Шәріп Медетовтан «Абай», Сәбит Мұқановтан «Татьянаның Онегінге жазған хатын» нотаға түсірді. М.Әуезов Затаевичтің «қазақ әндерін жинауда зор еңбек сіңіргенін» атап көрсетіп және нотаға дәл түсіруден оның алдына шығатын адам жоқ екенін айтқан. Бірақ бұдан кейінгі жылдары төңкеріске дейінгі ақындар, әдебиет және ғылым мен өнер қайраткерлеріне байланысты өріс алған теріс саясаттың салдарынан концерттерде Абай әндерін орындауға тыйым салынды.

1931–1938 жылдары Абайдың бірде-бір әні қазақ радиосы арқылы берілген жоқ. Ақынның музыкалық шығармаларының «Қазақтың 500 ән-күйі» жинағына енбей қалуы да сондықтан. Бірақ әншілер оның әндерін

мұқият сақтап қалған еді. Мысалы, 1934 жылы қазақтың атақты әншісі Ә.Қашаубаев қайтыс боларынан аз уақыт бұрын өз ұсынысымен Е.Г.Брусиловскийге Абайдың «Біреуден біреу артылса» және «Қор болды жаным» әндерін жаздырған. 1925 жылы Парижде өткен бүкіл дүниежүзілік ән байқауында екінші орын алып, күміс медаль иемденген атақты әнші Әміре Қашаубаевтың 1930 жылдары жазықсыз жалаға ұрынып, жапа шеккен шағында Абайдың тап осы екі өлеңінен көңіліне жұбаныш іздеуі әнші мен ақын рухының тоғысқан тұсын бейнелейді.

1935 жылы М.Әуезовтің Абайдың музыкалық мұрасын сақтап қалуға байланысты белсенді қызметінің нәтижесінде Семейде оның әндерін алғаш рет толық жинап, нотаға түсіру қолға алынды. Композитор Л.Хамиди осы жылғы көкек айында Әрхам Ысқақұлынан ақынның: «Біреуден біреу артылса», «Желсіз түнде жарық ай», «Ішім өлген, сыртым сау», «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің», «Айттым сөлем, қалам қас», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Көзімнің қарасы», «Сұрғылт тұмандым бүркіп», «Бойы бұлғаң», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Төңірі қосқан жар едің сен», «Қарашада өмір тұр», «Өлсем орным қара жер, сиз болмай ма», «Қараңғы түнде тау қалғып» әндерін жазып алды. Дегенмен бұл шығармалар ол кезде жарық көре қойған жоқ. Хамиди Москва консерваториясының жанындағы Татар опера студиясына оқуға кетті де, асыл қазына болашақ композитордың жеке архивінде қалды.

1939 жылы Әуезовтің ұсынысымен Алматыда Абай әндері нотаға түсірілді. Оның тапсыруымен Л.Хамиди әнші Жүсіпбек Елебековтың орындауында «Қарашада өмір тұр», «Сегіз аяқ», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Көзімнің қарасы», М.Әуезовтен «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әндерінің жаңа нұсқаларын жазып алды. Сол жылы Әуезовтің көмегімен Б.Г.Ерзакович

Қуан Лекеровтен, Темірболат Арғынбаевтан, Жүсіпбек Елебековтен «Айттым сәлем, қалам қас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлғаң» әндерінің басқаша түрлерін нотаға түсірді.

Ал 1953 жылы Әуезов өз орындауында «Сүйсіне алмадым, сүймедім» әнін нотаға түсіртті. Мұның алдында, 1948 жылы Ерзакович Семей облысы, Жарма ауданы «Октябрьдің 15 жылдығы» колхозында тұратын ақын Кесембек Байғұтдиновтан Абайдың «Қарға мен Бүркіт» әнін жазып алған болатын. Абайдың музыкалық мұрасын жинауға ақынның Тұрағұлдан туған немере қызы Мәкен Мұхаметжанова да көп үлес қосты. Ол атасының әндерін тікелей өз әкесі мен әкесінің замандастарынан және әжесі Әйгерімнен үйренген. 1939 жылы оның орындауындағы Абай әндерін композиторлар А.Жұбанов пен А.Серікбаев жазып алған болатын. Бірақ сол әндерден А.Жұбанов нотаға түсірген «Онегиннің Татьянаға хатынан» басқасы сақталмаған.

1984 жылы ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер институтының өтінішімен Мәкен Абайдың 17 әнін магнитофон таспасына жаздырды. Мұның 11-і композитордың бұрын белгілі әндерінің жаңа нұсқасы да, алтауы: «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің өлердегі сөзі», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Әбдірахманның әйелі Мағыштың жоқтауы», «Теректің сыйы», «Есінде бар ма жас күнің?» алғаш рет нотаға түсірілді. Мәкен орындаған бұл әндерді музыка зерттеушісі Қайролла Жүзбасов жазып алды.

Замандастарының естеліктері бойынша, Абай домбыраны жақсы тартқан және өз әндерін айтқан әншілерді сүйемелдеп отыратын әдеті болған. Мысалы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертанушы Жарқын Шөкәрім 1984 жылы Абайдың Тұрағұл деген баласының қызы Мәкен Мұхамеджанова апайды көзімен көргендігін, ол 1939 жылы Мұхтар Әуезовтің ықпалымен 16 ән жаздырғанын айта келіп: «Ол кезде

Ерзакович те бар. Сонда Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди «Абай» операсын жазғанда негізінен Мәкен Мұхамеджанованың әндеріне сүйенген... 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына орай өткен еске алу кешінде Әлмағамбет ақсақал әндерін орындаған. Абайдың жанында жүріп, өзінен үйренген тікелей шәкірті, үш ішекті домбырамен айтқан. Жалпы, Абай атамыздың өзі де үш ішекті домбыра тартқан ғой. Ол кісінің әндері үш ішекті домбыраның сүйемелдеуімен туғаны – шығар күндей шындық нәрсе», – дейді («Айқын», 30.04.2013).

Ақын бірнеше күй де шығарған. Бір өкініштісі, композитордың ел арасына тараған бұл күйлері әлі күнге жиналып, зерттелген жоқ. Абай күйлері ішінен тек үшеуі ғана белгілі. Оның екеуін – «Торжорға» мен «Май түнін» 1983 жылы Уәли Бекенов Ғайса Сармурзиннен, «Абай желдірмесін» Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауылының тұрғыны Хамза Демшіновтен Қ.Жүзбасов нотаға түсірген.

Абайдың музыкалық мұрасы кезінде қағазға түсірілмей, тек ауызша, біреудің біреуден үйренуі арқылы ғана жеткендіктен, ел арасында Абай әндерінің әртүрлі нұсқалары ұшырасады. Дегенмен Абай әндерінің негізгі әуені өзінің алғашқы нұсқасының арқауын толық сақтап қалған. Төңкеріске дейінгі кезеңде Абай әндері негізінен өлкенің солтүстік және шығыс аймақтарына көбірек тарап, одан бергі уақытта Қазақстанның барлық аймағын мекендеген қалың жұрттың игілігіне айналды.

А.В.Затаевич өзі нотаға түсірген Абай әндерін 1925 жылы «Қазақтың мың әні» деген атақты жинағына жариялаған. Ол Әміре Қашаубаев сияқты дүлдүл әншілерді тыңдағандықтан, қазақтың әншілік өнерін аса жоғары бағалаған. 1930 жылдардан бастап, тура осы жұмысты одан әрі жалғастырған өнертанушы ғалым Борис Ерзакович Абайдың 20-дан астам әнін

нотаға түсіреді. «Антология казахских народных любовных песен» (1994) кітабында ол «1931–1938 жылдары қазақтың 500-дей әнін жазып алғанын, одан кейін түрлі экспедициялық сапарларда жүріп жазғандығын, мұның бәрі бір айта салғаннан емес, тікелей әнші, күйшілердің бірнеше мәрте орындауында нотаға түсірілгенін» жазады. Айта кету керек, бұл кезеңде Әміре Қашаубаев, әнші Майра, Мұхит, Иса Байзақов, Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Жамал Омарова, Дина Нұрпейісова, Шара Жиенқұлова сияқты талант иелері өмір сүрді. А.В.Затаевич заманынан бұрын өмір сүріп, өз аузынан әндері нотаға түспеген Біржан салды айтпағанның өзінде ХХ ғасырдың бас кезінде сал-серілер мектебін жалғастырған Ақан сері, Балуан Шолақ, Естай, Мәди, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай т.б. қазақтың әнші-композиторларының даңқы шықты. Бұлар қазақтың атақты композиторлары ғана емес, өздеріне дейінгі өнер саңлақтарының музыкасын біздің заманымызға жеткізушілер еді. Бұл кезең, яғни ХХ ғасырдың басы қазақ музыкасының шарықтау шегі болды.

Ұлттық музыка өнерінің қайнарынан нәр алған Абайдың туыстары мен халық өнерпаздарының аузынан Абай әндерін нотаға түсіргенінің арқасында М.Әуезовтің либреттосына жазылған Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің 1944 жылы «Абай» операсы шықты. Композиторлардың бұл еңбегі қазақтың ұлттық опера өнеріне қосылған үлкен табыс болып саналды. Операда олар ұлы ақынның басындағы әлеуметтік драманы жан-жақты аша алатын гармониялық-полифониялық айшықты айқын бояуларды таба білді. Мысалы, Айдар мен Ажар дуәті, «Ей, халайық, барым ең сен» деп басталатын Абайдың ариясын композиторлар Абай әндерінің стилінде жазып шықты. Операда Абай әндері де молынан орындалды.

1954 жылы «Ғылым» баспасынан 10 мың данамен қазақ және орыс тілінде шыққан «Абайдың музыкалық творчествосы» атты этнографиялық жинаққа М.Әуезов, Ә.Қашаубаев, Ә.Ысқақов, М.Мұхамеджанова, Ж.Елебеков, Т.Арғынов, Қ.Байғұтдинов, С.Қасыманов, Қ.Лекеровтерден жазып алынған Абайдың 20 әні енгізілген. Кітаптың алғы сөзін музыка зерттеушісі, профессор В.П.Дернова жазды. Ол бұл әндерді әр жылдары нотаға түсірген А.Э.Бимбоэс, А.В.Затаевич, Л.А.Хамиди, Е.Г.Брусиловский, Б.Г.Ерзакович нұсқаларына шолу жасап, Абай әндерінің ырғақтық, саздық, үндік ерекшеліктеріне талдау жасады. Абайдың музыкалық мұрасының кеңес дәуіріндегі алғашқы зерттеушілері болып саналатын В.Дернова, Б.Г.Ерзаковичтер «Абайдың әндері орыс романстарына ұқсайды» деген пікір білдірді. Бұл «көшпенділердің жабайы баласының» дүниежүзілік музыкамен тайталаса алатындай шығармалар жазуын бір жағы отарлық саясаттың мойындамауынан, бір жағы жергілікті халық музыкасын жете білмегендіктен туындаған пікір деп қарау керек. Десе де, орыс музыка мамандарының Абай әндерін нотаға түсіріп, жанрлық сипатын анықтауы қажырлы еңбек болатын.

Кейін музыка мамандары Талиға Бекхожина, Әсия Байғасқина сияқты зерттеушілер Абайдың мұрасы қазақтың төл туындысы екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Ең бірінші Мұхтар Әуезов Абайдың әндерінің бірқатары, әсіресе лирикалық шығармалары шығыстық сарынға, бөйіт күйлеріне келетінін жазған. Бұл кейіннен «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (1988) атты кітабына енгізілген «Поэтические окружение Абая» атты мақаласынан анық көрінеді.

Отызыншы жылдардың соңында Абайдың туыстары Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов пен Мәкен Мұхамеджанова да Абай әндерін жеткізуші ретінде айтарлықтай

үлес қосты. Әсіресе Әйгерімнен туған Тұрағылдың (Тұраш) кенже қызы Мәкен Мұхаметжанованың орындауындағы Абай әндерін әр жылдары Б.Г.Ерзакович, А.Ю.Серікбаева, Қ.Жүзбасов сияқты музыка мамандары нотаға түсіріп, таспаға жазып алған. Абайдың немересі Мәкен Мұхамеджанова орындаған 19 ән 1986 жылы Өнер» баспасынан шыққан «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына енгізілген.

1934 жылы «Қыз Жібек» операсымен ашылған Қазақ мемлекеттік опера және балет театрына Абай есімінің берілуі жайдан-жай емес. Бұл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы Абай мұрасы екендігін дәлелдей түсті. 1945 жылы М.Әуезов пен Г.Рошальдің сценарийі бойынша «Абай әні» атты толық метражды көркем фильм түсірілген. Мұнда Абай рөлін халық әртісі Қалибек Қуанышбаев ойнады. 1949 жылы 28 желтоқсанда М.Әуезовтің «Абай жолы» романы негізінде Ш.Қ.Айманов пен Я.С.Штейннің сахналық қойылымы Қазақ сахна өнері тарихында прозалық нығарма негізінде қойылған тұңғыш спектакль болды.

Абай әндері нотаға түскен күннен бастап, ұлт аспаптарына, симфониялық оркестр аспаптарына, шағын ансамбльдерге (трио, квартет, квинтет), үлкен оркестрге, хорға және жеке дауыста фортепианолық сүйемелдеуге лайықталып, кеңінен орындала бастады. 1941 жылы атақты композитор Мұқан Төлебаев «Көзімнің қарасы» әнін тенор дауысты орындаушыға, аралас дауысты хорға және фортепианоға арнап өңдеді. 1954 жылы композитор, дирижер, пианист С.И.Шабельский «Памяти Абая» атты үш бөлімді трио жазды. Трио партитурасының негізгі желісіне Абайдың «Сегіз аяқ», «Көзімнің қарасы», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Қор болды жаным» әндерінің әуені арқау болған. Бұл ұлтымыздың өскелең өнері мен өрелі мәдениетінің ежелден дамып келе жатқан әртүрлі полифониялық әуез үлгісін айшықтай түсті.

Сондай-ақ Қазақстан композиторлары Абай өлеңдерінің сөздеріне де көптеген ән жазып, Абай мұрасын музыка тілімен сөйлете білді. Абай мұрасының терең философиясы, гуманизмі, ән-жырының биік эмоциялық образы композиторларды шабыттандырып, біраз шығарма тудыруға негіз болды. Мысалы, Ғазиза Жұбанова және Сыдық Мұхамеджанов сияқты композиторлар өзінің көп жылдық шығармашылығын Абайға арнады. Хор жанрында Ғ.Жұбанова бірнеше Абай әнін осы жанрға лайықтады, соның ішінде «Желсіз түнде жарық ай» (1976 ж.) капелла, аралас дауысты хорға (тоны ми минор) лайық өңделді. Ғ.Жұбанова «Абай» телефильмінің музыкасын жазып жүргенде, хорға арналған бірнеше ән жазды, сонымен бірге ақынның «Татьянаның хаты» әні әйелдер хорына және «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әні ерлер хорына арналып өңделді.

Сыдық Мұхамеджанов Абай музыкасының лирикалық-философиялық мазмұнды әндеріне назар аударып, осы жолда жемісті еңбек етті. Табиғат, махаббат, көңіл күйі бәрі композитордың терең лирикалық талантына үндес келеді. Абай мұрасынан ол «Жыл мерзімдері» (1975 ж.) капелла-кантатасын аралас дауысты хорға арнап жазды. Сонымен қатар «Желсіз түнде жарық ай» және «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» (1971 ж.) сияқты өзінің ғажайып әндерін жазды. Сонымен бірге композиторлар Л.Хамиди, П.Великанов, К.Мусин, Н.Меңдіғалиев, А.Еспаев, Н.Тілендиев, Е.Рахмадиев, Қ.Қожамяров, А.Молодов, К.Күмісбеков, М.Қойшыбаев, Б.Жұбаниязов, В.Новиков, М.Сағатов, М.Маңғытаев, Ж.Дастенов, Ж.Кәрменов, І.Жақанов, М.Жанболатов, А.Ахметжанов т.б. Абай өлеңдеріне ән, романс, хор, дуэттерін шығарып, ұлы ақынның музыкалық әлеміне өз үлестерін қосты.

Сондай-ақ Абай бейнесі қазақтың күй өнері жанрынан да мәңгілік орын тепкен. Қазақтың белгілі

күйші-композиторлары Мағауия Хамзин «Абай толғауы» атты Абай әндеріне жазылған вариациялық күйін, Нұрғиса Тілендиев «Абай табиғаты» деген прима қобыз бен оркестрге арналған шығармасын арнады, ал Қаршыға Ахмедияров «Абай толғауы» атты домбыраға арналған күйін ақынның 150 жылдық тойына тарту етті. Бұл – философиялық терең ойға құрылған Абай әндерінің әуенін қамтыған Арқа дәстүріндегі сазды күй.

XXI ғасырда қазақ күй өнеріне «жыл құсындай жаңалық» әкелген қазақтың біртуар композитор-күйшісі Секен Тұрысбеков Абай даналығына тәнті екендігін «Мен бір жұмбақ адаммын» романсы арқылы білдіріп, «Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен, Өмір сәуле көрсетер судай тұнық» екенін жан тербейтін тәтті әуезбен жеткізе білді. Бұл, ең алдымен, дәл қазіргі уақытта да Абай мұрасының қазақ профессионалдық музыкасындағы әсері мен мәнін көрсетеді, әрі ұдайы жұртшылық жадындағы халықтық сипаты мен мәңгілік ғұмырын айғақтайды.

1953 жылы КСРО халық әртісі, профессор В.Г.Сokolov Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін өңдеп, оны өзі жетекшілік еткен Москва хорының репертуарына енгізді. Қазақстан композиторлары Абай әндеріне профессионалдық музыка жанрына ыңғайлап әртүрлі өңдеу жасады.

Жоғарыда аталған А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсының жаңа қойылымының тұсаукесері 2012 жылдың 21 қыркүйегінде Майнингенде (Германия) қойылуы Абайдың музыкалық мұрасының мәңгілік сипатын көрсетеді.

1. Абай қандай әндер жазған?
2. Ақынның ән туралы қандай нақыл сөздерін білесіңдер?

2

Түсіну

1. Абай ән-күйді неліктен үлкен өнер деп таниды?
2. Абайдың айналасына не себепті жастар жиналатын болған?
3. XX ғасырдың 30-жылдары ақын әндерін орындауға неге тыйым салынды?

3

Қолдану

Интернет желісінен «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдап, сөзі мен әуенінің үйлесуіне баға беріңдер. Мазмұны бойынша сурет салыңдар.

4

Талдау

Тақырып бойынша талдау жұмысын жасап, кестені толтырыңдар.

Абай әнін жеткізушілер	Абайдың музыкалық мұрасын зерттеушілер	Абай сөзіне ән жазушылар

5

Жинақтау

«Әнді сүйсең, менше сүй» деген тақырыпта Абайдың композиторлығы туралы әссе жазыңдар.

6

Бағалау

Қазіргі қазақ музыкасына Абайдың көзқарасымен баға беріп көріңдер.

Сөздік:

ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы.

Әдебиет:

1. Гизатов Б. Абай и музыка. – Алматы: Ғылым, 1995. – 124 с.

2. Бисенова Г. Песенное творчество Абая. – Алматы: Дайк-Пресс, 1995. – 168 с.

5.2 «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар»

Белгілі қазақстандық жазушы Герольд Бельгер «Абайдың әр өлеңі бір кітаптың жүгін көтеріп тұр» деген сөзді тегін айтып тұрған жоқ. Расында, түсінген адамға Абайдың әрбір өлеңі бір зерттеудің жүгін арқаласа, ал әрбір сөзі бір тақырыптың жүгін көтереді. Мысалы, осы тараушадағы «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» тақырыбына назар аударайық. Бұл:

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Оның тәтті оралған мәні оятар.

Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,

Жас балаша көңілді жақсы уатар», –

деген шумақтың бірінші жолынан алынған.

«Әннің де естісі бар, есері бар,

Тыңдаушының құлағын кесері бар.

Ақылдының сөзіндей ойлы күйді

Тыңдағанда көңілдің өсері бар», –

деуменен бар дүниеге ойлана сынап қарайтын ақын ән мен күйге де шарттар қояды. Естіген ән мен күйінің бәріне бас шұлғи бермейді, биік талғам, өрелі ой тұрғысынан баға береді.

Бір тараудың жүгін көтеріп тұрған «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» деген Абай сөзінің астары тереңде жатыр. Мұны М.Әуезов «Абай жолы» романында Шүкіманның



Абай музейіндегі қобыз

(Әйгерім) салған әнінен оянып кеткен Абайдың кенет түс көргендей күй кешуі арқылы нақтылы іс-әрекет үстінде шебер жеткізеді. Бұл әнді 1935 жылы Латиф Хамиди Абайдың немере туысы Әкрам Кәкітайұлы Ысқақовтан жазып алып, нотаға түсірген. Романға арқау болған «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» (1896 ж.) өлеңі 38 жолдан тұрады.

1

Білу

1. Абай әндерінің тақырыптары қандай?
2. Абай әндерінің ерекшелігі неде?

2

Түсіну

1. Абай неліктен ән жазуға үлкен мән береді?
2. Абай не себепті «Әннің де естісі бар, есері бар» дейді?

3

Қолдану

Тақырып бойынша кесте толтырыңдар.

Абай әндері	Абай әндерінің өміршеңдігіне 3 дәлел келтір	3 дәлелге 3 факті келтір
	1. 2. 3.	1. 2. 3.

4

Талдау

Төмендегі өлең жолдарын талдап, қандай 6 өлеңнің ән-нің жайын білдіретінін табыңдар:

«...Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.
Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын».

«Ашық микрофон» әдісі бойынша «ұйықтап жатқан жүректі оятатын» ән құдіреті туралы ойларыңды ашық айтыңдар.

Қазіргі кезде қандай әнді «естіге», қандайын «есерге» жатқызар едіңдер?

Сөздік:

Такт – бұл жерде өлеңнің ырғағы ретінде алынған.

Әдебиет:

Абай жолы: Роман-эпопея. Екінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. – 432 бет. Т 2. (34–44-б.)

5.3 «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңі

«Құлақтан кіріп, бойды алар» деген өлеңі – Абайдың ән мен күйді жоғары бағалағандығын көрсететін шығармаларының бірі. 1897 жылы жазылған бұл өлеңде М.Ю.Лермонтовтың «Звуки» атты шығармасының сарыны бар. Лермонтовта бұл өлең – 20 жол. Абайда 4 тармақты 7 шумақтан тұрады, яғни 28 жол. Кейбір жерлері Лермонтов сөзімен қабысқанымен, еркін ойға құрылған тың шығарма. Өлең 7, 8, 9 буынды шалыс ұйқаспен (а, б, а, б) жазылған. Абайдың бұл өлеңіне С.Мұхамеджанов пен А.Гурьев ән-романс жазған.

«Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңінің тақырыбы мен идеясы «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Адамның кейір кездері» сияқты Абайдың басқа өлеңдерімен тығыз байланысты.

Ақын осы өлеңінде «Жақсы ән мен тәтті күйдің» мағынасына терең бойлай отырып, «Әнді сүйсең,

менше сүй» деген сөзді мақтанышпен айтады. Бұл туралы әрқилы пікір айтуға болады. М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша Абай өмірбаянына көз жүгіртсеңдер, екі жасты табыстырған махаббаттың құдірет күші емес – ән құдіреті. Өнер құдіретіне елігіп, бас иген екі жас кім еді? Олар – Абай мен Әйгерім. Десе де екеуі әлеуметтік тегі тұрғысынан бір-біріне тең емес. Өйткені Абай – сол кездегі ең жоғарғы лауазым иесі, аға сұлтанның баласы, ал Әйгерім – кедей жатақтың қызы. «Дүние ойдан шығады, Өзімді-өзім ұмытып» деген сөзді ақын текке айтып тұрған жоқ. Бұл жерде өнер адамының болмысы тұр. Осыны жақсы түсінген М.Әуезов «Абай жолы» романында Абайдың шабытты шағы мен жақсы музыкаға тебіренген көңіл күйін жанды суретпен бірнеше жерде ашып береді.

1

Білу

1. «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңінің негізгі идеясы қандай?
2. Абайға дейін музыкаға өлең арнаған қазақ ақындары бар ма?

2

Түсіну

1. Не себепті осы әнге композиторлар ән-романс жазған?
2. Абай не себепті «Әнді сүйсең, менше сүй» деген?

3

Қолдану

Интернеттен «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңінің мәтіні мен ән-романсты жүктеп алып, мәтініне қарап отырып, әншіге қосылып айтыңдар, ән құдіретін ұғынуға тырысыңдар.

4

Талдау

Ақынның әнге қойған эстетикалық талабын, әннің міндетіне зор маңыз беруін балық қаңқасы – «Фишбоун» әдісі бойынша талдаңдар.

Орындалу барысы: балық қаңқасының басына – шығарманың тақырыбы, үстіңгі сүйектеріне – өлеңдегі көркемдегіш құралдардың түрлері, астыңғы сүйектеріне – дәлелдерің, құйрығына өлең тілі жайлы ойларың қысқаша жазылады.

5

Жинақтау

Ән құдіреті туралы «Құлақтан кіріп, бойды алған» тақырыбына эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Қазіргі әндердің барлығы бірдей «құлақтан кіріп, бойды ала ма»?

5.4 «Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңі

«Өзгеге, көңілім, тоярсың» (1890 ж.) деген өлеңі де Абайдың ән мен күйдің және өлең сөз бен поэзияның қоғамдық мәнін жоғары бағалаған шоқтығы биік шығармаларының бірі. Өлең 4 тармақты 9 шумақтан тұрады. Абай «әуелеп, қалқыған» ән мен «от жалын боп шалқыған» сөзді бәрінен де жоғары қояды. «Оны айтқанда толғанып, Іштегі дертті жоярсың» деп адамды қайғымұңнан, дерт-дербезден айықтыратын күш өлең сөздің қуатында жатқандығын ақын тебірене жеткізеді.

Жалпы өнер атаулының қай түрін болсын (өлең, ән мен күй) іштегі дертті жоятын күш-қуатын тыңдаушылар да бар жан-тәнімен сезіне алса, ықылас-ынтасымен тыңдаса, көңіл қойса, бағалай білсе, соған жететін санасы оянса деген тілек айтады.

1

Білу

1. Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңін интернеттен жүктеп алыңдар.
2. Бұл өлеңде не суреттеледі?

2

Түсіну

1. Абай өлеңін не себепті шер тарқатуға арнаған?
2. Неліктен ақын мың адамды «надан» деп атайды?

3

Қолдану

Интернеттен немесе түсіндірме сөздіктен «шер тарқату» деген ұғымның мағынасын анықтаңдар. Шер тарқату қалай жүзеге асырылады? Оның адамға қандай пайдасы бар?

4

Талдау

«Қызыл тіл», «қара көңілім», «хас надан», «мың надан», «іштегі дерт» тіркестерінің авторлық қолданысын, олардың қызметін талдап, түсіндіріңдер.

5

Жинақтау

«Қазақтың бас ақыны – Абай сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріс айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. ...Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушылары шаңына ілесе алмағанын көрсетеді» деген А.Байтұрсынұлының сөзін пайдаланып, алған білімдеріңді жинақтап, түйіндеңдер.

6

Бағалау

Абайдың «Жүрегімнің түбіне терең бойла» деген сөзінің бүгінгі тақырыпқа қатысы бар ма?

5.5 «Сегіз аяқ» өлеңі

«Сегіз аяқ» өлеңі (1889 ж.) – оқшау тұрған жаңа туынды. Абайдың қазақ поэзиясына 8 тармақты етіп, тыңнан қосқан шумақ өрнегі. Өлеңнің өзі сегіз тармақты 25 шумақтан тұрады. Мұндағы басты ерекшелік – әр шумақтың сегіз жолдан қайырылуында. Өлеңнің «Сегіз аяқ» аталуы да сол себептен. Бұл

шығарманың ырғақтық құрылысы да өзгеше. Шумақ 5 буынды тармақтар мен 7–8 буынды тармақтардың жүйелі түрде үйлесуі арқылы түзілген. Мұнда 4 түрлі дыбыс үндестігіне негізделген «а а б в в б г г» деген үйлесім бар.

Өзіне дейін ешкім таппаған қиын ұйқасты өлең түріне арнап Абай ән де шығарған. Бұл әннің әр жылдары жазылған сегіз нұсқасы бар. Әннің бірінші түрін 1920 жылдары Ақмола облысын аралаған А.Ә.Бимбоэс әнші-ақын Мұстафа Нұрбаевтан жазып алып, нотаға түсірген, екіншісін 1922 жылы А.В.Затаевич Орынбор қаласында Құстай Мырзабеков пен Кәрім Қашқымбаевтың айтуы бойынша нотасын жазған. Үшінші-төртіншісін композитор Л.Хамиди 1935 жылы Әрхам Кәкітайұлынан және 1938 жылы Жүсіпбек Елебековтен жазып алса, бесінші-алтыншысын 1938 жылы музыка зерттеушісі, профессор Б.Г.Ерзакович Темірболат Арғынбаевтан және 1939 жылы Қуан Лекеровтен жазып алып, нотаға түсірген. Әннің жеті-сегізінші нұсқасын 1984 жылы Мәкен Мұхамеджанова мен Қали Байжановтың орындауында музыка маманы Қайролла Жүзбасов нотаға түсірген. Бұлар «Әр халық әндері» (1971), «Айттым сөлем, қалам қас» (1986) т.б. Абай әндері жинағына енгізілген. Композитор С.И.Шабельский «Абайды еске алу» деген фортепианолық триосының бір бөлімін осы «Сегіз аяққа» арнаған.

«Сегіз аяқ» өлеңінің шумақтық өрнегі қазақ поэзиясына жаңа түрдің туып, қалыптасуына негіз жасады. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, С.Торайғыров осы түрді пайдаланса, 1970 жылдары белгілі сатирик-ақын Қажытай Ілиясұлы «Сегіз аяқ» өлшемінің негізінде «Өгіз аяқ» деген өлең жазып, қазақ пародия жанрына жаңаша серпін берді.

«Сегіз аяқ» – сатиралық өлең. «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде» деп Абай

қазақтың жағымсыз мінез-құлқын сынай отырып, кемшілігін бетіне баса отырып, биік тұғырға, өрелі ойға жетектейді. Мұнда тұнып тұрған әлеуметтік пәлсапа бар. Мысалы: «Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең, өзің біл»; «Білгенге маржан, Білмеске арзан»; «Көп айтса көнді, Жұрт айтса болды, Әдеті надан адамның»; «Бойда қайрат, ойда көз, Болмаған соң, айтпа сөз»; «Көңілсіз құлақ – ойға олақ»; «Еңбек қылсаң ерінбей, Тояды қарның тіленбей»; «Бірінді, қазақ, бірің дос, Көрмесең, істің бәрі бос»; «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын»; «Не ол емес, бұл емес, Менің де күнім – күн емес»; «Ғылымды іздеп, Дүниені көздеп, Екі жаққа үңілдім»; «Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым, Онан да шықты жаңғырық»; «Баяғы жартас – бір жартас, Қаңқ етер, түкті байқамас»; «Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ»; «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным!».

Міне, осы сөздердің көпшілігі бүгінгі күнде афоризмге айналып, халықтық сипат алып кетті. «Сегіз аяқ» – Абайдың көзі тірісінде халық арасына кең жайылып кеткен әндерінің бірі. Сондықтан да оның сегіз түрлі нұсқасының болуы заңдылық және де бұлардың барлығын кәсіби әншілер мен Абайдың көзін көрген туыстары түпнұсқалық сипатын сақтай отырып, біздің заманымызға жеткізген.

1

Білу

1. Өлеңнің ерекшелігі неде?
2. Өлеңнің идеясы қандай?

2

Түсіну

1. «Сегіз аяқ» өлеңі не себепті қазақ поэзиясына жаңалық әкелген болып саналады?
2. Абай өлеңдерінің сөздері неге афоризмге айналып кеткен?

«Сегіз аяқ» өлеңі сияқты қазақ әдебиетінде 8 тармақтан тұратын шығарма бар ма? Зерттеп көріңдер.

«Сегіз аяқ» әнін интернеттен жүктеңдер. Өлеңді тыңдап, «Сатылай кешенді талдау технологиясы» бойынша талдаңдар.

1. Авторы.
2. Тақырып.
3. Жанр түрі.
4. Идеясы.
5. Шумақ.
6. Тармақ.
7. Бунақ.
8. Буын.
9. Теңеу.
10. Эпитет.
11. Метафора.

«Үш сұрақ» тәсілі бойынша сұрақтарға жауап беріп, тақырыпты қорытындылаңдар.

1. Абайдың осы өлеңді жазудағы мақсаты неде деп ойлайсыңдар?
2. Абай «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деп неге айтқан?
3. Өлең неліктен «Сегіз аяқ» деп аталады?
 1. *Пікір.* Ақынның идеясын бір сөйлеммен жеткізіңдер.
 2. *Дәлел.* Өлеңнен үзінді келтіре отырып өз пікірлеріңді бір сөйлеммен дәлелдендер.
 3. *Мысал.* Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
 4. *Қорытынды.* Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

Абай суреттеген адамдар қазір кездесе ме?

Сөздік:

Қылп еткізбей – тап бастырмай, қозғалтпай, «бағып көр» деген мағынада.

Зәкүншік – закон (заң) қуып, «білгіш» атанбақ деген мағынада.

5.6 «Көзімнің қарасы» өлеңі

«Көзімнің қарасы» (1891 ж.) өлеңі махаббат тақырыбына арналған. Бұл өлең – өнімен қоса, халық арасына ең көп тараған әйгілі өлеңдерінің бірі. М.Әуезов: «Көзімнің қарасы» қазақтың шешен тілімен шеберлеп айтқан сезімдерді көрсетеді», – деп жазды. Өлеңде Абай сүйген қызының тән сұлулығын ғана емес, жан сұлулығын да шебер суреттеп, ішкі сезімдері мен мінезін ашып көрсетеді. «Көрік – төңір дәулеті» деп Абай сымбатты адамға айрықша баға береді. Сұлулық – құдайдың берген сыйы, төңір дәулеті деп мадақтаған ақын, ал сұлуды сүю, қадірлеу, қастерлеу – адамзатқа тән дүние, ол пайғамбардан келе жатқан қадірлі іс екенін дәріптейді.

Өлең 4 тармақты 22 шумақтан тұрады. Бұл өлеңіне Абай арнайы өн шығарған. Өннің төрт түрлі нұсқасы бар.



Сұлу қыз

1922, 1939, 1984 жылдары С.Тамтеевтің, Ж.Елебековтің, М.Мұхамеджанованың орындауында нотаға түскен үш нұсқаның саз иірімдері мен ырғақтық өрнектерінде өзгешеліктер болғанмен, бір-бірімен сарындас. Ал 1935 жылы Әрхам Кәкітайұлынан жазылып алынған Л.Хамиди үлгісі әуен-ырғағы жағынан соны иірімдерге құрылған. Бұл әнді қазақстандық белгілі композиторлар Е.Г.Брусиловский, С.Т.Шабельский, М.А.Скорульский, М.Төлебаев, К.Күмісбеков өз шығармаларына арқау еткен. Жоғарыдағы үш адамның жаздыруындағы нұсқа бойынша «Көзімнің қарасы» халық арасына кең тараған. Әсіресе Абайдың немересі Мәкен Мұхамеджанованың айтуы түпнұсқаға жақын саналады.

Сөздік:

Портрет (француз сөзі – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

Пайғамбар сүннәті – Мұхаммедтің істеген ісі мен айтқан сөзі. Бұл жерде дәстүрі деген мағынада.

5.7 «Айттым сәлем, қалам қас» өлеңі

«Жігіт сөзі» (1889 ж.) өлеңі де ғашықтық тақырыбына арналған. «Айттым сәлем, қалам қас» деген атпен таралғандықтан, қазір де осылай аталады. Алғаш «Жігіттің қызға айтқаны» деген атпен Абайдың 1909 жылғы Санкт-Петербургтен шыққан өлеңдер жинағында жарық көреді. М.Әуезов құрастырған жинақтан бастап, «Жігіт сөзі» деген атпен жарияланып келеді. Мұнда кіршіксіз махаббат сезімі жігіттің сүйген қызына жолдаған сәлем хаты түрінде баяндалады. Өлең сүйіспеншілік сезімге, бүкпесіз сырға, сарғайған сағынышқа толы. Қазақ ауылында өскен бозбаланың албырт көңілі, ықыласы, ынтықтығы көркем тілмен соншама шынайы жеткізіледі. Абай бұл өлеңіне арнайы ән шығарған.

Алғаш рет әнді 1934 жылы Б.Г.Ерзакович белгілі әнші Т.Арғынбаевтан (1887–1940) жазып алып, нотаға түсірген. Абайдың қазіргі уақытта айтылып жүрген нұсқасы осы. Бұл әнді композиторлар Б.Г.Ерзакович, Е.Г.Брусиловский, А.Исакова т.б. өз шығармаларына арқау етті.

«Жігіт сөзі» өлеңі 7–8 буынды қара өлең ұйқасымен жазылып, әрқайсысы 4 тармақты 10 шумақтан тұрады. Халық арасына бастапқы үш шумағы бойынша таралған. Бізде сол кең таралған нұсқасы бойынша ұсынамыз. Басқа шумақтары жария етіп айтуды көтермейтіндіктен, толық нұсқасын әдістемелік нұсқауда береміз.

Осы «Жігіт сөзі» өлеңінен кейін Абай осыған жауап ретінде 1889 жылы 4 тармақты 12 шумақтан тұратын «Қызсөзі» («Қиыстырып мақтайсыз») деген өлең жазған. Бұл да «Қыздың жігітке айтқаны» деп аталып, 1909 жылғы жинақта тұңғыш жарияланды. Өлең ғашық жігітке қыздың қайтарған жауабы түрінде жазылған. Қыз да жігіт сияқты өз сезімін бүркелемей, ашық айтады. Жігіт «Сіз – қырғауыл, жез қанат, Аш бетіңді, бер қарат» десе, қыз: «Сіз – бір сұңқар», «Сіз – жалын шоқ, біз – бір май... Май тұра ма шыжымай» деген сияқты сөздерді айта келе, «Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын, Тояттай бер, кел де алып» деген жолдардағы метафора түріндегі салыстырулар арқылы халық поэзиясындағы бейнелі сөздерді Абай сан құбылтады.



Сері жігіт

1

Білу

1. «Көзімнің қарасы» және «Жігіт сөзі» әндерін Интернеттен жүктеп алып, тыңдаңдар. Содан соң өздерің қосылып айтыңдар.
2. Өлеңдерде не туралы айтылады?
3. Махаббат лирикасы деген не?

2

Түсіну

1. Не себепті Абайды лирик ақын дейміз?
2. «Жігіт сөзі» өлеңін неліктен халық арасында «Айттым сәлем, қалам қас» деп атайды?

3


Қолдану

1. «Көзімнің қарасы» өлеңін оқып отырып, қазақ қызының әдеби портретін жасаңдар.
2. «Жігіт сөзі» өлеңін оқып отырып, қазақ жігітінің әдеби портретін жасаңдар.

4

Талдау

«Көзімнің қарасы» және «Жігіт сөзі» әндерін салыстырыңдар. Екі өлеңге ортақ қандай үйлесімділік бар?



5

Жинақтау

«Абай – лирик ақын» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Абай әндерінің өміршеңдігі неде?

VI ТАРАУ

ОСЫ ЖҰРТ ЕСКЕНДІРДІ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?

Абайдың «Ескендір», «Масғұт», «Өзімнің әңгімесі» атты төл туындылары мен «Вадим» секілді көркем аудармасы қазақ әдебиетінде поэма жанрының жаңа ғасырдағы алғашқы шығармалары болып саналады. М.Әуезовтің: «Абай жазған 4 поэманың даңқты болатын себебі олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар», – деген пікірінде ғылыми терең түйін жатыр.

Абай ақындық кемеліне келіп, таланты әбден толысқан кезде «Ескендір» поэмасы мен «Мың бір түн» желісі негізінде «Масғұт», «Өзім әңгімесі» деген поэмалар жазды. Жиыны – өз жанынан жазған үш поэмасы бар. Осы шығармалардың ішіндегі ең шоқтығы биігі, ең елеулісі – «Ескендір» поэмасы. Ақын ойының ішкі қуаты мен суреткерлік шеберлігін де, өмір материалының кесектігі мен гуманистік ой-пікірлерінің тереңірек танытатыны да – «Ескендір» поэмасы. Шығарманың негізгі тақырыбы – адамгершілік, қанағат, рақымшылық. Идеясы – әділет пен даналықты дәріптеу, ашкөздіктен сақ болу, пендешіліктен арылу, ол үшін иманды болу, ұятың мен арыңды сақтау. Абай поэмасының көлемі шағын болғанмен, мазмұны эпикалық жүк арқалап тұр, себебі мұнда адамзат баласына ортақ адамгершілік қасиет пен адамның биік мұраты туралы кесек ой айтылған.

Поэманың басты кейіпкері Ескендір – Шығыс елдеріне Ескендір Зұлқарнайын деген атпен тараса, Еуропаға Александр Македонский деген атпен белгілі болған ірі қолбасшы. Ескендір жайында Батыста – Лампрехт, Ламберу, Бернэ, Шатильонский, Шамиссо, ал Ресейде В.Жуковский жырлаған. Шығыс

әдебиетінде Ә.Фирдоусидің «Шахнама», Низамидің «Ескендірнама», Жәмидің «Ескендір даналығының кітабы», Науаидың «Ескендірдің қорғаны» дастандарында Ескендір образын ардақтап көрсеткен. Ескендір Зұлқарнайын хақында қасиетті Құран-Кәрімнің Кәһф сүресінің 83–97-аяттарында да баяндалады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп бастап, «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ» деп өлең жазған Абай мұсылмандық шығыс ғұламаларының бізге жеткен мұрасының барлығымен таныс болған. Бірақ Абайдың «Ескендірі» бұлардан мүлде бөлек. Неге? Поэманың «Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» деп басталуында үлкен сыр жатқанын түсіну үшін төменде осы тақырыпты арнайы қамтитын академик Сейіт Қасқабасовтың «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі» деген мақаласында «Ескендір» поэмасының қазақ арасында әпсана, хикаят, жыр түрінде тарап, қос мүйізі бар Ескендір мен өлмес су іздеген Ескендір жайындағы әпсана-хикаяттардың сюжеттік негізі Низамидің «Ескендірнамасы» мен Рабғузидің «Қисса-сул-әнбиясынан» таралғанын, ал Абайдың «Ескендірі» ежелгі дәуірдің аса құнды жазба ескерткіші – «Талмуд» кітабына апаратынын алға тартады.

Ескендір поэмасының сюжеттік негізі

С.Қасқабасов

«Қазақ әдебиеттану ғылымында Абайдың поэмалары сөз болғанда, «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізін Низамидің «Ескендірнамасына» телиді. Шынында да солай ма?

Низамидің шығармасында Абай «Ескендірін» еске түсіретін мынадай бір сюжет бар: Ескендір күн шықпайтын жақта өлмес су бар дегенді естіп, қараңғылық жеріне сапар шегеді. Алға жіберілген Қызыр

өлмес суды тауып ішеді де, кетіп қалады, ал Ескендір Қызыр келмеген соң кері қайтады. Қайтқан жолда оған періште жолығып, кішкентай ғана тас береді де: – «Сен әлемді жаулап алдың, бірақ сенің миың әлі толған жоқ. Мына тастың құнын біл, бүкіл жаһаннан осының салмағына тең, тас тап. Сенің нәпсіңді тек сол тас қана тыяды!» – дейді. Зұлматтан шыққаннан кейін Ескендір жаңағы періште берген тасты есіне түсіріп, оның салмағын өлшемек болады да, таразы алдырып, оның бір жағына кішкентай тасты, екінші жағына қаншама үлкен тасты қойса да, періште берген тас баса береді. Осы кезде алыстан көрінген Қызыр таразының екінші жағына бір уыс топырақ сал деп ақыл береді. Сөйтсе, періште берген кішкентай тас пен бір уыс топырақтың салмағы бірдей болып шығады. Содан Ескендір өзінің көзін топырақ қана толтыратынын түсінеді.

Ал енді бөрімізге таныс «Ескендір» поэмасының сюжеті басқаша ғой?! Онда Ескендірдің күн шықпайтын жаққа сапары жоқ. Оның орнына Ескендірдің жаугершілікпен жүріп, шөл далаға душар болғаны айтылады. Сондай-ақ Абайда ешқандай Қызыр да, періште де жоқ, өлмес су туралы да, кішкентай тас жайлы да айтылмайды. Осыған қоса айтатын тағы бір нәрсе – Низамидің біз баяндаған сюжетінде қосымша ертегі мен мысалдар кездеседі.

Абайда басқаша, ешбір артық деталь жоқ, оның баяндағаны – Ескендірдің басынан кешкен бір ғана оқиға: Ескендір қалың қолмен келе жатып, шөл далада бір бұлаққа тап болады. Бұлақтың басына өрлеп, қақпаға келеді де, жаулап алмақ ниетпен қақпаны ашуға бұйырады. Күзетші оған адамның бас сүйегін береді. Оның мәнісін патшаның жанындағы Аристотель түсіндіріп береді.

Міне, осы бір ғана оқиғаны Абай ешбір қоспасыз, жинақты түрде баяндап береді. Оның үстіне «Ескендір» поэмасында оқиғаның болған жері (әдемі бұлақтың

басындағы қақпаның алды), кейіпкерлер (Ескендір, күзетші, Аристотель), олардың әңгімесі мен өлшеген заттары (бас сүйек, алтын-жиһаз, қару-жарақ) т.б. компоненттер Низамидің «Ескендірнамасында» жоқ. Демек, бұдан шығатын қорытынды: Абай өз поэма-сының сюжетін Низамиден алмаған. Низамидің «Ескендірнамасын» біле тұра ол өз ойын, көзқарасын білдіру үшін Батыс пен Шығысқа кең тараған Ескендір бейнесімен ол туралы шығармаларды басқаша пайдалануға тырысып, басқа материалдар іздеген және солардың ішінен өзіне керегін тапқан. Ол қандай материалдар? Енді осыған көшейік.

Қазақ фольклоры мен жазба әдебиетінің құрамында Шығыстан келген бірталай дастан, ертегі, мысал, әпсана-хикаят бар екені мәлім. Солардың бірі – Ескендір жайындағы әпсаналар мен хикаяттар, қиссалар. Ертеде қазақ арасына кең тараған Ескендір туралы шығармалар жанр жағынан да, сюжет жағынан да әртүрлі болып келеді. Бірі – әпсанаға жататын әңгімелер. Олардың сюжеті мынадай: Ескендір патшаның басында мүйіз бар. Сол мүйізін ешкімге көрсетпеуге тырысып, шашын алған адамдарды түгел өлтіріп отырған. Сондай шаштараздардың ішінен біреуі тірі қалады. Күндердің бір күнінде білетін құпиясын жасыра алмай, ол құдыққа барып: «Ескендірдің мүйізі бар!» – деп айқайлайды. Құдықтан қамыс өсіп шығады. Ол қамыстан бір қойшы сыбызғы жасап, ойнайды. Сөйтсе, сыбызғыдан шыққан дыбыс: «Ескендірдің мүйізі бар!» – деген ән болып, Ескендір патшаның құпиясы елге жарияланып кетеді.

Қазақ арасына тараған Ескендір жайлы шығармалардың екінші тобы хикаятқа жатады да, оның сюжеті төмендегіше болып келеді: Ескендір өзінің Қызыр және Ілияс деген жолдастарын ертіп, Зұлматқа өлмес суды іздей келеді. Бірақ ол суды алға қарай озып кеткен Қызыр мен Ілияс тауып ішеді де, соңынан Ескендір

келіп жеткенде, ол су ғайып болып кетеді немесе ол суды қарғалар ішіп қояды. Ал үшінші топтағы шығармалар мына сюжетке құрылған: Ескендір патша жорықта (жолда) келе жатып, керемет бұлаққа тап болады. Бұлақты бойлай жүріп, ол жұмақтың қақпасына жетеді. Патша қақпаны аш деп бұйырады, бірақ қақпаны ешкім ашпайды. Оған қақпаның арғы жағынан орамалға түйілген адамның бас сүйегін (кейде бір дорба ұнмен қоса) тастайды. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір ашу шақырады. Сол кезде әміршінің қасындағы Қызыр (данышпан) бас сүйекті таразыға салдырып, өлшетеді. Бас сүйекті еш нәрсе баса алмайды. Сол уақытта таңданған патшаға данышпан: «Адамның көзі дүниеге тоймайды, тек топырақ қана баса алады!» – деп, бір уыс топырақты сүйектің көзіне салады. Сол сәтте таразының бас сүйек тұрған жағы көтеріледі де, бұл мысалдан ғибрат алған Ескендір патша жаһангерлік райынан қайтады.

Міне, бұрынғы уақытта қазақ арасына тараған Ескендір жайындағы әңгімелердің сюжеті осылай болып келеді. Алғашқы екі сюжет, яғни мүйізді Ескендір мен өлмес су іздеген Ескендір туралы әпсана-хикаяттар Абайдың поэмасына негіз болмағаны көрініп тұр. Бұл екі сюжет Шығыс пен Батыс елдерінің бәріне дерлік тараған. Қазақ еліне олар Низамидің «Ескендірнамасы» мен Рабғузидің «Қисса-сул-әнбия-сынан» келген. Оның тарихы былай.

Белгілі ғалым Е.Э.Бертельстің дәлелдеуінше, Ескендір туралы алғашқы аңыздар мен әңгімелер оның өз сарбаздарының арасында туған. Ол әңгімелерді көпшілікке таратқан да – осы сарбаздар.

Кейіннен бұл аңыздар жинақталып, топтастырылып, белгілі «Александрия» шығармасына айналады. «Александрия» көптеген тілге аударылып, Шығыс халықтарына да жайылады. Шығыста бұл шығарма бөлшектеніп, бір елден екінші елге ауыса отырып, олардың ауыз әдебиетіне, кітаптарына,

жылнамаларына енеді. Сөз жоқ, мұндай жағдайда аңыз-әңгімелердің өздері де, тіпті Ескендірдің өз образы да көп өзгеріске ұшырайды. Мәселен, гректерден сириялықтарға келген Ескендір қос мүйізді болып бейнеленеді де, «Зұлқарнайын» деп аталады. Содан барып, оған ерекше күш, айбын, тіпті ежелгі Египеттегі жануар басты құдайлар мен патшаларға тән қасиет танылады. Себебі, Шығыс халықтарының ерте заманғы түсінігі бойынша, адамға біткен мүйіз – ерекше бақыттылықтың, аса бір ерекшеліктің айғағы есепті. Мұндай түсінік қазақтарда да сақталған. Мәселен, қазақ тілінде «Көне, шыққан мүйізің?» – деген тіркес «артықшылығың қайсы?» – деген мағынада қолданылады.

Демек, сириялықтардың Ескендірге қос мүйіз таңу себебі оны ерекше адам деп білуінде деп ұғамыз. Ескендір қос мүйізді деген аңыз басқа елдерге де жетеді. Мәселен, б.з. дейінгі II–I ғасырларда сасан ирандарының аңызында да Ескендірдің мүйізі бар. Және Ескендірдің өзі, оларша ахеменидтердің, яғни сасан ирандарының арғы атасы деп жырланады. Оларша Ескендір – Иранның заңды патшаларының бірі, ал сасан ирандықтарының кейінгі патшалары – Ескендірдің тұқымы. Ескендір осы себептен де сасан ирандықтарының «Худайнама» деп аталатын патшалық шежірелеріне енеді. Сасандықтардың бұл әңгімелері араб Динаваридің «Ал-Ахбарат-тивал» атты жылнамасынан да орын алған. Оның үстіне сириялықтардың Ескендір Зұлқарнайын туралы аңыздары арабтардың құранына да кіргізілген. Ескендірді құраннан көрген мұсылмандар кейіннен оны Мұхаммедке дейін өмір сүрген пайғамбарлардың қатарына қосады да, Тафсирге де кіргізеді.

X ғасырда арабтарда Ескендір туралы тағы бір әңгіме пайда болады. Ол – Табаридің әңгімесі. Бұл әңгімеде тұңғыш рет «өлмес» суды іздеген Ескендір

Зұлқарнайынды көреміз. Е.Э.Бертельстің ойынша, Табаридің бұл әңгімесі сасандықтардың жоғарыда аталған «Хұдайнамасынан» алынған. Зұлқарнайын туралы аңыздар арабтардан парсыларға жеткен. Оны біз X ғасырда жазылған екі кітаптан көреміз. Бірі – Баламидің жылнамасы. Бұл еңбек – Табари әңгімесінің аудармасы. Бірақ Балами өз аудармасын Құранның, Тафсирдің және Хадистің хикая-аңыздарымен толықтырған. Мысалы, Баламидің жылнамасынан Құранда келтірілетін Ескендір темір қақпа соғып тоқтатқан Я'жүз Мә'жүз елі туралы әңгімені кездестіреміз.

Екінші кітап – Фирдоусидің «Шахнамасы». Фирдоуси өзінен бұрынғы әңгімелердің бәрін жинап, бір поэма жасаған. Оның суреттеуінше, Ескендір көптеген жорық жасаған Иран патшаларының бірі. X–XI ғасырларда Ескендір туралы аңыздар түркі халықтарына да келіп жетеді. Дәлел ретінде Махмуд Қашғаридің кітабынан мынадай бір мысал келтірейік. «Тұтмач» деген сөздің мағынасын түсіндіре келе, М.Қашғари былай деп жазады: «Ескендір Зұлматтан шыққанда, адамдардың азығы таусылып қалады. Аштықтан қорыққан адамдар оған «бізні тұтма ач» – деген. Сонда Ескендір білімпаздарымен кеңеседі, ал олар бір тағам даярлайды. Сол тағамды содан «тұтмач» деп атасып кеткен». М.Қашғаридің «Зұлматтан шыққанда» деген сөздеріне қарағанда, Ескендірдің «өлмес» суды іздегені туралы әңгіме түркі халықтарына X–XI ғасырлардың өзінде-ақ белгілі болғанға ұқсайды.

Ескендір туралы аңыз-әңгімелердің бұрынғыдан да кең тарауына әсер еткен – әзербайжан ақыны Низами. Өзінің «Ескендірнамасын» жазуда Низами өзіне дейінгі екі нұсқаны пайдаланған. Біріншісі – Динавари, Табари және Фирдоуси шығармалары, яғни ирандықтар мен арабтардың әңгімелері. Екіншісі – Туртуши мен Газалидің діни жинақтарынан тараған румдықтардың әңгімелері. Низами өз поэмасында былай деп ескерту

жасайды: румдықтардың әңгімелерінде «Әбілхаят» суын ішкен жалғыз Қызыр емес, оның жанында Ілияс болған», – дейді.

Низами тұңғыш рет мүйізі бар Ескендір мен өлмес суды іздеген Ескендір жайындағы әңгімелерді қатар пайдаланып, өзінің «Ескендірнамасына» Қызырмен бірге Ілиясты да кіргізеді. Сөйтіп, ол бұрынғы аңыздар мен әпсана-хикаяттарды кеңейте түседі. Ескендір туралы әңгімелер орта ғасырларда түркі халықтары арасына, оның бірі – қазаққа да тараған. Низами, Науаи шығармаларын айтпай-ақ, Махмуд Қашғаридің кітабындағы әңгімелерге қарағанда түркі тілдес халық Ескендірді қатал, жаугер адам деп білген. Сондықтан да бұл елдер арасында Ескендірдің қаталдығын көрсететін – мүйізі бар патшаның күнәсіз шаштараздарды өлтіргені жөніндегі әпсана кең тараған.

Демек, Ескендірдің мүйізі туралы сюжетке құрылған қазақ әңгімелерінің төркіні – Низамидің «Ескендірнамасы».

Ескендір туралы әпсана-хикаяттардың екінші бір сюжетінің негізі мен шығу төркінін ашуда көңіл аударарлық шығармалардың бірі – XIV ғасырда жазылған Рабғузидің «Қисса-сул-әнбия» кітабы. Бұл кітап ескі аңыздардың, Фирдоуси мен Низами шығармаларының, Құран мен Тафсирдің үзінділерінен құралған. Құр үзінді ғана емес, оларға қиял-ғажайып ертегілер де араласқан. Осы кітапта «Ғайныл-хаят» (Әбілхаят) суын іздеген Ескендір мен Қызыр туралы хикаятты кездестіреміз. Біздің ойымызша, Ескендір туралы қазақ әңгімелерінің екінші сюжеті, яғни «өлмес суды» іздеген Ескендір, Қызыр, Ілияс туралы хикаяттар осы «Қисса-сул-әнбиядан» алынған. Оған дәлел: біріншіден, бұл сюжетке құрылған хикаяттар көбінесе хат танитын, діни кітаптарды көп оқыған адамдардан жазылып алынған, ал «Қисса-сул-әнбия» – пайғамбарлар туралы баяндайтын діни кітап; екіншіден,

қос мүйізді Ескендір мен оның шаштаразы туралы әпсаналарда ол қатал патша, қанқұмар адам ретінде көрсетілсе, «Әбілхаят» суын іздеген Ескендір туралы хикаяттарда ол екі дүниені (о дүние мен бұл дүние) бірдей билеген пайғамбар ретінде бейнеленеді. Осы ертегілерді айтып берген адамдар да «Зұлқарнайын» деген сөзді «Қос мүйіз» емес, «екі дүниені билеген» деп түсіндіреді. Демек, екінші сюжеттің төркіні – «Қисса-сул-әнбия». Бұл кітапты тек хат танитын адамдар ғана оқитын болғандықтан, оның ішіндегі әңгіме де бұқара халыққа кең тармаған.

Сонымен, ертеде қазақ арасында айтылып келген қос мүйізі бар Ескендір мен өлмес су іздеген Ескендір жайындағы әпсана-хикаяттардың сюжеттік негізі екі кітап болғаны анықталды. Бірі – Низамидің «Ескендірнамасы» да, екіншісі Рабғузидің «Қисса-сул-әнбиясы». Ал жоғарыда айтқан үшінші, яғни, жұмаққа тап болып, сыйға адамның бас сүйегін алған Ескендір туралы баяндайтын сюжеттің тарихы қандай деген сауалға келсек, ол ежелгі дәуірдің аса құнды жазба ескерткіштерінің бірі – «Талмуд» кітабына апарады. Дәлірек айтқанда, оның «Агада» деп аталатын бөлімінде кездеседі. «Агада» – біздің эрамыздан бұрынғы V–IV ғасырлардан бастап ауызша айтылып келген алуан түрлі мысал мен әңгіме, ертегі мен әпсананың біздің жыл санауымыздың III–V ғасырларында жазылып алынып, «Талмудқа» енгізілген шығармалардан тұратын жинақ. Талмудтың осы бөлімінде Ескендір туралы бірнеше мысал-әңгіме бар. Соның бірінде ол Африкадан қайтып келе жатып, мынадай жағдайға душар болады. Салыстыруға жеңіл болу үшін әңгімені орыс тілінде толық берейік: «На обратном пути остановился Александр для обеда близ одного ручья. Поданную ему соленую макрель (балық. С.Қ.) царь начал обмакивать в воду ручья – и рыба получала удивительно приятный запах. – Это доказывает, – сказал

Александр, – что ручей этот течет из рая. Помыв лицо свое в воде ручья, Александр направился по истокам его и дошел до врат рая. – Отворите! – воскликнул Александр. – Врата эти – Господни, праведники входят через них, – услышал он в ответ. – Но я царь, и я знаменит, – сказал Александр, – дайте же мне какую-нибудь вещь на память. Дали ему черепную кость. Придя в свое царство, Александр положил на одну чашу весов эту кость, а на другую все серебро и золото, бывшее при нем. Перевешивала кость. – Что значит это? – спросил Александр у мудрецов. – Эта кость, – ответили мудрецы, – орбита человеческого глаза, ненасытного в жадности своей. – Чем вы это докажете? – Возьми горсть земли и просыпь кость. Царь сделал так, – и золото тотчас перевесило кость». (Агада, Сказания, изречения Талмуда и Мидрашей. 1910, 1-бөлім, 177–178-беттер. Жалпы Талмудтың орысша аудармасы XIX ғасырда жарық көрген).

Көріп отырғанымыз: бұл әңгіме – толығымен Абай «Ескендірінің» желісі. Тіпті кейбір эпизодтар мен детальдарға шейін дәлме-дәл келеді. Олар – Ескендірдің бұлаққа кездесуі, суға салынған кепкен балықтың иісі мен дәмінің өзгеруі. Бұлақты бойлаған Ескендірдің жұмақ қақпасына келуі, патшаның ашу шақырып, қақпа күзетшісімен сөйлесуі, одан белгі боларлық бір нәрсе сұрауы. Қақпаның ар жағынан көз сүйегінің түсуі, ол сүйекті алтын, күміспен өлшеуі.

Сонымен «Ескендір» мен Талмуд әңгімесінің желісі бірдей болып шықты. Ендігі туатын сұрақтар: Абай бұл сюжетті қайдан және қалай алды? Әлде ол Талмудты оқыды ма? Не болмаса Абай мен Талмудтың арасында дәнекер көпір бар ма? Енді осы мәселені қарастырайық.

Жалпы адамзат мәдениетінің тарихына көз жүгіртсек, көне дәуірде жазылған Талмуд пен Библияның, Ригведа мен Панчатантраның көптеген мифі, әңгімесі, мысалы және әпсана-хикаяты қадім заманда да, орта

ғасырларда да, кейінгі уақытта да алуан түрлі шығармаларда пайдаланылғанын көреміз. Сондай әңгімелердің бірі – жұмаққа барып күш көрсеткісі келген, бірақ оған кіре алмай қайтқан Ескендір жайлы хикаят. Осы хикаяттың сюжеті кейде сәл өзгерген түрде, кейде сол күйінде әр заман авторларының шығармаларында кездеседі. Айталық, Ескендірдің бейішке барғаны жайында антика дәуірінде туған «Александр туралы романда» да айтылады. Тек онда бұл сюжетке тән жұмақтың қақпасы, оның күзетшісі, Ескендірдің күзетшімен әңгімесі, қу басты алуы, оны өлшеуі жоқ. Бірақ мұнда бейіш бар, ол мотив өлмес су іздеген Ескендір туралы сюжетпен біріктірілген.

Зұлматта келе жатқан Ескендірге адам келбетті құстар кездесіп, оған аспаннан тіл қатады да: «Сен келе жатқан өлке, Ескендір, құдайдың жері. Кері қайт, бақытсыз бишара! Бақытты пірадарлардың елінде сен жүре алмайсың! Ей, адам, кері қайт та, өзіңе тиесілі жермен жүр!» – деді. Ескендір құлдық ұрып, дауыстың айтқанына көнеді.

Орта ғасырларда бұл сюжетті немістің атақты ақыны Лампрехт (XII ғ.) өзінің «Александр» деген шығармасында өте кеңейтіп пайдаланған. Мұнда жұмақ толық суреттеледі: ол қақпасы жоқ биік қабырғамен қоршалған, қабырғаның сыртында су толтырылған терең ор. Жасы үлкен кеңесшілер Ескендірге жұмақты шабуға болмайды дегеніне қарамай, ол «ақымақ адамдардың сөзіне» еріп, бірнеше сарбазын қайыққа мінгізіп, оларға қабырғаны айналып өтіп, жұмақтың есігін табуды және оның тұрғындарынан салық алуды бұйырады. Алайда, есік жоқ болып шығады. Бірақ бір кішкене терезе ашылып, оның арғы жағынан бір қария оларға не керек екенін сұрайды. Ол Ескендір туралы ештеңе де білмейтін, тіпті оның есімін естіп те көрмеген болып шығады да, сарбаздарға: «Ескендір жұмақтың тұрғындары – періштелерден ешқандай салық ала

алмайды! Ескендір тым асқақтамасын. Ол да ет пен сүйектен тұратын адам. Мә, мына тасты менен сәлемдеме ретінде апарып беріңдер!» – деп жауап береді.

Сарбаздар тасты Ескендірге әкеп береді. Мұндай тасты ол бұрын көрмеген. Еліне келген соң Ескендір данышпандарын жиып, тастың жөнін сұрайды. Бірақ тастың сырын, оны жұмақтағы шалдың неге бергенін ешкім шеше алмады. Ең сонында бір кемеңгер еврей (сюжеттің Талмудтан алынғаны осыдан да көрінеді) таразы әкелдіреді, содан соң әлгі тасты таразының бір жағына, ал екінші жағына алтын мен неше түрлі гауһар тастарды салады. Сөйтсе кішкентай тас баса береді. Бір уақытта дапышпан шал әлгі тастың үстіне бір уыс топырақ төге салады, сол кезде таразының бұл жағы жоғары көтеріледі.

«Бұл тас, – дейді кемеңгер, – адамның көзі. Оны алтын да, гауһар да тойдыра алмайды. Тек оған құм құйылғанда ғана ол тыныштық табады».

Осы оқиға Ескендірге қатты әсер етеді де, ол өзінің бұрынғы істеріне өкініп, жаугершілікті қояды, сөйтіп одан кейін он екі жыл бойы елді тыныш басқарады. Неміс ақыны Лампрехт өз поэмасын Ескендірдің өлімімен аяқтап, соңында «бұл өмір – фәни, бәрі жалған», – деген пікір айтады: «Ескендір он екі жылдай ғана ел басқарды, кейін оған қастары у беріп өлтірді. Сөйтіп, оның соншалықты көп жаулап алған дүниесінен ештеңе де қалған жоқ. Оған тек аядай ғана жер бұйырды. Ондай жерді жарық дүниеге келген әрбір кедей ала алады!» – деп тамамдайды Лампрехт.

Лампрехттің «Александр» поэмасында біз қарастырып отырған сюжет Талмудтағыдан сәл өзгертілген. Шығыс классиктеріндегідей мұнда да бас сүйектің орнына кішкентай тас бейнеленеді (Низамиде де солай, бірақ онда жұмақ жоқ). Ал Қызырдың орнында еврейдің кемеңгер шалы жүр. Бұл Талмудтың идеясы, оны Лампрехт сақтаған.

Ілгеріде айтқанымыздай, осы Ескендірдің жұмаққа барып, қу бас алып қайтқаны жайлы сюжет жаңа заманда да көркем әдебиетте пайдаланылған. Мәселен, XIX ғасырдағы неміс романтикалық әдебиетінің көрнекті өкілі болған француз Альберт фон Шамиссо (1781–1838) талдап отырған сюжетті Талмудтан алып, сол бойынша «Sage von Alexander (nach dem Talmud), яғни «Ескендір туралы аңыз (Талмуд бойынша)» деген көлемді өлең жазған. Мұнда Талмудтың сюжеті толық сақталған, бірақ біршама кеңейтілген. Және өлеңнің басында автор өзінің ескі мұраға, көне аңыздар мен әңгімеге құмар екенін айтады. Бұл түсінікті, өйткені Шамиссо ақындық жолды романтик ретінде бастаған. Ал романтиктер фольклорға, ежелгі заман әдебиеті мен мәдениетіне аса қатты көңіл бөліп, оларды дәріптеген, жырлаған, сөйтіп, өздерінің идеяларына, ой-пікірлеріне пайдаланған.

Міне, Шамиссоның осы «Ескендір туралы аңызын» атақты орыс ақыны В.А.Жуковский (1783–1852) 1844 жылы еркін аударып, «Москвитянин» журналының 1845 жылғы № I санында жариялайды. Жуковский де орыс әдебиетіндегі романтизмнің бастаушысы болған. Сол себепті ол да көне тарих пен мәдениетке, ежелгі елдер әдебиетіне айрықша мән беріп, оларды өз шығармашылығының өзегі еткен. Бұған дәлел ретінде Жуковскийдің «Махабхаратаны», «Одиссеяны», «Шахнаманы» аударғанын айтсақ та жеткілікті. Демек, В.А.Жуковскийдің неміс романтигі Шамиссо шығармашылығынан орын алған Талмудтық әңгімені оқып, өзінше жырлауы – кездейсоқ емес (өз шығармасын ол «Две повести» деп атапты да, оны «Москвитянин» журналын шығарушыға бағыштапты).

Бұл өлең-әңгімеде Ескендір шөл даланың арғы жағында жатқан елге жорыққа шығады. Шөлдеп, шаршап келе жатып, олар бір үлкен өзенге тап болады. Су ішіп, тынығып алған соң, Ескендір өзеннің ғажайып

жерден шығып жатқанын сезіп, қалың қолын өзенді бойлай алып жөнеледі. Келсе, жұмақ екен, бірақ оның қақпасы патшаға ашылмайды. Бейіштің күзетшісі оны тоқтатып, жұмаққа жол жоқ екенін айтады. «Мен жер бетіндегі патшалардың патшасымын. Мен – Ескендірмін!» – деген әміршіге күзетші: «Сен сияқты тойымсыз тонаушыларға жұмақ жабық!» – деп жауап береді.

Кіре алмасын білген Ескендір: «Бұл жерге тірі жан аяқ басқан емес, Ескендір жұмақтың қақпасының алдында болғанын жер жүзі білетіндей маған бір белгі бер!» – деді. «Мә, саған белгі, лайым осы белгі сенің санаңды оятсын!» – деп, күзетші бір сүйек береді. Ескендір сүйекті алып, кері қайтады. Жолда өзінің кемеңгерлерін шақырып, сүйектің мәнісін сұрайды. Ақылгөйдің бірі: «Ей, Филиптiң ұлы! Мұны жай ғана сүйек деп ұқпа. Түсіне білсең, мұнда көп сыр бар!» – деп, таразы әкелдіреді де, бір жағына әлгі сүйекті, екінші жағына толтырып алтын салады. Сүйек басып кетеді. Таң қалған Ескендір тағы сонша алтын салғызады, содан кейін өзінің алтыннан жасалған асатаяғын, тәжін, тіпті болмаған соң болат қылышын салады. Бәрібір сүйек басып кете береді.

Ескендір мұның сырын сұрайды: «Нендей күш бұл жерде табиғаттың заңын бұзып тұр?» – дейді. Сонда бір данышпан: «Ол күш – бір уыс қана топырақ!» – деп, сүйекке топырақты құя салады. Таразының жаңағы басы жоғары көтеріледі. Сонда кемеңгер ақылшы Ескендірге бұл – адамның бас сүйегі екенін, оның дүниеге тоймайтынын айтады. Сәл ойланып қалған Ескендір бұл сөзді басқаша ұғады да, «өмір қысқа, сондықтан уақытты құр жібермеу керек!» – деп, әскерін Үндістанға жорыққа алып кетеді.

Шамиссоның шығармасын еркін аударған В. Жуковский түпнұсқаның сюжетін толық сақтаған, ал Ескендірді суреттеуде сәл ауытқыған, оның психологиялық

сезімін тереңдете көрсеткен, патшаның тойымсыздығын аша түскен. Сонымен бірге аудармашы түпнұсқадағы авторлық толғауды алып тастаған, соның арқасында шығармаға эпикалық сипат берген. Оқиганың дамуына пайдасы тимейтін Ескендірдің періштемен әңгімесі, одан соң достарына айтқан сөзі, сондай-ақ автордың аңызға құмарлығы жайындағы ұзақ кіріспесі аударылмаған. Бірақ одан аударма ұтылмаған, керісінше Жуковскийдің өлеңі оқиғалы, сюжеті ширақ, эпикалық шығарма болып шыққан.

Сөйтіп, Ескендірдің жұмаққа барып, қу бас алып қайтқаны туралы ежелгі Талмудтағы сюжет XIX ғасырда орыс әдебиетіне келген.

Жуковскийдің мәтіні бойынша, Александр Македонский ақылгөйдің көз сүйегі туралы сөздерін естіген соң да бөтен елге деген шабуылдарын тоқтатпай, керісінше, «өмір қысқа, бәріне үлгеру керек», – деп, енді Үндістанды жаулауға аттанады. Елдерді қырып, қандарын судай ағызып, жеңіске жеткен сайын өршелене түседі. Ең соңында: – «Тоймас жаугерді бір уыс қана топырақ тоқтатты», – деп аяқтайды Жуковский шығармасын.

Абайда, керісінше, Ескендір «қолын алып, жұртына қайта көшеді». Оқиға осымен аяқталады. Одан әрі қарай Абай нақыл, ғибрат айтады. Мұның өзі – 16 жол. Ақынның бұл сөздері оның ғақлияларымен, философиялық және ағартушылық көзқарастарымен ұштасып жатыр.

Абай поэмасында атап кететін тағы бір өзгеріс бар. Поэманың басында шөл аралап жүрген Ескендір, Жуковский өлеңіндегідей, үлкен өзенге емес, кішкене ғана бұлаққа кездеседі. Осы жерде Жуковскийде жоқ, бірақ жоғарыда аталған, Талмудта кездесетін бір эпизод бар. Ол – кепкен балық туралы.

Талмудта: «Остановился Александр для обеда близ одного ручья. Поданную ему соленую макрель царь

начал обмакивать в воду ручья – и рыба получила удивительный запах».

Абайда:

«Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,
Ішсе, суы өзгеше тәтті тым-ақ!
Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,
Сол суға балықты алды бір жудырып.
Ісі, дәмі өзгеше болып кетті».

Абайдың сюжетке енгізген енді бір өзгерісі – поэманың басында Ескендірдің аты-жөнін, әкесін, тұрған жері мен патшалығын көрсетуі және Ескендірдің ұстазы Аристотельді енгізуі. Бұл өзгеріс, сөз жоқ, ақынның Александр Македонский туралы тарихи еңбектермен таныстығының куәсі. Сонымен, «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі көне заманның ескерткіші Талмудтағы мысал-әңгіме екеніне көзіміз жетті. Талмудтың әңгімесінің сюжеті Батыс Еуропа арқылы орыс әдебиетіне, одан Абайға жеткен. Абай Жуковский өлеңін, Талмудтың өзін, сондай-ақ Македония мен Ескендірге қатысты тарихи еңбектерді шығармашылық түрде пайдаланған. Ал бүкіл Шығысқа тараған Ескендірдің өлмес су іздегені туралы және мүйізін көрген шаштараздарды өлтіріп отырғаны жайлы сюжеттерді алмай, Абай не себепті осы жұмаққа барып, қу бас алып қайтқан Ескендір хақындағы сюжетті пайдаланған. Міне, бұл арнайы қарастыруды қажет ететін сауал. Осымен бірге зерттелуге тиісті нәрсенің бірі – Абайдың Ескендір бейнесін Шығыс классиктерінен басқаша бейнелеуі. Мәселен, Фирдоуси, Низами, Науаи, Жәмилерде Ескендір Иран елінің жеті атасынан бері патша болып келе жатқан ұлы әрі әділ әміршісі болып суреттеледі. Сондай-ақ, Батыс Еуропа авторларында да оны дәріптеу бар. Алайда бұлардың бәрін бір мақала көлемінде шешу мүмкін емес және бұл

мақалада ондай мақсат қойылған да жоқ. Біздің көздегеніміз – жаңа материалдар мен ізденістердің негізінде Абайдың «Ескендір» поэмасының сюжеттік түп-төркінін табу еді. Осы тілекті орындау барысында тағы бір көзіміз жеткен нәрсе – Абайдың нағыз ұлыларға лайық диапазоны. Ол орта ғасырлардағы Шығыстың да, Батыстың да ұлы классиктерін білумен бірге көне дәуірдің жазба ескерткіштерін және жаңа замандағы аса көрнекті ақын-жазушылардың шығармашылығын, бүкіл болмысын жақсы таныған. Олай болса Абайдың Ескендір образына баруы кездейсоқ нәрсе емес.

Шығыста Фирдоуси, Низами, Жәми, Науаи, Батыста Лампрехт, Ламберу, Бернэ, Шатильонский, Шамиссо, ал Ресейде Жуковский жырлаған Ескендір Абайды да қызықтырған. Сөйтіп, ол «Ескендір» поэмасын жазып, әлемдік «Ескендірнамаға» өзіндік үлес қосқан».

1

Білу

1. Абайдың қандай поэмаларын білесіңдер?
2. «Ескендір» поэмасының сюжеті қайдан алынған?
3. Поэmanın идеясы қандай?

2

Түсіну

1. Абай Александр Македонскийді неге Ескендір Зұлқарнайын деп алған?
2. Ескендір Зұлқарнайын не себепті поэмаға арқау болған?

3

Қолдану

«Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы топпен шығармадан дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды айтыңдар.

4

Талдау

1. Поэма соңындағы: «Аз-ақ сөз айттым, бітті бұл әңгіме, Мұны бір өзге сөздің бірі деме» деп басталатын Абайдың өсиет сөзін «Жақсы болсаң, жарықты кім көрмейді,

Өз бағанды өзіңнен кім сұрайды?!» деп аяқталатын жолға дейін кезекпен бірнеше рет қайталап оқып, талдаңдар. Ақын позициясын, мақсатын түсіндіріңдер.

- Интернеттен Ыбырай Алтынсариннің мәңгілік өмірді аңсап, шипалы су іздеген Ескендір туралы «Бәріміз бір адамның баласымыз» атты өлеңін оқып, оның «Ескендір» поэмасымен қандай үндестігі бар екенін талдаңдар.

5

Жинақтау

- Поэма туралы әдеби эссе жазуды жоспарлау үшін алдымен «БКТЗО» кестесін толтырыңдар.

Б	Поэма туралы не білемін?	
К	Нені білгім келеді?	
Т	Көбірек ақпаратты қайдан табамын?	
З	Нені зерделеуім керек?	
О	Одан әрі не істеуім керек?	

- Кестені толтырғаннан кейін, ойларыңды жинақтап, әдеби эссе жазыңдар.

6

Бағалау

Ескендірдің тәубасына келіп, райынан қайтуына не себеп болды?

Әдебиет:

- Әуезов М. Абайтану дәрістері. – Алматы: Рауан, 1994. – 160 б. / Абайтану (лекция). Абайдың поэмалары. Шығ. елу томдық толық жинағы. Т. 42. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – 134 б.
- Қасқабасов С. Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. / Кітапта: Абай тағылымы (Құр.: Н.Ғабдуллин, пікір жазған С.Ақатаев). – Алматы: Жазушы, 1986.

Қорытынды

Абайтану – ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын, данышпандық ойларын, қоғамдық-саяси қызметін, эстетикалық және діни көзқарастарын, имандылық мұраттарын, өмір мен өлім жайындағы пәлсапаларын, толық адам туралы тұжырымдарын, отаршылдық идеологияға көзқарасын, өлең сөзге қосқан жаңалықтарын, аудармашылық қабілетін, сазгерлік мұрасын, ақындық мектебін және абайтанушыларды қамтитын іргелі ілім.

Қазақ әдебиеттану ғылымының, дәлірек айтқанда қазақ әдебиеті тарихының үлкен бір саласына айналған абайтанудың жүз жылдан астам тарихы бар.

Абайтану тарихын жазған ғалым М.Мырзахметұлы оны үш кезеңге бөледі: Бірінші, яғни абайтанудың алғашқы дәуірі ресми түрде баспасөз бетінде 1889 жылдан басталып 1934 жылмен аяқталады. Екінші, 1934 жыл мен 1961 жыл аралығындағы абайтанудың Мұхтар Әуезов бастаған соны танымдардың заманымен аяқталады. Үшінші, 1961 жылдан кейінгі Абай мұрасын тереңдей танып зерттеу дәуірімен жалғасады. Демек, «Ұлы ақын мұрасы жолындағы абайтану» мен «Абайтанудың тарихы» деп аталатын екі ғылыми арнаның пайда болуын көрсетеді.

Абайтанушы ғалымның екінші кезеңді М.Әуезовтің қайтыс болған 1961 жылмен аяқтап, үшінші кезеңді Абайды тереңдеп тану дәуірімен жалғастыруы жайдан-жай емес. Мұның бәрі – «инемен құдық қазғандай» ұзақ ізденістің нәтижесі. Қазіргі абайтану тарихына көз жіберсек, бұған тағы бірнеше кезең қосылуы керек сияқты. Біздіңше, үшінші кезеңді Абай мұрасының «1960–1980 жылдардағы танылуы» деп атап, төртінші кезеңді абайтанушылар еңбегімен байланыстыру керек. Мәселен, «Тәуелсіздік кезеңдегі Зәки Ахметов, Қайым Мұхамедханов, Мекемтас Мырзахметұлы,

еңбектеріндегі Абай мұрасының танылуы» немесе «Абай мұрасы және тәуелсіздік таным» деп алып, абайтанушыларды жақшаның ішіне алуға болады. Себебі бұл үш ғалым Абай мұрасына үш жағынан келді. З.Ахметов Абай мен Мұхтар поэтикасын, Қ.Мұхамедханов Абайдың ақындық мектебін және Абай текстологиясын, М.Мырзахметұлы Абайдың толық адам тұжырымдамасын тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан кең көлемде жүйелеп берді. Сондықтан да болашақ зерттеушілер абайтанудағы қилы тарихтың қырық қатпарына кез болғанда, шындықты осы аталған ғалымдардың еңбектерінен іздеу керек.

XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш арыстары Абайды қазақ халқының рухани көсемі ретінде мойындап қана жоқ, «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек» деген міндетті алға тартты. Бірақ 1917 жылдан кейінгі төңкерістер заманында қоғамдық формацияның өзгеріп, кеңес диктатурасының орнауы, Алаш зиялыларының түгелге жуық мерт болуы және әдебиетті социалистік реализм әдісімен талдау Абай мұрасын тануда көп қиындық пен кереғар пікірдің орын алуына себеп болды. Ел басына зұлмат төнген сол бір қиын-қыстау кезеңнің өзінде XX ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін өмір сүрген қазақ зиялылары жан аямас жанкештілікпен абайтану пәнінің негізін қалап, бағдарламасын құрастырып, қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде қалыптастырып кетті. Бұл қатарда еңбек еткен қаламгерлер туралы осы оқулықта түгелге жуық атауға тырыстық.

Еліміздің тәуелсіздік арнасына түскеннен кейінгі кезеңінде Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеу барлық салада жаңаша қарастырыла бастады. Ең алдымен ашылған ақтаңдақтар ақиқатымен бірге Абайды қазаққа алғаш танытқандар анықталды.

Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер

1. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1957. / Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005 – 488 б.
2. Абай тілі сөздігі. – Алматы: Өнер, 2011. – 616 б.
3. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
4. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
5. Ақжан әл-Машани. Көптомдық шығармалар жинағы. Т. I–II. – Алматы: Алатау, 2005. 1-том – 296 б.
6. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Т. 1–5. – Алматы: Ғылым, 1996–1999.
7. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
8. Өуезов М.О. «Абай жолы» роман-эпопеясы.
9. Өуезов М. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. (1945–1904). Монография. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014. – 133–384-б.
10. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. (Құр., алғы сөзін жазған А.Ісімақова) – Алматы: Алаш, 2002–2006.
11. Бөкейхан Ө. Абай (Ибрагим) Құнанбаев. Некролог. / Кітапта: Шығармаларының толық жинағы. (Жеті томдықты құрастырған Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы). Т. II. – Астана: Сарыарқа, 2009. – 329–337-б.; V том, 2010. – 560 б.
12. Жұмабаев М. Көптомдық шығармалар жинағы (Алғы сөзін жазып, жалпы ред. басқарған ф.ғ.д., проф. Ш.Елеукенов). – Алматы: Жазушы, 2002–2003.
13. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. Көптомдық шығармалар жинағы. (Жауапты ред.: Т.Қ.Жұртбай). – Т. 1–4. – Алматы: Алаш, 2005. – 328 б. Т.4.
14. Мұхтар Өуезов энциклопедиясы. (Бас редактор С.Қасқабасов). – Алматы: Атамұра, 2011. – 688 б.
15. Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. (Құр. Г.Дулатова, С.Иманбаева, алғы сөзін жазған Ж.Ысмағұлов). – Алматы: Мектеп, 2002–2004.
16. Мырзахметұлы М. Мұхтар Өуезов және абайтану проблемалары. – Алматы, 1982. – 296 б. / Абайдың адамгершілік мұраттары. – Алматы: Рауан, 1993. – 280 б. / Абай және шығыс – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б. / Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. 192 б. / Өуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 272 б.
17. Мырзахметұлы М., Ж.Шойынбет, М.Өліпхан. Абайтанудың өзекті мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2010. – 140 б.
18. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі. (Бастырған Көкітай, Тұрағұл Құнанбай ұғландары). Жауапты редакторы: Ж.Ысмағұлов. 2-басылым. – Алматы: КИЕ. 2009. – 328 б.
19. Қоңыратбаев Ө. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
20. Т.Қожакеев. Абай – сатирик. – Алматы: «Білім» қоғамы, 1970.
21. Республикалық «Абай» журналы.
22. Шөкәрім. Өлеңдер мен поэмалар. (Құр., алғы сөзін, түсініктерін жазған М.Мағауин). – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Адамзаттың Абайы	6
I тарау. Абайды білмек парыз ойлы жасқа	17
1.1 Абайдың өмірі.....	17
1.2 Абайдың халық даналығын тануы	51
1.3 Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар.....	62
1.4 Абай және орыс әдебиеті.....	69
1.5 Абай және Пушкин.....	75
1.6 Абай және батыс әдебиеті.....	84
1.7 Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы.....	97
II тарау. М.Әуезов және абайтану мәселелері	109
2.1 Абай мұрасын зерттеушілер және абайтану ғылымының қалыптасуы.....	109
2.2 М.Әуезовтің абайтануға қатысты зерттеу еңбектері.....	124
2.3 Абай шығармаларының басылымдары.....	133
III тарау. Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы	153
3.1 Ғылымға көңіл берсеңіз.....	153
3.2 Интернатта оқып жүр.....	156
3.3 Ғылым таппай мақтанба.....	159
3.4 Сегізінші қарасөзі.....	161
3.5 Он жетінші қарасөзі.....	165
3.6 Жиырма бесінші қарасөзі.....	167
IV тарау. Абай қарасөздеріндегі тәлім-тәрбие мәселесі	170
4.1 «Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік».....	170
4.2 Он сегізінші қарасөзі.....	180
4.3 Отызыншы қарасөзі.....	182
4.4 Отыз бірінші қарасөзі.....	184
4.5 Отыз тоғызыншы қарасөзі.....	186
V тарау. Абай танымындағы ән мен күй	189
5.1 Абай әндерінің таралуы.....	189
5.2 «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар».....	204
5.3 «Құлақтан кіріп, бойды алар» өлеңі.....	204
5.4 «Өзгеге, көңілім, тоярсың» өлеңі.....	208
5.5 «Сегіз аяқ» өлеңі.....	209
5.6 «Көзімнің қарасы» өлеңі.....	213
5.7 «Айттым сәлем, қалам қас» өлеңі.....	214
VI тарау. Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?	217
Қорытынды	235
Пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер.....	237

Оқулық басылым

Руда Зайкенова

АБАЙТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

(таңдау курсына арналған)

Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	А.Ізет
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы	Е.Мельникова
Билд редакторы	Ш.Есенкулова
Мұқабаның дизайны	В.Бондарев, О.Подопригора
Беттегендер	Л.Костина, Т.Жумагулова



Назар аудар

Электронды қосымша жүктелген CD қолжетімсіз болған жағдайда, қосымшаны *arman-pv.kz* сайтынан тауып, өз компьютеріңе жүктеп алуыңа болады

Сатып алу үшін мына мекенжайларға хабарласыңыздар:

Нұр-Сұлтан қ., 4 м/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 316-06-30, 316-06-31. E-mail: info@arman-pv.kz

«Арман-ПВ» кітап дүкені

Алматы қ., Алтынсарин к/сі, 87 үй. Тел.: 8 (727) 303-94-43.

Теруге 24.05.18 берілді. Басуға 12.06.19 қол қойылды.

Пішімі 60x90 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектептік».

Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,00. Таралымы 23000 дана.

Артикул 809-009-001к-19